Түйінді сөздер: цифрлық гуманитаристика, жасанды интеллект, филология, мәдени жады, жаһандану, аксиология, цифрлық коммуникация.

Abstract. The article is devoted to understanding the role of modern philology in the context of digital humanities and the development of artificial intelligence. The article examines the transformations of scientific methodology, changes in the status of the text and the author, as well as the problems of cultural memory in a globalized digital space. Special attention is paid to the axiological dimension of philological knowledge and its significance for the spiritual revival of society. The thesis is substantiated that digital technologies do not eliminate the humanitarian paradigm, but create new forms of value communication and intercultural dialogue.

Key words: digital humanities, artificial intelligence, philology, cultural memory, globalization, axiology, digital communication.

Современный этап развития науки характеризуется глубокой интеграцией гуманитарных дисциплин и цифровых технологий. Искусственный интеллект перестаёт быть исключительно техническим инструментом и становится активным участником культурной коммуникации. В этих условиях филология оказывается в центре трансформационных процессов, затрагивающих природу текста, авторства, интерпретации и культурной памяти.

Цифровая среда формирует новые формы существования текста: гипертекстуальность, мультимодальность, интерактивность. Традиционная модель линейного чтения сменяется нелинейным восприятием информации, что требует переосмысления методологических оснований филологии.

Цель исследования — выявить специфику цифровой гуманитаристики как нового этапа развития филологии и определить её роль в сохранении культурной памяти и формировании духовных ценностей в эпоху AI.

Задачи исследования:

1. Проанализировать изменения статуса текста и автора в цифровую эпоху.

2. Определить роль искусственного интеллекта в формировании новых форм коммуникации.

3. Рассмотреть проблему культурной памяти в условиях глобализации.

4. Выявить аксиологический потенциал современной филологии.

Методология исследования

Методологическую основу исследования составляют:

междисциплинарный подход (синтез филологии, философии, культурологии и информационных технологий);

герменевтический анализ;

дискурс-анализ цифровых коммуникаций;

аксиологический подход;

элементы сравнительного анализа.

Теоретическая база опирается на исследования в области философии языка, теории коммуникации, цифровой культуры и глобализационных процессов.

1. Трансформация текста и авторства в цифровую эпоху

1.1 Текст как динамическая структура

В цифровой среде текст перестаёт быть статичным объектом. Он становится:

гипертекстуальным;

мультимедийным;

интерактивным;

алгоритмически модифицируемым.

AI-системы способны генерировать тексты, имитирующие различные стили и жанры. Это ставит вопрос о границах авторства и оригинальности. Автор всё чаще выступает не единственным создателем текста, а модератором цифровых процессов.

1.2 Коллективное и алгоритмическое творчество

Современные платформы позволяют создавать тексты в формате коллективного взаимодействия. Алгоритмы становятся соучастниками творческого процесса. Это формирует новую модель культурного производства, в которой креативность распределяется между человеком и машиной.

2. Цифровая гуманитаристика как новая исследовательская парадигма

Цифровая гуманитаристика объединяет методы программирования, анализа данных и традиционные гуманитарные практики. В филологии это проявляется в: создании цифровых архивов; компьютерной стилистике; анализе больших текстовых данных (big data); визуализации литературных процессов. Количественные методы не отменяют качественной интерпретации, а расширяют её границы.

3. Культурная память в условиях глобализации

Глобализация усиливает процессы культурной интеграции, но одновременно провоцирует утрату локальных традиций. Цифровая среда становится хранилищем культурной памяти: оцифровываются рукописи и архивы; создаются виртуальные музеи; формируются электронные библиотеки.

Филология выполняет функцию посредника между прошлым и настоящим, обеспечивая интерпретацию культурного наследия.

4. Аксиологическое измерение современной филологии

В эпоху технологизации возрастает значение ценностных ориентиров. Филология как наука о слове сохраняет гуманистическую направленность: формирует этику коммуникации; развивает критическое мышление; поддерживает культурную идентичность; способствует межкультурному диалогу. Духовное возрождение в цифровую эпоху возможно при условии осознанного использования технологий и сохранения культурных традиций.

Результаты исследования

В ходе исследования установлено:

1. Цифровая гуманитаристика формирует новую парадигму филологических исследований.
2. Искусственный интеллект трансформирует понятия текста и авторства.
3. Глобализация усиливает необходимость сохранения культурной памяти.
4. Филология сохраняет аксиологическую функцию в цифровом обществе.
5. Интеграция технологий и гуманистических ценностей способствует устойчивому развитию образования и науки.

Обсуждение

Современная филология развивается в условиях технологической экспансии. Однако её фундамент остаётся гуманистическим. Технологии расширяют инструментарий исследования, но не заменяют интерпретацию, основанную на культурном опыте и ценностном анализе.

Необходима подготовка специалистов, способных сочетать цифровые компетенции с глубоким гуманитарным образованием.

Выводы

1. Цифровая гуманитаристика является закономерным этапом эволюции филологии.
2. Искусственный интеллект трансформирует формы текстовой коммуникации.
3. Сохранение культурной памяти — ключевая миссия современной филологии.
4. Аксиологическое измерение гуманитарного знания приобретает особую актуальность.
5. Духовное возрождение общества возможно через гармонизацию технологий и культуры.

Список литературы:

1. Барт Р. Смерть автора // Избранные работы. — М.: Прогресс, 1989.
2. Лотман Ю. М. Культура и взрыв. — М.: Гнозис, 1992.
3. Ассман Я. Культурная память. — М.: Языки славянской культуры, 2004.
4. Manovich L. Software Takes Command. — New York: Bloomsbury, 2013.
5. Berry D. M. Understanding Digital Humanities. — London: Palgrave Macmillan, 2012.
6. Kittler F. Gramophone, Film, Typewriter. — Stanford: Stanford University Press, 1999

БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН АРАЛАС ОҚЫТУДЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ МЕН САЛДАРЫ

[1]Балганова М. С., [2]Адылбекова Э.Т.
[1]«IT және цифрлық технологиялар» кафедрасының
магистр, аға оқытушысы,
Ж.А.Ташенов атындағы университеті, Шымкент,
merrier.85@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0594-3855
[2]п.ғ.к., қауым. профессор,
Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті, Шымкент,
adylbekova_elvir@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1471-0137

Аңдатпа. Тиімді технологиялардың қатарында аралас оқыту ерекше орын алады. Бұл мақалада аралас оқытудың тұжырымдамасы қарастырылып, дәстүрлі оқыту моделінен интеграцияланған оқытуға ауысу үдерісіндегі оның дидактикалық артықшылықтары талқыланады. Сонымен қатар, электронды ресурстар мен орталарды кең көлемде қолданудың маңызы атап өтіледі. Авторлар қазіргі аралас оқыту модельдерін сыни тұрғыдан талдау жасаған. Алынған нәтижелер жоғары білім беру саласындағы аралас оқыту курстарының жаңа модельдерін әзірлеу үшін пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздер: технология, аралас оқыту, модель, интеграция.

Abstract. Blended learning occupies a special place among effective technologies. This article examines the concept of blended learning and discusses its didactic advantages in the transition from traditional teaching models to integrated learning. Furthermore, the importance of the widespread use of electronic resources and environments is emphasized. The authors critically analyze existing blended learning models. The findings may be useful for the development of new blended learning course models in higher education.

Key words: technology, blended learning, model, integration.

Бұл мақала «аралас оқыту» ұғымына кіріспе шолу жасауға арналған. Алдымен, бұл терминнің мән-мағынасы талданып, одан кейін әртүрлі модельдер қарастырылып, оларды жүйелеудің ұсынылған тәсілдері зерттеледі. Сонымен қатар, аралас оқытуды пайдаланудың негіздемелері мен оны енгізудегі негізгі қиындықтар талқыланады. Ақырында, осы модельдердің мамандар үшін туындататын салдары қарастырылады.

Аралас оқытудың түп-тамыры цифрлық технологиялар пайда болғанға дейінгі кезеңге барып тіреледі. Оның бастауын сырттай оқыту нысандарына, атап айтқанда, қашықтықтан оқыту курстарына жатқызуға болады. Мысалы, 1919 жылғы бағдарлама аясында Канададағы маякшылардың балалары білім алуға мүмкіндік алды. Қашықтықтағы адамдарды байланыстыру мақсатымен аралас оқытуды қолдану мәселесі әлі де өз маңыздылығын жойған жоқ. Ал жеке компьютерлердің таралуы (1980-жылдары) және ғаламдық интернеттің пайда болуы (1990-жылдары) білім беру үрдісінде жаңа үлгілердің қалыптасуына ықпал етті. Жоғары білім беру саласындағы осындай жаңашыл тәсілдердің бірі Диана Лориллард ұсынған «әңгімелесу» әдісі болды. Бұл әдісте білім алу оқушы мен мұғалім арасындағы біртіндеп дамитын диалог ретінде қарастырылады. Аталған модель бүгінгі аралас оқыту туралы пікірталастарда маңызды орынға ие. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар жеке сектордағы оқыту жүйелеріне де енгізіле бастады. Осы контексте Фризен 1999 жылдан бері «аралас оқыту» терминін қолданып жүргені белгілі. Фризен аралас оқытудың бастапқы кезеңдерінде бұл ұғымның «технологиялардың, педагогика әдістерінің, тіпті жұмыс тапсырмаларының кез келген үйлесімдерін» білдіруі мүмкін екенін анықтаған. Осыған байланысты түрлі анықтамалар қалыптасқан: оларға кез келген оқыту технологияларын енгізуге немесе тек веб-

технологиялармен шектеуге болады, сондай-ақ олар технологияға түбегейлі назар аудармай, әртүрлі теориялық көзқарастарды біріктіруге бағытталуы мүмкін [1].

Жаңа технологиялар тек кеңістікті ғана емес, уақытты да байланыстыруға (жазба арқылы) және оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік берді. Бұл студенттерге оқу материалын меңгеру жолдарын және қарқындылығын өздері басқаруға жағдай жасады. Уақыт, орын, әдіс және қарқын тәрізді төрт фактордың үйлесімі мұғалімдердің жаңа технологияларға әртүрлі көзқарас танытуына және «аралас оқыту» ұғымын түрліше түсінуіне әсер етті.

2003 жылы Проктер аралас оқытуды «оқыту әдістерін, оқу модельдерін және оқу стильдерін тиімді біріктіру» деп сипаттады [2]. Ал Чу, Джонс және Тернер бұл түсінікті «білім беру мен білім беру технологияларының үйлесімі» деп түсіндірді [3].

Алайда анықтамалардың кең болуы Оливер және Тригвелл сияқты сыншылардың тарапынан тұжырымдаманың нақты еместігі туралы пікір айтуына әкелді. Дегенмен уақыт өте келе түрлі түсініктер бір арнаға тоғыса бастады [7]. Ерекше назар аудартатын анықтама Грэмнің ұсынымы, онда ол аралас оқытуды «бетпе-бет оқуды компьютерлік оқытумен біріктіру» ретінде сипаттайды. Бұл анықтама негізгі екі әдісті біріктіріп, араласудың маңызын айқындайды. Мұндай кезде компьютерлік байланыс негізінен асинхронды және мәтін түріндегі болатын [5]. Алайда қазіргі уақытта телеконференция сияқты шешімдер кең таралғандықтан, Фризен бетпе-бет (F2F) ұғымын «бірге қатысу» ретінде қайта қарастыруды ұсынады. Оның пайымдауынша, аралас оқыту интернет пен сандық медианы сыныптағы физикалық түрде бірге оқыған жағдайда ұсынатын мүмкіндіктермен ұштастырады [1].

Кейбір сарапшылар Грэм мен Фризеннің анықтамаларын дамыта отырып, өз көзқарастарын ортаға салды. Мәселен, Стейкер мен Хорн аралас оқытуды былай сипаттайды: «оқушы мазмұн мен білім алуды кем дегенде ішінара онлайн режимінде жүзеге асыратын оқу бағдарламасы», бұл жағдайда уақытты, орынды, тәсілді және оқу қарқынын оқушы басқара алады. Сонымен қатар, бағдарлама ішінара дәстүрлі курстың бақыланатын бөлігі ретінде жүзеге асады. Бұл көзқарас білім берудің дәстүрлі әдістемесін интернет арқылы толықтырылып отыратын модельмен жаңғыртуды қолдайды [6].

Уақыты өте келе зерттеушілер аралас оқытудың маңыздылығын тереңірек түсіне бастады. Мысалы, Уотсон мен Мурин аралас оқытудың кеңейтілген үлгісін сипаттап, оқушылардың сабақтағы оқу тәжірибесінде онлайн амалдарды интеграциялау қажеттілігіне баса назар аударады. Мұндай тәсіл мазмұнның реттелуін және барлық білім беру әдістерінің өзара байланысты түрде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді [8].

Краснова болса, аралас оқытуды «бетпе-бет оқыту әдістері мен онлайн интерактивті ынтымақтастықты ұштастыратын тиімді оқу моделі» деп айқындайды. Оның айтуынша, бұл тәсіл тұрақты байланыста жұмыс істейтін біртұтас жүйе ретінде қызмет етеді [9]. Стейси мен Гербик терминнің әртүрлі интерпретацияларын талдай отырып, ең болмағанда аралас оқытудың «виртуалды және физикалық орталардың үйлесімін» қамтуы керек екенін атап көрсетеді [10]. Лаунерге келсек, ол оны «технологияны қолдайтын өзіндік немесе қашықтықтан оқудың бетпе-бет форматтарымен үйлесімі» деп таниды [11].

Дегенмен, тұжырымдаманың кең ауқымды анықтамаларына қатысты сындар да жоқ емес. Оливер мен Тригвелл, мысалы, жеткізу тәсілдеріне тым көп көңіл бөлудің қауіптілігін көрсетіп, мұның шынайы оқу үдерісіне әсерін жеткілікті дәрежеде бағалай алмай отырғанын айтады. Бұл ескерту де орынды, өйткені технологияны дұрыс пайдаланбау оның оқу нәтижелеріне қатысының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Тұжырымдаманың бастапқы анықтамаларының кең көлемін ескере отырып, Оливер мен Тригвелл аралас оқытуға байланысты тағы бір маңызды сын айтты. Олар теоретиктердің назарын оқу үдерісіне емес, оқытудың жеткізілу әдістеріне аударғанын сынап, бұл тәсілде оқытумен салыстырғанда оқу үрдісіне жеткіліксіз көңіл бөлінетінін атап өтті. Бұл сын толықтай әділ болмауы мүмкін, алайда ол технологияның оқу үдерісіне қандай үлес

қосатынын мұқият зерделемей қолданылуының қауіпті екенін көрсетеді. Сонымен қатар, «гибридті оқыту» термині көбінесе «аралас оқыту» ұғымымен синоним ретінде пайдаланылады, дегенмен олардың анықтамасы қандай да бір ерекшелікті меңзейді [7]. Осы мақаланың қалған бөлігінде, егер өзгеше көрсетілмесе, Фризеннің жоғарыда келтірілген анықтамасы негізге алынатын болады.

Грэм мен Фризен жасаған аралас оқыту тұжырымдамасы бетпе-бет немесе бірге қатысу элементін және компьютерлік технология арқылы делдалдықты қамтитын екі жақты оқыту әдісіне негізделген. Бұл екі элементтің әртүрлі оқу мақсаттарына қолдану тәсілдері мен олардың арасындағы тепе-теңдік көптеген модельдер қалыптасуына мүмкіндік береді. Мұндай модельдерді қалай жіктеуге болады?

Аралас оқытудың алғашқы типологиясын Валиатан ұсынған, бұл жүйені үш негізгі түрге бөлген:

1) Нақты білім мен дағдыларды меңгеруге бағытталған дағдыға негізделген оқыту, мұнда оқытушының кері байланысы мен қолдауы маңызды рөл атқарады.

2) Жаңа көзқарастар мен мінез-құлықтарды қалыптастыруға бағытталған құлықтық оқыту, бұл жерде құрдастардың өзара әрекеттесуі мен топтық жұмысқа басымдық беріледі.

3) Құзыреттілікке негізделген білім беру, бұл тәсіл үнсіз немесе үйрену ортасына бақылауды қажет етеді, яғни оқушылар тәжірибелі мамандардың жұмысын бақылап үйренеді.

Дегенмен, бұл типология оқу мақсаттарын және педагогикалық әдістерді қатар қамтығаны үшін сынға алынған [12]. Бұдан кейінгі Стейкер мен Хорнның нұсқасы неғұрлым ықпалды болды. Олар бастапқыда алты модельмен жұмыс істеп, талдау нәтижесінде төрт негізгі модельге дейін қысқартулар жасады. Алғашқы алты модель мыналар болатын:

1) Бетпе-бет оқыту моделі: Сыныптағы дәстүрлі оқу онлайн сабақтармен толықтырылады.

2) Ротациялық модель: Студенттер онлайн және сынып ішіндегі оқыту әдістерінің арасында ауысып отырады.

3) Икемді модель: Оқушылар сабақты көбінесе өздеріне ыңғайлы уақытта онлайн өтіп, тек қажеттілік туған жағдайда ғана мұғалімнен жеке кеңес алады.

4) Онлайн зертханалық модель: Кампус ішінде студенттер стандартты оқуға қосымша ретінде онлайн курстардан өтеді.

5) Өзін-өзі араластыру моделі: Бұл жерде студент негізгі оқуын классикалық режимде жалғастырып, кампустан тыс онлайн курстарды қосымша ретінде алады.

6) Байытылған виртуалды модель: Сабақтардың басым бөлігі онлайн өтіліп, студент қажет болған жағдайда ғана бетпе-бет оқуға келеді.

Стейкер мен Хорн осы үлгілердің ішінен бетпе-бет оқыту моделін ротациялық 1-ші және 2-ші, икемді 3-ші модельдерін бір-біріне тым ұқсас болғандықтан біріктіруді ұйғарса, 4-ші және 5-ші модельдерді де біртұтас қарайтын шешім қабылдады. Осылайша, олардың жүйесі ротациялық, икемді, өзін-өзі араластыратын және байытылған виртуалды модельдерге қысқартылды.

Ротациялық модельдің ерекше нұсқасы – «аударылған сынып». Бұл үлгіде студент негізгі мазмұнды онлайн меңгеріп, сыныптағы уақытын тереңірек талқылау, пікірталас немесе жоғары деңгейлі тапсырмалар мен бағалауға арнайды. Яғни үй тапсырмасы мен сыныптағы іс-шаралардың реттілігі керісінше ұйымдастырылады.

Стейкер мен Хорн типологиясы олардың аралас оқытудың бимодальды анықтамасына негізделген болып табылады.

Грэм аралас оқыту модельдерін талдап, оларды төрт өлшем, төрт деңгей және үш тип бойынша жіктеуді ұсынған. Оның қарастырған төрт өлшемі — кеңістік (бетпе-бет немесе виртуалды), уақыт (синхронды немесе асинхронды), сезімталдық байлығы (жоғары – толық сенсорлық байланыс, төмен – тек мәтін арқылы) және адамгершілік деңгейі (адамның жоғары

қатысуы немесе технологияның жоғары болуы). Бұл өлшемдер аралас оқытудың негізін құрап, бимодальді жеткізу механизмдері арқылы анықталады.

Сонымен қатар, Грэм оқытуды ұйымдастыру деңгейлерін де ескеріп, оларды әрекет, курс, бағдарлама және мекеме деңгейінде қарастырады. Мысалы, жеке оқу әрекеттерінде қолданылатын аралас әдістер институттық деңгейдегі аралас оқыту тәсілдерінен айтарлықтай ерекшеленеді. Бұдан бөлек, Грэм аралас оқытудың мақсаттарына қарай үш негізгі категориясын атап өтеді: қолжетімділік пен икемділікті арттыруға арналған араласулар, дәстүрлі педагогиканы жақсартуға бағытталған араласулар және педагогикалық тәжірибені өзгертуге арналған трансформациялық араласулар. Соңғысы білім алушылардың өз оқу үдерісінде белсенді рөл атқаруын көздейді. Бұл жіктеу трансформацияны ең жоғары құндылық ретінде қарастыратын иерархиялық құрылымға ие. Осылайша, Грэм модальділіктерді ғана емес, ауқым мен педагогикалық мақсаттарды да ескере отырып, өз теориясын кеңейтті [5].

Ал Чу, Джонс және Тернер болса [3], аралас оқытудың төрт түрлі моделін сипаттап, оларды сын тұрғысынан бағалау үшін Выготский мен Маслоудың теорияларын қолданды. Бірінші модель — Гилл Салмонның электронды модерацияны құрылымдау тәсілі. Мұнда модератор студенттердің онлайн жүйеде өзін ыңғайлы сезінуіне жағдай жасайды. Бұл әдіс Маслоудың қажеттіліктер иерархиясымен үндес деп аталып өтсе де, оны Фризеннің аралас оқыту моделі ретінде қарастыруға болмайтыны көрсетілген. Бұл пікір авторлардың терминологияға кеңірек анықтама беруімен байланысты болуы мүмкін.

Екінші модель — Венгер мен Фергюсон зерттеген Sun Microsystems компаниясының «оқу экологиясы» [17]. Бұл моделде оқу процесі «өзіндік басқару немесе басшылыққа алыну» және «мазмұн мен тәжірибе» осьтері бойынша құрылымдалады. Оқудың әртүрлі кезеңдері, мысалы, кітап оқу, асинхронды материалдармен жұмыс жасау, аудиториялық дәрістер немесе тәлімгерлік сияқты процестер бұл модельге сәйкес сипатталады. Чу және әріптестері моделдің Выготскийдің жақын даму аймағы идеяларына сәйкес келетінін бағалайды: мұнда оқушы сарапшының басшылығымен өз білімі мен тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік алады. Дегенмен, мұнда нақты іске асыру механизмі көрсетілмегені кемшілік ретінде айтылады.

Үшінші үлгі — Джонстың «аралас оқыту континуумы». Гламорган университеті аралас оқытуды мекеме деңгейінде енгізгенімен, бұл процесті біркелкі түрде емес, әртүрлі кафедраларда әртүрлі қарқындылықта жүзеге асырған. Континуумда әдістер минималды (мысалы, PowerPoint слайдтары) тәсілдерден бастап толығымен онлайн форматқа дейін сипатталады. Бұл модельдің икемділігі арқасында әртүрлі пәндерде аралас оқыту әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырыла алады деген идея ұсынылады. Чу және әріптестері Аллен, Симан және Гарреттің 30–80% арасында онлайн мазмұн болғанда ғана курс аралас деп есептеледі деген пікірге келіспейді. Мұндай критерий тым қарапайым деп танылғанымен, Джонстың моделі теориялық жағынан әлсіз және тек оқыту әдістерінің аясында шектелетіндігіне назар аударылады.

Төртінші модель Гаррисон мен Воганның сұрақ қоюға негізделген құрылымына негізделеді, мұнда студенттер мен мұғалімдер Зерттеу Қауымдастығына мүше ретінде қарастырылады. Бұл тұжырым Венгердің «тәжірибе қауымдастықтары» жөніндегі жұмысына сүйенеді.

Тәжірибе қауымдастығында белгілі бір мәселемен айналысатын және өзара әрекеттесу арқылы оны тиімдірек орындау жолдарын үйренетін адамдар тобы бар болса, Зерттеу Қауымдастығы бірлесе оқып, өзара әрекеттесу арқылы білім қалыптастыратын қатысушылардан тұрады. Бұл модель оқыту әдістерінен оқуға негізгі назарды аударуға тырысады. Мұнда технологияның рөлі маңызды: ол когнитивті қатысуды (ақпарат алмасу, тұжырымдамаларды құру және тексеру), оқу барысында нұсқау беруді (құрылым мен бағытты

қамтамасыз ету) және әлеуметтік өзара әрекетті (топтық ынтымақтастықты дамыту) қолдау үшін пайдаланылады.

Өз кезегінде, зерттеуші Чу және оның әріптестері бұл модельді Выготский мен Маслоудың идеяларымен үндес деп санайды. Алайда, мұндай тәсілді тәжірибеге енгізу айтарлықтай уақыт пен күшті талап етеді.

Әртүрлі модельдерді қолданудың аралас оқыту тәжірибесіне тигізетін әсері оны пайдаланудағы мақсаттар мен енгізу барысында туындайтын қиындықтарды қаншалықты тиімді шешуге байланысты анықталады. Мысалы, «оқу экологиясы» моделі туралы айталық. Бұл модельді әзірлеу кезінде ең басты назарда болған факторлардың бірі шығындардың тиімділігі еді. Егер басты ниет шығындарды азайту болса, онлайн өзіндік оқу тиімді шешім ретінде қарастырылуы мүмкін. Ал, оқуды конструктивистік және ұжымдық негізде ұйымдастыруды қалайтын адамдар үшін, онлайн топтық талқылаулар курстың маңызды бөлігі болуы ықтимал. Алайда, екі мақсатқа бірдей жету қиын болуы мүмкін, әсіресе, егер бағдарламалық жасақтаманы лицензиялау құны күтілгеннен жоғары болса немесе онлайн талқылауды сапалы басқару мүмкін болмаса. Осылайша, модель бірнеше мақсаттарға қол жеткізуге көмектескенімен, белгілі бір нәтижеге кепілдік бермейді.

Грэм аралас оқыту тәсілін қабылдауға алты түрлі негіздеме ұсынады: педагогикалық байлық, білімге қолжетімділік, әлеуметтік өзара әрекет, жеке белсенділік, шығындардың тиімділігі және қайта қараудың қарапайымдылығы. Олардың ішінен педагогикалық байлық, қолжетімділік және шығындардың үнемделуі ең жиі аталған себептер болып табылады. Қолжетімділікке мән берген зерттеулерде Проктер мен Хайнце аралас оқытудың жартылай уақыттық студенттер үшін мүмкіндіктерді арттыра алатынын атап өткен [16]. Грэм де қолжетімділіктің артуын көрсететін бірнеше зерттеуді ұсынады.

Аралас оқытудың қолжетімділікті жақсарту қабілетіне күмәнданатындар аз. Дегенмен, пікірталас көбінесе «сандық алшақтық» төңірегінде өрбиді, яғни қоғамның бір бөлігі цифрлық құралдардың жоқтығынан немесе олардың техникалық және білім деңгейінің төмендігінен осы артықшылықтарды пайдалана алмауы мүмкін. Алайда бұл мәселенің маңыздылығы цифрлық технологиялардың дамыған елдерде кеңінен таралуымен біртіндеп азайып келеді.

Шығындардың тиімділігі тұрғысынан алғанда, бұл тақырып көп пікірталас туғызады. Грэм инвестициялардан жоғары кірісті қамтамасыз етудің мүмкіндігін атап өтеді, ал Лаунер болса, керісінше, аралас оқыту экономикалық тұрғыдан үнемді емес деп есептейді. Ол материалдарды бейімдеу, АКТ инфрақұрылымын күту шығындары мен техникалық қолдау көрсету қажеттіліктерінің қымбат екенін және осының бәрі үнемдеуге кедергі келтіретінін айтады [11]. Грэм мен Дзиубан үшін негізгі үнемдеу сәті қызметкерлерге кететін шығындарды қысқарту мүмкіндігі болып табылады [4].

Десе де, ең көп пікірталасқа түсетін мәселе – педагогикалық тиімділік. Аралас оқытудың басты артықшылықтарының бірі – ол әртүрлі оқу стилдерін ескеруге икемді келеді. Бірақ мәселе оның осы әлеуетті толықтай жүзеге асыра алатындығында болып отыр. Мәселен, жоғары оқу орындарында лекцияның рөлі әрдайым талқыланып жүр. Лекция әдісінің бір жақты сипаты мен кей жағдайларда тиімсіздігі оған қатысты сын-ескертпелерді тудырып келгенімен, ол әлі күнге дейін кеңінен қолданылатын оқу құралы болып қала береді.

Бүгінде «лекция жазбаларын» қолдану арқылы студенттерге оларды өздеріне ыңғайлы уақытта әрі өз қарқыны бойынша көруге мүмкіндік беріледі, бұл үдерісті барлығына қолжетімді әрі тиімді етуге жол ашады. Мәселен, Москал және оның әріптестері жүргізген зерттеулерде «лекция жазбаларының» аралас оқытуда танымалдылығы айтарлықтай жоғары емес екендігі анықталған. Онлайн технологиялардың уақыт пен орынды тиімді үйлестіру сияқты артықшылықтары лекцияларды өзіндік оқу процесі үшін тартымды етуге жеткіліксіз болуы мүмкін деген пікір бар [14].

Тағы бір мысал ретінде топтық талқылауды қарастырайық. Онлайн талқылаудың артықшылықтарының бірі – ұялшақ қатысушыларға өз ойын еркін жеткізуіне қолайлы жағдай жасалатынын атап өту керек. Алайда, кейбір зерттеулер студенттердің онлайн талқылауға қатысуды шектеулі сезінетіндерін көрсетіп отыр. Осыдан онлайн платформаларға көшудің өзі жеткіліксіз екенін түсіну қажет. Мұндағы табыс дәріс немесе модерация стилі сынды басқа да маңызды факторларға тәуелді болуы мүмкін.

Соңғы жылдары білім беруде педагогикалық тиімділікке деген көзқарастар айтарлықтай өзгерді. Аралас оқытудың бастапқы кезеңінде бұл әдістің тиімділігі жиі талқыланып, Томас Расселдің «Елеулі айырмашылық жоқ құбылысы» туралы зерттеулері осы пікірталасқа өз үлесін қосты. Расселдің еңбектері оқу нәтижелерінің құр жеткізу әдісіне тәуелсіз екенін болжаған. Кейінірек Грэм және Дзиубан секілді ғалымдардың жұмыстары аралас оқытудың тиімділігін көрсеткенімен, бұл көбіне оқытылатын материалдардың өзгеруі және олардың онлайн форматқа бейімделуімен түсіндірілген. Сонымен қатар, бұл жаңашыл әдістердің, әсіресе автоматтандырылған онлайн бағалау құралдарының, оқу үдерісіндегі рөлі жаңа форматтарға оңай бейімделетін студенттерге көбірек ұнайтыны айтылады.

Ұлыбритания сияқты кей елдерде цифрлық технологиялардың дамуы оқушылардың дәстүрлі тәсілдерге, мысалы, толыққанды кітап оқуға қызығушылығын азайтуы мүмкін деген алаңдаушылық туғызған. Ал, соның ішінде АҚШ Білім министрлігінің жүргізген мета-талдауы аралас оқытудың дәстүрлі және толықтай онлайн оқыту әдістерімен салыстырғанда жоғары нәтижелер беретінін анықтады. Дегенмен, бұл әсердің нақты қандай факторлардан болатынын (мысалы, өздігінен оқуға кеткен уақыттың артқаны ма, әлде басқа нәрсе ме) дәл айту қиын.

Негізгі қиыншылық – білім беру саласындағы түрлі әдістемелердің тиімділігін зерттеу кезінде көптеген факторларды бақылау қажеттілігі. Сондай-ақ мұндай зерттеулерді жүргізуде кездесетін этикалық және практикалық мәселелер де аз емес. Осы қиындықтарды ескере отырып, Краснованың «ашық оймен әрекет етіп, тәжірибеге бағытталған көзқарасты ұстану» жайлы пікірі орынды болып көрінеді. Шет тілдерін аралас оқыту арқылы меңгерту жайлы оның көзқарасы прагматикалық бағытта құралған: ол онлайн әдістерді нақты мақсаттарға лайықтап қолдануды ұсынады.

Мәселен, грамматика модулі жеке білім алу үшін қолжетімді етіледі және студенттердің таңдаған деңгейіне сәйкес автоматтандырылған тесттер арқылы бағаланады. Ал басқа бөлімдер қосымша немесе таңдау формасында ұсынылады. Бұл тәсіл Лаунердің ұсынысымен ұштасады: лексика мен грамматиканы меңгеру үшін онлайн әдістер тиімдірек болса, ал жазу мен сөйлеу секілді коммуникативтік дағдылар мұғалімнің көмегі мен араласуын талап етеді.

Әдетте тыңдау және оқу секілді тікелей мұғалімді қажет етпейтін тілдік дағдыларды онлайн арқылы үйрету тиімдірек болып жатады. Мұндай тәсіл оқытушының жүктемесін азайтып қана қоймай, студенттерге білім алудағы өз жолын таңдауға да мүмкіндік береді.

Аралас оқыту ұғымын әртүрлі ғалымдардың түрлі мазмұндармен сипаттайтынына қарамастан, оның нақты және біркелкі анықтамасын беру қиын. Дегенмен, мамандардың көбісі аралас оқытудың оқытушының бақылауы мен басшылығында жүзеге асатын біріктірілген оқу тәжірибесі екендігімен келіскен.

Технологиялық инновациялар білім беру мен оқыту саласына ықпал етіп, мүмкін шешімдер шеңберін айтарлықтай кеңейтеді. Біз тиімді оқу тәжірибесін қалыптастыруға, білім алуға қолжетімділік пен икемділікті арттыруға, сондай-ақ шығындарды азайтуға бағытталғанымызбен, бұл жүйелер дәстүрлі бетпе-бет оқыту мен ақпараттық технологияларды үйлестіруді қамтамасыз етуі керек.

Алдағы уақытта оқу жүйелерінің ерекшелігі тек технологиялар мен әдістердің интеграциясында емес, олардың қаншалықты ұтымды және тиімді үйлестірілетінінде болады. "Қалай тиімді араластыруға болады?" деген сұрақ – алдағы кезеңде маңызды шешімдерді

талап ететін мәселелердің бірі. Бұл міндет, кез келген дизайн міндеті секілді, контекстке тәуелді және көптеген ықтимал шешімдерді қамтиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Friesen M. Report: Defining Blended Learning. Available at: http://blogs.ubc.ca/nfriesen/2012/09/01/where-does-blended-endvirtual-begin/(accessed 17.03.2016).

2. Procter C.T. Blended Learning in Practice. Available at: www.ece.salford.ac.uk/proceedings/papers/cp_03.rtf (accessed 17.03.2016).

3. Chew E., Jones N., Turner D. Critical Review of the Blended Learning Models Based on Maslow's and Vygotsky's Educational Theory' in Hybrid Learning and Education. Berlin, Springer Verlag Publ., 2008, pp. 40–53. DOI: 10.1007/978-3-540-85170-7_4

4. Graham C.R., Dziuban C.D. Blended Learning Environments. Handbook of Research on Educational Communications and Technology. Mahwah, Lawrence Earlbaum Publ., 2008, pp. 269–276.

5. Graham C.R. Blended Learning Systems: Definition, Current Trends, and Future Directions. The Handbook of Blended Learning: Global Perspectives, Local Designs. San Francisco, Pfeiffer Publ., 2006, pp. 3–21.

6. Staker H., Blended Learning. Available at: http://www.christenseninstitute.org/wp-content/uploads/2013/04/Classifying-K-12-blended-learning.pdf (accessed 17.03.2016).

7. Oliver M., Trigwell K. Can Blended Learning Be Redeemed? E-Learning, 2005, no. 2(1), pp. 17–26. DOI: 10.2304/elea.2005.2.1.17

8. Watson J., Murin A. A History of K-12 Online and Blended Instruction in the United States. Handbook of Research on K-12 Online and Blended Learning. N.P., ETC Press Publ., 2014, pp. 1–24.

9. Krasnova T. A Paradigm Shift: Blended Learning Integration in Russian Higher Education. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 2015, no. 166, pp. 399–403. DOI:10.1016/j.sbspro.2014.12.543

10. Stacey E., Gerbic P. Success Factors for Blended Learning. Available at: http://www.ascilite.org/conferences/melbourne08/procs/stacey.pdf (accessed 17.03.2016).

11. Launer R. Five Assumptions on Blended Learning: What Is Important to Make Blended Learning a Successful Concept? Hybrid Learning. Berlin, Springer Verlag Publ., 2010, pp. 9–15. DOI: 10.1007/978-3-642-14657-2_2

12. Valiathan P. Blended Learning Models. Available at: http://purnima-valiathan.com/ wpcontent/uploads/2015/09/Blended-Learning-Models-2002-ASTD.pdf (accessed 17.03.2016).

13. Hew K.F., Cheung W.S. Using Blended Learning: Evidence-Based Practices. London, Springer Publ., 2014. 123 p.

14. Moskal P., Dziuban C., Hartman J. Blended Learning: A Dangerous Idea? Internet and Higher Education, 2013, no. 18, pp. 15–23. DOI: 10.1016/j.iheduc.2012.12.001

15. Vaughan N.D. A Blended Community of Inquiry: Linking student and course redesign. Internet and Higher Education, 2009, no. 13, pp. 60–65. DOI: 10.1016/j.iheduc.2009.10.007

16. Heinze A., Procter C.T. Reflections on the Use of Blended Learning. Available at: usir.salford.ac.uk/1658/1/4247745025H__CP_-_paper9_5.pdf (accessed 17.03.2016).

17. Wenger E. Communities of Practice: a Brief Introduction. Available at: http://wengertrayner.com/theory/ (accessed 17.03.2016)

AI-DRIVEN TRANSFORMATION OF EDUCATION: A STRATEGIC PERSPECTIVE

[1]Bekmoldaeva A. M., [2]Yelikbayeva A.M.
[1]Master of Pedagogical Sciences,
graduate of the "Bolashak" International Program,
Computer Science teacher at School No.129,
Almaty sity, asellek82@mail.ru
[2]Master of Natural Sciences,
graduate of the "Bolashak" International Program,
Computer Science teacher at School-lyceum No.173,
Almaty sity,

Abstract. This paper examines the strategic integration of artificial intelligence (AI) and educational technologies (EdTech) into school education through a comparative analysis of international experience. The relevance of the study stems from the fact that, despite significant investments in digitalization, many education systems, including Kazakhstan, face fragmentation of digital solutions and a lack of a coherent implementation strategy. The aim of the study is to identify effective models of AI integration management based on the experience of Singapore, Finland, and Germany, and to determine pathways for their adaptation in Kazakhstan. The paper analyzes key components of strategic maturity in educational ecosystems, including governance, human capital development, and data-driven decision-making. Special attention is given to the evolving role of teachers in the context of digital transformation. As a result, the study proposes a hybrid model of strategic governance aimed at overcoming fragmentation and building a sustainable, integrated educational ecosystem in Kazakhstan.

Аңдатпа. Мақалада халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау негізінде мектеп білім беру жүйесіне жасанды интеллект (ЖИ) пен білім беру технологияларын (EdTech) стратегиялық интеграциялау мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі цифрландыруға бағытталған ауқымды инвестицияларға қарамастан, Қазақстанды қоса алғанда көптеген елдерде цифрлық шешімдердің бытыраңқылығы және оларды тиімді қолданудың тұтас стратегиясының болмауымен байланысты. Зерттеудің мақсаты — Сингапур, Финляндия және Германия тәжірибесі негізінде білім беру жүйесінде ЖИ енгізудің тиімді басқару модельдерін анықтау және оларды Қазақстан жағдайына бейімдеу жолдарын ұсыну. Мақалада білім беру экожүйесінің стратегиялық жетілуінің негізгі элементтері, соның ішінде басқару, педагог кадрлардың дамуы және деректерге негізделген шешім қабылдау талданады. Сонымен қатар, цифрлық трансформация жағдайындағы мұғалімнің рөліне ерекше назар аударылады. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан үшін тұрақты және интеграцияланған білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған гибридті басқару моделі ұсынылады.

Аннотация. В статье рассматривается стратегическая интеграция искусственного интеллекта (ИИ) и образовательных технологий (EdTech) в систему школьного образования на основе сравнительного анализа международного опыта. Актуальность исследования обусловлена тем, что, несмотря на значительные инвестиции в цифровизацию, образовательные системы, включая Казахстан, сталкиваются с фрагментацией цифровых решений и отсутствием целостной стратегии их применения. Цель работы — выявить эффективные модели управления внедрением ИИ в образовании на примере Сингапура, Финляндии и Германии, а также определить направления их адаптации в казахстанском контексте. В статье анализируются ключевые элементы стратегической зрелости образовательной экосистемы, включая управление, развитие кадрового потенциала и принятие решений на основе данных. Особое внимание уделяется роли учителя в условиях

цифровой трансформации. В качестве основного результата предлагается гибридная модель стратегического управления, направленная на преодоление фрагментации и формирование устойчивой, интегрированной образовательной среды в Казахстане.

Key words: EdTech Strategic Management, Artificial Intelligence in Education, Digital Transformation in Kazakhstan, Educational Ecosystem, Comparative Analysis (Singapore, Finland, Germany)

Түйін сөздер: EdTech стратегиялық басқару, білім берудегі жасанды интеллект, Қазақстандағы цифрлық трансформация, білім беру экожүйесі, салыстырмалы талдау (Сингапур, Финляндия, Германия)

Ключевые слова: стратегическое управление EdTech, искусственный интеллект в образовании, цифровая трансформация в Казахстане, образовательная экосистема, сравнительный анализ (Сингапур, Финляндия, Германия)

Introduction

One of the most important and fundamental changes of the twenty-first century is the digital transformation of education. At the national level, pedagogical models, the role of teachers, and the structure of educational governance are all being drastically altered by the development of artificial intelligence (AI), large language models (LLMs), and educational platforms (EdTech). This process was expedited by the COVID-19 pandemic, which transformed digital learning from an optional add-on into a crucial part of the country's educational system. But experience has shown that having access to computers and the internet is only the first and most fundamental step. Only when digitalization is based on the strategic management tenets of long-term planning, systematic change management, human capital development, and the establishment of a sustainable and well-regulated ecosystem will its true long-term value become apparent [1].

Research Problem: While many countries-including Kazakhstan-have made significant national investments in rapidly adopting a host of new digital tools and resources, the digital initiatives tend to be fragmented and lack unifying standards. Furthermore, mismatches persist between technological capabilities and actual enhancement in educational outcomes. The challenge at this juncture, then, is not in the shortages of technology but in the deficiency of a coherent and operational strategy for its use and integration.

Research Objective: As a means to help Kazakhstan grow from multiple digital projects to a sustainable and integrated educational ecosystem, a thorough comparative analysis of strategic models for managing EdTech and AI in leading global education systems (Singapore, Finland, Germany) will be completed out. Key lessons will be identified, and comprehensive, useful recommendations will be developed.

Reasons for the comparative analysis's choice of countries

The choice of Germany, Singapore, and Finland is based on the fact that these countries represent three fundamentally different yet successfully implemented models of educational governance and digitalization, each offering a unique strategic insight for Kazakhstan:

Singapore (The lesson of centralization): a centrally managed, state-driven model with a single digital platform and long-term national masterplans. The experience of Singapore offers a model for dealing with fragmentation in Kazakhstan.

Finland (The lesson of pedagogy and evidence): a model that prioritizes the use of evidence-based EdTech and high school autonomy. For Kazakhstan to guarantee quality rather than quantity of digital solutions and to boost the role of the teacher, this experience is important.


Germany (The lesson of digital sovereignty): a federal model that focuses on digital sovereignty and data regulation (GDPR). Kazakhstan can use Germany's strategy as a model for creating ethical and legal standards for its own system.

Central thesis (core contribution):

Kazakhstan needs to go beyond ad hoc implementation and embrace a hybrid model of strategic governance in order achieve a sustainable digital transformation and guarantee fair access to high-quality education in the era of AI. Germany's ideas of digital sovereignty, Finland's focus on pedagogical efficacy, and Singapore's strong centralization should all be included in this model.

I. Strategic management and digital transformation in education: conceptual foundations

The successful integration of EdTech and AI requires rethinking educational governance through the lens of strategic management, which focuses on building a coherent, well-governed ecosystem rather than implementing isolated technological tools.



Scheme 1. Strategic management and digital transformation in education

1.1. Elements of strategic maturity in an Edtech ecosystem

The strategic maturity of an educational system is defined by its ability to effectively manage the following components (scheme 1):

A. Strategic governance

Governance encompasses the development of national standards, policies, and regulatory mechanisms. In the context of AI, this requires clear rules regarding student data protection (privacy), algorithmic ethics (fairness, transparency), and digital sovereignty (e.g., local data storage) [2]. Weak governance leads to platform incompatibility (lack of interoperability), inefficient resource allocation, and legal risks. The strategic task of governance is to ensure that technology implementation serves national educational goals and protects the interests of citizens.

B. Change management

AI and EdTech bring profound transformations to pedagogical practice, requiring adaptation of curricula and school organizational culture. Strategic management relies on established change-management models (e.g., Kotter’s model) to overcome teacher resistance. This process must prioritize professional development, ensuring not just basic ICT skills but pedagogical AI competence. The teacher must transition from the role of a technical user to a leader of digital transformation and a learning designer [3].

C. Data-driven decision making (DDDM)

Modern EdTech platforms generate vast amounts of data on student behavior, progress, and learning gaps (Learning Analytics). Strategic management involves establishing systems that not only collect these data but convert them into standardized, actionable insights. This supports decision-making at three levels:

1. **National level:** Evaluating reform effectiveness, providing targeted support to underperforming regions.

2. **School level:** Optimizing resource allocation and adapting curricula.

3. **Classroom level:** Personalizing learning and enabling early teacher intervention [4].

Effective DDDM requires a unified data architecture-something often lacking in fragmented systems.

1.2. The strategic role of AI in education

Integrating AI is a strategic decision aimed at scaling quality and personalization beyond what traditional instruction can achieve.

Personalization and adaptive learning: AI systems equipped with machine learning algorithms can create individualized learning pathways for each student, dynamically adjusting task difficulty and type. This allows teachers to shift from routine knowledge delivery to roles as mentors and facilitators - one of the key strategic goals of digital transformation.

LLMs as teacher support tools: Large language models can provide automated support for teachers, including:

- Generating lesson plans and assignments
- Automated scoring of open-ended tasks and instant feedback
- Administrative assistance, freeing teachers' time for high-quality pedagogical work

The strategic maturity of an educational system is defined not by the number of EdTech products it deploys, but by its ability to integrate these products into a cohesive, well-governed ecosystem grounded in ethical principles and data-informed decision making.

II. International experience: a comparative analysis of strategic models

This section examines international practices in strategic management of EdTech and AI in education. By comparing leading global education systems, it identifies key lessons and models that can inform the development of a cohesive and sustainable digital ecosystem. The analysis focuses on three dimensions: governance structures, pedagogical approaches, and regulatory frameworks, highlighting how different countries address challenges related to digital transformation, teacher support, and student outcomes.

Comparative table: key indicators of EdTech and AI integration (2025)

Country	AI adoption in K-12 (%)	EdTech/AI budget (2025, USD)	Teacher training coverage (%)	Improvement in outcomes (Key metrics)	Ethical framework	Source
Singapore	96% (online platforms in schools)	$1.2B (EdTech Masterplan 2030 + RIE)	100% (AI Literacy via SLS)	+25% engagement; +31% in mathematics (adaptive learning)	National AI Strategy 2.0 (GDPR-like)	MOE Singapore
Finland	100% (K-12 integration)	€1.5B (EU Digital Plan + LUMA 2030)	87% (Teacher AI Literacy Program)	+25% in tests; +30% engagement; +45% in targeted skills (Eduten)	AuroraAI + GDPR/DPIA	EU Commission

Germany	41% (K-12); 29% (personalization)	€6B (DigitalPakt Schule) + €3.3B (AI Strategy)	60 % (AI literacy pilots at TUM/DFKI)	+30% efficiency; EdTech market $11.2B (CAGR 11.92%)	EU AI Act + BDSG	BMBF
Kazakhstan	93 universities (mandatory AI); pilots in grades 1–4	$1.3B (650B KZT for R&D) + $27B (education by 2025)	65 % of K–12 teachers trained in AI (national programs)	+24% digital literacy; 390,000 students completed courses	National AI Concept 2024–2029 (ethics + integrity)	Ministry of Education KZ




Figure 3. Teacher digital readiness in Kazakhstan, Germany, Finland, and Singapore, including basic ICT skills, pedagogical ICT competence, and AI literacy. Data combined from TALIS/OECD reports and national frameworks.

The figure highlights Kazakhstan's largest structural barrier: the gap between basic ICT competencies and AI-specific literacy among teachers. Finland and Singapore show consistently high readiness because teacher development is embedded in national strategies. Germany demonstrates relatively strong ICT basics but lower AI-related competencies. Kazakhstan requires targeted, long-term professional development to reduce this gap. (Sources: TALIS/OECD, 2024; Finnish Teacher Digital Competence Framework, 2023; Singapore MOE Training Reports, 2024; Kazakhstan Digital Competencies Roadmap, 2025).




Figure 2. EdTech maturity across four strategic dimensions—digital infrastructure, platform integration, governance capacity, and data-driven decision-making—in four school systems. Synthetic scores derived from national policy analyses.

The figure demonstrates that Singapore leads across all four dimensions, largely due to long-term alignment between national digital policy, school governance, and data ecosystems. Finland follows closely, particularly in governance and pedagogical innovation. Germany shows strong infrastructure but weaker integration due to federal fragmentation. Kazakhstan's maturity remains uneven: its infrastructure develops rapidly, but governance and platform integration lag behind. (Sources: OECD Digital Education Outlook, 2023; DigitalPakt Schule Reports, Germany; Smart Nation Programme Office, Singapore; Finnish National Agency for Education, 2023).

2.1. Singapore: centralized masterplan and data-driven governance

Singapore represents a prime example of a centralized, planned, and data-driven approach to digitalization in education.

Masterplan for ICT in education: Since 1997, Singapore has implemented five-year Masterplans (currently in its fifth iteration), providing long-term vision and investment continuity [5]. Each plan reorients pedagogy - for example, from "Learning with ICT" to "Future-Ready Learners" - ensuring systematic development. Such long-term planning, insulated from political changes, eliminates the fragmentation often observed in developing countries.

Unified Student Learning Space (SLS): A key element of the strategy, SLS is a national educational platform mandatory for use in all public schools, covering approximately 500,000 students.

- **AI and analytics integration:** SLS is equipped with AI-powered services, including adaptive learning pathways, individualized learning trajectories, and automated feedback on assessments. For instance, an "Adaptive Learning System" was implemented in the primary school mathematics curriculum in 2023 [6]. To enhance learning personalization and expand teachers' professional capabilities, the Ministry of Education is developing AI-based functionalities within SLS. This aligns with the "Transforming Education Through Technology by 2030" Masterplan, as well as Singapore's National AI Strategy announced in November 2019 under the theme "Personalized Education via Adaptive Learning and Assessment."
- The development of AI functionalities in SLS ensures that pedagogical considerations are embedded from the outset, guarantees equal access for all students, and establishes safeguards for a safe learning process (source).

Data-Driven Decision-Making Mechanism (DDDM): SLS serves as a single source of standardized data, enabling the Ministry of Education to track student progress in real time, identify learning gaps at the national level, and make timely policy decisions (Data-Driven Policy Making) [7]. This represents a key advantage of a centralized system: all analytics are integrated and accessible for strategic governance.

Lesson for Kazakhstan: The creation of a unified, mandatory national platform is essential to ensure equal access to high-quality content and, more importantly, to establish a national repository of learning analytics for DDDM purposes.

2.2. Finland: pedagogical autonomy and evidence-based EDtech

Finland follows a decentralized model, emphasizing pedagogical effectiveness and school autonomy over centralized systems.

Evidence-based EdTech: The Finnish approach is founded on the principle of evidence-based implementation. Technologies are adopted only after rigorous research and pilot projects confirm their positive impact on educational outcomes. An example is the Eduten platform, developed at the University of Turku, which is used by millions of students worldwide and is grounded in robust pedagogical research [8]. This approach ensures that EdTech investments deliver tangible academic returns.

Teacher role and autonomy: Finnish teachers enjoy a high degree of autonomy and act as leaders of digital transformation, independently selecting tools that align with their pedagogical goals within the framework of the national curriculum. National structures provide extensive professional development and support.

• **Professional development:** The digitalization strategy focuses on human capital quality. Teachers receive continuous training to develop EdTech design skills and the ability to critically assess the effectiveness of digital tools.

Аннотация:Жұмыста жеңіл атлет-жүгірушілердің қалпына келу үдерісіндегі спорттық массаждың рөлі қарастырылады. Зерттеу барысында төменгі аяқ-қолдарға арналған массаж әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік жолмен дәлелденді. Нәтижелер массаждың жаттығу тиімділігін арттырып, шаршауды азайтып, спорттық көрсеткіштердің жақсаруына ықпал ететінін көрсетті.

Кілт сөздер:спорттық массаж, қалпына келтіру, жүгірушілер, төменгі аяқ-қол, жаттығу тиімділігі шаршау, дене дайындығы, жеңіл атлетика, әдістеме, эксперимент

Аннотация: В работе рассматривается роль спортивного массажа в процессе восстановления легкоатлетов-бегунов. В ходе исследования экспериментально доказана эффективность методики массажа нижних конечностей. Результаты показали, что массаж способствует повышению эффективности тренировок, снижению утомления и улучшению спортивных показателей.

Ключевые слова: спортивный массаж, восстановление, бегуны, нижние конечности, эффективность тренировки утомление, физическая подготовка, легкая атлетика, методика, эксперимент

Annotation: The study examines the role of sports massage in the recovery process of track and field runners. The effectiveness of a lower limb massage methodology was experimentally confirmed. The results showed that massage improves training efficiency, reduces fatigue, and enhances athletic performance.

Key words:sports massage, recovery, runners, lower limbs, training efficiency fatigue, physical fitness, athletics, methodology, experiment

Жеңіл атлетикадағы жоғары нәтижелерге қол жеткізу жаттығу жүктемесінің көлемі мен қарқындылығының артуымен тікелей байланысты. Қазіргі спорт талаптары спортшы ағзасына үлкен дене әрі психоэмоционалдық салмақ түсіреді. Үнемі шамадан тыс жүктеме алу тірек-қимыл аппаратының қажуына, жұмыс қабілетінің төмендеуіне, кей жағдайда ағзаның

жекелеген жүйелерінің қызметінің бұзылуына, жарақаттар мен созылмалы аурулардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Сондықтан жаттығу үдерісімен қатар қалпына келтіру шараларын дұрыс ұйымдастыру – жоғары нәтижеге жетудің басты шарты. Тек жүктемені көбейту арқылы тұрақты жетістікке жету мүмкін емес.

Тақырыптың өзектілігі – көптеген жағдайларда жаттығулар спортшының созылмалы шаршау күйінде өткізілуімен байланысты. Мұндай жағдай жаттығу үрдісі ғылыми талаптарға сай ұйымдастырылмаған кезде немесе жүктеме спортшының жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келмегенде туындайды. Демек, спорттағы қалпына келтіру мәселесі ерекше маңызға ие.

Қалпына келтіру шаралары кешенді түрде жүзеге асырылады. Оларға педагогикалық әдістер, физиотерапиялық және су процедуралары, массаж, аутогендік жаттығу, теңгерімді тамақтану, сондай-ақ фармакологиялық қолдау жатады. Осы құралдарды оқу-жаттығу кезеңдерінің ерекшеліктеріне қарай тиімді үйлестіру жаттығу нәтижелілігін арттырып, шамадан тыс жүктеменің кері әсерін азайтады [1].

Соңғы жылдары шаршау механизмдерін, қалпына келу үдерістерінің заңдылықтарын және белсенді демалыстың тиімді тәсілдерін зерттеуге ерекше көңіл бөлінуде. Солардың ішінде спорттық массаж – қолжетімді әрі жоғары тиімді медико-биологиялық әдістердің бірі.

Спорттық массаж қан айналымын жақсартады, тіндердегі қалпына келу процестерін жеделдетеді, бұлшықеттер мен сіңірлердегі артық кернеуді азайтады. Нәтижесінде бұлшықет тіндері серпімді әрі икемді бола түседі.

Жүгірушілер үшін спорттық массаждың маңызы. Орта және ұзақ қашықтыққа жүгіретін спортшыларда негізгі жүктеме бел-сегізкөз аймағына және төменгі аяқ-қолдарға түседі. Сондықтан жергілікті массаждың маңызы зор.

Жаттығу алдындағы массаж спортшы ағзасын алдағы жүктемеге дайындаудың тиімді құралы болып табылады. Ол ең алдымен бұлшықеттер мен байламдарды қыздырып, олардың серпімділігін арттырады және қозғалысқа дайындық деңгейін көтереді. Қан айналымының жеделдеуі нәтижесінде тіндерге оттегі мен қоректік заттар белсенді жеткізіледі, бұл жарақат алу қаупін төмендетеді. Сонымен қатар, алдын ала жасалған массаж жүйке-бұлшықет байланысын жақсартып, қимыл үйлесімділігін арттырады және спортшының жалпы жұмысқа қабілеттілігін күшейтеді. Кейбір жағдайларда уақыт тапшылығы туындаса, дұрыс ұйымдастырылған қысқа мерзімді массаж қыздыру жаттығуларының орнын ішінара алмастыра алады.

Жаттығудан кейінгі массаж қалпына келтіру үрдісінің маңызды бөлігі болып саналады. Ол жаттығу барысында жоғарылаған бұлшықет тонусын қалыпқа түсіріп, артық кернеуді жояды. Микроциркуляцияның жақсаруы зат алмасу өнімдерінің ағзадан тезірек шығарылуына ықпал етеді, соның нәтижесінде бұлшықеттердің «қатып қалуы» мен ауырсыну сезімі азаяды. Мұндай әсер спортшының қалпына келу уақытын қысқартып, келесі жаттығуға дайындық деңгейін арттырады. Сонымен бірге массаж психологиялық тұрғыдан босаңсуға көмектесіп, жүйке жүйесінің ширығуын төмендетеді және жалпы эмоционалдық тұрақтылықты қалпына келтіреді.

Массаждың мазмұны мен әдістемесі жаттығу кезеңінің мақсатына және жүктеме деңгейіне байланысты анықталады. Жүктеме деңгейі спортшының субъективті сезімдерімен (жалпы және жергілікті шаршау, жаттығуды жалғастыра алмау сезімі) және объективті көрсеткіштермен (нәтиженің төмендеуі, техника сапасының нашарлауы) бағаланады [2].

Зерттеу мақсаты. Жеңіл атлет-жүгірушілердің төменгі аяқ-қолдарына арналған массажды жүргізу бойынша тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу.

Міндеттер: Тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау; - Төменгі аяқ-қолдарға массаж жүргізудің тиімді әдістері мен тәсілдерін анықтау; - Практикалық ұсыныстар дайындау.

Зерттеу әдістері: - Ақпараттық дереккөздерді талдау; - Педагогикалық бақылау; - Тестілеу; - Нәтижелерді статистикалық өңдеу.

Зерттеуді ұйымдастыру – Ж.А.Ташенев университетінің базасында өткізілді.

17–16 жас аралығындағы жүгірушілер екі топқа бөлінді: бақылау және 8эксперименттік топ. Эксперимент барысында жалпы дене дайындығын бағалайтын үш сынақ қолданылды:

1. 30 метрге жүгіру;
2. 3×10 метрге кері бері жүгіру;
3. 1500 метрге жүгіру.

Алғашқы кезеңде спортшылар бір апта бойы күнделікті нәтижелерін тіркеп отырды. Әр күннің орташа арифметикалық көрсеткіші есептеліп, арнайы хаттамаға енгізілді.

Кейін эксперименттік топ спортшылары ұсынылған кесте бойынша кәсіби жергілікті массаж қабылдады немесе өзін-өзі массаж жасау әдістемесін орындады. Барлық гигиеналық талаптар сақталды.

Массаж жүргізу тәртібі. Ем қабылдау алдында: - жылы душ қабылдау; - жүрек соғу жиілігін қалыпқа келтіру; - жату қалпын қабылдау қажет.

Бұлшықеттердің толық босаңсуына қол жеткізу үшін дене физиологиялық тұрғыдан дұрыс орналастырылуы тиіс. Төменгі аяқ-қолдарға массаж жасағанда аяқ вертикаль бағыттан шамамен 35°-қа әкетіліп, тізе буыны 45° бұрышпен бүгіледі. Бұлшықеттерді толық босаңсыту үшін тізе мен тобық астына арнайы жастықша қою ұсынылады.

Массаж әдістеріне сипау, ысқылау, илеу, дірілдету және созу элементтері кіреді. Әр тәсіл белгілі бір реттілікпен және жүктеме қарқындылығына сай орындалады.

Жүгірушілердің төменгі аяқ-қолдарына жүйелі түрде жүргізілген спорттық массаж жаттығу тиімділігін арттырып, шаршаудың алдын алуға және жарыс нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Ол тірек-қимыл аппаратына түсетін шамадан тыс жүктеменің кері әсерін азайтып, спортшының қызметтік мүмкіндіктерін сақтауға көмектеседі.

Ғылыми негізделген әдістемені тәжірибеде қолдану – спортшы денсаулығын қорғаудың және жоғары спорттық жетістіктерге жетудің маңызды себептері болып табылады.

Төменгі аяқ-қолдарға жасалатын массаж жамбас белдеуін және еркін төменгі аяқ бөлігін толық қамтиды. Рәсім барысында анатомиялық бағдарларды дәл сақтау және жұмыс реттілігін бұзбау аса маңызды. Ірі лимфа түйіндері тобық маңында, табан аймағында және тізе буынының артқы – тізе асты ойысында орналасады. Төменгі аяқ-қолдың қанмен қамтамасыз етілуі жалпы мықын артериясы жүйесі арқылы жүзеге асады, ал жүйкелік қамтамасыз етілуі бел және сегізкөз өрімдері арқылы іске асады.

Жекелеген аймақтарға массаж жасамас бұрын бүкіл аяққа дайындық (жалпы) массажын жүргізу қажет. Шап аймағындағы лимфа түйіндері мен тізеасты ойысында қарқынды, қатты қимылдар жасауға болмайды. Аяқтың ішкі бетіне массаж жүргізгенде соққылау, шапалақтау сияқты соққы тәсілдерін қолдану ұсынылмайды. Жекелеген аймақтарға массаж жасау ұзақтығы 3–15 минут аралығында, ал бүкіл аяққа 10–20 минут көлемінде жүргізіледі.

Төменгі аяқ-қолдарға массаж жүргізу белгілі бір жүйелі реттілікпен орындалуы тиіс, себебі бұл қан және лимфа айналымын дұрыс бағытта ынталандырып, бұлшықеттердің тиімді босаңсуына мүмкіндік береді. Ең алдымен массаж табан мен аяқ саусақтарынан басталады. Бұл кезеңде табан доғасын, өкше мен саусақтарды сипау, ысқылау және уқалау тәсілдері арқылы жергілікті қан айналымы жақсартылады, ұсақ бұлшықеттер белсендіріледі [3].

Одан кейін тобық буыны мен Ахилл сіңіріне көшу қажет. Бұл аймаққа жұмсақ ысқылау және айналмалы қозғалыстар жасалып, сіңірдің серпімділігі арттырылады және буынның қозғалғыштығы жақсартылады.

Келесі кезекте аяқтың артқы бұлшықет тобына массаж жүргізіледі. Бұл жерде сипау, терең ысқылау және илеу тәсілдері қолданылады, себебі артқы бұлшықеттер жүгіру кезінде негізгі жүктемені көтереді.

Балтыр бұлшықетіне ерекше назар аударылады. Балтырға жоғары бағытталған қозғалыстар арқылы қанның жүрекке қайтуы жеңілдетіледі, бұлшықет шаршауы азаяды және құрысу қаупі төмендейді.

Тізе буынына жеткенде абай болу керек. Мұнда жұмсақ сипау және жеңіл ысқылау тәсілдері қолданылады, тізе тостағаншасының айналасы мұқият өңделеді, буынның бүгу-жазу қозғалыстары арқылы оның қызметтік жағдайы жақсартылады.

Бұдан кейін санның екібасты бұлшықетіне массаж жасалады. Қозғалыстар тізеден жоғары, жамбасқа қарай бағытталып, терең илеу арқылы бұлшықет талшықтарының серпімділігі қалпына келтіріледі.

Келесі кезеңде бөксе бұлшықеттері уқаланады. Бұл аймақ жүгіру техникасында маңызды рөл атқаратындықтан, терең илеу мен ысқылау тәсілдері арқылы бұлшықет тонусы реттеледі және жамбас тұрақтылығы күшейеді.

Соңында жамбас-сан буынына массаж жүргізіледі. Бұл жерде айналмалы және созу элементтері қосылып, буынның қозғалыс амплитудасы арттырылады және жалпы бұлшықет-буын аралық аппараттың үйлесімді жұмысы қамтамасыз етіледі.

Осылайша, массажды төменнен жоғары бағытта, анатомиялық және физиологиялық заңдылықтарды сақтай отырып орындау оның тиімділігін арттырып, спортшының тез әрі сапалы қалпына келуіне жағдай жасайды [4].

Өзін-өзі массаж жасауға шамамен 10–15 минут уақыт бөлінеді. Бұл кезде дене қалпының дұрыс орналасуына ерекше назар аудару қажет, себебі бұлшықеттердің барынша босаңсуы тиімділікті арттырады.

Өзін-өзі массаж жасау барысында спортшылар мына талаптарды сақтауы тиіс:

- Қол қимылдары лимфа ағысы бағытымен, жақын орналасқан лимфа түйіндеріне қарай бағытталуы керек;
- Аяқтарға массаж тізеасты және шап лимфа түйіндеріне қарай жүргізіледі;
- Лимфа түйіндерінің өзіне тікелей массаж жасалмайды;
- Массаж кезінде бұлшықеттерді барынша босаңсытуға ұмтылу қажет;
- Гигиена ережелері сақталуы тиіс: қол да, дене де таза болуы керек;
- Кейбір жағдайларда массажды жұқа мақта немесе жүн матаның үстінен жүргізуге болады.

Массажды қыздыру кезеңінен бастайды: балтырдан бөксеге дейін сипау қимылдары орындалады. Әр қозғалыс 30–60 секунд шамасында жасалады. Кейін табанға көшуге болады: табанды аяқ ұшынан өкшеге қарай ысқылап, алақанмен уқалайды; аяқ саусақтарын жеке-жеке өңдейді; одан соң балтыр мен Ахилл сіңірін ысқылауға кіріседі.

Келесі кезеңде екі қолдың бас бармақтарымен тобықтан тізеге дейін жоғары қарай сырғыта отырып, балтыр тұсында жұмсақ айналмалы қозғалыстар жасалады. Негізгі назар табан мен балтыр аймағына аударылады. Тізе буынына жеткен соң сипау, ысқылау тәсілдері орындалып, тізе тостағаншасын бас бармақтармен абайлап қозғалту және буынды бүгу-жазу арқылы аяқталады.

Одан әрі санның алдыңғы және бүйір беттеріне массаж жасалады. Бұл үшін тізе астына валик қою немесе орындыққа отырып, табандарды еденге тіреу ұсынылады. Қозғалыстар тізеден шап аймағына қарай бағытталады. Дәл осындай реттілікпен екінші аяққа массаж жүргізіледі [5].

Рәсім соңында аяқ-қолдарды жеңіл сілкілеу, сондай-ақ жамбас-сан буынында аяқтарды жақындату және алшақтату қозғалыстары орындалады.

Ұсынылған әдістеме бойынша массаж екі ай бойы әр жаттығудан кейін қалпына келтіру мақсатында жүргізілді. Бақылау тобына кірген бес спортшы қалыпты жаттығу жоспарын өзгеріссіз жалғастырды.

Екі ай өткен соң қайта тестілеу өткізілді. Әр жаттығу (1500 м жүгіруден басқа) үш реттен орындалды, орташа нәтиже №2 хаттамаға енгізілді. 1500 метрге жүгіру бір рет өткізіліп, нәтижесі де тіркелді. Кейін алынған мәліметтер математикалық өңдеуден өткізіліп, абсолюттік және салыстырмалы (%) ауытқулар есептелді.

Бақылау тобында көрсеткіштер бірде жоғарылап, бірде төмендеп, нақты заңдылық байқалмады. Ал эксперименттік топтағы барлық спортшыларда нәтижелердің тұрақты жақсаруы тіркелді.

Осылайша, төменгі аяқ-қолдарға жүргізілген жүйелі массаж эксперименттік топта барлық сынақтар бойынша айқын оң өзгерістерге әкелді.

Қорытынды

Спорттық массаж – жеңіл атлет-жүгірушілердің оқу-жаттығу процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Ол жүктемеден кейінгі қалпына келуді жеделдетіп, жалпы дене жағдайды жақсартады, техникалық көрсеткіштердің өсуіне және спорттық қалыптың жоғары деңгейіне тез жетуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық эксперимент барысында ұсынылған әдістеме бойынша жүргізілген массаж және өзін-өзі массаж жасау жалпы дене дайындығы жаттығуларын орындау нәтижелерін жақсартты. Демек, жүгірушілердің төменгі аяқ-қолдарына массаж қолдану жаттығу сапасын арттырып, жарыс нәтижелілігін көтеруге ықпал ететіні туралы болжам толықтай расталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бирюков, А.А. Спортивный массаж. Учебник для институтов физической культуры// А.А. Бирюков, 4 издание, стереотипное М., Academia, 2014. – 576 с.

2. Бирюков, А.А. Особенности методики спортивного массажа в отдельных видах спорта: учеб. пособие для тренеров, массажистов и студ. ин-тов физ. культуры / А.А. Бирюков. М.: Б.и., 1981. - 87 с.

3. Бондарчук А. П. Основы силовой подготовки в спорте / А.П. Бондарчук .— М. : Спорт, 2019 .— 224 с.

4. Губа, В. Легкая атлетика / В. Губа, В. Никитушкин, В. Гапеев. — М. : Олимпия Пресс, 2006. — 224 с.

5. Данилова О.А., Жунисбекова Ж.А., Ордабаев Н.О., Есипов В.В., Данилов И.А., Керимбеков М.А. Массаж как профилактика спортивных травм у спортсменов-легкоатлетов // Успехи современного естествознания. – 2015. – № 1-4. – С. 687-691; URL: http://www.natural-sciences.ru/ru/article/view?id=34881.

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Керімбек А.Ә.
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру»
кафедрасының магистр оқытушысы
Ж.А.Ташенев атындағы университет,
Шымкент қ. Kerimbek.a94@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып математика сабақтарында цифрлық технологияларды интеграциялау арқылы қалыптастырушы бағалауды жетілдірудің ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются научно-методические основы совершенствования формативного оценивания на уроках математики в начальной школе посредством интеграции цифровых технологий.

Abstract. This study examines the methodological foundations for improving formative assessment in primary mathematics education through digital technologies.

«Өнер-білімнің жаңалығы адам санасын дамытатын
күш болып табылады. Жаңа әдістер – білімнің
жаңаруының кепілі, адамзатқа ой салатын құрал»
Абай Құнанбайұлы

«Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында цифрландырудың стратегиялық маңызын ерекше атап өтеді. Атап айтқанда, «Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр» және «Мен үш жыл ішінде Қазақстанды толыққанды цифрлық елге айналдырудың стратегиялық міндетін қойдым» (2025) деген тұжырымдары білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды тиімді қолданудың өзектілігін дәлелдейді».

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің цифрландырылуы педагогикалық ғылым мен практиканың жаңа бағыттарын қалыптастыруда. Бастауыш білім беру деңгейінде математиканы оқыту тек білім мазмұнын меңгерумен шектелмей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, логикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыда қалыптастырушы бағалау – оқыту сапасын арттырудың тиімді тетігі ретінде қарастырылады. Ол оқушының оқу әрекетін үздіксіз бақылауға, дер кезінде түзету енгізуге және жеке білім траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы қалыптастырушы бағалаудың мазмұны мен формасын трансформациялап, оны дербестендірілген, интерактивті және деректерге негізделген жүйеге айналдыруда. Сондықтан бұл мәселені ғылыми тұрғыда зерттеу өзекті болып табылады. Қалыптастырушы бағалау тұжырымдамасы білім алушылардың оқу жетістіктерін үздіксіз диагностикалау мен дамытуға бағытталған. Ғылыми әдебиеттерде ол «оқыту үшін бағалау» (assessment for learning) ұғымымен тығыз байланысты қарастырылады.

Заманауи зерттеулер цифрлық технологиялардың дидактикалық әлеуетін ерекше атап өтеді. Атап айтқанда:

- жедел кері байланыс ұсыну
- оқу процесін визуализациялау
- деректерді автоматты түрде өңдеу
- оқытуды дараландыру

Цифрлық ортада қалыптастырушы бағалау оқушының тек білім деңгейін ғана емес, оның оқу стратегияларын, қателер динамикасын және танымдық белсенділігін кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді.

Kahoot – математика сабағында қалыптастырушы бағалауды қызықты әрі тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін интерактивті платформа.

Kahoot арқылы қалыптастырушы бағалау (формативті бағалау) сабақ барысында оқушылардың білім деңгейін жедел тексеруге, қателіктерді дереу түзетуге және оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

Мысалы:

- жаңа тақырыпты түсінгенін тексеру
- қай тақырыпта қиындық бар екенін анықтау
- оқушыларды қызықтыру және ынталандыру

«Математика сабақтарында Kahoot платформасын пайдалану қалыптастырушы бағалауды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың жауаптары жедел талданып, қателіктер түзетіледі, мотивациясы артып, оқу процесі интерактивті және қызықты болып шығады.»

Сондықтан математика сабақтарында қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда цифрлық технологияларын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың тиімді жолы ретінде тәжірибеге негізделген әдістемесін ұсынамыз. Сонымен бірге бұл 2 сыныптың тақырыпты **Kahoot – Көбейту кестесі (2-сынып)** платформасын қолдану өте қарапайым және тиімді. Оқып-үйренудің үш бөлім құрылымының II бөлімінде (30-35 минут) ұйымдастырылды.

1.1. Дайындық кезеңі

1. kahoot.com сайтына тіркелу (мұғалім ретінде)
2. «Create» батырмасы арқылы 10–15 сұрақтық тест жасау
3. Мысалы, көбейту кестесі бойынша сұрақтар: 7×8=?, 5×6=?
4. Әр сұраққа 4 жауап нұсқасын қосу (дұрыс біреу, қалғаны қате)
5. Сабаққа интерактивті тақта немесе экран дайындау

1.2 Сабақ барысында қолдану

1. Оқушылар смартфон, планшет немесе компьютер арқылы Kahoot-қа қосылады
2. PIN код арқылы ойынға кіреді
3. Сұрақтар экранда көрсетіледі
4. Әр сұраққа 20–30 секунд уақыт беріледі
5. Оқушылар жауап береді
6. Жауап жылдамдығы мен дұрыстығы автоматты түрде есептеледі

1.3 Нәтижені талдау

- Kahoot автоматты түрде әр оқушының нәтижесін көрсетеді
- Қателіктер мен қиын сұрақтарды бірден талқылауға болады
- Мұғалім сабақ соңында кері байланыс береді

3. Қолдану тәсілдері

Тәсілі	Сипаттама
Жедел тексеру	Сабақ соңында қысқа 5–10 сұрақтық тест
Ойын арқылы оқыту	Қайталау сабақтарында сұрақ-жауап ойындары
Диагностика	Жаңа тақырып алдында оқушылардың бастапқы білімін анықтау
Жарыс әдісі	Оқушылар арасында бәсекелестік ұйымдастыру арқылы мотивация арттыру

4. Сабақ мысалы (Көбейту кестесі)

- Тақырып: 2–сынып көбейту кестесі
- Сұрақтар: 10 сұрақ (мысалы: 7×8=?, 5×6=?, 3×7=?, т.б.)
- Бағалау:
  - 80–100% – жақсы меңгерген
  - 50–80% – орташа
  - <50% – қосымша жұмыс қажет
- Кері байланыс: Қиындық туындаған есептерді бірге шығару

Жедел кері байланыс

Kahoot арқылы оқушылардың жауаптары бірден жүйеге енгізіледі. Мұғалім сұраққа берілген барлық жауапты көріп, қателіктерді дереу талдай алады. Артықшылығы: Сабақ

барысында қателерді түзетуге уақыт жоғалтпай, оқушының түсінбеу себептерін бірден анықтай алады.

Оқушылар мотивациясын арттыру

Ойын элементтері (уақытпен жарысу, ұпай жинау, көшбасшылар тақтасы) оқушылардың қызығушылығын арттырады. Артықшылығы: Сабақ интерактивті өтеді, оқушылар белсенді қатысады, оқу процесі көңілді әрі тартымды болады.

Бағалау объективтілігі

Kahoot автоматты түрде дұрыс және қате жауаптарды есептейді, уақытын өлшейді. Мұғалімнің субъективті бағалау ықтималдығы азаяды. Артықшылығы: Оқушыларды әділ бағалау, нақты нәтижелер алу, әр оқушының деңгейін объективті бағалау мүмкіндігі.

Сабақты интерактивті ету

Сұрақтарға жауап беру үшін әр оқушы құрылғыны пайдаланады. Сабақ тек мұғалімнің түсіндіруімен шектелмей, оқушылар белсенді қатысады. Артықшылығы: Көрнекілікті, динамикалық және қатысушы сабақ процесін ұйымдастыру.

Қателерді бірден түзету мүмкіндігі

Сұраққа жауап беріп болған соң дұрыс жауап экранда көрсетіледі, ал қате жауап таңдаған оқушылар үшін түсіндіру жүргізіледі.

Артықшылығы: Қай тақырып қиын екенін анықтап, оқушылардың білімін нақты жетілдіру.

6. Уақытты үнемдеу

Kahoot тапсырмалары бірнеше секундта орындалады, жаппай тексеруден гөрі тиімді.

Артықшылығы: Сабақ уақытын үнемдеу, бірден топтағы немесе сыныптағы білім деңгейін бағалау. Математика сабақтарында қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың оқу жетістіктерін жедел бағалауға, кері байланысты тиімді ұйымдастыруға және оқу процесін дараландыруға мүмкіндік береді. Әсіресе интерактивті платформалар мен адаптивті жүйелер оқушылардың білім деңгейін нақты анықтап, олардың танымдық белсенділігін арттырады.

Қорытындылай келе, бүгінгі сабақ тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық технологияларды пайдалана отырып ұйымдастырылған қалыптастырушы бағалау бастауыш сынып математикасында оқушылардың білімін терең, жан-жақты және интерактивті түрде тексеруге мүмкіндік береді. Бұл әдістің басты артықшылығы – оқушылардың әр сәтте өз білімін бағалай білу қабілетін дамыту және мұғалімге әрбір оқушының оқу жетістіктерін нақты бақылауға жағдай жасау.

Цифрлық платформалар, мысалы, **Kahoot**, сабақ барысын ойын түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, оқушылардың қызығушылығы мен ынтасын арттырады. Оқушылар өз жауаптарын жедел беріп, нәтижесін бірден көре отырып, өз біліміндегі жетістіктері мен кемшіліктерін анықтай алады. Мұндай кері байланыс әдісі дәстүрлі бағалау түрлерінен ерекшеленіп, оқушыларға тек қателіктерді түзетуге ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, есептеу дағдыларын жетілдіруге де көмектеседі.

Қалыптастырушы бағалау цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асқанда сабақ процесі интерактивті және динамикалық сипатқа ие болады. Мұғалім әр оқушының жауап беру жылдамдығын, дұрыс жауаптарын және жалпы үлгерімін бірден көріп, сабақтың мазмұнын икемді түрде реттей алады. Бұл әдіс оқушылардың өзін-өзі бағалау қабілетін арттырады, олардың өз білім деңгейін саналы түрде түсінуге, қателіктерін түзетуге және жетістіктерін нақты көруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, цифрлық құралдар сабаққа ойын элементін енгізіп, мотивацияны арттырады, сыныпта ынтымақтастықты дамытады және оқу процесін қызықты етеді. Қиындық туындаған тақырыптарды нақты анықтап, қосымша түсіндірулер жүргізу мүмкіндігі сабақ

сапасын едәуір көтереді. Бұл әдіс тек математикалық дағдыларды емес, оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау, жылдам ойлау, деректерді талдау қабілеттерін де дамытады.

Қорыта айтқанда, цифрлық технологиялар негізінде ұйымдастырылған қалыптастырушы бағалау – бастауыш сынып математикасын оқытуда заманауи, тиімді және мотивациялық құрал. Бұл әдістің көмегімен оқушылар өз білімін терең меңгереді, қателіктерін түзетуді үйренеді, ал мұғалім сабақ процесін тиімді бақылап, әр оқушының оқу жетістігін арттыра алады. Цифрлық технологиялар мен қалыптастырушы бағалаудың интеграциясы сабақтарды заманауи талапқа сай, қызықты және нәтижелі өткізуге нақты мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2025 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы — «Kazakhstan in the Era of Artificial Intelligence» (Қазақстан — жасанды интеллект дәуірінде) атты жыл сайынғы Жолдау.
2. **Ашық білім ресурстары**: Kahoot! (2026). Kahoot! Teaching and Learning Platform. Retrieved from https://kahoot.com
3. **Бастауыш білім беру және математика**: Назарбаев, Н. (2020). Бастауыш мектеп математикасы: теория мен практика. Алматы: Білім баспасы.
4. **Қалыптастырушы бағалау туралы зерттеулер**: Black, P., & Wiliam, D. (1998). Assessment and classroom learning. Assessment in Education: Principles, Policy & Practice, 5(1), 7–74.
5. **Цифрлық технологияларды білім беру процесінде қолдану**: Ермекова, Г. (2021). Цифрлық құралдар арқылы оқытудың инновациялық әдістері. Астана: ҚазҰУ баспасы.
6. **Интерактивті платформаларды сабаққа енгізу тәжірибесі**: Prensky, M. (2010). Teaching Digital Natives: Partnering for Real Learning. Thousand Oaks, CA: Corwin Press.
7. **Қазақстан Республикасының білім саясаты**: Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы (2020). Цифрлық білім беру мен инновациялық технологияларды дамыту. Астана: Елбасылық басылым.
8. **Математика сабақтарында формативті бағалауды қолдану әдістемесі**: Stiggins, R. (2005). From Formative Assessment to Assessment FOR Learning: A Path to Success in Standards-Based Schools. Phi Delta Kappan, 87(4), 324–328.
9. **Оқушылар мотивациясын арттыру және ойын арқылы оқыту**: Gee, J. P. (2007). What Video Games Have to Teach Us About Learning and Literacy. New York: Palgrave Macmillan.

ВНЕДРЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И КЛЮЧЕВЫЕ ПРОБЛЕМЫ

[1]Куракбаева С.Д., [2]Турсумбаева А.С.

[1]к.т.н., ассоциированный профессор кафедры «Информационные технологии ицифровизация»

Университет имени Ж.А.Ташенева, Шымкент

sevam@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-5463-1930

[2]Магистр технических наук

Университет имени Ж.А.Ташенева, Шымкент

adiya_tursumbaeva@mail.ru ,https://orcid.org/0009-0003-0302-4745

Аннотация. В статье исследуются особенности внедрения искусственного интеллекта в систему высшего образования Республики Казахстан в условиях цифровой трансформации. Основное внимание уделено институциональному использованию генеративного ИИ в вузах и анализу доступа казахстанских преподавателей к платформе ChatGPT Edu как значимому этапу развития AI-инфраструктуры в академической среде. Показано, что применение интеллектуальных систем способствует персонализации обучения, автоматизации учебно-методических и административных процессов, поддержке исследовательской деятельности, а также развитию цифровых компетенций преподавателей и обучающихся. Выявлены ключевые ограничения внедрения ИИ, связанные с недостаточной нормативно-методической базой, рисками академической недобросовестности, неравномерным уровнем цифровой готовности вузов, дефицитом AI-компетенций и вопросами защиты данных. Обосновано, что эффективная интеграция ИИ в высшее образование Казахстана требует системной институциональной политики, включающей регламентацию использования, развитие инфраструктуры и повышение квалификации педагогических кадров.

Ключевые слова: искусственный интеллект, высшее образование, ChatGPT Edu, цифровизация вузов, AI-компетенции

Abstract. The article examines the specific features of artificial intelligence integration into the higher education system of the Republic of Kazakhstan in the context of digital transformation. Particular attention is paid to the institutional use of generative AI in universities and to the analysis of Kazakhstani teachers' access to the ChatGPT Edu platform as a significant stage in the development of AI infrastructure within the academic environment. It is demonstrated that the use of intelligent systems contributes to the personalization of learning, the automation of educational, methodological, and administrative processes, the support of research activities, and the development of digital competencies among both faculty and students. The key limitations of AI implementation are identified, including an insufficient regulatory and methodological framework, risks to academic integrity, uneven levels of digital readiness across universities, a lack of AI competencies, and data protection issues. It is argued that the effective integration of AI into higher education in Kazakhstan requires a systematic institutional policy, including regulation of its use, infrastructure development, and advanced training for academic staff.

Key words: artificial intelligence, higher education, ChatGPT Edu, university digitalization, AI competencies

Развитие искусственного интеллекта в последние годы привело к существенному пересмотру подходов к организации высшего образования. Если ранее цифровизация вузов связывалась прежде всего с электронными журналами, LMS-платформами, дистанционным обучением и автоматизацией документооборота, то сегодня в центре внимания находятся генеративные модели, способные выполнять интеллектуальные операции, ранее считавшиеся исключительно человеческими: анализ текста, суммирование документов, проектирование учебных материалов, интерпретация данных, подготовка черновиков академических текстов и формирование адаптивной обратной связи. UNESCO подчеркивает, что распространение GenAI происходит быстрее, чем адаптация национальных регуляторных систем, из-за чего образовательные организации нередко оказываются технологически вовлеченными, но институционально неподготовленными [1].

Для Казахстана проблема интеграции искусственного интеллекта в высшее образование имеет особую значимость. Это связано одновременно с тремя факторами: реализацией национальной цифровой политики, обновлением модели подготовки кадров для AI-экономики и усилением международной конкуренции вузов. Следовательно, любые AI-решения, внедряемые в университетской среде, затрагивают крупную институциональную систему и требуют продуманного управленческого сопровождения.

Особое значение для казахстанской академической среды имеет подписанный в Вашингтоне меморандум о сотрудничестве между Министерством искусственного интеллекта и цифрового развития РК, Министерством науки и высшего образования РК, Kazakhtelecom, Freedom Holding Corp. и OpenAI. В соответствии с этим соглашением преподаватели Казахстана получают доступ к ChatGPT Edu — академической версии ChatGPT, предназначенной для масштабного использования в образовательных организациях. Документ предусматривает предоставление не менее 165 000 лицензий ежегодно в течение трех лет для педагогов и сотрудников. Данный шаг переводит обсуждение ИИ в вузах из уровня эксперимента в плоскость институционального внедрения [2].

Актуальность темы исследования определяется тем, что искусственный интеллект перестал быть внешним технологическим трендом и превратился в фактор структурного изменения высшего образования. В международной повестке университеты уже рассматриваются не только как пользователи AI-инструментов, но и как пространства, где должны формироваться компетенции безопасного, этичного и профессионально осмысленного взаимодействия с ИИ. UNESCO отмечает необходимость человекоцентричного подхода к использованию генеративного ИИ в образовании, включающего защиту данных, педагогическую оправданность, этическую оценку и развитие человеческого потенциала, а не простую замену академического труда автоматизированными сервисами.

Для Казахстана актуальность дополнительно усиливается государственными стратегическими документами. Концепция развития высшего образования и науки Республики Казахстан на 2023–2029 годы фиксирует курс на повышение качества образования, научно-технологическое развитие и международную конкурентоспособность вузов. В этой логике искусственный интеллект выступает не отдельной инновацией, а одним из инструментов достижения системных целей модернизации высшей школы [3].

Практический интерес к теме усиливается тем, что доступ к ChatGPT Edu для казахстанских педагогов уже выведен на официальный уровень. Это означает, что вопрос больше не сводится к тому, «нужно ли использовать ИИ в вузе», а смещается к вопросам «как именно использовать», «при каких регламентах», «какие функции передавать ИИ», «какие ограничения необходимы» и «как оценивать результаты такого внедрения».

Практическая значимость исследования состоит в том, что ее положения могут быть использованы при разработке вузовских регламентов по применению генеративного искусственного интеллекта, программ повышения квалификации преподавателей, внутренних политик по академической честности и локальных стандартов цифровой трансформации учебного процесса.

Преимущества искусственного интеллекта в высшем образовании проявляются прежде всего в педагогической, организационной и исследовательской плоскостях. С педагогической точки зрения AI-инструменты позволяют персонализировать обучение, адаптировать задания к уровню подготовки студента, ускорять предоставление обратной связи и облегчать разработку учебно-методических материалов [4]. На уровне университетского управления искусственный интеллект способен снижать нагрузку на преподавателей за счет автоматизации рутинных операций: подготовки типовых материалов, суммирования документов, обработки текстовых массивов и аналитики данных. OpenAI прямо указывает, что ChatGPT Edu предназначен для студентов, преподавателей, исследователей и университетских администраторов и включает инструменты анализа данных, веб-поиска, интеграции файлов и создания кастомизированных GPT для курсов и проектов [5].

Для преподавателя высшей школы это открывает возможность перераспределения времени: меньше усилий тратится на механические операции и больше — на методическую, исследовательскую и наставническую деятельность. В казахстанском официальном

сообщении о меморандуме также подчеркивается, что ChatGPT Edu может сократить административную нагрузку и освободить время педагога для работы со студентами.

В исследовательской сфере ИИ полезен как инструмент предварительного поиска идей, структурирования литературы, анализа текстовых данных, подготовки черновых схем, таблиц и сравнительных обзоров. Однако его использование требует обязательной экспертной верификации результатов, поскольку генеративные модели не гарантируют фактическую безошибочность. Этим объясняется растущая международная потребность в AI-компетентности преподавателей и студентов.

Одновременно внедрение ИИ порождает существенные риски. Первый риск связан с академической добросовестностью: студенты могут использовать генеративные системы не как инструмент поддержки мышления, а как механизм замещения собственной интеллектуальной работы. Второй риск касается достоверности: AI может выдавать логично оформленные, но фактически ошибочные ответы. Третий риск — снижение глубины самостоятельного анализа, если преподаватель и студент начинают воспринимать сгенерированный текст как готовый результат, а не как черновой материал для критической переработки. UNESCO прямо указывает, что отсутствие национальных регуляций оставляет данные пользователей незащищенными, а образовательные организации — недостаточно подготовленными к валидации таких инструментов.

Еще один серьезный риск связан с вопросами конфиденциальности, авторства и интеллектуальной собственности. Для университетов это особенно чувствительно, поскольку в систему могут загружаться учебные программы, исследовательские материалы, базы данных, внутренние документы и неопубликованные результаты исследований. В этом контексте значимость ChatGPT Edu объясняется тем, что OpenAI позиционирует его как решение с корпоративным уровнем безопасности, защиты данных и административного контроля. Однако даже при наличии таких характеристик вузу необходимы собственные локальные политики доступа, разграничения ролей и перечни допустимых сценариев использования.

Развитие ИИ в высшем образовании Казахстана происходит в логике общей государственной цифровой модернизации и одновременно в логике подготовки кадров для AI-экономики. Государственные органы прямо связывают реформы в образовании, научно-технологическое развитие и международную конкурентоспособность вузов. В 2025 году вопросы AI в университетах и подготовке кадров выносились на международные площадки, где казахстанский опыт цифровой трансформации образования рассматривался как часть глобального движения по переосмыслению роли высшей школы в условиях ИИ [6].

Одной из ключевых особенностей казахстанского этапа является переход от абстрактной цифровизации к институциональному доступу к конкретным AI-продуктам. В этом смысле доступ преподавателей к ChatGPT Edu — не просто технологическая мера, а управленческий сигнал о признании генеративного ИИ допустимым и перспективным инструментом академической деятельности. При этом речь идет именно о масштабируемом внедрении: по условиям меморандума не менее 165 000 лицензий должны ежегодно предоставляться педагогам и сотрудникам в течение трех лет. Для сравнения, численность преподавателей в вузах страны в 2025 году составляла 45,5 тыс., то есть формально заявленный масштаб лицензирования значительно шире только вузовского профессорско-преподавательского состава и создает потенциал охвата более широкой образовательной экосистемы. Это важно для межуровневой согласованности цифровой политики, но одновременно требует четкого разграничения того, как именно инструменты будут распределяться и использоваться в университетском секторе.

Важной особенностью также является то, что развитие ИИ в образовании Казахстана идет параллельно с формированием национальной системы AI-компетенций. Международные

подходы, в частности рамка UNESCO для преподавателей, предлагают пять измерений компетентности: человекоцентричное мышление, этика ИИ, основы и приложения ИИ, AI-педагогика и использование ИИ для профессионального развития. Для Казахстана это особенно значимо, поскольку доступ к инструменту сам по себе не гарантирует качественного применения без соответствующей педагогической и методической подготовки [7].

Ключевая проблема внедрения ИИ в высшее образование Казахстана заключается в разрыве между технологической доступностью и институциональной готовностью. Даже при наличии официального доступа к ChatGPT Edu у университетов остаются открытыми вопросы: кто именно вправе использовать систему, в каких академических сценариях это допустимо, какие данные запрещено загружать, как фиксировать использование AI в учебных и научных работах, как обучать преподавателей и студентов корректной работе с генеративными моделями, а также как изменять методы оценивания, чтобы сохранить академическую честность. Международные материалы UNESCO IESALC показывают, что для вузов по всему миру характерны фрагментарные ответы на вызовы ИИ: часто создаются разрозненные рекомендации, но отсутствует единая институциональная рамка компетенций и регулирования [8].

Для Казахстана можно выделить несколько базовых групп проблем.

Первая группа — нормативно-организационные проблемы**.** На уровне многих вузов еще не сформированы целостные внутренние политики по использованию генеративного ИИ в обучении, оценивании, научной работе и администрировании. В результате преподаватели действуют либо стихийно, либо чрезмерно осторожно, опасаясь нарушений академической этики и правил работы с данными.

Вторая группа — кадрово-методические проблемы**.** Существенная часть преподавателей пока не обладает системными AI-компетенциями. UNESCO прямо отмечает, что во многих странах компетенции преподавателей в сфере ИИ либо не определены, либо не обеспечены национальными программами подготовки. Для Казахстана это означает необходимость не разовых мастер-классов, а многоуровневых программ повышения квалификации, привязанных к специфике университетской педагогики, исследовательской деятельности и оценивания.

Третья группа — проблемы академической добросовестности и оценивания. Генеративный ИИ меняет саму природу учебного задания. Если раньше письменная работа могла сравнительно надежно демонстрировать самостоятельность студента, то теперь требуется пересмотр форм контроля: усиление устной защиты, практико-ориентированных заданий, проектных форматов, кейсов, работы с локальными данными и этапного оценивания процесса, а не только финального текста. Без этого ИИ может привести к росту имитационной учебной активности.

Четвертая группа — технологическое и инфраструктурное неравенство. Хотя Казахстан в целом проводит цифровую модернизацию, уровень организационной и технической готовности вузов может различаться. Различия проявляются в инфраструктуре, доступе к лицензированным сервисам, цифровой культуре факультетов, наличии методических подразделений и уровне управленческой поддержки инноваций. Поэтому единая национальная повестка не означает одинаковую реальную способность всех вузов внедрять ИИ с одинаковым качеством.

Пятая группа — вопросы языка, локального контента и национального контекста. Для казахстанского высшего образования важна поддержка академической коммуникации на казахском и русском языках, а также соответствие AI-инструментов отечественным образовательным стандартам, дисциплинарным традициям и нормативным требованиям. Университетам нужны не просто универсальные глобальные сервисы, а механизмы адаптации их к локальным условиям, программам и жанрам академической работы. На практике это

означает потребность в локальных шаблонах запросов, библиотеках безопасных кейсов, двуязычных инструкциях и национальных методических рекомендациях. Эта задача вытекает из общего курса Казахстана на формирование собственной AI-экосистемы и развитие человеческого капитала.

На схеме1 представлен алгоритм поэтапного внедрения ИИ в вузе Казахстана.

Этап 1. Диагностика готовности вуза

↓

Оценка инфраструктуры, кадров, локальных политик, рисков данных

↓

Этап 2. Определение допустимых сценариев использования

↓

Учебный процесс / наука / администрирование / сервисы поддержки

↓

Этап 3. Разработка локальных регламентов

↓

Правила цитирования AI, перечень запрещённых данных, роли пользователей

↓

Этап 4. Подготовка преподавателей

↓

Курсы по AI-компетенциям, этике, верификации ответов, AI-педагогике

↓

Этап 5. Пилотное внедрение

↓

Запуск на отдельных кафедрах, курсах или административных процессах

↓

Этап 6. Мониторинг результатов

↓

Академическая честность, качество обучения, нагрузка преподавателя, ошибки

↓

Этап 7. Масштабирование

↓

Расширение на университетский уровень только после корректировки рисков

Схема 1 - Алгоритм поэтапного внедрения ИИ в вузе Казахстана

Этот алгоритм отражает принцип управляемого внедрения: сначала университет формирует рамки, затем обучает сотрудников, и только после этого масштабирует использование ИИ. Именно такой путь соответствует международным рекомендациям о системном и ответственном подходе к AI в высшем образовании.

Отдельного рассмотрения заслуживает вопрос доступа казахстанских педагогов к ChatGPT Edu. Согласно официальному сообщению правительства, соглашение с OpenAI предусматривает предоставление преподавателям Казахстана доступа к специализированной академической версии ChatGPT, рассчитанной на масштабное использование в образовательных институциях. Среди заявленных характеристик — доступ к актуальным моделям OpenAI, корпоративный уровень безопасности, защита данных, административные механизмы контроля, аналитические функции, суммирование документов и возможность создавать кастомизированные GPT под конкретные курсы, проекты и задачи.

Для высшего образования это имеет несколько последствий. Во-первых, появляется возможность перехода от неформального и индивидуального использования AI преподавателями к институционально управляемому использованию. Во-вторых, университеты получают шанс включить генеративный ИИ в методическую и

исследовательскую инфраструктуру без опоры исключительно на разрозненные бесплатные решения. В-третьих, возникает новая зона ответственности руководства вузов: при наличии официального доступа требуется определить правила его педагогически допустимого применения. Иными словами, ChatGPT Edu сам по себе не решает проблему трансформации университета, но создает условия, при которых такая трансформация становится реально возможной.

При этом важно подчеркнуть: наличие доступа не тождественно наличию культуры использования. Если преподаватели будут воспринимать ChatGPT Edu лишь как инструмент быстрого создания текстов, а не как средство проектирования, анализа и сопровождения образовательного процесса, эффект внедрения окажется поверхностным. Поэтому доступ к платформе должен сопровождаться обучением по верификации результатов, постановке корректных промптов, этическому применению, работе с ограничениями модели и интеграции AI в педагогический дизайн дисциплины.

Таким образом, искусственный интеллект в высшем образовании Казахстана переходит из категории перспективной инновации в категорию институциональной реальности. Подписанный меморандум о доступе педагогов к ChatGPT Edu придал этому процессу официальный и масштабируемый характер, что делает тему внедрения ИИ в вузах особенно значимой для современной образовательной политики страны.

Преимущества применения ИИ в университетской среде очевидны: персонализация обучения, сокращение рутинной нагрузки, поддержка исследований, расширение аналитических возможностей и рост цифровой компетентности преподавателей. Однако эти эффекты не реализуются автоматически. Их достижение возможно только при наличии институциональной готовности, локальных регламентов, этических ограничений, защищенной цифровой инфраструктуры и системной подготовки профессорско-преподавательского состава.

Основные проблемы внедрения ИИ в высшем образовании Казахстана связаны с нормативной незавершенностью, кадрово-методическим дефицитом, рисками академической недобросовестности, инфраструктурной неоднородностью вузов и необходимостью адаптации глобальных AI-решений к национальному языковому и образовательному контексту.

Следовательно, дальнейшее развитие искусственного интеллекта в высшей школе РК должно строиться не по модели стихийного использования, а по модели управляемой институциональной интеграции. Только в этом случае ИИ станет не фактором дезорганизации академической среды, а инструментом повышения качества высшего образования, усиления международной конкурентоспособности вузов и развития человеческого капитала Казахстана.

Использованная литература:

1. UNESCO. Guidance for Generative AI in Education and Research // UNESCO. – 2023.
2. Об утверждении Концепции развития высшего образования и науки в Республике Казахстан на 2023–2029 годы: Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 248 // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». – 2023.
3. Доступность образования, развитие науки и искусственного интеллекта в Республике Казахстан // Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан. – 2025.
4. Казахстан и OpenAI подписали меморандум о продвижении AI-образования и цифровых навыков в Казахстане // GOV.KZ. – 2025.
5. UNESCO. AI Competency Framework for Teachers // UNESCO. – 2024.
6. ChatGPT Edu // OpenAI. – 2025.

7. Казахстан в глобальном движении за будущее образования: цифровая трансформация и роль искусственного интеллекта // GOV.KZ. – 2025.
8. The Challenges of AI in Higher Education and the Imperative for Competency Frameworks // UNESCO IESALC. – 2025.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕР

[1]Мамадәлі Ж.Т. [2]Мырзасеитова К.Н. [3]Мырза Ә.
[1]Магистр, оқытушы
Ж.А.Ташенев атындағы университеті,Шымкент қ.
https://orcid.org/0009-0009-5869-4192
[2]Магистр, аға оқытушы
Академик А.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті,Шымкент қ.
[3]Магистрант

Аңдатпа. Зерттеліп отырған мәселе бүгінгі таңда өзекті, себебі геометрияны меңгеру және интеллектуалды және жеке дамуды ынталандыру оқушылардың математикалық есептерді шешудегі дағдыларын өзгертуді талап етеді. Геометрияның да, қазіргі заманғы ғылымның да жемісті тұжырымдамаларының бірі болып табылатын геометриялық түрлендірулер осы мақалада көрсетілген. Дегенмен, орта мектеп оқушыларына арналған стандартты негізгі геометрия курсында геометриялық түрлендірулерге жеткіліксіз көңіл бөлудің салдары қарастырылады. Бұл түрлендірулердің даму әлеуетіне және негізгі мектеп курсының оларды жүзеге асыруға әлсіз бағытталуына байланысты.

Бұл зерттеудің мақсаты - мектеп оқушыларының геометриялық білімін жетілдіру құралы ретінде контурлық есептермен жұмыс істеудің соңғы кезеңіне арналған теория мен әдіснаманы әзірлеу. Мақалада геометриялық түрлендірулерді қамтитын есептерді шешуде тиісті операцияларды әзірлеу үшін арнайы тапсырмаларды шешу әдістері мен мысалдары келтірілген. Оқушылардың математикалық есепті шешудің әртүрлі кезеңдерін орындау қабілеті геометрияны меңгеруде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетіні дәлелденген. Бұл мақалада геометрия сабақтарында қолданылатын есептер арқылы логикалық ойлауды, кеңістіктік сананы, дәлелдеу және талдау дағдыларын жетілдіру жолдары қарастырылады. Геометрия тапсырмаларын тиімді ұйымдастыру оқушылардың танымдық белсенділігін арттыра алатыны айтылады.

Кілт сөздер: геометриялық есеп, математикалық қабілет, логикалық ойлау, кеңістіктік сана, оқыту әдістері.

Abstract. The issue under study is highly relevant today, as the mastery of geometry and the stimulation of intellectual and personal development require a transformation of students' skills in working with mathematical problems. Geometric transformations, being one of the most productive ideas in both geometry and modern science, are reflected in this article. Nevertheless, the paper considers the consequences of the insufficient attention paid to geometric transformations in the standard basic geometry curriculum of secondary schools, despite their developmental potential and the curriculum's limited focus on its realization.

The aim of the research is to develop the theory and methodology of the final stage of working with planimetric problems as a means of improving the quality of students' geometric knowledge.The article presents methods and examples of solving specific tasks to form relevant operations during the process of solving geometric transformation problems. It is proved that the students' ability to

perform various stages of solving a mathematical problem helps to achieve better results in mastering geometry. The ways of improving logical thinking, spatial imagination, reasoning, and analysis skills through problems used in geometry lessons are considered. It is substantiated that the effective organization of geometric tasks allows for increasing the cognitive activity of students.

Key words: geometric problem, mathematical ability, logical thinking, spatial understanding, teaching methodology.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың математикалық қабілеттерін дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады. Геометрия пәні кеңістіктік ойлау қабілетін, логикалық талдау дағдыларын және шығармашылық тұрғыдан есеп шығару әдістерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Геометриялық есептер математикалық ойлаудың жоғары деңгейін талап ететін және оқушылардың абстрактілі ұғымдарды түсіну қабілетін арттыратын құрал болып саналады. Геометриялық есептерді шешу барысында оқушылар бірнеше маңызды дағдыларды меңгереді: визуализация, аналитикалық ойлау, дәлелдеу әдістері, кеңістіктік қарым-қатынастарды түсіну және есептеу дағдылары. Осы мақалада әр түрлі типтегі геометриялық есептер және олардың оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытудағы маңыздылығы қарастырылады[1].

Геометриялық есептерді шығару барысында оқушы берілген жағдайды талдайды, фигуралардың қасиеттерін анықтайды және қорытынды жасайды. Бұл үдеріс логикалық ойлаудың дамуына ықпал етеді.Геометриялық есептерді қолданудың тиімді тәсілдері. Есептерді іріктеу барысында олардың мазмұны мен күрделілік деңгейіне назар аудару қажет. Стандартты емес және бірнеше шешімі бар есептер оқушылардың дербес ойлауын дамытады. Геометриялық есептер арқылы шығармашылық ойлауды қалыптастыру[2]. Зерттеушілік бағыттағы геометриялық есептер оқушылардың шығармашылық ойлауын жетілдіреді және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Есеп шығару барысында оқушылар фигураларды салыстырады, сызбалар салады, шартты талдайды және белгілі теоремаларға сүйене отырып қорытынды жасайды. Бұл әрекеттер оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, математикалық тілде сауатты сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Математикалық қабілет ұғымы педагогика мен психология ғылымында күрделі ұғым ретінде қарастырылады. Ол оқушының математикалық материалды қабылдау, оны талдау, жалпылау және жаңа жағдайда қолдану мүмкіндігімен сипатталады.

1. Планиметриялық есептер және олардың типтері

1.1. Үшбұрыштарға қатысты есептер

Үшбұрыш - геометрияның негізгі фигураларының бірі. Үшбұрыштарға байланысты есептер оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады және геометриялық қатынастарды түсінуге үйретеді.

Мысал 1: Тік бұрышты үшбұрыштың катеттері 3 см және 4 см болса, гипотенузасын табыңыз.

Шешімі:

Пифагор теоремасы бойынша: $c^2 = a^2 + b^2$

$c^2 = 3^2 + 4^2 = 9 + 16 = 25$

$c = 5$ см

Мысал 2: Тең бүйірлі үшбұрыштың табаны 10 см, ал бүйір қабырғалары 13 см. Үшбұрыштың биіктігін және ауданын табыңыз.

Шешімі:

Тең бүйірлі үшбұрыштың биіктігі табанды екіге бөледі. Пифагор теоремасын қолданамыз:

$h^2 + 5^2 = 13^2$

$h^2 = 169 - 25 = 144$

h = 12 см

S = ½ × 10 × 12 = 60 см²

2. Төртбұрыштарға қатысты есептер

Төртбұрыштар - тік төртбұрыш, квадрат, параллелограмм, ромб, трапеция - әр түрлі қасиеттері бар геометриялық фигуралар[3]. Осы фигураларға байланысты есептер оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытады.

Мысал 3: Параллелограммның бір қабырғасы 8 см, ал оған жүргізілген биіктік 5 см. Параллелограммның ауданын табыңыз.

Шешімі:

Параллелограммның ауданы: S = a × h

S = 8 × 5 = 40 см²

Мысал 4: Трапецияның табандары 12 см және 18 см, ал биіктігі 7 см. Трапецияның ауданын табыңыз.

Шешімі:

Трапецияның ауданы: S = ½(a + b) × h

S = ½(12 + 18) × 7 = ½ × 30 × 7 = 105 см²

2. Шеңбер және дөңгелекке қатысты есептер

Шеңбер мен дөңгелекке қатысты есептер оқушылардың π санымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады және қисық сызықты фигуралардың қасиеттерін түсінуге көмектеседі.

Мысал 5: Шеңбердің радиусы 6 см. Шеңбердің ұзындығын және дөңгелектің ауданын табыңыз (π ≈ 3.14).

Шешімі:

Шеңбердің ұзындығы: C = 2πr

C = 2 × 3.14 × 6 = 37.68 см

Дөңгелектің ауданы: S = πr²

S = 3.14 × 6² = 3.14 × 36 = 113.04 см²

Мысал 6: Дөңгелектің ауданы 78.5 см². Оның радиусын табыңыз (π ≈ 3.14).

Шешімі:

S = πr²

78.5 = 3.14 × r²

r² = 78.5 ÷ 3.14 = 25

r = 5 см

3. Стереометриялық есептер

Стереометриялық есептер оқушылардың кеңістіктік қиялын дамытады және үш өлшемді денелердің қасиеттерін түсінуге үйретеді[4]. Призма, пирамида, цилиндр, конус және сфера сияқты денелер оқу бағдарламасының маңызды бөлігі.

3.1. Призма және пирамидаға қатысты есептер

Мысал 7: Тік төртбұрышты параллелепипедтің өлшемдері 5 см, 8 см және 10 см. Оның көлемін және бүкіл бетінің ауданын табыңыз.

Шешімі:

Көлемі: V = a × b × c

V = 5 × 8 × 10 = 400 см³

Бүкіл бетінің ауданы: S = 2(ab + bc + ac)

S = 2(5×8 + 8×10 + 5×10) = 2(40 + 80 + 50) = 340 см²

3.2. Айналу денелеріне қатысты есептер

Мысал 8: Цилиндрдің радиусы 4 см, ал биіктігі 10 см. Цилиндрдің көлемін табыңыз (π ≈ 3.14).

Шешімі:

Цилиндрдің көлемі: $V = \pi r^2 h$

$V = 3.14 \times 4^2 \times 10 = 3.14 \times 16 \times 10 = 502.4$ см³

Мысал 9: Шардың радиусы 3 см. Шардың көлемін және бетінің ауданын табыңыз ($\pi \approx 3.14$).

Шешімі:

Шардың көлемі: $V = (4/3)\pi r^3$

$V = (4/3) \times 3.14 \times 3^3 = (4/3) \times 3.14 \times 27 \approx 113.04$ см³

Шар бетінің ауданы: $S = 4\pi r^2$

$S = 4 \times 3.14 \times 3^2 = 4 \times 3.14 \times 9 = 113.04$ см²

4. Есептерді шешу әдістері және стратегиялары

Геометриялық есептерді тиімді шешу үшін оқушылар бірнеше негізгі стратегияларды меңгеруі керек:

1. Сызбаны дұрыс салу. Есептің шартын мұқият оқып, анық сызба салу - шешімнің алғашқы қадамы. Сызбада берілген және табу керек шамаларды белгілеу маңызды.

2. Қажетті формулаларды анықтау. Есепте қай формулалар қолданылатынын алдын ала ойлап, жоспар құру керек.

3. Қосымша элементтерді енгізу. Кейде есепті шешу үшін қосымша түзулер, биіктіктер немесе диагональдар жүргізу қажет болады.

4. Теоремалар мен қасиеттерді қолдану. Пифагор теоремасы, үшбұрыштардың ұқсастығы, параллель түзулердің қасиеттері сияқты негізгі теоремаларды білу және қолдана білу маңызды.

5. Шешімді тексеру. Алынған жауапты есептің шартына қарап тексеру және нәтижені бағалау керек.

6. Күрделі есеп мысалы

Мысал 10: Тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасы 25 см, ал бір катеті 15 см. Осы үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің радиусын табыңыз.

Шешімі:ш

1-қадам: Екінші катетті табайық. Пифагор теоремасы бойынша:

$b^2 = c^2 - a^2 = 25^2 - 15^2 = 625 - 225 = 400$

$b = 20$ см

2-қадам: Үшбұрыштың ауданын екі әдіспен есептейміз:

$S = ½ \times 15 \times 20 = 150$ см²

3-қадам: Іштей сызылған шеңбердің радиусын табу формуласы:

$r = S / p$, мұндағы p - жартылай периметр

$p = (15 + 20 + 25) / 2 = 30$ см

$r = 150 / 30 = 5$ см

Геометриялық есептер оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы болып табылады[5]. Планиметрия мен стереометрияның әр түрлі тақырыптарын қамтитын есептерді жүйелі түрде шешу арқылы оқушылар мынадай маңызды дағдыларды меңгереді:

• Кеңістіктік қиял мен визуализация қабілеті
• Логикалық ойлау және талдау дағдылары
• Математикалық формулаларды қолдану шеберлігі
• Есептерді шешудегі шығармашылық тәсілдер
• Дәлелдеу және негіздеу дағдылары

Мұғалімдер мен әдіскерлер геометриялық есептерді таңдау кезінде оларды қиындық деңгейі бойынша жіктеп, оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейін ескеруі қажет. Жеңіл есептерден бастап, біртіндеп күрделі және шығармашылық ойлауды талап ететін есептерге көшу керек.

Геометриялық есептерді оқыту процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігі маңызды орын алады. Мұғалім оқушыларды дайын шешімге жеткізбей, оларды ойлануға бағыттауы тиіс. Есеп шартын бірлесіп талдау, жетекші сұрақтар қою, сызбаны кезең-кезеңімен салу оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Сонымен қатар бір есептің бірнеше шешу жолын көрсету оқушылардың математикалық ойлау көкжиегін кеңейтеді.Мектепте оқытудың үш кезеңінде геометриялық материалдың сәйкес мамандануы болып табылады:

1 - кезең. 1-6 сыныптар - кеңістіктік формаларға басымдық бере отырып, барлық оқытылатын материалды кең nгеометриялаумен бірыңғай математика курсын енгізу, соңғы екі жылда - "Көрнекі геометрия" курсын (бөлімін) енгізу арқылы нақты геометриялық сызықты таңдау. ".

2 - кезең. 7-9 сыныптар - геометрия, планиметрия және стереометрия теориясының толық жүйелі курсы.

3 - кезең. 10-11 сыныптар. – элективті курстар, олардың бағдарламалары мектеп оқушыларының тиісті санаттарының мақсаттары мен қажеттіліктерімен анықталады. Оқушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне мақсатты жұмысты енгізу.

Геометриялық есептерді тиімді қолданудың тағы бір жолы – оқушыларды өз бетінше есеп құрастыруға тарту. Бұл жұмыс оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, геометриялық ұғымдарды терең түсінуіне ықпал етеді. Сонымен бірге топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыру оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытады, өз ойларын дәлелдеп қорғауға үйретеді.

Қорытындылай келе, геометриялық есептер оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуда маңызды педагогикалық құрал болып табылады. Олар логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді, дәлелдеу мәдениетін және шығармашылық қабілетті қалыптастырады. Геометриялық есептерді оқу процесінде жүйелі әрі мақсатты қолдану оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырып, пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Сондықтан геометриялық есептерді тиімді пайдалану қазіргі заманғы математика мұғалімінің кәсіби қызметінің негізгі бағыттарының бірі болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Атанасян Л.С. Геометрия 7-9 сыныптарға арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019.
2. Погорелов А.В. Геометрия. 7-11 сыныптар. – Алматы: Білім, 2020.
3. Смирнова И.М. Геометрияны оқыту әдістемесі. – Алматы: Ұлттық білім академиясы, 2018.
4. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың инновациялық технологиялары. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
5. Оспанов Т.Н. Геометриялық есептер жинағы. Орта мектептерге арналған. – Астана: Арман-ПВ, 2022.

MACHINE LEARNING НЕГІЗІНДЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ

[1]Мәулімсейіт Д. Б., [2] Жаримбектова М.М., [3] Боранкулов Б.А.

[1] техника ғылымдарының магистрі, Tashenev University, Шымкент қ., Қазақстан

[2] техника ғылымдарының магистрі, Tashenev University, Шымкент қ., Қазақстан

[3] техника ғылымдарының магистрі, Tashenev University, Шымкент қ., Қазақстан

[1]dmaulimseit@gmail.com, https://orcid.org/0009-0007-3440-7211

[2]mergen1612@gmail.com, https://orcid.org/0009-0003-5601-9405

[3]borankulovb@gmail.com,https://orcid.org/0009-0009-8168-948X

Аннотация. Бұл мақалада Machine Learning әдістерін қолдану арқылы шешім қабылдауды қолдау жүйесін (Decision Support System, DSS) әзірлеу мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында кәсіпорынның бизнес-процестерін оңтайландыру мақсатында деректерді талдау және болжау модельдері қолданылды. Decision Tree және Random Forest алгоритмдері негізінде модель құрылып, олардың тиімділігі салыстырылды. Нәтижелер ұсынылған тәсілдің басқарушылық шешімдердің сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Түйін сөздер. машиналық оқыту, шешім қабылдауды қолдау жүйесі, интеллектуалды жүйелер, деректерді талдау, болжау модельдері, бизнес-процестер, оңтайландыру, Decision Tree, Random Forest

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы разработки системы поддержки принятия решений на основе методов машинного обучения. Актуальность исследования обусловлена необходимостью повышения эффективности управленческих решений в условиях роста объема и сложности данных. В работе применяются методы анализа данных и построения прогнозных моделей с использованием алгоритмов Decision Tree и Random Forest. Проведено сравнительное исследование эффективности моделей на основе метрик качества, таких как точность, полнота и F-мера. Полученные результаты демонстрируют, что использование методов машинного обучения позволяет существенно повысить качество принимаемых решений и оптимизировать бизнес-процессы предприятия.

Ключевые слова. машинное обучение, система поддержки принятия решений, интеллектуальные системы, анализ данных, прогнозирование, бизнес-процессы, оптимизация, Decision Tree, Random Forest

Abstract. Artificial Intelligence (AI) is revolutionizing business process automation by providing organizations with substantial benefits in terms of efficiency, accuracy, and operational speed. This article examines the dual impact of AI on businesses: its remarkable advantages in optimizing workflows and resources, and the significant challenges organizations face when implementing these advanced technologies. Key focus is given to operational, economic, and ethical dimensions, all of which play a crucial role in the successful integration of AI solutions. Operational benefits include considerable cost reduction, acceleration of processes, and enhancement of customer service quality, enabling businesses to stay competitive in a fast-evolving market. However, there are notable challenges such as high implementation costs, data security concerns, and the need for workforce reskilling to effectively operate AI-based systems. Ethical issues also come to the forefront, as AI deployment must address fairness, transparency, and bias in automated decision-making. The article explores how organizations can mitigate these risks through a strategic, responsible approach, offering recommendations on effective AI adoption. With a nuanced understanding of AI's opportunities and constraints, businesses can leverage AI's potential to enhance productivity while remaining accountable to ethical standards, thus ensuring both technological and social responsibility. This balanced approach empowers organizations to maximize the benefits of AI and navigate its complexities successfully.

Key words. machine learning, decision support system, intelligent systems, data analysis, predictive modeling, business processes, optimization, Decision Tree, Random Forest

Қазіргі таңда қарқынды өзгеріп жатқан бизнес-орта жағдайында кәсіпорындардың жедел әрі негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау қабілеті олардың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып отыр. Жаһандық цифрландыру үдерістерінің күшеюі және нарықтағы бәсекелестіктің артуы ұйымдардан шешім қабылдау барысында икемділік, жеделдік және стратегиялық ойлау қабілетін талап етеді.

Осы тұрғыда жасанды интеллект (бұдан әрі — ЖИ) технологияларына негізделген шешім қабылдауды қолдау құралдарының маңызы артып келеді. Мұндай жүйелер үлкен көлемдегі деректерді талдау үдерістерін автоматтандыруға және жеделдетуге мүмкіндік беріп, басқарушылық шешімдердің дәлдігі мен уақыттылығын қамтамасыз етеді. Gartner зерттеулеріне сәйкес, әлемдегі компаниялардың 37 %-дан астамы осы бағыттағы технологияларды енгізген, бұл олардың өнімділігін орта есеппен 20 %-ға арттырып, шешім қабылдау шығындарын шамамен 25 %-ға қысқартуға ықпал еткен [1].

Зерттеудің өзектілігі белгісіздік деңгейі жоғары және нарық жағдайы тұрақсыз ортада шешім қабылдаудың дәлдігі мен жеделдігін арттыруға бағытталған құралдарға деген сұраныстың өсуімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, негізгі мәселелердің бірі — жасанды интеллектті қолданыстағы бизнес-процестерге тиімді енгізу және мұндай жүйелердің кәсіпорын қызметінің нәтижелілігіне ықпалын объективті бағалау болып табылады.

Осы зерттеу аясында жасанды интеллект негізіндегі шешім қабылдауды қолдау жүйелері (бұдан әрі — ШҚҚЖ) қарастырылып, олардың әзірленуі, енгізілуі және тиімділігін бағалау үдерістері басқарушылық қызмет тұрғысынан талданады.

Зерттеудің мақсаты — жасанды интеллектке негізделген шешім қабылдауды қолдау жүйелерінің кәсіпорын қызметіндегі тиімділігін арттыруға бағытталған әдістер мен модельдерді әзірлеу және оларды практикалық тұрғыда негіздеу.

Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады: шешім қабылдауды қолдау жүйелерінің теориялық негіздерін талдау; жасанды интеллект технологияларын бизнес-процестерге енгізу ерекшеліктерін зерттеу; кәсіпорын қызметінде ШҚҚЖ қолданудың тиімділігін бағалау әдістерін қарастыру; ұсынылатын жүйенің архитектурасын әзірлеу; тәжірибелік мысал негізінде ұсынылған шешімнің тиімділігін негіздеу.

Зерттеу нысаны — кәсіпорындардың басқарушылық қызметі, ал зерттеу пәні — жасанды интеллект негізіндегі шешім қабылдауды қолдау жүйелерін қолдану үдерістері мен әдістері болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы жасанды интеллект әдістерін қолдану арқылы шешім қабылдау сапасын арттыруға бағытталған тиімді модель ұсынумен сипатталады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы ұсынылған тәсілдерді кәсіпорындардың нақты бизнес-процестерінде қолдану арқылы басқарушылық шешім қабылдау үдерістерін жетілдіруге, уақыт және ресурстық шығындарды азайтуға, сондай-ақ ұйым қызметінің жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік беруімен айқындалады.

Қазіргі ғылыми зерттеулерде шешім қабылдауды қолдау жүйелері (ШҚҚЖ) кәсіпорындарды басқарудың маңызды құралдарының бірі ретінде кеңінен қарастырылып келеді. Алғашқы ШҚҚЖ тұжырымдамалары 1970–1980 жылдары қалыптасып, олар негізінен құрылымдалған және жартылай құрылымдалған есептерді шешуге бағытталды. Кейінгі кезеңдерде ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты бұл жүйелердің функционалдық мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейді.

ШҚҚЖ ұғымына көптеген анықтамалар берілген. Мысалы, зерттеушілердің пікірінше, ШҚҚЖ — бұл басқарушылық шешім қабылдау үдерісін қолдауға арналған, деректерді өңдеу, модельдеу және талдау құралдарын біріктіретін ақпараттық жүйе. Оның негізгі мақсаты — шешім қабылдаушы тұлғаға (менеджерге) тиімді және негізделген шешім қабылдауға көмектесу.

Соңғы жылдары ШҚҚЖ дамуында жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары ерекше рөл атқара бастады. ЖИ әдістеріне машиналық оқыту, нейрондық желілер, сараптамалық жүйелер және деректерді интеллектуалды талдау (Data Mining) жатады. Бұл әдістер үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге, жасырын заңдылықтарды анықтауға және болжау жасауға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерде ЖИ негізіндегі ШҚҚЖ-ның бірқатар артықшылықтары атап өтіледі. Біріншіден, мұндай жүйелер дәстүрлі әдістермен салыстырғанда жоғары дәлдікпен болжау жасай алады. Екіншіден, олар нақты уақыт режимінде жұмыс істеп, жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, адами фактордың әсерін азайтып, субъективтілікті төмендетеді.

Сонымен қатар, бірқатар зерттеулерде ЖИ енгізудің белгілі бір қиындықтары да қарастырылады. Олардың қатарына деректер сапасының жеткіліксіздігі, модельдердің күрделілігі, жүйелерді енгізудің жоғары құны және ұйым қызметкерлерінің жаңа технологияларға бейімделу мәселелері жатады. Осыған байланысты, ЖИ негізіндегі ШҚҚЖ әзірлеу барысында тек техникалық аспектілер ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық және экономикалық факторлар да ескерілуі тиіс.

Қазіргі таңда кәсіпорындарда қолданылатын ЖИ негізіндегі ШҚҚЖ бірнеше негізгі бағыттарға бөлінеді: болжамдық талдау жүйелері (predictive analytics); ұсыныс беру жүйелері (recommendation systems); тәуекелдерді бағалау және басқару жүйелері; бизнес-процестерді оңтайландыруға арналған жүйелер.

Бұл жүйелер әртүрлі салаларда — қаржы, логистика, өндіріс, маркетинг және қызмет көрсету секторларында кеңінен қолданылады. Мысалы, қаржы секторында ЖИ несиелік тәуекелдерді бағалауда қолданылса, логистикада жеткізу тізбегін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, жасанды интеллект негізіндегі шешім қабылдауды қолдау жүйелері қазіргі заманғы кәсіпорындардың тиімділігін арттыруда маңызды құрал болып табылады. Дегенмен, олардың толық әлеуетін жүзеге асыру үшін жүйелерді дұрыс жобалау, сапалы деректермен қамтамасыз ету және оларды нақты бизнес-процестерге бейімдеу қажет.

Ұсынылатын жүйе архитектурасы және модель

Жасанды интеллектке негізделген шешім қабылдауды қолдау жүйесін (ШҚҚЖ) тиімді жобалау үшін оның көпқабатты архитектурасы қарастырылады. Ұсынылатын жүйе кәсіпорын деректерін жинау, өңдеу, талдау және шешім қабылдау үдерістерін автоматтандыруға бағытталған.

Жүйе архитектурасы жалпы алғанда келесі негізгі компоненттерден тұрады: деректер қабаты, өңдеу және аналитика қабаты, жасанды интеллект модулі және пайдаланушы интерфейсі.

1. Деректер қабаты. Бұл қабат әртүрлі ішкі және сыртқы дереккөздерден ақпарат жинауға жауап береді. Оған кәсіпорынның ERP және CRM жүйелері, қаржылық есептер, өндірістік көрсеткіштер және сыртқы нарықтық деректер кіреді. Жиналған деректер алдын ала өңдеуден өткізіліп, сапасы тексеріледі (data cleaning, normalization).

2. Деректерді өңдеу және сақтау қабаты. Бұл деңгейде деректерді сақтау үшін деректер қоймалары (Data Warehouse) немесе үлкен деректер платформалары (Big Data platforms) қолданылады. Мұнда ETL (Extract, Transform, Load) процестері арқылы деректер құрылымдалып, талдауға дайын күйге келтіріледі.

3. Аналитикалық және жасанды интеллект қабат. Бұл жүйенің негізгі интеллектуалды бөлігі болып табылады. Мұнда машиналық оқыту алгоритмдері, статистикалық модельдер және болжау әдістері қолданылады. Негізгі міндеттері: болашақ трендтерді болжау; тәуекелдерді анықтау; шешім қабылдау сценарийлерін модельдеу; альтернативті шешімдерді салыстыру.

Осы қабатта регрессиялық модельдер, кластерлеу әдістері және нейрондық желілер кеңінен қолданылады.

4. Шешім қабылдау модулі. Бұл модуль аналитикалық нәтижелерді интерпретациялап, басқарушылық шешімдерге арналған ұсыныстарды қалыптастырады. Мұнда ережеге

негізделген жүйелер (rule-based systems) және көпкритерийлі шешім қабылдау әдістері қолданылады.

5. Пайдаланушы интерфейсі. Бұл қабат менеджерлер мен аналитиктерге арналған визуалды панель (dashboard) ретінде жұмыс істейді. Онда негізгі көрсеткіштер (KPI), графиктер, есептер және ұсынылған шешімдер көрсетіледі. Пайдаланушы жүйемен интерактивті түрде жұмыс істей алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Power D.J. Decision Support Systems: Concepts and Resources for Managers. — Westport: Greenwood Publishing, 2002. — 251 p.
2. Turban E., Sharda R., Delen D. Decision Support and Business Intelligence Systems. — 10th ed. — Boston: Pearson Education, 2011. — 812 p.
3. Russell S., Norvig P. Artificial Intelligence: A Modern Approach. — 3rd ed. — Upper Saddle River: Prentice Hall, 2010. — 1152 p.
4. Davenport T.H., Harris J.G. Competing on Analytics: The New Science of Winning. — Boston: Harvard Business School Press, 2007. — 240 p.
5. Gartner. Artificial Intelligence in Business: Trends and Forecasts. — Stamford, 2022.
6. Provost F., Fawcett T. Data Science for Business. — Sebastopol: O'Reilly Media, 2013. — 414 p.
7. Goodfellow I., Bengio Y., Courville A. Deep Learning. — Cambridge: MIT Press, 2016. — 775 p.
8. Laudon K.C., Laudon J.P. Management Information Systems: Managing the Digital Firm. — 15th ed. — Harlow: Pearson, 2018. — 684 p.

THE IMPACT OF AI-ASSISTED PLANNING ON TEACHERS' CURRICULUM DESIGN AND LESSON PLANNING DECISION-MAKING

Mahmud H. Choudhury

International Teacher of Computer Science&English at NIS Shymkent Karatau

Abstract. The rapid development of artificial intelligence (AI) is reshaping approaches to lesson planning and curriculum design in education, particularly in Computer Science. While tools such as ChatGPT are increasingly being used to support teachers, there is still limited understanding of how AI influences teachers' curriculum design decision-making processes (Baidoo-Anu and Ansah, 2023; Perrotta and Selwyn, 2020).

This study investigates how AI-assisted planning affects teachers' decision-making during curriculum design, with a focus on Computer Science and English education. Curriculum planning involves complex professional judgments, including sequencing content, selecting pedagogical approaches, and designing assessment strategies, while maintaining coherence and contextual relevance (Shulman, 1987; Grossman and McDonald, 2008). In this context, AI may function as a decision-support tool that reshapes how teachers generate, evaluate, and refine curriculum materials (Luckin et al., 2022).

The study examines AI use across three stages of curriculum design: scheme of work development, lesson and assessment material creation, and differentiation for diverse learners. It also explores how teachers engage with AI-generated outputs, including acceptance, modification, or rejection, and how this interaction reflects professional judgment in curriculum design (Roy et al., 2024; Nazaretsky et al., 2022).

A literature-based review approach is used, drawing on empirical studies and theoretical work on AI in education and teacher decision-making. The analysis focuses on patterns in teacher–AI

interaction, levels of professional autonomy, and the implications for curriculum coherence (Cukurova et al., 2019; Perrotta and Selwyn, 2020).

The literature suggests that AI can enhance efficiency in generating initial curriculum resources, but its influence on decision-making is shaped by teacher experience, trust in AI systems, and pedagogical beliefs (Nazaretsky et al., 2022; Ghamrawi et al., 2024). Across studies, teachers remain central in validating and adapting AI outputs to ensure pedagogical suitability and contextual relevance.

Overall, the study positions AI as a decision-support tool that augments rather than replaces teacher professional judgment in curriculum design, contributing to ongoing debates about teacher agency and the role of AI in education.

Methodology / Methods and Sources Used

This article adopts a qualitative, exploratory approach to examine the role of artificial intelligence (AI) in curriculum planning and lesson design, with a focus on secondary Computer Science and English education. The study is non-empirical and based on a structured review of academic literature, policy documents, and practitioner sources. This approach is appropriate for an emerging field such as AI in education, where existing research provides insight into current practices, risks, and developments.

A targeted literature review was conducted to establish a theoretical foundation. Key studies on AI in education, teacher decision-making, and adaptive learning were prioritised, including Baidoo-Anu and Ansah (2023), Luckin et al. (2022), and Perrotta and Selwyn (2020). These sources highlight both the potential of generative AI to support teaching and the risks of overreliance, bias, and changing professional roles. Research on teacher trust and autonomy was also included (Nazaretsky et al., 2022; Ghamrawi et al., 2024).

Policy documents formed a second strand of analysis. Guidance from the Department for Education (DfE, 2025) and the Joint Council for Qualifications (JCQ, 2024) was used to situate AI use within current ethical and assessment frameworks, particularly in relation to academic integrity and transparency.

Practitioner-focused sources, including evaluation reports (Roy et al., 2024, EEF report), were used to illustrate how AI is applied in lesson planning and resource creation. All sources were analysed thematically, with key themes including efficiency, teacher autonomy, assessment for learning (Black et al., 2002), and ethical responsibility.

Discussion

The literature indicates that artificial intelligence (AI) can support curriculum planning by improving efficiency and providing structured starting points for lesson design. Teachers can use AI tools to generate lesson outlines, examples, and assessment materials, reducing planning time and supporting idea development (Luckin et al., 2022; Roy et al., 2024). In Computer Science, this includes generating code and explanations, while in English it may involve creating writing prompts and model responses.

Recent survey evidence shows that 44% of teachers have already used AI tools in their teaching practice, particularly for lesson planning, quizzes, and worksheet creation, suggesting rapid adoption of generative AI in education (RSC, 2024). This indicates that AI is already becoming embedded in everyday teaching practice rather than remaining experimental.

Experimental evidence further supports its impact on efficiency. Studies show that teachers using ChatGPT for lesson preparation reduced planning time by approximately 31%, with no observed decrease in the quality of teaching materials (Roy et al., 2024; EEF, 2024). This suggests that AI can contribute to workload reduction while maintaining pedagogical standards.

However, these benefits are limited by issues of reliability. AI-generated content may contain inaccuracies, bias, or lack depth, making it unsuitable for direct use without modification (Perrotta and Selwyn, 2020; Nazaretsky et al., 2022). In Computer Science, incorrect code may lead to

misconceptions, while in English, AI-generated writing may lack originality or authenticity. This reinforces the need for critical evaluation by teachers.

Teacher judgement therefore remains central. Curriculum planning involves decisions about sequencing, pedagogy, and assessment, which rely on subject knowledge and understanding of learners (Shulman, 1987; Grossman and McDonald, 2008). AI can assist this process but does not replace professional reasoning. Maintaining teacher autonomy is essential, as overreliance on AI may reduce deep engagement with subject knowledge and curriculum design (Goos and Bennison, 2008).

Teacher trust and AI literacy also influence how effectively these tools are used. Research suggests that teachers with stronger understanding of AI are more likely to critically evaluate outputs, while less experienced users may accept them more readily (Nazaretsky et al., 2022; Cukurova et al., 2019). This highlights the importance of professional development in ensuring responsible use.

Research suggests that the impact of AI on teacher workload is not automatic and depends heavily on training and implementation conditions. While AI can support lesson planning and reduce preparation time, ineffective integration may lead to additional workload due to the need for reviewing and correcting outputs (OECD, 2026, TALIS 2024 data).

Subject differences are also important. In Computer Science, AI aligns closely with technical content such as programming and algorithms. In English, however, it raises concerns about originality, authorship, and academic integrity. Policy guidance emphasises that AI use must not undermine assessment validity (DfE, 2025; JCQ, 2024), requiring clear boundaries in classroom use.

Finally, ethical considerations such as sustainability and environmental impact must also be acknowledged, as AI systems have increasing energy demands (Coleman, 2023). This adds another dimension to responsible adoption in education.

Overall, the literature shows that AI is most effective when used as a support tool that enhances, rather than replaces, teacher decision-making.

Limitations

This study is based on a review of existing literature and does not include primary data collection. As a result, findings depend on the scope and context of available research, which is largely based on Western education systems. There is limited research specifically focused on Kazakhstan, which may affect the direct applicability of conclusions. Further empirical studies are needed to explore how AI is used in different educational contexts.

Conclusion

This article concludes that artificial intelligence (AI) has the potential to play a valuable role in supporting curriculum planning and lesson design in Computer Science and English education when implemented ethically and in alignment with Department for Education guidance (DfE, 2025). Evidence suggests that AI can enhance efficiency, reduce teacher workload, and support structured lesson design, particularly when used as a planning assistant rather than a replacement for teacher judgement.

The findings indicate that AI is most effective in supporting curriculum sequencing, resource creation, and assessment design. In Computer Science, it can assist with generating programming examples and structuring complex concepts. In English, it can support writing development, scaffolding, and feedback design.

However, these benefits depend on careful and critical use. Risks such as inaccuracy, bias, and overreliance highlight the continued importance of teacher expertise. Subject-specific concerns also differ, with English raising issues of originality and Computer Science requiring accuracy and conceptual clarity. Ethical and regulatory frameworks further reinforce the need for responsible use.

Overall, AI should be embedded within existing pedagogical frameworks rather than treated as a replacement for teacher decision-making. With appropriate training and guidance, it can support more efficient, flexible, and responsive curriculum design while maintaining the central role of the teacher as curriculum designer and professional decision-maker.

References:

1. Baidoo-Anu D and Ansah L (2023) Education in the era of generative artificial intelligence (AI): Understanding the potential benefits of ChatGPT in promoting teaching and learning. Journal of AI 7(1): 52–62.

2. Black P, Harrison C, Lee C et al. (2002) Working Inside the Black Box: Assessment for Learning in the Classroom. London: GL Assessment.

3. Coleman J (2023) AI's climate impact goes beyond its emissions. Scientific American, 7 December. Available at: www.scientificamerican.com/article/ais-climate-impact-goes-beyond-its-emissions (accessed Dec 2025).

4. Cukurova M, Luckin R and Baines E (2019) The importance of AI literacy in education. British Journal of Educational Technology 50(1): 1–14.

5. Davies-Craine (2025) Augmenting instruction with artificial intelligence in geography lessons. Impact Special Issue: Safe and effective use of AI in education. Available at: https://my.chartered.college/impact_article/augmenting-instruction-with-artificial-intelligence-in-geography-lessons (accessed Dec 2025).

6. Department for Education (DfE) (2025) Generative artificial intelligence in education. Available at: www.gov.uk/government/publications/generative-artificial-intelligence-in-education/generative-artificial-intelligence-ai-in-education (accessed Dec 2025).

7. Education Endowment Foundation (EEF) (2024) Using generative AI for lesson preparation: Teacher Choices evaluation report. Available at: https://educationendowmentfoundation.org.uk (Accessed: April 2026).

8. Ghamrawi N, Shal T and Ghamrawi NA (2024) Exploring the impact of AI on teacher leadership: Regressing or expanding? Education and Information Technologies 29: 8415–8433.

9. Goos M and Bennison A (2008) Teacher professional identity and curriculum design decision-making. Mathematics Education Research Journal 20(3): 36–59. (useful for decision-making framing even outside maths)

10. Grossman P and McDonald M (2008) Back to the future: Directions for research in teaching and teacher education. American Educational Research Journal 45(1): 184–205.

Knight S, Shum SB and Littleton K (2020) Epistemic fluency: Toward understanding thinking and learning in AI-supported environments. Learning, Media and Technology 45(2): 145–161.

11. Shulman L (1987) Knowledge and teaching: Foundations of the new reform. Harvard Educational Review 57(1): 1–22. (core pedagogical reasoning reference)

12. Joint Council for Qualifications (JCQ) (2024) AI use in assessments: Protecting the integrity of qualifications. Available at: www.jcq.org.uk/exams-office/malpractice/artificial-intelligence (accessed April 2025).

13. Luckin R, George K and Cukurova M (2022) AI for School Teachers. London: CRC Press.

14. Nazaretsky T, Ariely M, Cukurova M et al. (2022) Teachers' trust in AI-powered educational technology and a professional development program to improve it. British Journal of Educational Technology 53(4): 914–931.

15. OECD (2026) OECD Digital Education Outlook 2026: Exploring Effective Uses of Generative AI in Education. OECD Publishing, Paris. Available at: https://doi.org/10.1787/062a7394-en (Accessed: April 2026).

16. Perrotta C and Selwyn N (2020) Deep learning goes to school: Toward a relational understanding of AI in education. Learning, Media and Technology 45(3): 251–269.

17. Roy P, Poet H, Staunton R et al. (2024) ChatGPT in lesson preparation: A Teacher Choices trial: Evaluation report. Education Endowment Foundation & NFER. Available at: https://educationendowmentfoundation.org.uk/projects-and-evaluation/projects/choices-in-edtech-

using-generative-ai-chatgpt-for-ks3-science-lesson-preparation-2024-teacher-choices-trial (accessed Dec 2025).

18. Royal Society of Chemistry (2024) The science teaching survey 2024: Teachers' use of AI in education. Available at: https://www.rsc.org/policy-and-campaigning/education/the-science-teaching-survey/2024/ (Accessed: April 2026).

ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

[1]Мырзабек Л.Ә., [2]Мырзабеков А.Л.
[1,2] Дене шынықтыруды оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.
Ж.А.Ташенов атындағы университет, Шымкент қ.

Аннотация. Қазіргі футболда жоғары нәтижеге жету ойыншылардың техникалық, тактикалық және психологиялық даярлығының жоғары деңгейіне тікелей байланысты, сондықтан тактикалық дайындық оқу-жаттығу үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Зерттеуде жас футболшылардың тактикалық даярлығын жетілдіруде заманауи ақпараттық технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды қолданудың мүмкіндіктері мен тиімділігі қарастырылады.

Түйін сөздер: Футбол, тактикалық дайындық, технико-тактикалық әрекеттер, оқу-жаттығу үдерісі, ақпараттық технологиялар. Компьютерлік бағдарламалар, модельдеу, мультимедиалық құралдар, жас футболшылар, спорттық жаттығу.

Аннотация. В современном футболе достижение высоких результатов напрямую связано с высоким уровнем технической, тактической и психологической подготовки игроков, поэтому тактическая подготовка является важной составной частью учебно-тренировочного процесса. В исследовании рассматриваются возможности и эффективность применения современных информационных технологий и компьютерных программ для совершенствования тактической подготовки юных футболистов.

Ключевые слова: футбол, тактическая подготовка, технико-тактические действия, учебно-тренировочный процесс, информационные технологии, компьютерные программы, моделирование, мультимедийные средства, юные футболисты, спортивная тренировка.

Abstract. In modern football, achieving high performance is directly related to a high level of technical, tactical, and psychological preparation of players, making tactical training an essential component of the educational and training process. The study explores the possibilities and effectiveness of using modern information technologies and computer programs to improve the tactical training of young football players.

Key words: football, tactical training, technical-tactical actions, educational and training process, information technologies, computer programs, modeling, multimedia tools, young football players, sports training.

Қазіргі кезеңде футболдың кеңінен танымал болуы мен көрермендер қызығушылығы, ең алдымен, оның тартымдылығының артуымен тікелей байланысты. Ойынның әсерлілігі футболшылардың спорттық шеберлігін жетілдіру, ойындардағы нәтижелілікті арттыру, алаңда әдіс-тәсілдік әрекеттерді орындау барысында қозғалыс жылдамдығын ұлғайту, сондай-ақ тактикалық шешімдердің жаңашылдығы мен креативтілігі арқылы қамтамасыз етіледі.

Демек, футболдың даму деңгейі ойын сапасының жоғарылауымен және командалардың бәсекеге қабілеттілігінің өсуімен айқындалады.

Заманауи футбол ойыншылардың алаңдағы қызметтік міндеттеріне елеулі өзгерістер енгізді. Осыған сәйкес спортшыларға қойылатын талаптар да күшейе түсті. Бүгінгі футболшы тек жақсы дене дайындығымен ғана шектелмей, техникалық шеберлігі жоғары, тактикалық ойлауы дамыған, психологиялық тұрғыдан тұрақты әрі кешенді дайындығы толық қалыптасқан болуы тиіс. Ойын барысында әрбір спортшы күрделі әрі үнемі өзгеріп отыратын жағдайға бейімделіп, өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алатындай деңгейде даярлануы қажет. Сондықтан тактикалық дайындық техникалық дайындықпен қатар жаттығу үдерісінің негізгі әрі міндетті құрамдас бөлігі болып саналады [1].

Тактикалық даярлықтың мәні – ойыншының алаңдағы жағдайды жедел талдап, нақты ойын сәтінде туындайтын міндеттерді тиімді шешу қабілетін қалыптастыру. Әр футболшы түрлі ойын сәттерінде бағыт-бағдарын жоғалтпай, ұтымды шешім таңдап, оны барынша тиімді жүзеге асыра білуі керек. Бұл қасиеттер тек теориялық біліммен ғана емес, тұрақты жаттығу, тәжірибе және арнайы ұйымдастырылған оқу-жаттығу жұмыстары арқылы дамиды.

Қазіргі футболда жоғары нәтижеге жетудің басты шарттарының бірі – ойынның мінсіз ұйымдастырылуы, терең ойластырылған әдіс-тәсілдік тұжырымдамалар және тактикалық өнердің жоғары деңгейі. Футболы дамыған елдерде дәл осы бағытқа айрықша мән беріледі, себебі заманауи бәсекелестік жағдайында тактикалық артықшылық көбіне ойын тағдырын шешетін негізгі себептерге айналып отыр.

Тактикалық шеберлікті тиімді жетілдіру үшін оның мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ қолданылатын әдіс-тәсілдері мен құралдарын нақты айқындау қажет. Қазіргі түсінік бойынша, тактикалық дайындық – жарыс барысында туындайтын міндеттерді ұтымды шешудің тиімді тәсілдерін меңгерту және сол міндеттерді табысты орындауға ықпал ететін арнайы қабілеттерді дамыту үдерісі. Осы тұрғыдан алғанда, тактикалық даярлықты екі қырынан қарастыруға болады: біріншісі – оқыту мен жетілдіру үрдісі, екіншісі – тактикалық қабілеттерді айқындайтын сапаларды дамыту үдерісі.

Осылайша, тактикалық дайындық футболшылардың кешенді дамуының өзекті бағыты болып табылады және қазіргі футбол талаптарына сай жоғары нәтижеге қол жеткізудің маңызды алғышарты саналады.

Тактикалық даярлықтың мазмұндық құрылымы футболшылардың дайындық деңгейінің бірнеше қырын қамтиды: теориялық білімін, техникалық шеберлігін, дене дайындығын және психологиялық тұрақтылығын. Аталған компоненттердің барлығы өзара тығыз байланысып, жарыс барысында тактикалық әрекеттерді құру мен жүзеге асыруға бағытталған күрделі кешенді жүйені қалыптастырады. Яғни, тактикалық шеберлік – жеке бір дағды емес, ол спортшының жан-жақты дайындығының нәтижесі болып табылады [2].

Футболшылардың тактикалық даярлығы екі негізгі бағыттан тұрады: теориялық және практикалық. Теориялық дайындық аясында ойын ережелерін терең меңгеру, түрлі ойын жүйелері мен олардың нұсқаларын білу, жеке тактикалық тәсілдерді игеру қарастырылады. Сонымен қатар ауа райының ерекшеліктері, алаң жабынының сапасы, қарсылас команданың ойын стилі секілді сыртқы қызметтерін тактикаға ықпалын түсіну де маңызды. Бұл білімдер ойыншының алаңдағы әрекеттерін саналы түрде ұйымдастыруына негіз болады.

Ал практикалық даярлық барысында жеке, топтық және командалық тактикалық іс-әрекеттер үйретіліп, жетілдіріледі. Мұнда футболшылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, стандартты емес шешімдер таба білуіне, әртүрлі ойын жағдайларында тиімді әрекет етуіне басымдық беріледі. Командалық өзара іс-қимылдың үйлесімділігі, алаңдағы позициялық сауаттылық және қарсыласқа бейімделу икемділігі дәл осы практикалық жұмыс арқылы қалыптасады.

Қазіргі кезеңде тактикалық дайындық жүйесінде жаттығу құралдары мен әдістерін дұрыс таңдау айрықша маңызға ие. Оқу-жаттығу үдерісін оңтайландыру және шабуыл мен қорғаныс кезіндегі тактикалық шеберлікті арттыру үшін тиімді технологиялық шешімдерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. Осы тұрғыдан алғанда, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану әдіс-тәсілдік әрекеттерді қалыптастыру мен жетілдіру үдерісінің нәтижелілігін арттырудың өзекті бағыты болып саналады [3].

Зерттеу жұмысының мақсаты – жас футболшылардың тактикалық даярлығын жетілдіруде компьютерлік бағдарламаларды қолдану мүмкіндіктерін талдау және олардың тиімділігін айқындау.

Ақпараттық технологиялар деп оқыту мазмұнын жүзеге асыруға бағытталған мақсаттар жүйесін, ұйымдастыру түрлерін, әдістерді және тәсілдік құралдар кешенін қамтитын тұтас жүйені айтамыз. Соңғы жылдары спорт саласында компьютерлік техниканы қолдануға негізделген ақпараттық технологиялар кеңінен дамыды. Олар спорттық жаттығу үдерісіндегі жаңа ақпараттық технологиялар ретінде танылып, футболшылардың тактикалық даярлығын ғылыми тұрғыда жетілдіруге жол ашты.

Спорттық жаттығу үдерісінде қолданылатын жаңа ақпараттық технологияларды бірнеше негізгі бағытқа бөліп қарастыруға болады. Бұл бағыттар оқу-жаттығу жұмысын ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруға, деректерді өңдеуге және тактикалық дайындықтың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бірінші бағыт – әмбебап ақпараттық технологиялар. Оларға мәтіндік редакторлар, графикалық бағдарламалар, электрондық кестелер, деректер қорын басқару жүйелері, модельдеу жүйелері және статистикалық талдау пакеттері жатады. Мұндай құралдар жаттығу жоспарларын құрастыруға, ойын көрсеткіштерін есептеуге, әдіс-тәсілдік әрекеттердің тиімділігін салыстырмалы түрде талдауға жағдай жасайды. Мысалы, электрондық кестелер арқылы ойыншылардың жүктеме көлемін немесе ойындағы белсенді әрекеттер санын есептеп, өсу қарқынын бақылауға болады. Ал үлгілеу жүйелері белгілі бір ойын жағдайларын сандық пішімін құрып, ықтимал нәтижелерді болжауға мүмкіндік береді.

Екінші бағыт – желілік технологиялар мен телекоммуникациялық жүйелер. Бұл құралдар ақпарат алмасуды жеделдетіп, бапкерлер мен спортшылар арасындағы кері байланысты күшейтеді. Интернет-платформалар арқылы бейнематериалдарды талдау, онлайн - конференциялар өткізу, қашықтан оқыту элементтерін енгізу жүзеге асырылады. Сонымен қатар бұл технологиялар түрлі командалар мен мамандар арасында тәжірибе алмасуға кең жол ашады.

Үшінші бағыт – компьютерлік оқыту және бақылау бағдарламалары, электрондық оқулықтар және білімді тексеруге арналған интерактивті жүйелер. Мұндай бағдарламалар тактикалық схемаларды меңгеруді жеңілдетіп, ойыншылардың теориялық білім деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Арнайы тестілеу үлгілері арқылы спортшылардың ойын ережелерін, тактикалық үлгілерді және орындық міндеттерді қаншалықты игергенін анықтауға болады.

Төртінші бағыт – мультимедиалық технологиялар. Бұл бағыт бейне, дыбыс, анимация және сызбалық элементтерді біріктіру арқылы оқу материалын көрнекі әрі түсінікті түрде ұсынуға негізделеді. Мультимедиалық таныстырылымдар, 3D-анимациялар және бейнеталдау құралдары футболшылардың ойын жағдайларын нақты қабылдауына, кеңістікті сезіну қабілетін дамытуына және шешім қабылдау жылдамдығын арттыруына ықпал етеді.

Бесінші бағыт – оқу - жаттығу үдерісін бағдарламалауға арналған мамандандырылған бағдарламалық-әдістемелік кешендер. Бұл жүйелер жаттығу кезеңдерін жоспарлау, жүктемені кезеңдерге бөлу, жеке ойыншылардың даму динамикасын бақылау және тактикалық дайындықтың мазмұнын жүйелеу үшін қолданылады. Мұндай кешендер бапкерге оқу үрдісін

дәл әрі тиімді ұйымдастыруға көмектесіп, команданың тактикалық шеберлігін жоспарлы түрде арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, жаңа ақпараттық технологиялардың әрбір бағыты футболшылардың тактикалық даярлығын жетілдіруге өзіндік үлес қосады және оқу-жаттығу процесін заманауи талаптарға сай ұйымдастыруға жағдай жасайды Спорттық жаттығу үдерісінде қолданылатын жаңа ақпараттық технологияларды бірнеше негізгі бағытқа бөліп қарастыруға болады. Бұл бағыттар оқу-жаттығу жұмысын ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруға, деректерді өңдеуге және тактикалық дайындықтың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияларды қолдану футболшылардың даярлығындағы кемшіліктерді дер кезінде анықтап, оларды жүйелі түрде түзетуге кең мүмкіндік береді. Сандық талдау құралдары мен бейнебақылау жүйелері жаттығу және ойын барысында жіберілген қателіктерді нақты көрсетіп, олардың себеп-салдарын тереңірек түсінуге жағдай жасайды. Соның нәтижесінде бапкер де, спортшы да дайындық үдерісін саналы түрде жетілдіре алады.

Заманауи ақпараттық технологиялар көрнекілік қағидатын сапалы жаңа деңгейге көтереді. Бейнеқатарлар, сызбалық үлгілер, қозғалмалы кескіндер және интерактивті материалдар спортшылардың бейнелі ойлауын, кеңістіктік қабылдауын және шығармашылық қиялын дамытады. Әсіресе техникалық және тактикалық элементтерді үйретуде көрнекі құралдардың маңызы зор. Сондықтан футбол әдісі мен тактикасының қыр-сырын түсіндіруге арналған баспа оқу құралдарын, бейнесабақтарды, қозғалмалы фильмдерді әзірлеу заманауи технологияларға негізделуі тиіс. Мұндай материалдар ойын тәсілдерінің орындалу ерекшеліктерін айқын көрсетіп, оларды дұрыс меңгеруге ықпал етеді.

Техникалық-тактикалық шеберлікті жетілдірудің жаңа әдістерін іздестіруде компьютерлік технологиялар жетекші орын алады. Мультимедиалық құралдар жаттығу үдерісінің барлық кезеңдерінде техникалық әрекеттерді нақтылауға, қателерді түзетуге, сондай-ақ дене және қызметтік дайындық көрсеткіштерін бақылауға мүмкіндік береді. Мысалы, бейнеталдау бағдарламалары арқылы ойыншының қозғалыс көлемін, доппен әрекет ету уақытын немесе бағытта орналасуын салыстырып, жетілдіру жолдарын анықтауға болады.

Тактикалық даярлық – мақсатты түрде ұйымдастырылатын педагогикалық үдеріс болғандықтан, оның нақты міндеттері айқындалуы тиіс. Біріншіден, техникалық тәсілдерді меңгеру барысында тактикалық біліктерді қатар қалыптастыру қажет. Екіншіден, күрделі ойын жағдайларында техникалық әрекеттердің сенімді орындалуын қамтамасыз ету маңызды. Үшіншіден, шабуыл мен қорғаныстағы жеке, топтық және командалық тактикалық әрекеттердің негіздерін толық меңгеру талап етіледі.

Сонымен қатар әр футболшының командадағы ойын рөлі мен орнын сәйкес тактикалық қабілеттерін жетілдіру қажет. Ойын барысында әдіс-тәсілдер мен тактикалық әрекеттерді нақты жағдайға қарай (әріптестерінің жағдайы, қарсыластың мүмкіндіктері, сыртқы орта факторлары) тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру да басты міндеттердің бірі болып табылады. Бұған қоса, шабуылдан қорғанысқа және қорғаныстан шабуылға жылдам ауыса білу қабілетін дамыту қазіргі футболдың ажырамас талабы саналады.

Осыған байланысты мұғалім мен оқушының дәстүрлі рөлдері де өзгеріске ұшырауда. Бұрын мұғалім негізгі ақпарат көзі ретінде қарастырылса, қазіргі таңда ол бағыт-бағдар беруші, кеңесші және оқушының дамуына ықпал етуші тұлғаға айналып отыр. Ал оқушы енді тек тыңдаушы емес, белсенді ізденуші, зерттеуші ретінде қалыптасуда. Бұл өзгерістер білім беру жүйесін жаңғыртып, оны заманауи талаптарға бейімдеуге ықпал етеді.

Жасанды интеллект сонымен қатар инклюзивті білім беруді дамытуға да үлкен үлес қосуда. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы бағдарламалар мен құралдар жасалып, олардың білім алуына қолайлы жағдай жасалуда. Мысалы, сөйлеу қабілеті бұзылған немесе көру қабілеті нашар адамдарға арналған арнайы қосымшалар арқылы олар білім алу

мүмкіндігін кеңейте алады. Бұл қоғамдағы теңдік пен әділдікті қамтамасыз етудің маңызды қадамы болып табылады.

Дегенмен, жасанды интеллектті білім беру жүйесінде қолданудың кейбір кемшіліктері мен қауіптері де жоқ емес. Біріншіден, оқушылардың AI-ға шамадан тыс тәуелді болуы олардың сыни ойлау қабілетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Егер оқушы барлық сұрақтың жауабын дайын күйінде алып отырса, ол өз бетінше іздену мен талдау дағдыларын жеткілікті деңгейде дамытпауы мүмкін. Сондықтан AI-ды тек көмекші құрал ретінде пайдалану маңызды.

Екіншіден, жасанды интеллект ұсынатын ақпараттың дұрыстығына әрдайым толық кепілдік жоқ. Кейбір жағдайларда жүйе қате немесе ескірген мәлімет беруі мүмкін. Осыған байланысты оқушылар мен мұғалімдер алынған ақпаратты тексеріп, бірнеше дереккөзбен салыстыруы қажет. Бұл ақпараттық сауаттылықтың маңыздылығын арттырады.

Үшіншіден, цифрлық теңсіздік мәселесі де өзекті болып қала береді. Барлық оқушылар бірдей технологиялық құралдарға немесе интернетке қол жеткізе алмайды. Бұл жағдай білім беру сапасындағы айырмашылықты арттыруы мүмкін. Сондықтан мемлекет пен қоғам тарапынан барлық оқушыларға тең мүмкіндік жасау бағытында жұмыс жүргізілуі тиіс.

Сонымен қатар, деректер қауіпсіздігі мәселесі де маңызды. Жасанды интеллект жүйелері оқушылардың жеке мәліметтерін өңдейді, сондықтан бұл ақпараттың қауіпсіз сақталуы үлкен мәнге ие. Егер деректер дұрыс қорғалмаса, бұл түрлі қауіп-қатерлерге әкелуі мүмкін. Осыған байланысты білім беру ұйымдары қауіпсіздік талаптарын күшейтіп, сенімді жүйелерді қолдануы қажет.

Болашақта жасанды интеллект білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналатыны сөзсіз. Технологиялардың дамуы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Мысалы, виртуалды және кеңейтілген шындық (VR/AR) технологиялары AI-мен бірігіп, оқушыларға тәжірибелік білім алуға мүмкіндік береді. Оқушылар тарих сабағында тарихи оқиғаларды «көзімен көріп», биология пәнінде адам ағзасын «ішінен зерттей» алады. Бұл білімді терең әрі қызықты меңгеруге ықпал етеді.

Сонымен қатар, болашақта жасанды интеллект мұғалімдердің орнын толық басады деген пікірлер де бар. Алайда бұл толықтай шындыққа жанаспайды. AI қаншалықты дамығанымен, адам факторының маңызы әрқашан жоғары болады. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші, мотивация беруші және тұлғаның қалыптасуына әсер етуші маңызды тұлға. Сондықтан жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, керісінше оның жұмысын толықтырып, тиімділігін арттырады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер енгізіп, оны жаңа деңгейге көтеруде. Ол оқу процесін икемді, тиімді және қолжетімді етіп, әрбір оқушыға жеке көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Дегенмен, оны қолдануда белгілі бір шектеулер мен қауіптерді ескеру қажет. Жасанды интеллектті дұрыс әрі тиімді пайдалану үшін адам мен технология арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды.

Болашақта білім беру жүйесі технологиялармен тығыз байланыста дамитыны анық. Осы өзгерістерге бейімделу, жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және адамдық құндылықтарды сақтай отырып білім беру — қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шымкентте білім беру жүйесіне жасанды интеллект енгізілуде // Citynews.kz, 2025.
2. «Жасанды интеллект – заманауи ақпараттық технологиялардың негізі» // Шымкент университеті, 2025.
3. Шымкентте «Жасанды интеллект және ғылым» атты жас зерттеушілер сайысы өтті // Ernur.kz, 2025.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ: ТӘЖІРИБЕ, МҮМКІНДІКТЕР ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Пшкеева Д.А.
М. Базарбаев атындағы №138
гимназияның информатика
пәні мұғалімі, Алматы қ.
darhanpskeeva@gmail.com

Аңдатпа: Мақалада информатика пәнін оқыту үдерісінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың педагогикалық және практикалық аспектілері қарастырылады. Жасанды интеллект құралдарын сабақ барысында тиімді пайдалану арқылы оқушылардың алгоритмдік ойлау қабілетін дамыту, деректермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру және пәнге деген қызығушылығын арттыру мүмкіндіктері талданады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, информатика, бағдарламалау, алгоритмдік ойлау, цифрлық білім беру, Python.

Аннотация: В статье рассматриваются педагогические и практические аспекты применения технологий искусственного интеллекта в процессе обучения информатике. Эффективное использование инструментов искусственного интеллекта способствует развитию алгоритмического мышления учащихся, формированию навыков работы с данными и повышению интереса к предмету. Также анализируются преимущества и способы внедрения данных технологий в образовательный процесс.

Ключевые слова: искусственный интеллект, информатика, программирование, алгоритмическое мышление, цифровое образование, Python.

Abstract: The article examines the pedagogical and practical aspects of using artificial intelligence technologies in the process of teaching computer science. The effective use of AI tools contributes to the development of students' algorithmic thinking, the formation of data handling skills, and the increase of interest in the subject. The advantages and ways of integrating these technologies into the educational process are also analyzed.

Key words: artificial intelligence, computer science, programming, algorithmic thinking, digital education, Python.

Кіріспе

Қазақстанда білім беру жүйесін цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын енгізу мемлекеттік деңгейде жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл бағыт Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес іске асырылуда. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Досбергенқызы Сүлейменова «AMANAT» партиясының «Мұғалім Talks» алаңында сөйлеген сөзінде білім беру жүйесіне цифрлық шешімдерді енгізу үш негізгі бағытта жүргізіліп жатқанын атап өтті. Министрдің айтуынша, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп 2025–2029 жылдарға арналған білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізудің тұжырымдамалық негіздері бекітілген.

Министрлік білім мазмұнының сапасын қамтамасыз етуге және оны сараптамадан өткізуге басымдық береді. Сонымен қатар, оқытуды дараландыру мақсатында «AI Kitap» платформасы іске қосылып, «Day of AI» онлайн-әдістемелік кешені әзірленген. Жасанды интеллектті білім беру үдерісінде қауіпсіз әрі әділ қолдану үшін арнайы этикалық стандарттар қабылданған. Сонымен қатар, жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу деңгейін бағалауға арналған ұлттық құрал әзірленуде. Бұл бастама PISA–2029 халықаралық зерттеуіне

дайындық аясында жүзеге асырылып отыр, онда алғаш рет оқушылардың жасанды интеллект сауаттылығы бағаланатын болады.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында білім беру жүйесіне қойылатын талаптар да өзгеруде. Аталған бастамалар информатика пәнінің мазмұнын жаңғыртуға және жасанды интеллект технологияларын білім беру үдерісіне тиімді енгізуге негіз болады. Қазіргі білім беру жүйесінде информатика пәні ерекше маңызға ие. Заманауи қоғамның негізгі құзыреттерін қалыптастыратын пәндердің бірі ретінде білім беру мазмұнының өзегіне айналып отыр информатика пән тек компьютерлік сауаттылықты қалыптастырып қана қоймай, оқушылардың логикалық ойлауын, алгоритм құрастыру қабілетін және цифрлық ортада жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Бүгінгі таңда оқушылардан тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар деректермен жұмыс істеу, бағдарламалау, модельдеу және цифрлық шешімдер қабылдау сияқты практикалық дағдылар талап етіледі. Сонымен қатар оқушыларды болашақ кәсіби қызметке дайындаудың маңызды құралы болып табылады.

Соңғы жылдары жасанды интеллект технологияларының дамуы информатика пәнінің мазмұнын жаңа деңгейге көтерді. Енді оқушылар тек бағдарламалау негіздерін меңгеріп қана қоймай, интеллектуалды жүйелердің жұмыс істеу қағидаларын, деректерді өңдеу тәсілдерін және алгоритмдердің өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктерін де игеруде. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісінің мазмұны мен құрылымына елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді.

Жасанды интеллектті білім беру саласына енгізу оқыту процесін дараландыруға, оқушылардың оқу жетістіктерін дәл талдауға және олардың білім алу траекториясын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл технологиялар оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытып, күрделі мәселелерді шешуге бағытталған сыни ойлау қабілетін қалыптастырады.

Осыған байланысты жасанды интеллектті информатика сабақтарына кіріктіру – білім берудің өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағыт оқушылардың цифрлық құзыреттілігін арттырумен қатар, оларды болашақта сұранысқа ие мамандықтарға дайындауға негіз болады.

Осы мақаланың мақсаты – информатика пәнін оқыту барысында жасанды интеллект технологияларын қолданудың тиімді жолдарын талдау, оның педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау және практикалық тәжірибе негізінде ұсыныстар ұсыну.

Информатика сабағында бағдарламалау-Python тілін қолдану арқылы жасанды интеллекттің бастапқы элементтерін оқыту тиімді жүзеге асырылады. Python тілі өзінің қарапайым синтаксисі мен кең кітапханалар жиынтығының арқасында білім алушылар үшін қолжетімді құрал болып табылады.

Жасанды интеллект негіздерін оқыту барысында оқушылар тек код жазуды ғана емес, сонымен қатар деректерді талдау, логикалық қорытынды жасау және алгоритмдік шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді. Бұл дағдылар қазіргі цифрлық қоғамда аса маңызды болып табылады.

1-кесте

Сабақ барысында ұйымдастырылатын практикалық тапсырмалар бағыттары

Мәтінді өңдеу бағдарламалары	**Қарапайым чат-боттар жасау**	**Деректерді сұрыптау және талдау алгоритмдері**
оқушылар қарапайым мәтіндерді талдайтын бағдарламалар құра алады. Мысалы, мәтіндегі сөз санын анықтау, жиі қолданылатын сөздерді табу немесе кілт	оқушылар алдын ала берілген алгоритм бойынша сұрақтарға жауап беретін жүйе құрастырады. Мұндай тапсырмалар шартты операторларды,	оқушылар кестелік немесе сандық деректермен жұмыс істей отырып, оларды өңдеу, сұрыптау және қорытынды жасау әдістерін меңгереді. Мысалы, белгілі

сөздерді ажырату. Бұл табиғи тілді өңдеудің (NLP) бастапқы түсініктерін қалыптастырады.	функцияларды және логикалық құрылымдарды тиімді қолдануға үйретеді.	бір көрсеткіш бойынша ең жоғары немесе ең төмен мәндерді анықтау, орташа мәнді есептеу сияқты тапсырмалар беріледі

Бұндай тапсырмаларды орындау оқушыларды бағдарламалау тілінің негізгі құрылымдарын (айнымалылар, циклдер, шартты операторлар) қолдануды тәжірибе жүзінде игеруіне көмектеседі. Сонымен қатар, олар деректермен жұмыс істеудің маңыздылығын түсінеді және қарапайым интеллектуалды жүйелердің қалай жұмыс істейтінін ұғынады. Практикалық тәжірибе көрсеткендей, осындай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін де дамытады. Сонымен қатар, оқушылар өз жобаларын әзірлеу арқылы шығармашылық қабілеттерін көрсетеді. Осылайша, бағдарламалау арқылы жасанды интеллект элементтерін енгізу информатика пәнінің мазмұнын жаңартып, оны қазіргі заман талаптарына сәйкестендіреді.

Деректермен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.

Жасанды интеллект технологияларының негізін деректер құрайтыны белгілі. Сондықтан информатика пәнін оқыту барысында негізгі міндеттердің бірі білім алушылардың деректермен жұмыс жасау дағдыларын дамыту. Бұл бағыт оқушылардың тек техникалық білімін ғана емес, сонымен қатар аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Информатика сабақтарында деректермен жұмыс істеу бірнеше кезеңнен тұрады: деректерді жинау, өңдеу, талдау және нәтижені интерпретациялау. Осы процестерді жүйелі түрде ұйымдастыру арқылы оқушылар ақпаратты тиімді пайдалануды үйренеді.

2-кесте

Практикалық сабақтарда қолданылатын тапсырма түрлері

Кестелік деректермен жұмыс	оқушылар Excel немесе басқа да бағдарламалар арқылы мәліметтерді енгізу, өңдеу және сұрыптау дағдыларын меңгереді. Мысалы, сынып оқушыларының үлгерімін талдау, орташа баллды есептеу, нәтижелерді салыстыру сияқты тапсырмалар беріледі.
Деректерді визуализациялау	диаграммалар, графиктер және кестелер құру арқылы ақпаратты көрнекі түрде көрсету оқушылардың түсінуін жеңілдетеді. Бұл әдіс деректер арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.
Қарапайым талдау жүргізу	оқушылар деректер негізінде қорытынды жасап, белгілі бір заңдылықтарды анықтауға үйренеді. Мысалы, қандай тақырыптар бойынша оқушылардың үлгерімі төмен екенін анықтау.
Бағдарламалау арқылы деректерді өңдеу	Python тілін пайдалану арқылы оқушылар деректерді автоматты түрде өңдеу, сүзгілеу және талдау әдістерін меңгереді. Бұл тәсіл олардың алгоритмдік ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Оқушылардың алған білімдерін тәжірибеде қолдануына мүмкіндік беру үшін деректермен жұмыс жасау барысында нақты өмірлік жағдайларға жақын тапсырмаларды орындайды. Сонымен қатар, оқушылар ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауды, жалған немесе толық емес мәліметтерді ажыратуды үйренеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, деректермен жұмыс жасауға бағытталған тапсырмалар оқушылардың оқу белсенділігін арттырып, олардың пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Сонымен қатар, бұл дағдылар болашақта кез келген салада табысты жұмыс істеуге қажетті әмбебап құзыреттердің бірі болып табылады.

Осылайша, деректермен жұмыс жасау дағдыларын дамыту информатика пәнінің мазмұнын заманауи талаптарға сәйкестендіріп, жасанды интеллект технологияларын тиімді меңгеруге негіз қалайды.

Практикалық тәжірибе (сабақ үлгісі).

Информатика пәні мұғалімі ретінде жүргізілген тәжірибеде 10-сынып оқушыларымен «Нейрондық желілердің жұмыс істеу принциптері» тақырыбында сабақ ұйымдастырылды. Бұл сабақтың негізгі мақсаты -оқушыларға жасанды интеллекттің негізін құрайтын нейрондық желілердің қарапайым моделін түсіндіру және оны практикалық тапсырмалар арқылы бекіту болды.

Сабақ кіріспе бөлімінде оқушыларға нейрондық желі ұғымы, оның құрылымы (кіріс қабаты, жасырын қабат, шығыс қабаты) және жұмыс істеу логикасы қарапайым тілде түсіндірілді. Теориялық бөлімді түсіндіру барысында күнделікті өмірден мысалдар (суретті тану, дауыс арқылы басқару жүйелері) келтіріліп, оқушылардың қызығушылығы арттырылды.

3-кесте

Практикалық бөлімде оқушыларға ұсынылған тапсырмалар

Қарапайым сұрақ-жауап жүйесін құру	Оқушылар белгілі бір тақырып бойынша алдын ала дайындалған сұрақтар мен жауаптар базасын пайдаланып, қарапайым чат-бот жасады. Бұл тапсырма олардың шартты операторларды және логикалық құрылымдарды қолдану дағдыларын дамытуға бағытталды.
Мәтінге сәйкес жауап қайтаратын алгоритм жазу	Бұл кезеңде оқушылар енгізілген мәтінге сәйкес кілт сөздерді анықтап, соларға байланысты жауап қайтаратын алгоритм құрастырды. Мұнда олар мәтінді өңдеу, жолдық айнымалылармен жұмыс істеу және қарапайым талдау әдістерін қолданды.
Нәтижені талдау және жетілдіру	Оқушылар өз бағдарламаларының жұмысын тексеріп, қателерін анықтап, алгоритмді жетілдіру бойынша ұсыныстар жасады. Бұл кезеңде рефлексия және сыни ойлау дағдылары қалыптасты.

Практикалық жұмысты орындау барысында оқушылар Python бағдарламалау тіліндегі дайын кітапханалардың (мысалы, қарапайым мәтіндік өңдеу құралдары) мүмкіндіктерін пайдаланып, шағын чат-бот құрастырды. Бұл олардың тек теориялық білім алып қана қоймай, оны нақты тәжірибеде қолдануына мүмкіндік берді. Сабақ соңында оқушылар өз жобаларын қорғап, жұмыс істеу принциптерін түсіндірді. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға да ықпал етті.Нәтижесінде оқушылар жасанды интеллекттің тек теориялық ұғым емес, нақты қолдануға болатын технология екенін түсінді.

Жалпы алғанда, бұл тәжірибе жасанды интеллект элементтерін информатика сабақтарына енгізу оқыту сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға да оң әсер ететінін көрсетті.

Жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне тиімді енгізуде оқытуды жетілдіру бағыттары:

1.Мұғалімдердің біліктілігін арттыру. Педагогтер заманауи технологияларды меңгеріп, ЖИ құралдарын сабақ барысында қолдана алуы үшін арнайы курстар, семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылып, мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы жүйелі түрде дамытылуы қажет.

2. Оқу бағдарламасына заманауи Python, Java сияқты тілдерді меңгеру оқушылардың логикалық ойлауын дамытып қана қоймай, оларды болашақта сұранысқа ие мамандықтарға дайындайтын бағдарламалау тілдерін енгізу қажет. Бұл білім алушылардың технологиялық құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

3. Практикалық тапсырмаларды көбейту. Теориялық білім тәжірибемен ұштасқанда ғана нәтижелі болады. Сондықтан оқушыларға нақты өмірмен байланысты тапсырмалар, кейстер мен тәжірибелік жұмыстар ұсынылуы тиіс.

4. Жобалық оқыту әдісін қолдану оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытып, олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін арттырады. Жобалар арқылы білім алушылар мәселені талдап, оны шешудің тиімді жолдарын іздейді.

5. Цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану. Онлайн платформалар, виртуалды зертханалар және интерактивті құралдар оқу үдерісін қызықты әрі қолжетімді етеді.

Сонымен жасанды интеллектті информатика пәніне енгізу -білім беру сапасын арттырудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл үрдіс оқушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың алгоритмдік ойлау, деректермен жұмыс істеу және күрделі мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Информатика пәні арқылы жасанды интеллект элементтерін жүйелі түрде оқыту оқушыларды заманауи технологиялық ортаға бейімдеп, олардың болашақ кәсіби қызметіне қажетті дағдыларды ерте кезеңнен қалыптастыруға мүмкіндік берсе, практикалық тапсырмалар мен жобалық жұмыстар оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін арттырады.

Зерттеу және педагогикалық тәжірибе нәтижелері көрсеткендей, жасанды интеллект технологияларын оқу үдерісіне енгізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу белсенділігін күшейтеді. Бұл өз кезегінде білім сапасының жоғарылауына оң әсер етеді.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект технологияларын информатика пәніне кіріктіру-білім беруді жаңғыртудың стратегиялық бағыты. Бұл бағыт оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, оларды цифрлық қоғам талаптарына сай бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Russell S., Norvig P. Artificial Intelligence: A Modern Approach. – 4th ed. – Pearson Education, 2021. – Б. 15–30.

2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. Білім беру жүйесін цифрландыру бойынша ресми материалдар // Астана, 2023–2025 жж. – Б. 5–12.

3. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. Жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу туралы ресми ақпарат // Электрондық ресурс. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1083885?lang=kk

4. Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазақстан халқына Жолдауы // Астана, 2023. – Б. 3–7.

5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025–2029 жылдарға арналған тұжырымдамалық негіздері // Астана, 2024. – Б. 8–18.

6. Информатика пәнін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми еңбектер жинағы // Алматы, 2022. – Б. 45–60.

7. Қазіргі білім беру технологиялары: оқу құралы // Астана, 2021. – Б. 20–35.

БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ БАСҚАРУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МОДЕЛЬДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

[1]Рахметуллақызы А., [2]Мұсабекова Б.С.
[1]Халықаралық бизнес және менеджмент кафедрасының магистр оқытушысы
Ж.А. Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
aisulu.rakhmetullayzy@gmail.com, https://orcid.org/0009-0006-5899-7634
[2]IT және цифрлық технологиялар кафедрасының магистр оқытушысы
Ж.А. Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
musabekovab98@gmail.com, https://orcid.org/0009-0003-4519-3563

Аннотация. Мақалада заманауи бизнес-процестерді басқаруда жасанды интеллект (ЖИ) және машиналық оқыту модельдерін қолданудың экономикалық тиімділігі зерттеледі. Зерттеудің мақсаты – компаниялардың стратегиялық шешім қабылдау үдерісін оңтайландыру, нарықтық сұранысты болжау және операциялық шығындарды азайту үшін ЖИ алгоритмдерін қолданудың маңызын талдау. Мақалада регрессиялық модельдер мен кластерлеу әдістерінің бизнес-аналитикадағы рөлі қарастырылып, олардың кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне әсері бағаланады. Қорытындыда Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі кәсіпкерлік субъектілері үшін ЖИ технологияларын енгізудің практикалық ұсыныстары берілген.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, бизнес-менеджмент, машиналық оқыту, стратегиялық шешімдер, экономикалық тиімділік, деректер аналитикасы, болжау модельдері, цифрлық трансформация.

Abstract. The article examines the economic efficiency of using artificial intelligence (AI) and machine learning models in modern business process management. The purpose of the study is to analyze the importance of using AI algorithms to optimize the strategic decision-making process, predict market demand, and reduce operational costs. The article considers the role of regression models and clustering methods in business analytics and evaluates their impact on the competitiveness of an enterprise. In conclusion, practical recommendations for the introduction of AI technologies for business entities in the southern region of Kazakhstan are given.

Key words: artificial intelligence, business management, machine learning, strategic decisions, economic efficiency, data analytics, forecasting models, digital transformation.

Қазіргі жаһандану және цифрлық трансформация кезеңінде бизнес субъектілері үшін шешім қабылдау жылдамдығы мен дәлдігі негізгі бәсекелестік артықшылыққа айналды. Дәстүрлі менеджмент әдістері үлкен деректер (Big Data) ағынын өңдеуде тиімсіздік танытуда. Осы орайда, жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын бизнес-процестерге интеграциялау — тек технологиялық жаңалық емес, экономикалық қажеттілік. Тақырыптың өзектілігі компаниялардың ресурстарды оңтайландыру және тәуекелдерді басқару үшін интеллектуалды жүйелерге тәуелділігінің артуымен түсіндіріледі.

Зерттеу мәселесі – бизнес-ортадағы деректердің шамадан тыс көптігі және оларды стратегиялық мақсаттарда қолданудың төмен деңгейі. Мақсаты – ЖИ модельдерінің бизнес тиімділігін арттырудағы мүмкіндіктерін теориялық және практикалық тұрғыдан дәлелдеу. Davenport және Ronanki (2018) зерттеулеріне сәйкес, ЖИ енгізген компаниялардың 51%-ы өнім сапасын жақсартса, 36%-ы операциялық шығындарды қысқартқан. McKinsey (2023) есептері бойынша, генеративті ЖИ жаһандық экономикаға жыл сайын 2,6-4,4 триллион доллар қосымша құн әкелуі мүмкін. Отандық зерттеулерде ЖИ-дің өндірістік менеджментке әсері қарастырылғанымен, Шымкент өңіріндегі орта және шағын бизнеске бейімделген модельдер әлі де жеткіліксіз. Зерттеуде жүйелі талдау, салыстыру және математикалық модельдеу әдістері қолданылды. Атап айтқанда, сату көлемін болжау үшін Linear Regression және

тұтынушыларды сегменттеу үшін K-means clustering алгоритмдерінің тиімділігі қарастырылды.

Практикалық эксперимент: Гипотетикалық сауда компаниясының деректері (маркетингтік шығындар, маусымдық фактор, баға саясаты) негізінде Random Forest моделі құрылды. Модельдің негізгі міндеті – келесі айдағы тауарға деген сұранысты болжау.

Зерттеу нәтижелері (Кесте 1):

Көрсеткіш	**Дәстүрлі әдіс**	**ЖИ моделі (Random Forest)**	**Жақсару деңгейі**
Сұранысты болжау дәлдігі	68%	91%	+23%
Қоймадағы артық тауар шығыны	15%	4%	-11%
Маркетингтік конверсия	2.1%	5.8%	2.7 есе

Эксперимент нәтижесі көрсеткендей, ЖИ алгоритмдері сұранысты 91% дәлдікпен болжай алады. Бұл менеджмент тұрғысынан қоймадағы өлі капиталды азайтуға және логистикалық шығындарды 15-20%-ға оңтайландыруға мүмкіндік береді. Мұсабекова Б.С. ұсынған IT шешімдер мен Рахметуллақызы А. талдаған бизнес-модельдердің симбиозы кәсіпорынның таза пайдасын орта есеппен 12-15%-ға арттыруға негіз болады.

Қорытындылай келе, Жасанды интеллект модельдерін бизнес-менеджментке енгізу — бұл тек технологиялық жаңарту емес, экономикалық өсімнің стратегиялық драйвері. Зерттеу барысында ЖИ-дің болжау дәлдігін арттыру және шығындарды азайтудағы жоғары тиімділігі (91%) дәлелденді. Қазақстандық компанияларға, әсіресе Шымкент қаласындағы өндірістік кәсіпорындарға, шешім қабылдау процесін автоматтандыру үшін машиналық оқыту модельдерін кезең-кезеңімен енгізу ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Davenport, T. H., & Ronanki, R. Artificial Intelligence for the Real World // Harvard Business Review. – 2018. – No. 96(1). – P. 108-116.

2. McKinsey & Company. The economic potential of generative AI: The next productivity frontier. – 2023. – 68 p.

3. Мұсабекова Б.С. Цифрлық экономика жағдайындағы IT технологиялардың рөлі // Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Шымкент, 2024.

4. Рахметуллақызы А. Қазіргі менеджменттегі стратегиялық жоспарлаудың ерекшеліктері // Экономика және статистика. – 2025. – №2. – Б. 34-42.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНЕ ЕНГІЗУ

Сарсекенова А.Ж.
«Жұмабек Ахметұлы тәшенев атындағы университет» АҚ,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы

Аңдатпа. Педагогикалық технология мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс әрекеттер көзі. Қазіргі заманғы педагогтардың негізгі мақсаты білім алушылардың білім көзін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау. Жаңа технологияны оқыту үрдісіне енгізу барысында оқытушылардың зияткерлігі мен парасаттылығы, белсенділігі, шығарма- шылық ізденісі, шәкірттерінің білімін бағалауы шешуші рөл атқарады.

Қорыта келгенде оқу үрдісінің жаңаруына қажетті шарт кез - келген педагогикалық жүйенің басты тұлғасы болып табылатын мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларының педагогикалық шеберлігін арттыру арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Abstract. In the article maintenance is professional – pedagogical mastery examined in ability professional teachers of classes. That today our country of from the well of school and beret, is given a report in place. Tomorrow future generation a country is I am formed and global civilization. I remain – I put, form, knowing, soul – examined. In industry of knowledge to date changes walk thoroghy.These changes will be carried out especially, from knowledge of our tutors, mastery is professional many connections. In results educational process it is necessary a condition time – main for the personality pedagogical system in school the teacher and in place the teacher of vyshchiya education pedagogical skill are reached increase through big result

Кілт сөздер: Педагогикалық технология, педагогикалық шеберлік, парасаттылық, мәдениеттілік , шығармашылық.

Key words: pedagogical masteries, guicly thinker, custom is tradion, reasonableness, cultural, knowledge, creative works.

Қазіргі кезде егемендік елімізде білім берудің жаңа жүйсі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушының инновациялық іс-әрекетінің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Оқыту - талпыныс және білімгерлердің сырттай және іштей белсенділігін басқару нәтижесінде оларда білім, білік, дағдының қалыптасуы болып табылады.Білімді меңгерудің ең тиімді тәсілі осы білімге сәйкес жасалынатын іс әрекет. Кәсіби дайындық сапасы төмендегі үш жағдайда: оқыту мақсаты, білім мазмұны, оқытуды ұйымдастыру ұстанымдары

В.П.Беспалько өзінің ұсынған анықтамаларының бірінде «педагогикалық технология оқу мен тәрби процестерінің (теориялық негізделген)еске түсіру барысында қолданған құралдар мен әдістер жиынтығы, олар білім мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді» деп тұжырымдады.

Педагогикалық технология мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс әрекеттер көзі. Қазіргі заманғы педагогтардың негізгі мақсаты - білім алушылардың білім көзін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және кеңінен қолданылып жүрген инновациялық технологияларды меңгеру.

Ұстаз үшін ең басты мәселе оқыту әдістерін дұрыс таңдау.

«Өз еңбегін талдай білгенадам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көруге болады.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.

Жаңа технологияны оқыту үрдісіне енгізу барысында оқытушылардың зияткерлігі мен парасаттылығы, белсенділігі, шығармашылық ізденісі, адамгершілік, кәсіптік, рухани, азаматтық және тағы басқа қасиеттері қалыптасып, өзін өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі, бұнда шәкірттерінің білімін бағалауы шешуші рөл атқарады. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атасақ:

- Проблемаға бағытталған оқыту;
- Топтық бағытталған оқыту;
- Рөлдік ойындар;
- Презентациялар:
- Пікірсайыстар;
- Кейс стади;
- Миға шабуыл әдісі;
- Сұрақ жауап ойындары;
- Іскерлік ойындар;
- Деңгейлеп, саралап оқыту;
- Тірек сигналдар арқылы оқыту;
- Цифрлық білім беру ресурстары
- Ақпараттық технология.

Инновациялық технологияларды оқыту үрдісіне қолдану білімгерлердің қызығушылығын, ойлау белсенділігін, іскерлік дағдысын, тапқырлығын арттырады, білім деңгейінің көтерілуіне көмектеседі, өзіне деген сенімі қалыптасады, пікірталастыра алады, ойын жүйелі түрде жеткізуді үйренеді.

Инновациялық технологиялардың басты міндеті:

- Әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- Білімі мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- Өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- Сараптамалық ойлау қабілетін дамыту.

Осындай инновациялық технологияларды өз сабақтарымызда тиімді етіп қолдану болашақ маман иесі сапалы білім және тәрбие алады деген сенімдемін.

Инновациялық технологиялардың бірі - сыни тұрғыдан ойлау. Оның ерекшелігі баланың өзі ізденіп, дәлелдеуі, ол бұрын тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойлаушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлау өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан жақты пікірлесі, талдау жасап отыру, яғни оқушы санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын жеткізу оны дәлелдей алу. Сонымен қатар қасындағы оқушының пікірін тыңдау, сол пікірлерді салыстыру.

Бұл технологияның негізгі ұстанымдары: әлсін әлсін қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, сызба тіректерді(кластер) пайдалану, келіспеушіліктің болма уы, оқушының жетістіктерінің жариялылығы, қателерді түзеуге мүмкіншілік жасау, барлық балалармен жұмыс жасау, барлық балалар дарынды, табысқа жетуге жағдай жасау, оқытумен тәрбиенің бірлігін іске асыру.

Сын тұрғысынан ойлау қалыптасқан ортада оқушы:

- Нақты мақсат қоюға дағдыланады;
- Өзіне деген сенімі артады;
- Оқу үрдісіне белсенді қатысады;
- Жолдастарының пікірін сыйлайды;
- Өзін толғандыратын, проблемалық сұрақтар қоя біледі;
- Сараптауға, бағалауға дағдыланады;
- Пәнге деген қызығушылығы артады;
- Шығармашылық ізденіске үйренеді.

Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады:
- Қызығушылығын ояту;
- Мағынаны тану;
- Ой толғаныс.

Ұлы ағартушы А.Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады» - деген сөзі ізденімпаз, шығармашыл, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Сонымен кәсіби шебер мұғалімнің бойында мынадай қасиеттер болу керек:
- Сергектік, байсалдылық, байқағыштық;
- Сезімталдық;
- Сенімділік;
- Әділдік;
- Ұстамдылық;
- Шығармашылық, ізденгіш;
- Ұқыптылық;
- Ілтипаттылық;

Сонымен қазіргі мұғалім әрдайым өзінің білімін, кәсіби шеберлігін жетілдіріп, шығармашылық ізденісте болуы міндетті. Инновациялық техноло гияларды сабақта қолдану бұл оның нәтижелілігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым қатынастарға себепкер болады. Оқытудың жаңа технологияларының мақсаты оқытуды ізгілендіру, яғни оқу - құралдары оқушылардың өздігінен танымды іс - әрекетін жүзеге алынуында.

Қазақстанда инновация ұғымына алғаш анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс дегеніміз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген болатын. Немеребай Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу - тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі:

-жеке түрі(жеке дара бір бірімен байланыспаған);

-модульдік түрі(жеке дара кешені, бір бірімен байланысқан);

-жүйелі түрі(мектепті толық қамтитын).

Жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

Модификациялық инновация - бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Мысалы: В.Ф. Шаталовтың тірек конспектісін(кластер) пайдалану

Комбинаторлық инновация - бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме эдементтерін жаңаша құрастыру.Бұл пәндердің қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация - білімге мемлекеттік стандартты енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде негізінен мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Инновациялық технологияны меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжіри бені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне жауапкершілікпен, шығарма шылықпен қарайтын, жеке

басының белгілі іскерлік қасиеті бар адам ды қажет ететін жұмыс. Әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін өзі дамытады және өзін - өзі қалыптастырады.

Жаңа инновациялық технологиямен жұмыс істеген оқытушы алғашқы күндерден бастап ақ шәкірттерінің жүзінен білімге деген құштарлықты оятқа нын сезінеді. Жаңа инновациялық технологияның артықшылығы оқушының сабаққа қызығушылығын арттыру арқылы өз бетімен, жұптасып, топпен бірлесе отырып ізденуіне, шығармашылықпен жұмыс істеуіне бағыттайды.

«Ойларыңа абай бол, сөздеріңе айналар, сөздеріңе абай бол, іс- әрекетіңе айналар, іс - әрекетіңе абай бол, мінезіңе айналар, мінезіңе абай бол, тағдырыңа айналар» дегендей мұғалімдердің әрқайсысы білім беруге, жалпы адам қандай болу керек екендігіне қатысты практикамен ұштастыра алмай, өз өмірінде қолданысқа енгізе алмай жүрген жақсы ойлары диалог барысында сөзге айналып, тәжірибеде қолдана келіп іс –әрекетіне, ал ол мінезіне айналар деген сенімдеміз.

Қорыта келгенде оқу үрдісінің жаңаруына қажетті шарт кез - келген педагогикалық жүйенің басты тұлғасы болып табылатын мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларының педагогикалық шеберлігін арттыру арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады. Инновациялық технология - білім сапасын арттырудың кепілі демекпіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2000
2. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар.Алматы, 2006
3. Щуркова Н.Е. Педагогическая технология М, 2002
4. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. Алматы, Мектеп.1978
5. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі. Білім әлемі.Алматы, 2004ж.№6
6. Мұқаметқали М. Мұғалімдерді кәсіби педагогикалық инновациялық іс әрекетке даярлау жолдары.Өскемен, 2004.

ГЕНЕРАТИВТІ ДИЗАЙН-ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФРОНТЕНД КОМПОНЕНТТЕРІН ДИНАМИКАЛЫҚ ГЕНЕРАЦИЯЛАУЫ

[1]Сматұлла Т.Б., [2]Мұсабекова Б.С., [3]Баязиева М.Н.

[1]IT және цифрлық технологиялар кафедрасының оқытушысы, магистр Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ

smatulla.t@gmail.com , https://orcid.org/0009-0009-1446-159X

[2]IT және цифрлық технологиялар кафедрасының оқытушысы, магистр Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.

musabekovab98@gmail.com, https://orcid.org/0009-0003-4519-3563

[3]IT және цифрлық технологиялар кафедрасының оқытушысы, магистр Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.

madi_14.1c@mail.ru, https://orcid.org/0009-0008-1776-1232

Аңдатпа. Мақалада генеративті дизайн-жүйелердің фронтенд компоненттерін динамикалық генерациялау мүмкіндіктері зерттеледі. Зерттеуде генеративті жасанды интеллект негізінде React, Tailwind CSS және басқа заманауи технологиялар арқылы UI компоненттерін нақты уақыт режимінде автоматты түрде жасау механизмдері қарастырылады. Авторлар дәстүрлі және генеративті әдістерді салыстыра отырып,

өнімділіктің артуы, персонализация деңгейі мен код сапасын талдайды. Эксперименттік бөлімде Vercel v0.dev және Google Gemini Generative UI құралдарының көмегімен нақты компоненттер (dashboard, form, card) генерацияланған. Зерттеу нәтижелері генеративті дизайн-жүйелер әзірлеу уақытын 80–90%-ға қысқартатынын, бірақ қолжетімділік, қауіпсіздік және консистенттілік мәселелерін шешуді қажет ететінін көрсетеді.

Кілт сөздер: генеративті дизайн-жүйелер, генеративті UI, фронтенд компоненттері, динамикалық генерация, жасанды интеллект, prompt-to-code, Vercel v0.dev, Google Gemini Generative UI, React компоненттері, дизайн жүйесі, UI/UX автоматизациясы.

Қазіргі цифрлық дәуірде веб-қосымшалардың пайдаланушы интерфейсі (UI/UX) жылдам өзгерістерге ұшырауда. Дәстүрлі фронтенд әзірлеу қолмен компоненттер жасауды, макеттерді салу мен кодтауды қажет етеді, бұл уақытты көп жұмсайды және жеке тұлғалық талаптарды ескеруді қиындатады. Генеративті дизайн-жүйелер (Generative Design Systems) және олардың фронтенд компоненттерін динамикалық генерациялауы осы мәселені шешуге мүмкіндік береді. Бұл жүйелер жасанды интеллект (ЖИ) негізінде мәтіндік сипаттама (prompt), сурет немесе пайдаланушы контексті бойынша React, Tailwind CSS немесе Shadcn/UI сияқты компоненттерді автоматты түрде жасайды. 2025–2026 жылдары Google Gemini-дің Generative UI, Vercel v0.dev және Components.ai сияқты құралдар нақты уақыт режимінде интерактивті интерфейстерді генерациялаудың жаңа деңгейін көрсетті.

Бұл технологияның өзектілігі цифрлық трансформацияның жылдамдығымен, персонализация сұранысымен және әзірлеушілердің өнімділігін арттыру қажеттілігімен байланысты. McKinsey зерттеуі бойынша, генеративті ЖИ бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуде жыл сайын 4,4 трлн долларға дейін экономикалық әсер етуі мүмкін. Қазақстанда да веб-қосымшалардың дамуы (e-gov, fintech) осы инновацияларды енгізуді талап етеді.

Дәстүрлі дизайн-жүйелер (Design Systems) статикалық және қолмен құрылады, ал динамикалық генерация кезінде компоненттердің консистенттілігі, қолжетімділігі (accessibility), қауіпсіздігі және бренд стандарттарына сәйкестігі сақталмай қалады. ЖИ-дің «галлюцинациясы» (қате генерация), кодтың оңтайланбауы және пайдаланушы тәжірибесінің болжанбауы сияқты мәселелер бар. Сонымен қатар, әзірлеушілер мен дизайнерлердің ЖИ-мен жұмыс істеу дағдыларының жетіспеушілігі және этикалық аспектілер (bias) зерттеуді қажет етеді.

Мақсат – генеративті дизайн-жүйелердің фронтенд компоненттерін динамикалық генерациялау механизмдерін зерттеу және практикалық қолдану мүмкіндіктерін бағалау.

Міндеттері:

- Негізгі ұғымдарды анықтау және теориялық негіздерді талдау;
- Ғалымдардың пікірлері мен бұрынғы зерттеулерді шолу;
- Талдау, салыстыру, модельдеу және эксперимент әдістерін қолдану;
- Практикалық мысалдар мен нәтижелерді ұсыну;
- Артықшылықтары, кемшіліктері мен болашақ бағыттарды талқылау.

Генеративті дизайн алғашында архитектура мен өнеркәсіптік дизайнда (Autodesk Generative Design) пайда болды, кейін UI/UX-ке ауысты. NNGroup (2024) generative UI-ді «нақты уақытта пайдаланушы қажеттілігіне сәйкес динамикалық интерфейс» деп анықтайды және outcome-oriented design-ге көшуді ұсынады. Google-дің Generative UI (2025) Gemini арқылы толық интерактивті веб-беттер мен симуляцияларды генерациялайды. arXiv зерттеулері (2025) GenUI-дің workflow-ын және UX-практиктер үшін қолдауын талдайды. Қазақстандық әдебиетте фронтендтің негізгі принциптері (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ материалдары) бар, бірақ генеративті жүйелер бойынша арнайы зерттеулер әлі аз.

Генеративті дизайн-жүйелер – алгоритмдер мен ЖИ-дің параметрлер (prompt, data, context) негізінде дизайн нұсқаларын автоматты түрде жасауы. Фронтенд компоненттері –

React/Vue/Svelte-дегі қайта пайдалануға болатын UI элементтері (button, card, form). Динамикалық генерация – нақты уақытта (real-time) компоненттерді кодқа (HTML/CSS/JS) немесе React Server Components-ке айналдыру. Мысалы, Vercel v0.dev prompt бойынша Shadcn/UI компоненттерін генерациялайды, ал Google A2UI агенттік интерфейстер үшін қолданылады.

NNGroup мамандары generative UI-ді «outcome-oriented design»-ге ауысу деп есептейді: дизайнерлер компоненттерді емес, мақсаттар мен шектеулерді анықтайды. Google зерттеушілері generative UI-дің immersive тәжірибе жасайтынын, мысалы, 5 жасар балаға микробиоманы түсіндіру үшін басқа интерфейс қажет екенін атап өтеді. Әдебиетте (Boden, Colton) computational creativity моделі generative жүйелердің шығармашылық деңгейін бағалау үшін қолданылады.

2024 жылы ResearchGate-те «Rise of Generative AI: Impacts on Frontend Development» мақаласы ЖИ-дің өнімділікті 55%-ға арттыратынын көрсетті. arXiv-де (2025) «A Formative Study to Explore the Design of Generative UI» жұмысы GenUI-дің UX workflow-ын зерттеді. KTH диссертациясы (2024) ChatGPT-ді фронтенд әзірлеуде tool және sole programmer ретінде салыстырды. Қазақстанда осы тақырып әлі дамымаған, бірақ халықаралық трендтер (Vercel AI SDK, CopilotKit) қолжетімді.

- Генеративті құралдардың (v0.dev, Gemini Generative UI, Components.ai) құрылымын, мүмкіндіктерін талдау.

- Дәстүрлі (Figma + қолмен кодтау) және генеративті әдістерді өнімділік, сапа бойынша салыстыру.

-Prompt-to-component үдерісін модельдеу (React компоненттерін генерациялау).

-Нақты prompt-тармен 10+ компонент (dashboard, form, card) генерациялау және тесттеу.

Бұл әдістер кешенді зерттеуге мүмкіндік береді: талдау мен салыстыру теорияны тереңдетеді, модельдеу мен эксперимент практикалық нәтиже береді. Ресурстар шектеулі болғандықтан (зертхана жабдықтары қажет емес), бұл әдістер тиімді және қолжетімді. Олар ЖИ-дің нақты қолдануын көрсетеді және нәтижелерді объективті бағалауға көмектеседі.


Эксперимент Vercel v0.dev және Google Gemini Generative UI құралдарында жүргізілді. Prompt мысалы: «Create a modern responsive dashboard with KPI cards, interactive charts and dark mode using React + Tailwind». 15 компонент генерацияланды: dashboard, multi-step form, product card, data table және т.б. Нәтижелер Next.js-те тестіленді.

1. Dashboard: KPI карталары, Recharts графиктері, sidebar.
2. Form: Conditional logic, validation.
3. Card gallery: Hover effects, responsive grid.


Құрал	Генерация уақыты (сек)	Код сапасы (1-10)	Персонализация деңгейі	Қолжетімділік (accessibility)
v0.dev (Vercel)	5–15	9	Жоғары	Орташа
Gemini GenUI	10–30	8	Өте жоғары	Жоғары
Figma AI	20–60	7	Орташа	Төмен
Дәстүрлі	300+	10	Төмен	Жоғары

Кесте 1. Эксперимент негізінде құрылды


Нәтижелерді талдау. Генеративті жүйелер әзірлеу уақытын 80–90%-ға қысқартты. Код консистенттілігі жоғары, бірақ кейде қосымша оңтайландыру қажет. Персонализация (context-aware) пайдаланушы тәжірибесін жақсартты. Төменде генеративті UI мысалдары:



Сурет 1. Dashboard



Сурет 2. Cards



Сурет 3. Forms

Бұл үш суретте generative UI-дің нақты қолдануын (dashboard, cards, forms) көрсетеді.

Эксперимент generative UI-дің өнімділікті айтарлықтай арттыратынын растады: prompt-тан толық интерактивті компонентке дейін секунттарда. Динамикалық генерация пайдаланушы контекстіне (device, preference) бейімделеді.

NNGroup және arXiv зерттеулерімен сәйкес келеді: outcome-oriented design маңызды. Бірақ біздің экспериментте accessibility мәселесі (авто-ARIA) анықталды, бұл басқа жұмыстарда да аталған.

Артықшылықтары: Жылдамдық, персонализация, шығармашылықтың артуы, қайта пайдалану.

Кемшіліктері:Кодтың қауіпсіздігі (injection risks), консистенттіліктің жоғалуы, ЖИ-ге тәуелділік және bias. Адам бақылауы міндетті.

Негізгі нәтижелер. Генеративті дизайн-жүйелер фронтенд компоненттерін динамикалық генерациялау арқылы әзірлеу процесін революциялайды: уақытты қысқартады, персонализацияны арттырады және жаңа UI мүмкіндіктерін ашады. Эксперимент v0.dev және Gemini сияқты құралдардың тиімділігін көрсетті.

Бұл технология фронтендтің болашағы – статикалықтан динамикалыққа ауысу. Дегенмен, дизайн-системаларды машина-оқылатын ету (tokens + schemas) және этикалық стандарттар қажет.

Болашақ зерттеу бағыттары. Мультимодальды модельдерді (сурет + prompt), Қазақстандық дизайн-стандарттарға бейімдеуді, accessibility авто-тексеруді және микро-фронтендтермен интеграцияны зерттеу. Сонымен қатар, ЖИ-дің энергия тұтынуы және қауіпсіздіктің терең талдауы маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Moran K., Gibbons S. Generative UI and Outcome-Oriented Design // Nielsen Norman Group. – 2024. – 22 наурыз. – URL: https://www.nngroup.com/articles/generative-ui/ (қолданылған күні: 2026 ж.).
2. Chen X. A., Knearem T. et al. The GenUI Study: Exploring the Design of Generative UI Tools to Support UX Practitioners and Beyond // Proceedings of the 2025 ACM Designing Interactive Systems Conference (DIS '25). – 2025. – P. 1179–1196. – DOI: 10.1145/3715336.3735780.
3. Sun L. AI-Assisted UI Design: Enhancing Efficiency and Creativity through Generative Tools // Journal of Computer Technology and Applied Mathematics. – 2026. – Vol. 3, No. 1.
4. Lee K. Towards a Working Definition of Designing Generative User Interfaces // arXiv preprint arXiv:2505.15049. – 2025.
5. Mittal V. How To Redesign Frontends Now That 50-70% Of UI Is AI-Generated // SSRN Electronic Journal. – 2025. – DOI: 10.2139/ssrn.5917422.

«МЕТОД МОДЕЛИРОВАНИЯ В ЛИНГВИСТИКЕ»

Токмуратов А.М.
Институт «Мировые языки»
АО «Университет имени Ж.А. Ташенева», г.Шымкент
ст.преподователь

Аңдатпа. Модельдеу әдісі объектіні және оның қасиеттерін оның ішкі құрылымын, атап айтқанда, объектінің жеке элементтерін және олардың арасындағы байланыстарды зерттеу арқылы зерттеу міндетін жеңілдетеді. Модельдеу әдісі арқылы оқушылардың абстрактілі және логикалық ойлауы дамып, дүниенің тұтас бейнесі қалыптасады, әмбебап оқу әрекеті дамиды. Оқушылар алған білімдерін іс жүзінде қолдануды үйренеді және бұл білімді қайда, қалай және қандай мақсатта қолдануға болатынын анық түсінеді.

Abstract. The modeling method allows us to simplify the task of studying an object and its properties through the study of its internal structure, namely through the study of individual elements of the object and the relationships between them. Through the modeling method, students develop abstract and logical thinking, develop a holistic picture of the world, and develop universal learning activities. Students will learn to apply their acquired knowledge in practice and clearly understand where, how, and for what purposes this knowledge can be applied.

Аннотация. Метод моделирования позволяет упростить задачу изучения объекта и его свойств через исследование внутренней структуры, а именно через изучение отдельных элементов объекта и связей между ними. Благодаря методу моделирования у учащихся развивается абстрактное и логическое мышление, формируется целостная картина мира, вырабатываются универсальные учебные действия. Обучающиеся научатся применять на практике полученные знания и чётко осознавать, где, каким образом и для каких целей эти знания могут быть применены.

Современный этап эволюции научного знания характеризуется интенсивным развитием идей моделирования различных процессов и явлений. Моделирование представляет собой метод изучения свойств и структуры реального объекта на основании изучения свойств и структуры сконструированной модели этого объекта. В методологии моделирования заложен большой исследовательский потенциал, хотя, естественно, он является не единственным источником знаний об объекте. В современном обучении моделирование используется для целей активной познавательной деятельности учащихся: приобретение новых знаний, закрепление их, усвоения его как метода познания окружающей действительности, а также оперирования приёмами мышления.

Моделирование относится к группе практических методов обучения. Обучение моделированию желательно начинать с уже готовыми моделями, предназначенными для демонстрации или фронтальной работы. На следующем этапе обучения моделирующей деятельности с целью актуализации приёмов логического мышления вводятся упражнения с элементами сравнения, обобщения классификации. Так путём сравнения нескольких объектов одного класса обучающиеся учатся распознавать признаки сходства и различия, выделять главные признаки, по которым несколько объектов природы можно объединить в одну группу. Учитель постепенно подводит обучающиеся к осознанию возможности изображения их символом (рисунком или схемой). Символические рисунки играют роль переходного мостика от конкретно-образного к абстрактному мышлению, а также позволяют сделать процесс моделирования конкретным и наглядным. Эффективно при этом использование опорных карточек. На каждой отдельной карточке изображается рисунок (символ) представляющий один из элементов моделируемого объекта.

Abstract. This study examines the theoretical and pedagogical aspects of teaching kinship terminology in Kazakh and English within the framework of intercultural communication and contemporary educational transformation. Kinship terms are analyzed as culturally significant linguistic units that reflect social structures, values, and interpersonal relationships. The research highlights key semantic and functional differences between Kazakh and English kinship systems, emphasizing their role in shaping cultural identity and communicative behavior. Special attention is given to the use of kinship terms in proverbs, idioms, and everyday communication, where they serve as carriers of cultural meaning. The study also explores the effectiveness of contextualized learning in teaching kinship vocabulary, enabling learners to understand both linguistic and cultural dimensions. In the context of digitalization and the growing influence of Artificial Intelligence, the findings suggest that integrating culturally rich content enhances intercultural competence and supports more effective language learning outcomes.

Key words: kinship terminology, intercultural communication, Kazakh language, English language, intercultural competence, contextualized learning, digital education.

Аңдатпа. Бұл зерттеу мәдениетаралық коммуникация және білім берудің заманауи трансформациясы аясында қазақ және ағылшын тілдеріндегі туыстық терминдерді оқытудың теориялық және педагогикалық аспектілерін қарастырады. Туыстық терминдер әлеуметтік құрылымдарды, құндылықтарды және тұлғааралық қатынастарды бейнелейтін мәдени тұрғыдан маңызды тілдік бірліктер ретінде талданады. Зерттеуде қазақ және ағылшын тілдеріндегі туыстық жүйелердің негізгі семантикалық және функционалдық айырмашылықтары айқындалып, олардың мәдени сәйкестікті және коммуникативтік мінез-құлықты қалыптастырудағы рөлі көрсетіледі. Ерекше назар туыстық терминдердің мақал-мәтелдерде, идиомаларда және күнделікті қарым-қатынаста қолданылуына аударылады, мұнда олар мәдени мағынаның тасымалдаушысы ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, туыстық лексиканы оқытуда контекстуалды оқытудың тиімділігі қарастырылады, бұл білім алушыларға тілдік және мәдени аспектілерді терең түсінуге мүмкіндік береді. Білім беруді цифрландыру және жасанды интеллект ықпалының артуы жағдайында зерттеу нәтижелері мәдени мазмұнға бай материалдарды енгізу мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға және тіл үйренудің тиімділігін арттыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Түйін сөздер: туыстық терминдер, мәдениетаралық коммуникация, қазақ тілі, ағылшын тілі, мәдениетаралық құзыреттілік, контекстуалды оқыту, цифрлық білім беру.

Аннотация. Данное исследование рассматривает теоретические и педагогические аспекты преподавания терминологии родства в казахском и английском языках в рамках межкультурной коммуникации и современной трансформации образования. Термины родства анализируются как культурно значимые языковые единицы, отражающие социальные структуры, ценности и межличностные отношения. В исследовании выделяются ключевые семантические и функциональные различия между казахской и английской системами родства, подчеркивается их роль в формировании культурной идентичности и коммуникативного поведения. Особое внимание уделяется использованию терминов родства в пословицах, идиомах и повседневной речи, где они выступают носителями культурного значения. Также рассматривается эффективность контекстуализированного обучения при преподавании лексики родства, позволяющего учащимся понимать как языковые, так и культурные аспекты. В условиях цифровизации и растущего влияния искусственного интеллекта результаты исследования показывают, что интеграция культурно насыщенного содержания способствует развитию межкультурной компетенции и повышает эффективность обучения языку.

Ключевые слова: терминология родства, межкультурная коммуникация, казахский язык, английский язык, межкультурная компетенция, контекстуализированное обучение, цифровое образование.

Language serves as the cultural and historical repository of any ethnos, encapsulating its traditions, values, and social structures. Kinship terms, as fundamental linguistic elements, reflect societal norms, family structures, and interpersonal relationships, making them an essential aspect of intercultural communication.

Kinship terms in Kazakh and English highlight both linguistic and cultural differences in family roles, hierarchy, and interpersonal expectations. Studying kinship terms reveals how societies view family relationships and pass down cultural values through generations. Examining kinship terms in Kazakh and English helps learners grasp linguistic diversity and improves their intercultural communication skills.

Each language and culture categorises and addresses family differently, despite kinship being universal. These disparities are rooted in history, culture, and language. Comparing kinship terminology helps understand cultural variation and how language impacts human connection. Many linguistic and cultural studies have explored family words across languages, demonstrating their role in communication and identity development. Kinship terminology varies considerably between languages and cultures, illustrating the nuances of kinship perception. Consequently, the examination of pertinent terminology not only aids in the preservation of cultural heritage but also significantly influences intercultural communication and social anthropology.

Kinship is defined as the link among members of society based on descent and marriage. The previous relationships are referred to as consanguineal, while the subsequent ones are designated as affinal. Kinship systems, according to definitions, are social and cognitive categories that speakers of a particular language use to identify, classify, and discuss their relations. Kinship terminology systems are acknowledged as linguistic frameworks within a specific language, intended for the designation of familial relations. Passmore & Jordan define kinship terminologies as linguistic semantic systems that identify the kinship links within a speech group [1, 23]. The classification of kinship is influenced by the organisation of social structure, particularly with inheritance types, lineage, marriage, and domicile [2, 745]. Moreover, kinship systems provide the foundation of all human civilisations, reflecting both cultural significances and values; specifically, the application of kinship terminology is shaped by cultural context and familial relationships. Holmes elucidates the intricacies of the language-culture interaction and illustrates substantial cultural connections [3]. For example, a specific kinship system may illustrate the significance of the extended family and the rights and responsibilities of family members towards each other. Furthermore, kinship systems are

linguistic frameworks that illustrate how speakers of various languages conceptualise their social existence. Any linguistic system resides in the minds of its speakers and is organised among them to facilitate mutual comprehension.

Kinship terms encompass more than mere designations for familial connections. Their manifestation serves as a representation of how a particular culture comprehends familial roles, societal organisation, and the dynamics of interpersonal relationships. They play a crucial role in the formation of national cultural values for any society. Proverbs, sayings, and idioms represent distinct manifestations of folk wisdom, encapsulating essential life lessons and societal norms within concise and memorable expressions. The presence of kinship terms within such expressions serves to illuminate the manner in which a society delineates and prioritises familial connections, roles, and behaviours. These expressions function not solely as instruments of language but also as significant cultural emblems, transmitted from one generation to the subsequent one.

According to S. M. Tolstaya, the concept of kinship functions as a semantic code that is utilised within both language and cultural contexts. This consideration extends beyond the literal interpretations of associated terms to encompass their figurative and metaphorical connotations as well. Metaphors that draw upon familial and kinship dynamics are extensively manifested within the realms of folklore, rituals, and belief systems. Their reflections encapsulate concepts pertaining to the social structure, moral values, and interpersonal relationships that exist within the community. Expressions such as "father of the people" or "native land" exemplify the utilisation of a kinship model within language to convey notions of closeness, belonging, and authority. Furthermore, Tolstaya underscores the cultural inclination to broaden the definition of kinship to encompass relationships that extend beyond mere biological connections. In numerous cultures, there is a notable emergence of symbolic kinship systems, wherein social, spiritual, and cultural elements take precedence over genetic considerations. As a result, synonymous phrases serve as potent cultural markers that strengthen beliefs, hierarchies, and group identification in addition to being representations of familial connection [4, 22].

Each nation possesses an own lexicon that embodies the unique traditions of its populace. Within the framework of intercultural communication, the terminology associated with kinship assumes a crucial function as an indicator of politeness, respect, emotional closeness, and adherence to cultural norms. The meanings of these terms frequently extend well beyond their straightforward familial definitions, fulfilling a multitude of communicative and pragmatic roles that may be misconstrued by individuals who are not native speakers or who come from diverse cultural contexts.

In numerous cultural contexts, particularly those found in Central Asia, the Caucasus, the Middle East, and East Asia, familial terms such as aunt, uncle, sister, brother, and grandmother are frequently employed in quotidian discourse to refer to individuals who may be strangers, acquaintances, neighbours, or even service providers. This application is not intended to imply a genuine familial connection; rather, it serves to convey sentiments of amicability, warmth, solidarity, or esteem. In the context of Kazakhstan, it is frequently observed that younger individuals refer to an older woman using terms such as тәте (auntie) or апа (mother/elder woman), regardless of any familial connection. In a comparable manner, mature males may be referred to as аға (older brother/uncle) or ақсақал (elder), terms that encapsulate both the respect associated with age and the cultural stratification inherent in societal structures.

These modes of address are intricately woven into the fabric of linguistic etiquette and serve as a reflection of the society's collectivist orientation, wherein social harmony, a sense of belonging to a group, and the importance of relational closeness are held in high esteem. Within these cultural frameworks, communication transcends mere information exchange; it serves as a vital mechanism for reinforcing social connections and upholding traditional values. The employment of familial terminology plays a significant role in fostering positive politeness strategies, which are instrumental in preserving harmonious interpersonal relationships while simultaneously conveying a sense of inclusivity and warmth [5].

The employment of familial terminology within intercultural settings exemplifies the intricate relationship among linguistic expression, cultural frameworks, and communicative practices. Their

examination and application ought to constitute a fundamental component of foreign language education, particularly within contexts that facilitate student mobility, cultural interchange, and immersion initiatives. Acquiring an understanding of the operational dynamics of kinship terminology across various cultures enables individuals to mitigate potential communicative disruptions and cultivate a more profound appreciation for cross-cultural nuances and empathetic connections. The association denoted by a kinship term in one linguistic framework may only partially align with that of another linguistic framework, and employing direct translations may lead to the misinterpretation of incidental or culturally specific attributes as if they were universally applicable.

The process of teaching terms within a context that is both relevant and meaningful is referred to as contextualized learning. Teaching kinship terms through contextualised learning helps students memorise vocabulary while grasping its cultural significance. Kazakh kinship terms like "аға," "нағашы," and "келін" have unique cultural meanings tied to age, respect, and social roles, which are often absent in English. Contextualised instruction could include talks about family ceremonies, traditions, or the social effects of family hierarchies. This type of learning enhances understanding and builds intercultural skills. Contextualised learning enhances cognitive processing by prompting learners to compare and contrast kinship terms across cultures. Embedding linguistic elements in stories, dialogues, celebrations, or real-life family situations helps students retain vocabulary, develop empathy, and navigate intercultural communication more effectively.

In the context of the educational transformation driven by Artificial Intelligence and digitalization, the teaching of kinship terminology acquires renewed relevance as a means of fostering intercultural competence and culturally responsive communication. The integration of kinship terminology into foreign language instruction, especially through contextualized learning approaches, enhances both linguistic and cultural understanding. Embedding these terms in culturally meaningful contexts - such as proverbs, real-life communication scenarios, and social practices - supports deeper cognitive processing and facilitates the development of intercultural awareness. Within the framework of contemporary digital and AI-enhanced education, such content can be effectively delivered through interactive platforms, multimedia resources, and adaptive learning tools. Although the core of this study remains grounded in linguistic and cultural analysis, its application in digitally mediated environments aligns with current educational trends and requirements. Ultimately, teaching kinship terminology contributes not only to vocabulary acquisition but also to the formation of empathetic, culturally competent individuals capable of navigating diverse communicative settings.

References:

1. Passmore, S., & Jordan, F. M. (2020). No universals in the cultural evolution of kinship terminology. Evolutionary Human Sciences, 2, 1–23. https://doi.org/10.1017/ehs.2020.41
2. Rácz, P., Passmore, S., Jordan, F. M. Social practice and shared history, not social scale, structure cross-cultural complexity in kinship systems // Topics in Cognitive Science. – 2020. – Vol. 12, №2. – P. 744–765. – DOI: 10.1111/tops.12430.
3. Holmes, J. An Introduction to Sociolinguistics. 4th ed. – London: Routledge, 2013. – 504 p.
4. Толстая, С. М. Категория родства в этнолингвистической перспективе (вместо предисловия) // Категория родства в языке и культуре / отв. ред. С. М. Толстая. – М., 2009. – С. 7–22.
5. Ибраева Ж. Особенности преподавания курса «Межкультурная коммуникация» для студентов программы «Флагман» в Казахстане // Russian Language Journal. – 2020. – Т. 70, № 1. – URL: https://doi.org/10.70163/0036-0252.1033

ПСИХОЛОГТЫҢ ІШКІ ӘЛЕМІ: КӨМЕКТЕСУШІ НЕГЕ ӨЗІ КӨМЕКСІЗ ҚАЛАДЫ?

[1]Убайдаева З.Б., [2]Ермашова А.О., [3]Мамытова А.Ы.
[1]«Педагогика және психология» кафедрасының магистр оқытушысы
zuxra777@mail.ru
[2]«Педагогика және психология» кафедрасының магистр аға оқытушысы
akerke_orynbasarovna@mail.ru
[3]«Педагогика және психология» кафедрасының магистр аға оқытушысы
asia_usymer@mail.ru

Андатпа. Бұл мақалада мектеп сыныптарында туындайтын қарым-қатынас жасауда қиыншылықтары бар балаларды анықтап, оларға дер кезінде көмектесу - қазіргі мектеп алдында, қоғам алдында тұрған міндеттердің бірі. Әртүрлі жас кезеңінде балалардың топтан оқшаулану себептерін зерттеу арқылы оларға психологиялық көмек көрсету жолдарын анықтау.

Түйін сөздер: психолог, қорқыныш, эмпатия, эмоционалдық шаршау, психикалық денсаулық

Аннотация. В данной статье одной из задач, стоящих перед современной школой и обществом, является выявление детей, испытывающих трудности в общении в школьных классах, и оказание им своевременной помощи.

Путём изучения причин изоляции детей от коллектива на различных возрастных этапах определяется пути оказания им психологической помощи.

Ключевые слова:психолог, тревога, сочувствие, эмоциональная усталость, психическое здоровье

Annotation. This article highlights that one of the tasks facing modern schools and society is to identify children who experience difficulties in communication within school classrooms and to provide them with timely assistance.

By studying the causes of children's isolation from the group at different age stages, ways of providing psychological support to them are determined.

Key words:psychologist, professional burnout, empathy, emotional fatigue, mental health

Балалар ұжымындағы қарым-қатынас және оқшаулану мәселелерін теориялық зерттеу

"Әлеуметтік изоляция", "оқшаулану", "ұялшақтық" - жалғыздыққа душар болған адамның жағдайын сипаттайтын терминдердің бірі. Әлеуметтік қобалжу, қоршаған орта алдындағы қорқыныш, қауіптенушілік сезімі - семантикалық жағынан жақын түсініктер.

Психология ғылымында осы бағыттағы зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Дегенмен қарым-қатынас мәселесіне байланысты анықталатын қарым-қатынасында өзгешелігі бар екенін сипаттайтын түсініктер кездеседі.

Түсіндірмелі сөздіктерде "изоляция" ұғымы медициналық және құқықтық терминологиялық мағынада түсіндіріледі. "Изоляция" - термині ауру адамды немесе қылмыскерді әлеуметтік ортадан мүлдем бөлектеп тастаумен сипатталынады.

К.Рубиннің ойынша «Әлеуметтік изоляция», «Әлеуметтік оқшаулану», «Тұйықтық», «Тежелгіштік», «Ұяңдық» сияқты терминдер шындыққа келгенде, әртүрлі феномендерді белгілейді. К.Рубин өз еңбектерінде «Әлеуметтік изоляция» терминін «Әлеуметтік оқшаулану» терминімен алмастырады. «Әлеуметтік оқшалану» термині зерттеуші топ үшін жалғыздықты сипаттайтын әртүрлі формаларды жалпылаушы ретінде көрсетеді.

Т. Гутеил және Р. Шейдер еңбектерінде изоляция ұғымын жан-жақты түсіндіруге тырысады. Олардың айтуы бойынша адамдардағы бостандықты шектеу - әрдайым үлкен жауапкершілікті іс. Тәрбие саласында баланың қандайда бір теріс қасиетіне байланысты өз бөлмесіне қамап қою, яғни бір өзін болдыру жазасы қолданылады. Көптеген балалар мұны

қатаң сөгіс, жазалау деп қабылдамайды. Дегенмен кейбір балалар өзін мен қажетсіз адаммын, маған бәрі теріс қарайды деп сезінеді.

Медицина саласында изоляция ұғымы емдеу әдісі ретінде өз алдына, медикаментоздық емдеу мен психотерапияда қолданылады. Адам сырқаттанған кезде оны сыртқы қозу әсерлерінен қорғау мақсатында бөлмеде жалғыз ұстайды.

Изоляциялаудың негізгі әдісі - ауру адамды жеке, арнайы бөлмеде ұстау. Оның өзінің заңдық талаптары мен ережелері бар. Мысалы, әрбір 1-2 сағатта 10-20 минуттан бөлменің есігін ашып қойып ауру адамға күтім әрекеттері жасалады.

Медицина тәжірибесінде изоляторды құрудың төмендегідей принциптерін көрсетуге болады:

1. Изоляциялану ауру адамға қауіпсіздік жағдайда болуы керек.

2. Мықтылық, яғни изолятор ауру адамның агрессиялы әрекетіне әсер етпеуі керек.

Күшті психоз немесе жеке адам өзін-өзі тастап жіберуінің айқын көрінуі кезінде, былайша айтқанда адам оқшауланған жағдайда, ол адам тітіркендіргіштерге өте сезімтал болып келеді. Психотиптік кезде, алаңдаушылық, құлап қалу қорқынышы, қозғыш болып келеді. Кейде ауру адам қозғыш болатыны соншалық, өз әрекетін басқара алмайды, айналасындағы жағдайларға саналы реакция білдіре алмайды. Ал мұның барлығы қорқыныштың ең жоғары деңгейін тудырады. Ауру адамдың палатада уақытша аз уақыт болсада жалғыз болуы, яғни айналасындағылардан шектелуі - қауіпсіздік, сенімділік сезімін тудырады.

Ауру адамның кеңістіктік бостандығы өзгеруіне орай, оның психикасында да өзгерістер байқалады. Қозғыш ауру адам палатада, креслода кішкене жерде өзін еркін ұстайды. Мұндағы терапевтік эффект-тітіркендіргіштерден оқшаулануға қоса, айналасындағылардан қашықтықтық ұлғаюы ретінде болады.

Изоляция ұғымы - қабылдау, қарым-қатынас, әрекет және мінез-құлқы сферасында да қолданылады. Ендігі кезекте бұларға сипаттама беруге тырысайық.

1. Қабылдау сферасындағы изоляция - изоляция кезінде біртекті жағдай құрылуына орай, сенсорлы информацияларды қабылдағысы келмейтін күйі көрінеді.

2. Қарым-қатынас сферасындағы иэоляция. Мұнда изоляция әрекеті - ауру адамды басқа адамдардан уақытша бөліп тастау көрінеді. Дегенмен мұнда изоляция ұғымы толық мағынада айтылып тұрған жоқ. Себебі ауру адам басқа ауру адамдармен, қызметкерлермен көрісіп араласа алады. Дегенмен, құрылған дистанция ауру адамның айналасындағылардың алдағы қорқыныш сезімін төмендетеді.

3. Мінез-құлық сферасындағы изоляция. Егер ауру адам өзінің әрекетін басқара алмаса, онда изоляция арқылы оны өзінен және айналасындағыларынан алшақтап бөлектеу арқылы агрессивті әрекет мүмкіндіктерінен арылуға болады. Бұдан кейін онда кінәлілігін, ұялу сезімдері туындайды.

Изоляцияға көрсеткіш ретінде патогенездік жағдайдағы түрлі психикалық дамуында бірқатар ауытқулар көрінген жағдайда бола алды. Ауру адамды қоғамдық ортадан изоляцияламас бұрын, оны оқшаулаудың, яғни бөлектеуді алдын-ала мұқият ойланып және ресми тұрғыда дәлелді болатындай етіп алу қажет.

Біз оқыған әдебиеттеріміздің көмегімен медицина тәжірибесінде қолданатын оқшаулаудың бірқатар ережелерін көрсете отырып, оны психология ғылымында қолданатын жағдайға орай түсіндіреміз.

Жалпы адамды топтан изоляциялаудың өзіне тән ережелері болады:

1. Адамның өз қалауы бойынша оқшаулау, мұны ұжыммен байланыстыратын болсақ, оқушы сыныпта өзіндік ерекшіліктері мен қалауы бойынша бөлек жүруді ұнататындығын көрсетеді.

2. Дәрігерлік емдеу мақсатында жоспарлы түрде құрылуы мүмкін. Ал мұны психология тәжірибесімен байланыстыратын болсақ, кей жағдайда баланың өз мінез-құлқындағы теріс қылықтарды жөндеу мақсатында мұғалім ол баланы топтан оқшаулата отырып, жеке әрекеттер

орындату арқылы, жалғыз өзі орындату шараларын қолдану негізінде психологиялық коррекциялық жұмыстар жүргізілетінін көрсетуге болады.

3. Медицина саласында изоляциялау әрекеті емдеу әдісіне қосымша ретінде қолдануы сияқты педагогикалық тәжірибеде де бала тәрбиесінің әдіс-тәсілдеріне қосымша қолдану арқылы жүргізілуі мүмкін.

4. Медицинада эффектті емес әдістердің орнына қарай изоляция белгіленуі сияқты психологиялық іс-шараларда балаға қолданылған тәрбиелік әдістер тиімсіз жағдайда оны жалғыз қалдырып, оқшаулау арқылы жаза қолдану негізінде жүргізілуі мүмкін.

Жалпы адамды әлеуметтен оқшаулау, яғни изоляциялау өз еркі немесе міндетті түрде болып бөлінеді. Міндетті изоляция экстремалды жағдайда қолданылуы мүмкін. Изолятор бөлмесі ауру адамға да оған қарайтын қызметкерлерге де қауіпсіз болу қажет. Изоляция адамға өзінің қауіпсіздігі үшін жасалатындығын, ол адам үнемі бақылауда болатындығын, кейін босатылатындығын ескерту қажет.

Медицина саласындағы изоляциялау әдістемесі төмендегі схема бойынша жүргізіледі. Мұны кейінірек педагогикалық тәжірибеде қолдану ерекшеліктерімен түсіндіреміз.

1) Изоляциялау көрсеткіштері сипатталады, қандай адам изоляцияланатындығы сипатталады;

2) Изоляциялау тактикасы анықталады.

3) Изоляцияланатын бөлмеге қойылатын талаптар сақталынады.

4) Изоляцияны өткізу ережелері қатаң сақталынады.

5) Изоляцияны аяқтау ережелері нақты көрсетіледі.

Изоляцияны қолдануда ауру адамға кері әсер ететін жағдайларда кездесуі мүмкін, яғни кейбір басқа эффектілер көрінуі мүмкін.

Медицина саласында қолданатын изоляциялаудың құқықтық аспектілерінде айтып кеткен жөн.

1. Түрмелік сипатта жалғыз ұстау қажет болған жағдайда сот шешімі қажет. Ал көптеген заңгерлер мұндай әрекеттер зиянды әрекет деп санайды.

2. Кейбір заңгерлердің көзқарастары бойынша психикалық бұзылуларды ауруға жатқызбайды. (Т. Шаш еңбектері).

3. Сондай-ақ заңгерлер адамды изоляциялау емдеу жолы емес, оны қоғамнан оқшаландыру деп есептейді. Сондықтан көптеген заңгерлер қысқа мерзімді изоляциялық ұғымды ұстанады.

Ендігі көрсетілетін изоляциялау ережелері изоляциялауды басқару ретінде қолданылатын талаптар болып табылады.

1. Изоляцияланатын адаммен жұмыс істейтін адамдар изоляцияланудың медициналық, құқықтық және этикалық ережелерімен танысу қажет.

2. Изоляциялауда адамнан рұқсат алады, рұқсат берілмеген жағдайда, күштеуі мүмкін (медицина немесе заң саласы бойынша).

3. Ауру адамға жауапты жанұя мүшелеріне тезарада байланыс жасау қажет. Олардың сұрақтарына жауап беру қажет. Дегенмен дәрігерлік құпияны ұстану керек.

4. Изоляциялауды белгілеу парақта түсінікті етіп тіркелуі тиіс.

5. Шұғыл жағдайларда ауру адам дәрігермен телефон арқылы хабарласуға болады. Американ психиатрлары изоляциялану ұстаным уақыты бойынша изоляцияланған адамды алғашқы 3 сағатта әрбір 30 минут сайын үнемі бақылап отыру қажет деп есептейді.

6. Изоляцияланатын адам медицина қызметкерлерімен алдын ала мүмкіншілігінше талқыланады. Жоспар бойынша изоляциялану арқылы аурудың қай жақтары емделенетіндігін алдын-ала көрсетілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рояк А.А Проблема социальной изоляции детей. //Вопросы психологии. 1996г №3 1016.

2. Немов Р.С. Психология. Книга 2. М., Владос, 2000г

3. Рояк А.А. Психологический конфликт и особенности индивидуального развития личности ребенка. М., Педагогика 1998г

4. КуницынаВ.Н., Казаринова Н.В., Погольша В.М. Межличностное общение. Санкт - Петербург:, 2001г

5. Смирнова Е.О. Теория привязанности: концепция и эксперимент. // Вопросы психологии 1995. №3.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ МЕН ЖАҒДАЙЫ

[1]Уйсынбаева К.М., [2]Сатыбалдиева М. Т. [3]Канаева М.П.

[1]Құқық кафедрасының аға оқытушысы,
Ж. А. Тәшенев атындағы университет,Шымкент қ.
ORCID: https://orcid.org/ 0000-0003-4295-215,
Klara.uysynbaeva@mail.ru
[2]Құқық кафедрасының аға оқытушысы,
Ж. А. Тәшенев атындағы университет,Шымкент қ.
ORCID:https://orcid.org/ 0009-0009-2002-074X
marjan_0484@mail.ru
[3]Құқық және тарих кафедрасының аға оқытушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.
ORCID: https://orcid.org/ 0009-0007-8032-6367,
Moldir_kanaeva @mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы сот істеріндегі дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің бірі - медиацияны дамыту қарастырылады. Дауласушы тараптар медиация арқылы үшінші бейтарап делдалдың қатысуымен өзара қолайлы шешімге келе алады. Мақаланы жазу барысында көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың осы тақырып бойынша ғылыми-теориялық және әдіснамалық жұмыстарына терең шолу жасалды, сондай-ақ институт ретінде медиацияның ерекшеліктері талданды. Бұдан басқа, осы жұмысты жазу кезінде автор ғылыми талдауда қолданылатын жалпы ғылыми әдістерді: жүйелеуді, салыстыруды және контент-талдауды пайдаланған.

Түйінді сөздер: Медиация, медиатор, дауларды шешудің баламалы тәсілдері, сот, жанжалды шешу, делдалдық, делдалдық, жанжал, татуластырушы.

Аннотация. В статье рассматривается развитие одного из альтернативных способов разрешения споров в судебных делах в Республике Казахстан - медиации. Посредством медиации спорящие стороны могут прийти к взаимоприемлемому решению с участием третьего нейтрального посредника. В ходе написания статьи был сделан глубокий обзор научно-теоретических и методологических работ многих зарубежных и отечественных ученых по данной теме, а также проанализированы особенности медиации как института. Кроме того, при написании данной работы автор использовал общенаучные методы, применяемые в научном анализе: систематизацию, сравнение и контент-анализ.

Ключевые слова: Медиация, медиатор, альтернативные способы разрешения споров, суд, разрешение конфликта, посредничество, посредник, конфликт, примиритель.

Absract. The article discusses the development of one of the alternative ways to resolve disputes in court cases in the Republic of Kazakhstan - mediation. Through mediation, the disputing parties can come to a mutually acceptable solution with the participation of a third neutral mediator. In the course of writing the article, a deep review of the scientific, theoretical and methodological works of many foreign and domestic scientists on this topic was made, and the features of mediation

as an institution were analyzed. In addition, when writing this work, the author used general scientific methods used in scientific analysis: systematization, comparison and content analysis.

Key words: Mediation, mediator, alternative dispute resolution methods, court, conflict resolution, mediation, intermediary, conflict, neutrality

Кіріспе

2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстанда «Медиация туралы» заң қабылданып, 5 тамызда күшіне енді. Заңда медиацияны қолдану аясы, оның қағидалары, медиацияға дайындау және жүргізу тәртібі, сонымен қатар, медиатор мен олардың қызметін қамтамасыз ететін ұйымдардың құқықтық жағдайы қарастырылған. Құқықтық саясатты ізгілендіру қажеттілігін белгілей отырып өкім, қылмыстық сот ісін жургізу, жәбірленушіге мүлкі мен моральдық зианды өтеу, сондай ақ денсаулығына келтірілген зиянды өтей отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылу мүмкіндігіне ықпал ететін, медиация рәсімімен реттеуге жататын қылмыстардың тізімін кеңейту жолымен татуластыру институтын неғұрлым кеңірек енгізу» арқылы көрінуі қажет екендігін анықтады. Бұл Қазақстанның нормативтік құқық көлемінде медиация туралы бірінші ескеруі. Қазақстандық ғалымдар мен заң шығарушыларға шет мемлекеттердің құқықтық тәжірибесін талдап, жинақтауға, дамыған азаматтық қоғамы бар құқықтық мелекеттің құрылымын жария ететін, көпұлттық елдердің ерекше жағдайындағы медиацияны қолдану мүмкіндіктерін зерттеп білу үшін бірнеше жылдар қажет болды. Медиацияны қылмыстық істерде ғана емес, басқа да салаларда, соның ішінде азаматтық құқық аясында да қолданылуы мүмкін екендігі анықталды.

Қазіргі таңда әлемдік тәжірибе көрсеткендей, медиация, ірі бизнес аясынан бастап, ажырасу мен мүлікті бөлу секілді отбасылық дауласуды шешумен аяқталатын әртүрлі жағдайларда кеңінен қолданысқа ие. Халықаралық статистикаға сәйкес, барлық даулардың 30-40% медиация арқылы өтеді, соның ішінде 85% тиімді нәтижеге қол жеткізеді. Және де бұл жағдай кездейсоқ емес, өйткені медиация тараптарға қиын жағдайдан шешім табуға көмек көрсетеді, сонымен қатар аз қаражат пен аз уақыт жұмсауына, және де өз беделіне нұқсан келтірмей, әріптестігін, достық қарым қатынасты сақтап қалуда көмегін тигізеді.Бүгінгі таңда Қазақстанда «Медиация туралы» заңның қолданыста болуы, оның қабылдануының өзі, Қазақстанның барлық құқықтық жүйесі үшін белгілі құбылыс. Осы заңмен қатар бір уақытта, Азаматтық, Әкімшілік, сондай ақ Азаматтық процестік , Қылмыстық құқық кодекстеріне, «Қазақстан Республикасының жергілікті басқару мен өзін өзі басқару туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар қабылданып, күшіне енгізілді. 2011 жылы 3 шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өту Ережесі бекітілді. Сөйтіп, біздің елде медиация институтын енгізу мен дамыту үшін нормативтік құқықтық негіз құрылған.Қазақстанның барлық тарихы бойында оның құқықтық кеңістік аясында бірінші рет, жуапкершіліктің немесе міндетін қамтамасыз ету тәсілінің жаңа түрі емес, жан жақты жаңа құқықтық құрал пайда болды. Бұл құқықтық құралдар адамның өзіне, құқықтары мен бостандықтарына құрметін арттыруға бағытталған, өркениетті азаматтық және өзара жеке қатынастарды қалыптастыруға, құрылымдық сөйлесу жолымен әлеуметтік, басқа да қайшылықтарды, дауды және дауласуды шешуге қоғамның келісімін бекітуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңының қабылданғанына жиырма жылдан астам уақыт өткені мәлім. Медиаторлар ұйымдары өткізетін медиаторларды оқыту арқылы, кәсіби медиаторлар корпусының көмегімен медияация алға жылжуда. Оқытудан өткендердің барлығы медиатор бола бермейді, бірақ оқыту процесінде алған білімдері мен медиативтік құзіреттері өздерінің кәсіби қызметінде немесе өмірінде қолданылады.

Қазіргі таңда Қазақстанның көптеген қалаларында медиаторлардың қоғамдық бірлестіктері құрылған және қызмет жасайды. Медиация туралы заң соттармен жақсы қабылданды. Қазіргі заманда соттардың жұмыстарының шамадан тыс көптігіне сай, медиация институтыны соттарға жүктелген істердің көлемін біршама азайтып, соттармен қабылданған

қаулылардың сапасын жақсартуға септігін тигізер еді. Сонымен қатар, соттардың істерінің азаюы, соттарға біліктілігін арттыруға, істерді, нормативтік құқықтық актілермен танысуға қосымша уақыт береді. Соттармен бұл институтқа қолдау көрсетуі, медиацияның дамуында қолайлы жағдай деп қарастырған жөн.

Соттар тараптарға медиация рәсімі жайлы түсініктер беріп, медиаторларды сөйлесу жүргізуге шақыруда. Соттардың медиация институтын қолданулары келесідей жағдайларға байланысты:азаматтық істер бойынша өндіріс медиативтік келісім жасасқаннан кейін тоқтатылады; көп жағдайларда істі тоқтату туралы үкім, жоғары тұрған сатыдағы соттарға шағымдар берілмейді;қарсы талап қоюдың алдын алады;медиативтік келісімді ерікті түрде орындағандықтан, атқарушылық өндірісті қозғамайды.Медиация институтын айыптаушылар да қолдауда, себебі оларға соттарға артылған ауыртпашылық сәйкесінше, айыптаушыларға да жүктеледі.

Құпиялылық келісімі, әріптестерін жақсы қарым қатынасын сақтап қалу мүмкіндігі, уақыты мен қаражатын үнемдеуі, рәсім қорытындысына әсер ете алуы, болашақта осыған ұқсас дауласудың туындауының алдын алу мүмкіндігі, шешім тараптардың еркімен қабылданып, шығарылады, үшінші тұлғалардың қатысуынсыз қабылданған шешім ерікті турде орындалу кепілі медиация рәсімінің артықшылықтары болып табылады. Ең алдымен медиатор келіссөз процессі, соның ішінде тараптардың кездесуін ұйымдастырып, оларды тыңдайды. Содан соң, сендіру арқылы емес, сұрақтар қою жолымен дауласудың пайда болу себептерін анықтап, талдау жасайды. Медиатор кеңес бермейді және де алынған мәліметтерін келесі тарапқа айтпайды, тараптарға даулы жағдайды шешуге баламалы тәсіл табуда көмек көрсетеді, ұсынылған шығарылатын шешімдердің нұсқаларын орындалу мүмкіндігіне қарай талдау жасайды, мәміле түріне енетін тараптар үшін қол қойғаннан кейін міндетті болатын келісімді дайындайды.

Медиатордың негізгі рөлі екі дауласушы тараптың бір ымыраға келтірулеріне көмек көрсетуі. Ешқашан да сотты алмастыра алмайды, тараптарға дауды баламалы тәсілмен шешу жолдарын нұсқайды. Әрбір даудың ең болмағанда бір шешімі бар екендігі мәлім және де сол шешімді татуласу рәсімінде табуға болады. Тараптардың бірі рәсім барысында қандайда бір қауіпті сезінген жағдайда, медиация рәсімінен бастарта алады. Тараптардың ерікті болуы, бітістірушінің бейтараптылығы және де рәсімнің толығымен айқындығы ең жақсы кепілдікті қамтамасыз етеді. Айта кететін жайт, қазақстандық заңнамада бітімгершілік келісім жасаумен байланысты азаматтық іс бойынша өндірісті тоқтатуды қарастыратын нормалар көрсетілген. Яғни, шын мәнінде, келісімге келіп, істі бітімгершілікпен аяқтау құқығы біздің азаматтарымызда әрқашанда болған, алайда іс жүргізушілік заңнамада тиісінше өзгертулермен реттелген, тең құқылы медиация институтын енгізу, қазақстандықтардың өміріне осы нормалардың кеңінен кіруіне мүмкіндік береді. Медиация процессін соттарға артылған шамадан тыс істер көлемін азайту жағынан емес, әділдік жүйесіне жайлы және жеңілдетілген жолмен қол жеткізуді қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастыру керек.Алайда, өзінің пайдалылығына қарамастан, медиация әділдік орнатуда өзінің лайықты орнын алмады. ҚР Медиация туралы заңын қабылдағалы он жылдан астам уақыт өткенімен бұл рәсім толығымен қолданылуда деп айтуға келмейді.

Қоғамда медиация институтының дамуы мен ары қарай тарауын тежеп тұрған факторлардың болуы осыған себеп болады. Өкінішке орай, қарапайым халықтың ойынша заңды заңгерлер ғана білуі тиіс, қажет болған жағдайда олар кеңес алуға немесе бұзылған құқықтарын қорғауға қорғаушының көмегіне жүгінеді. Қорғаушының немесе өкілдің жұмысы мемлекетпен кепілденген және Конституциямызбен бекітілген адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сотпен қорғауға және білікті заң көмегін алу құқығын жүзеге асыруда көмек көрсетеді.Азаматтар, медиаторға қарағанда, соттар ҚР атынан соттық акт шығаратын мемлекеттік биліктің бір бөлігі болғандықтан сотқа жүгінгенді жөн көреді. Сотқа жүгінбес бұрын олар бітімгершілікпен реттеуге тырысып көрдік, келісімге келмегендіктен сотқа жүгінуге мәжбүр болдық және де медиатор көмек көрсете алмайды деп есептейді.

Сонымен қатар, тараптар іс бойынша тараптар медиативтік келісім бойынша, екінші бір тарап өз міндеттерін орындамай, олардан барынша бас тартады деп үрейленеді. Соңында, талапкер істі қарау үшін қайтадан сотқа жүгінуі керек болады, соттық акт алып, атқарушылық өндіріс жолымен, борышкерді өз міндеттерін мәжбүрлеу тәртібімен орындатуы керек болады.

Медиация дауларды баламалы реттеу тәсілі екіндігі туралы қажетті ақпарат таратылмаған. Әсіресе медиация кішкентай қалалар мен ауылдық жерлерде қол жетімсіз.Сондай ақ, кім медиатор бола алады деген сұрақ туындайды. Осы орайда қандай факторлар маңызды: жасы, өмірлік тәжірибесі, білімі немесе азаматтардың сенімі ме? Бұл мәселе медиаторлар арасындада пікірталас тудырады.Арнайы дайындықсыз, мамандандырылған оқытудан өтпеген, бірақ заңмен медиация саласында қызмет көрсетуге рұқсат берілген кәсіби емес медиаторларға қарсы. Бұл қателікті түзеу керек деп есептейді. Бірақ, кәсіби медиатордың өзі де даусыз адам болы тиіс.Бірақта дипломның болуы шарт емес. Білім министірлігіне жоғарғы оқу орындарында медиацияны мамандық ретінде енгізу ұсынылған.Ауылдық жерлерде арнайы білімі жоқ, бірақ даулар мен дауласутарды соттан тыс шеше алатын ақсақал баршылық. Сондықтанда, бұл жерде бастысы адамдардың сенімі.Заң бойынша үкіметтің қаулысымен кәсіби медиаторларды оқытуға 48 сағат жұмсалады, яғни екі аптаға жетпейтін уақыт. Сондықтанда, кәсіби медиатор кәсіби емес медиатордан айырмашылығы неде екендігінің өзі үлкен сұрақ туындатады.Кәсіби медиатор болу үшін әрдайым өз білімін шындап отыруы қажет.Медиация туралы заңнаманың толығымен жетілдірілмегендігі де осы рәсімнің дамуына кедергі жасауда.

Талдау және нәтижелер. Медиацияның жағдайы жақсы жаққа өзгеру үшін және медиацияны қолдану тәжірибесі айтарлықтай шешілу үшін ақпараттық ағартушылық қызмет белсенді болуы тиіс. Медиацияны қолдануы мүмкін әр қазақстандық азамат осы институтты біліп, мәнісін ұғынып, дауды баламалы тәсілмен шешу артықшылықтарын түсіну үшін, бұл міндетті медиация ұйымдары ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік құрылымдарда өз мойнына алуы тиіс. Медиацияны жүргізу бойынша ережелері мен қағидаларын түсіну арқылы осы рәсімге сенім ұялатуы үшін, және де олар медиация рәсімі мен нақты медиаторды тандауда дұрыс таңдау жасай алуға қабілетті болуы үшін.

Бұл, білім жүйесінен бастап бизнес қауымдастықтарының өкілдеріне дейінгі әртүрлі қоғамдық институттардың тартылуы мен белсенді түрде қатысуларын талап ететін үлкен жұмысты қажет етеді. Еліміздің аумағында бұл міндеттерді шешу үшін еркіндік пен қор, соның ішінде қаржылай қажет.

Шағын және орта бизнес кәсіпорындары, кәсіпкерлік қауымдастықтар ҚР медиацияның дамытуға әсерін тигізер еді.Медиацияны қолдануды жақсы болатын бірқатар аясын бөліп көрсетуге болады.Еңбек даулары жұмыскерлер өздерінің құқықтарын қорғау үшін ақырғы шараларға барып жатады, аштық жариялайды, қарсылық белгісі ретінде жаппай жұмыстан кету. Еңбек кодексінде қасақаналық, аштық жариялау туралы көрсетілмеген, бірақ әлеуметтік құбылыс ретінде көрініс табатындығын айта кеткен жөн. Осы тәрізді дауласуды медиацияның комегімен тиімді реттеледі.Құрылыс аясында дауласудың пайда болуы, жұмыс кезеңінің ұзақтығы, инженерлік инфрақұрылым мен коммуникацияның ескіруі, материалдар мен қорларға бағаның ауытқуы, қосалқы мердігерлердің әрекеттері. Медиацияда қолданылатын жұмсақ интеграциялық тәсілді қажет етеді.

Сақтандыру даулары да медиация заты болып табылады. Соттық тәжірибеде көрсетілген істер түрі бойынша тұрақты қарастырылатындығы көрсетілген.Тәжірибеде көрсетілгендей, банкттік жүйе аясында көбірек құқықтарын теріс пайдаланады. Тараптар даулы жағдайда сотқа жүгінген жағдайда, сот борышкердің мүмкіндіктері мен жағдайын әрқашан да ескере алмайды. Медиация банк клиенттерінде қандайда бір өмірінде аса қиын жағдай туындағанда, соның салдары қарызын төлеу мүмкіндігіне әсерін тигізетін жағдайда, медиация тиімді болады. Қазақстанда банктік несиелендіру кеңінен қолданылады, бірақта қазіргі күнге дейін несие берушілермен берілген ақшалай қаражаттарды қайтаруда көптеген қиындықтар сақталуда.

Қазіргі таңда банктер клиенттерімен арадағы қатынастарын жақсартып, клиенттер сенімі олардың өзара қатынастарының қажетті элементі екендігін түсінуі қажет екі тарап та даудың шешілетіндігіне көздерін жеткізуі тиіс. Кемшіліктерін көрсете отырып, қорытынды жасау керек және клиенттің қажеттіліктерін, өзінің мүмкіндіктерін анықтау қажет. Дәл осыны медиация және кәсіби медиатор бере алады.Отбасылық даулар бойынша соттарда өте көп қарастырылады. Неке бұзу, мүлікті бөлісу, кәмелеттік жасқа толмаған балалардың құқықтары мен мүдделері, олардың тұрғылықты жерін анықтау, алимент өндіріп алу секілді даулар бойынша медиацияның әкелер пайдасы өте көп болар еді. Жетілдірілген елдерде нотариат жүйесінде нотариустармен жүзеге асырылатын татуластыру рәсімін белсенді түрде енгізуде, бұл рәсімге нотариустың қатысуы көптеген еуропалық мемлекеттерде заңнамамен рұқсат етілген. Латын елдерінің нотариатында нотариустар мәміле қатысушыларының тәжірибесі мен біліктілігінің жеткіліксіздігінен жағымсыз жағдайда болмауы үшін, оның әділдігін тексере отырып, тараптарға келісім жасауда көмектесуі керек. Сонымен қатар, нотарустың қатысуымен жасалған медиация туралы келісімнің өзін нотариалдық куаландыруды тәжірибеге енгізу ұсынылуда.Келісімді нотариалдық куәландыру сенімдірек, оны орындамаған жағдайда соттық бұйрық шығару жолымен міндеттерін мәжбірлеп орындатуға сотқа жүгінуге болады. Нотариалдық рәсімделген келісімнің ең бағалысы тараптардың өздеріне алған міндеттерін ерікті түрде орындауы және қол жеткізілген уағдаластықтың дұрыстығы. Медиатордың қызметі туындаған құқықтық дауды бітімгершілік бәсілімен шешуді үйрену қажеттілігінде. Басқаша айтқанда, біз өзімізді кез келген жағдайда, дұрыс ұстай білуіміз керек.

ҚР-ның жаңа Азаматтық процестік Кодексінің жобасы көпшілікке ұсынылды. Кодексте медиация мәселесіне көп көңіл бөлінген. Оның дәлелі ретінде ондағы көпшілік нормалардың соттан тыс делдалдың көмегімен бітістіру процесіне арналғаны. Бұл осы саланың ҚР-да кең етек ала отырып, сот жүйесінде және жалпы құқықтық жүйесінде маңызды орын алып жатқанын көрсетеді. Яғни медиация саласының халыққа насихатталуы арқылы соттық іс жүргізу мерзімін анағұрлым қысқарту мен жұмысын жеңілдетуге ат салысуда.

Онда азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыруда туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу және азаматтық сот ісін жүргізудегі судьяның рөлі қайта бағамдалған. Атап айтқанда, азаматтық істерді қарау тараптардың жарыспалы сөз сөйлеуі негізінде жүргізіліп, судьяның сот талқылауына негіз болған мәселені бақылаудағы құзыреті аздаған деңгейде ғана сақталатын болады.Кодекстің жаңа басылымында сот ісіне қатысушылар мен судьялардың процессуалдық құқықтары мен міндеттерінің объективті теңгерімі көзделген. Жоғарыда айтқанымыздай, дауларды реттеудің соттан тыс тетіктерін дамыту үшін жекелеген санаттар бойынша «Дауларды соттан тыс реттеу» деген жаңа тарау енгізіледі.Жобаға сәйкес, заңды тұлғаларға соттан тыс реттеу міндетті болады. Тараптар наразылықтарын бір біріне жіберіп, дауды соттан тыс реттеу шараларын қолдануы тиіс, содан кейін ғана сот істі өндірісіне алады.Кассациялық сатыдағы соттың істерді апелляциялық сатыдағы соттың жаңадан қарауына жіберу негіздері азайтылды. Мұндай ереже барлық сот сатыларында мемлекеттік баждың енгізілуімен үйлеседі. Татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдану және азаматтық сот ісін жүргізу міндеттерін іске асыру мақсатында жобада дауды бейбіт реттеуге ықпал ету көзделеді.«Татуластыру рәсімдері» деген бөлек тарауда медиация тәртібімен дауды шешуге бағытталған бітімгершілік келісімдер мен шарттар жасаудың рәсімдері мен салдарын егжей-тегжейлі реттеу қарастырылады. Бұған қоса, жобада азаматтық істерді қарау тәртібін жеңілдетуге, соның ішінде соттар қызметінде техникалық құралдарды кеңінен қолдану арқылы оңайлатуға бағытталған ережелер бар. Азаматтық процестік кодексінің татуластыру рәсімі тарауына дауды медиация тәртібімен реттеу туралы баптарды енгізу қажет болып табылады.

Азаматтық процестік кодексінің 17-тарауында азаматтар ортақ мәмілеге татуласу келісімі,дау-жанжалды медиация тәртібімен реттеу және партисипативтік рәсім,сондай-ақ,осы Кодекстің 73-бабына сәйкес,сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы келе алатыны нақтыланған.Тараптар ортақ мәмілеге келуде осы қағидалардың бірін таңдауға құқылы.

Татуласу келісіміне қарсы талап арыз келтірілмейді.Шарт ерікті түрде жасалады,сондықтан атқарушылық өндіріс қозғалмайды.Мемлекеттік баж қайтарылады.

Бірақта, жобада медиация тәртібімен дауды соттан тыс реттеуді міндеттеуді қарастыратын нормалар көрсетілмеген. Медиацияны соттарда енгізу бірінші сатыдағы соттардың жұмысын азайту және әділеттіліктің сапасын жақсарту мақсатында қарастырылған.Сонымен қатар айта кететін жай, жобасында «татуластырушы судья» түсінігі енгізілген. Азаматтық процестік кодексінің 179-бабының 2 бөлімінде «Бірінші сатыдағы және апелляциялық сатыдағы сотта сот кеңес бөлмесіне кеткенге дейінгі кез келген уақытта тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу тілектері туралы өтініш бере алады. Медиация тәртібімен татуласу рәсімі тараптардың келісімімен медиатормен немесе татуластырушы судья жүргізіледі».Алайда, жобада татуластырушы судья медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өтуі керекпе, қандай талаптарға жауап беруі тиістігі қарастырылмаған.4-бөлімде, сот ұйғарымының негізінде іс компьютерлік бөлу арқылы татуластырушы судьяға беріледі, ол сот медиациясы өткізілетін күнді тағайындайды.

Қылмыстық істер бойынша медиацияны қолдануды қылмыстық заңнамамен реттеу мәселесіне келсек,қылмыстық құқықтағы медиация медиаторлармен қолданылатын,арнайы әдістер жиынтығын реттейді.Заң аясында медиацияны қолданудың ережелері адам өлімімен,сыбайлас жемқорлық,террористік,экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды.Сот міндетіне тек заңмен бекітілген 68-бап талаптарын түсіндіру кіреді,сот ешкімді мәжбүрлеп,жүктемейді.Ал медиатор сот төрелігін іске асырумен байланысты емес бейтарап тұлға ретінде сотталушы мен жәбірленушінің татуласуына жағдай жасайды.Екі жақ медиативті келісім құруға өз еркімен келіскен жағдайда сотталушы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сот төрелігін іске асырады.Жалпы медиацияның тиімділігі туралы пікірлердің басым көпшілігі,соның ішінде қылмыстық процестегі медиация туралы да пессимистік бағытта,бірақ медиацияның қазақстандық моделі,соның ішінде қылмыстық істерді қарау кезінде де қаншалықты өміршең болатынын уақыт ғана көрсетеді.

Онша ауыр емес және ауырлығы орташа санаттағы қылмыстық істерді сот,анықтау және тергеу органдары тараптардың медиация тәртібімен келісімге келуі негізінде қысқартады.

Қылмыстық сот өндірісінің басты міндеттерінің бірі-татуластыруға ықпал ету. Елімізде қабылданған медиация заңы өркениетті елдердегідей бейтарап медиаторды тарту арқылы істі бітімге келтіріп,заманауи құқықтық жүйенің дамуына ықпал етуі тиіс.Медиация институтының дамуына барлық мемлекеттік билік органдары барынша қолдау көрсетіп,осы институттың кеңінен қолдануына ықпал жасауы қажет.Медиацияның мемлекетімзде болашағы зор,сол себепті оны жоғары деңгейде қолдасақ,оның халқымыз үшін тигізер игі әсері мол болады.

Елімізде әкімшілік әділет өз жұмысын бастаған, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап,мемлекеттік басқару қатынастарынан туындайтын жария-құқықтық дауларды медиация тәртібімен реттеу тәжірибесі кеңінен қолданысқа ие болады. ӘРПК-нің 120,121-баптарының талаптарына сай әкімшілік сот ісін жүргізуде сот(судья) процестің бүкіл сатысында тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды,оларға дауды реттеуге жәрдемдеседі. Сондай-ақ,әкімшілік сот ісін жүргізудің барлық сатысында(кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін тараптар татуласу,медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Қорытынды

Медиация институтының дамуына тежеу болып отырған қайшылықтар мен кемшіліктерді жою үшін медиация аясындағы заңнаманы жетілдіру қажет;еліміздегі жоғары оқу орындарында медиация институтын жеке пән ретінде оқыту қажеттілігіде туындайды; дауласушы тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын жағдайларда медиацияны қолдануды заңмен бекіту;медиация институтын енгізу бойынша халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;медиаторларды соттар мен басқа да мекемелерде өз қызметтерін атқару

үшін отыратын орындармен қамтамасыз ету қажет;дауларды шешуде тиімдірек рәсімдерді тандауға және медиаторды таңдауға көмек беретін «медиация бойынша байланыс желілерінің», арнайы қызметін құру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы (2023.01.05. берілген өзгерістермен).
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім, 2014.07.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі (2015.31.10. .№377-V ҚРЗ 2024.28.05.берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексі(2014. 04.07.№231-V берілген өзгерістер мен толықтырулармен 25.05.2020ж).
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік процестік кодексі 2020жылғы 29 маусымдағы№350-VIҚРЗ кодексі.
Masallar ironik anlatımlardır. Olduğu ya da olmadığı çok önemli değildir, hayali, gerçekten uzak anlatımlardır. Halkın yarattığı, geçmişten günümüze gelen olağandışı anlatımlardır. Masallar olaylar, yerler, olağanüstü insanlar ve hayvanlarla yaşamlarını ve olağandışı etkileşimleri içerir.

Masallar özellikle de fabllar hayat dersi verir, arkadaşlığı, iktidarı, yaşamı irdeler, düşünme eyleminin sınırlarını genişletir. Masallar örtülü bir anlatıma sahiptirler ve bilinçaltı simgelerini olağanüstü bir ustalıkla kullanarak alıcılarına mesajlarını iletirler. Görünür yüzeyi kullanmaması ise etkisini kalıcı kılar ve eleştirel dikkatten uzak tutar. Çocuklukta alıcısını büyü çemberine alan masaldan ileriki yaşlarda ne kadar uzak kalınsa da iletiler olduğu yerde, tetikte bekler(Kabataş, & Duyan, 2021).

Masallar, çocuğun hayal âlemini besleyen, ona yeni ufuklar açan büyülü bir dünyadan oluşur. Çocuk ve masal kavramı okul öncesi çocuğun eğitiminde âdeta birbirinden ayrı düşünülmeyecek iki unsur olarak görülmektedir (Özçelik, 2021).

Masalların Farklı Açılardan İncelenmesi

Masal ve Eğitim İçerikleri

Bir çocuğun yetiştirilmesinde aile ilk sırayı alır. Daha sonra okul ve çevre gelir. Arkadaş seçimi çocuk için hayati önem taşır. Çünkü seçtiği arkadaşlar ya iyi, ya da kötü yönden çocuğu sosyalleştirir, yeni davranışlar edindirir. Hayvan masallarının bazılarında doğru arkadaş seçiminin ne derece önemli olduğu üzerinde durulmuştur. Tilkinin Hilesi adlı masalda kurt, tilkiyle arkadaş olur. Tilki, her fırsatta saf kurda çeşitli oyunlar oynar. Sonuçta kurt, kurnaz tilkinin son oyununda bal diye çobana satılır. Çoban, sepetin içindeki kurdu öldürür. Böylece kötü arkadaş olan tilki, kurdun ölümüne sebep olmuştur. Ayı ile Tilki adlı masal da ise tilki uzun yıllar dost olarak birlikte yaşadığı ayıyı çeşitli hilelerle aç bırakır. Sonunda tilki, arkadaşı hasta ayıyı aç ve yalnız bırakıp gider (Bakırcı, 2022).

İnsanın sosyalleşme süreci ailede başlar. Aile çocuğu kültürler ve eğitir. Sonrasında çocuk çevre ile tanışır, sokak gibi yakın ve doğal çevrede oyun ve arkadaşlık ile toplumsal roller kazanılır. Sonrasında başlar, okul sıralarında sistemli ve planlı bir şekilde sosyalleşme ve eğitim süreci devam eder. Okul eğitimi sürecinde masalın, ulusal ve evrensel değerlerin aktarılması ve benimsetilmesinde, çocuğun hayal dünyasının geliştirilmesinde, soyut kavramları algılama yeteneğiyle dili kullanma (cümle kurma, betimleme, anlatım, vb.) becerilerinin geliştirilmesinde önemli bir yeri vardır(Karatay, 2007).

Masal dünyasındaki olağanüstü ve fantastik unsurlar da çocuğun hayal gücünü besleyen sıra dışı figürler olarak anlam kazanır. İmkânsızın ve olağanüstünün sınırsız gücüyle büyülenen çocuk için masallar, hayranlıkla izlenecek maceraların yer aldığı bir dünyanın kapılarını aralarlar. Masal metninin olaylar düzlemiyle ilgilenen çocuk, hayal gücünü besleyen bu dünyanın gizemini çözmek yerine gördüğü masal kahramanıyla özdeşleşmeye çalışır. Masallara bildirişim düzeyinde baktığımızda daima kahramanın dışa dönük eylemlerini ve dış dünyadaki güçlerle olan mücadelesini izleriz. Ancak bu mücadelenin gerçek dünyadaki karşılığı, insanın evrensel boyuttaki bir eyleşim macerasında ifadesini bulur. Çocuğun büyülü bir gerçeklikle okuduğu/dinlediği masal metni, bir yetişkin için farklı soruların cevaplarını barındıran ve simgesel bir dille açığa vurulan bir gerçekliğe işaret eder (Yılmaz, 2011).

Masal karakterleri, olaylar ve dünyalar, çocukların kendi hayal dünyalarını zenginleştirir. Çocuklar nesne, olgu ve olaylar arasında yetişkinler gibi mantıksal ilişkiler kuramazlar. Onların zihin gelişim düzeyleri hayalcidir. Masalın fantastik boyutunun, bir yönüyle gerçek bir yönüyle hayal

ürünü öğeler içermesi bu dönem çocuğunun büyük ölçüde ilgisini çeker. 3- 6 yaşları arasında çocuklar hayalci düşünme çağındadır (Dilidüzgün, 1996).

Yıldız (2011)'a göre "Toplumların değer yargılarını geleceğe taşıyan edebi türlerden olan masalların çocuk eğitiminde önemli bir yeri vardır. Masallar, çocuk duyarlılığını en iyi yansıtan türlerin başında gelir. Masalın olağanüstü özelliklerle kurulu dünyası çocuğu kendine çeker ve çocuk eğlenirken farkında olmadan pek çok değeri de öğrenmiş olur". Masallar çocukla ebeveyn arasındaki iletişim yollarından birisidir. Çocuklar masallar vasıtasıyla iyilerin ödüllendirildiğini, kötülerin cezalandırıldığını görerek farkında olmadan hayata hazırlanır. Masal okuyan veya dinleyen çocuk çalıştığında başarılı olacağını, tembellik yaptığında da sonuçlarının zararlı olacağını bilir.

Masal ve Dil eğitimi

Masal-kültür ilişkisi kurulabilir mi? Bu ilişki anadili eğitimi ve öğretimi sürecinde önemli midir? Kültür, bir toplumun geçmiş yaşamından beri biriktirdiği bütün değerlerdir. Kültürü oluşturan insanlardır; onların yaşayışı, giyim kuşamı, inançları, konuştuğu dili, dinlediği müziği, kısacası yaptığı her şeydir. Kültürü oluşturan en önemli öge ise dildir (Mert, 2012).

Çocukların hayal dünyasını geliştiren, onu "soyut" düşüncenin temellerinin oluşmasını sağlayan ve duygularının gelişmesine katkı sağlayan masallar, çocuğun anadil eğitiminde de önemli bir rolü vardır (Bilkan, 2020).

Dil öğretiminde araç de olarak kullanılan masallar sadece duygu ve değer aktarımı rolüyle sınırlı değildir. Masallar aynı zamanda eğitimde örtük programların amaçlarını gerçekleştiren, sözlü ve yazılı edebiyatın değerlerle bütünleşip topluma yansımalarıdır. Masallar, çocukların dil becerilerini geliştirmelerine yardımcı olur. Çocuklar masalları dinlerken yeni kelimeler öğrenir, kelime dağarcıkları genişler ve dil bilgileri gelişir. Çocuklar ana dili kavramasına, kelimelerin ifadesine, kullanış biçimlerini masallarla da öğrenirler (Temizyürek, 2003; Yılmaz, 2012).

Dil kazanımında masalların katkılarına vurgulama yapan Yavuz (2002), bir insana anadilini; ikilemeler, benzetmeler, uyaklar, deyimler, atasözleri vb. gibi konuşma dilinin bütün incelikleriyle zenginleştirilmiş masallardan daha iyi, sözlü veya yazılı hangi edebiyat ürünü öğretebilir ki? Sorusuyla anadil kazanımında masalın rolünü tartışır.

Masal, anadili eğitiminde yararlanılması gereken önemli bir türdür. Okul öncesi dönemde masallar aracılığıyla çocuğa, dinleme-anlama, konuşma-anlatma becerileri edindirilir; olayları ve çevreyi algılama ve kendini ifade etmek için çocuğun kelime hazinesi geliştirilir. Okul çağına gelince de çocuk, doğal olarak kitaba sevgiyle bakmayı ve ona yaklaşmayı öğrenir; okuma-anlama zevk ve alışkanlığını kolayca edinir; çocukta, çevresinde olup bitenleri, kendi duygu, hayal ve düşüncelerini yazılı olarak anlatma alışkanlık ve isteği uyanır(Yavuz, 2002; Karatay, 2007). Anlama ve anlatma becerilerinin edinilmesi, özellikle dinleme ve konuşma alt dil becerilerinin gelişmesinde halk edebiyatı ürünü olan masallardan yararlanılması gerekmektedir. Sözlü edebiyat geleneğini oluşturan ögelerden biri olan masal, dil edinimi ve millî ve evrensel kültür değerlerinin kazandırılması sürecinde öğrencilere okuma, dinleme, yazma, konuşma ve hatta görsel okuryazarlığı becerilerinin kazanılması için öğretme ve öğrenme sürecinde kullanılması gereken önemli öğretim malzemeleri arasındadır. Masalın ulusal ve evrensel değerlerin aktarılması ve benimsetilmesinde, çocuğun hayal dünyasının geliştirilmesinde, soyut kavramları algılama yeteneğiyle dili kullanma becerilerinin geliştirilmesinde önemli bir yeri vardır" (Karatay, 2007; Mert, 2012).

Masallar sadece çocukları eğlendirmek için anlatılan bir edebî tür değil, aynı zamanda okur yazar olmayan halk için okur yazar halkın romanı ve hikâyesi olmaktadır. Bugün hâlâ Anadolu'da masal ve halk hikâyesi anlatmak ve dinleme geleneği canlı olarak yaşamaktadır. Masallar incelendiği zaman insan hayatını aksettirdiği görülecektir. Şöyle ki, insanlar gerçek olayları yaşarken bir taraftan da düşler görür, hayaller kurarlar. İnsanların gerçek hayatlarıyla düşleri masalarda birleşmiştir. Olağan olaylarla olağanüstü olaylar masallarda bir gerçek gibi anlatılırlar (Günay, 1975: 2, Akt: Temizyürek, 2003). Masallardaki bu zenginlik hiç şüphesiz çocukların da ilgisini çeker ve onlarda dil öğretiminin temelini oluşturan anlama becerisinin gelişimine de önemli oranda katkı sağlar (Temizyürek, 2003).

Masallar ve İçerdiği Değerler

Değer aktarımında önemli yer tutan edebi türlerden biri de masallardır. Çocuğun, içinde yaşadığı toplumun ahlaki ile insani değerlerini eğlenerek ve hoşça vakit geçirerek öğrenmesinde özellikle masalların önemli bir görev üstlendiği söylenebilir(Karatay, 2007). Masallarda hayalî kahramanlar, olağanüstü olaylar ve unsurlar, aslında varlığın değişik boyutlarını temsil eder. İyinin, doğrunun ve güzelin üstünlüğü onaylanırken çocuk da farkında olmadan iyiye, güzele ve doğruya yönlendirilir (Yavuz, 2002).

Her masal derlendiği toplumun kültürel değerlerini, sosyal ilişkilerini, folklorunu ve inançlarını da içinde barındırır (Bingöl, 2022). Masallar ulusal ve evrensel değerlere ters düşmemeli, dünyadaki bitki, insan ve hayvan dengesini dikkate almalı, canlıların kardeşliği, yaşama hakkı işlemeli; masal, çocuğun yaşama heyecanını öldürmemeli, düşünme gücünü kırmamalı; tartışılmaz değerleri önüne koyup onu çaresiz bırakmamalıdır (Güleryüz, 2003).

Masal anlatımı aynı zamanda değerlerin edinilmesi süreci olarak da görebilir. Bu süreçte nitelikli masalların çocukların değerleri öğrenmesine büyük katkısı vardır. Masallarda ele alınan konular, bir bakıma çocuğun iç sorunlarına, gerilimlerine gönderme yaparken dolaylı bir yoldan çocuğun dünyasına girer. Bu açıdan çocuk bilincine varmadan kendini hayalleriyle masalların içinde bulur (Dilidüzgün, 1996). Masal her ne kadar doğrudan doğruya öğüt aracı olmasa da ahlâkî değerlerinde kazanım sürecini kapsar (Gökşen, 1955).

Masallarda çoğunlukla iyilik-kötülük, adalet-zülüm, doğruluk-haksızlık, alçakgönüllülük-kibir gibi zıt durumların temsilcisi olan kişilerin mücadelesinden ya da insanların, ulaşılması güç hedef ve gayelere varma isteğinden doğan hayaller ve değerler işlenir. Bunlar belli bir topluma mal olabilecek özellikler olmayıp, herhangi bir toplumca kolaylıkla benimsenebilecek kalıp haline gelmiş değerlerdir (Yılmaz, 2012). Çocuklar, masal kahramanlarının mücadeleleri içinde sabrı, çabayı, dürüstlüğü öğrenirler. Masalın içindeki maceralar, zorluklar, bu zorluklardan kurtulmak için gösterilen sabır ve cesaret çocuğu ümitli olmaya sevk eder. Çocuk, doğa sevgisini, hayvanlarla kurulacak sıcak ilişkiyi, dayanışmayı, merhameti masallardan öğrenir (Bingöl, 2022).

Dostluk ve arkadaşlık her millette olan bir kavramdır. Ancak Türk milletinde dostluğun ayrı bir yeri ve önemi vardır. Dost ve arkadaş için göz budaktan esirgenmez. Dostluk ve arkadaşlığın önemli olduğunu çocuk, büyüklerinden görerek öğrenir ve hayatında uygular. Dost, her şeyden önce candır. Cana can verilir. Menfaate dayalı dostluk olmayacağı gibi arkadaşlık da olmaz. (Bakırcı, 2022).

Masallarda genellikle tek kahraman ve onun etrafında gelişen olaylar anlatılır. İyi-kötü, doğru-yanlış, haklı-haksız, erdem-erdemsizlik, adalet-zulüm, alçakgönüllülük-kibir gibi karşıt kavramlarla özdeşleşen kahramanların mücadelesi vardır. "İyilik ve kötülüğün, güzellik ile çirkinliğin, zenginlik ile yoksulluğun, bir başka deyişle olumlu ile olumsuzun mücadelesi anlatılır. Bazı istisnalar dışında masallar, mutlu sonla; iyilerin, güzellerin, akıllıların kazanması ile biter (Karatay, 2007). Bütün masallarda iyi meziyetler güzelde ve güçlüde; kusurlar ise çirkinde ve kötüdedir (Tezel, 1985).

Değer ve karakter kazanımının en hızlı ve en müsait olduğu çocukluk dönemini önemli ve hassas kılan şey, insan ömrünün değerini belirleyecek olan ve sonradan tekâmül yolunda emanet olarak üstlenilen ahlaki mükellefiyetlerin arka planında iyilik, ahlak ve fazilet yönünden hayatımızın ana karakterini oluşturmasıdır. Çocuk yaşta alınan iyi bir eğitim, insanın hayatında ihtiyaç duyacağı yegâne dayanak noktası olacaktır. Sevgi, doğruluk, dürüstlük, güvenilirlik, sorumluluk sahibi olma ve ilahi mesajların farkındalığı gibi temel insanî hasletlerle donanmış iyi bir insan, birçok toplumda amaçlanan ideal insan tipini oluşturur. Erdemli bir hayatın kod ve şifreleri ise bir nüve mahiyetindeki çocukluk yıllarımızın masumiyetinde saklı durmaktadır. Bu değerlerle beslenmemiş çocukların oluşturacağı bir toplumun geleceği ise, vicdan sahibi herkesi endişeye sevk eden bir kargaşadır (Bostan, 2014).

Bazı masal örnekleri ve içerdiği anlamlar

Masalların amacı genellikle olumlu değerleri teşvik etmek ve ahlaki öğretileri aktarmak olduğundan, doğrudan olumsuz değerleri teşvik eden masallar nadir bulunur. Ancak bazı masallar, olumsuz davranışları ele alarak ve bu davranışların sonuçlarını göstererek olumsuz değerleri eleştirebilirler. İşte bazı örnekler

Pamuk Prenses ve Yedi Cüceler: Bu masalda kötü bir kraliçe, güzelliği için başkalarına zarar verir ve kıskançlık, egoizm ve kötülüğü temsil eder. Ancak masal, bu olumsuz değerleri eleştirir ve sonunda kötü kraliçe kötü bir sonla karşılaşır(Doğan, 2018).

Hansel ve Gretel: Bu masalda, kötü bir cadı çocukları kandırarak onları yakalamaya çalışır. Ancak masal, çocukların zekâsı ve dayanışması sayesinde kötülüğün üstesinden gelmelerini anlatır(Schuman, 1972).

Kırmızı Başlıklı Kız: Bu masalda, kurt, kırmızı başlıklı kızı kandırarak ona zarar verir. Masal, güvenilmez kişilere karşı dikkatli olmanın ve aileye güvenmenin önemini vurgular(Çetinkaya, Durmaz., & Sönmez, 2019).

Uyuyan Güzel: Masalda, kötü bir cadı prensesi lanetler ve onu uzun bir uykuya daldırır. Ancak masal, aşkın gücü ve iyi niyetin sonunda kötülüğü yenebileceğini gösterir(Tokdemir, 2020).

Bu masallar olumsuz davranışları veya karakterleri ele alsa da, genellikle bu davranışların sonuçlarını göstererek olumsuz değerleri eleştirirler ve olumlu değerleri teşvik ederler. Masalların temel amacı genellikle çocuklara ahlaki öğretileri ve yaşamın temel ilkelerini aktarmak olduğundan, olumsuz değerleri övmek yerine eleştirmek daha yaygın bir yaklaşımdır.

Olumsuz davranışları ele alan ve bu davranışların sonuçlarını gösteren masalların yanı sıra, çocuklara önemli ahlaki ve yaşam dersleri veren birçok masal bulunmaktadır. İşte bazı örnekler

The Brave Little Tailor: Bu masal, küçük bir terzi olan kahramanın cesaretini ve zekâsını vurgular. Kahraman, kendini büyük bir tehlike içinde bulsa da zekâsı ve yaratıcılığı sayesinde tehlikeleri aşar ve ödüllendirilir(Grimm, 2020).

Goldilocks and the Three Bears: Bu masal, başkalarının mülkiyetlerine saygı göstermenin ve izinsiz bir eve girmenin sonuçlarını öğreten bir masaldır. Altın saçlı kız, ayı ailesinin evine izinsiz girer ve bu yanlış davranışın sonucunda karşılaştığı problemlerle yüzleşir(Southey., & Southey, 2012).

Ali Baba and the Forty Thieves: Bu masal, dürüstlüğün ve zekânın ödüllendirildiği bir hikaye anlatır. Kahraman, hırsızların sırlarını keşfeder ve dürüstlüğünü koruyarak ahlaki bir zafer kazanır(Yılmaz, 2012; Sarı, 2017).

The Three Little Pigs: Bu masal, çalışkanlığın ve dayanıklılığın önemini vurgular. Üç domuzcuk farklı malzemelerle evlerini yaparlar, ancak sadece en sağlam olanın kurtlara karşı dayanıklı olduğu görülür(Jacobs, 1980; Metin, 2019).

Bu masallar, çocuklara empati, dürüstlük, çalışkanlık, dayanıklılık ve diğer olumlu değerleri öğretme amacı güderler. Masallar, genellikle karakterlerin yaşadığı deneyimlerle bu değerleri anlatırlar ve çocuklara ahlaki ve yaşam dersleri sunarlar.

Türk masalları, zengin bir kültürel mirası yansıtır ve genellikle olumlu değerleri, ahlaki öğretileri ve yaşam derslerini aktarmak için kullanılır. İşte Türk masallarından bazıları ve içerdikleri olumlu değerler

Keloğlan Masalları: Keloğlan, Türk masallarının ünlü bir karakteridir ve çeşitli maceralara atılır. Bu masallar, zekânın, dürüstlüğün ve yardımseverliğin önemini vurgular (Arıcı, 2013; Şimşek, 2017).

Karagöz ve Hacivat: Karagöz ve Hacivat, geleneksel Türk gölge oyunlarının karakterleridir. Hikâyeler, toplumsal meseleleri ele alır ve karakterlerin esprili ve insancıl tavırlarını vurgular(Mutlu, 1995).

Yunus Emre Hikâyeleri: Yunus Emre'nin yaşamından esinlenen hikâyeler, sevgi, hoşgörü, insanlık ve maneviyat gibi değerlere odaklanır(Akay, 2021; Öztekin, 2022).

Nasreddin Hoca Hikâyeleri: Nasreddin Hoca karakteri, Türk kültüründe çok popülerdir. Hikâyeleri, espri, zekâ ve yaşam bilgisi ile doludur. Hoca, insanlara akıllıca düşünmeyi, mizahı kullanmayı ve adaleti savunmayı öğretir(Başgöz, 2006; Erdal., & Erdal, 2017).

Akıllı Tavşan ve Tilki: Bu masal, akıl ve zekânın önemini vurgular. Tavşan karakteri, birçok zorluğu akıllıca aşar ve tilkiye karşı zafer kazanır (Bolluk., & Gülerer, 2023).

Deli Dumrul: Deli Dumrul, cesaretin ve kahramanlığın sembolüdür. Bu masalda, Deli Dumrul'un cesurca kötülüğe karşı savaşması ve adaleti sağlaması anlatılır(Eyüboğlu, 2022).

Bu Türk masalları, Türk kültürünün önemli bir parçasıdır ve genellikle çocuklara ahlaki değerleri öğretmek ve yaşam dersleri vermek için kullanılırlar. Bu masallar, çocukların zekâlarını geliştirmelerine, dürüstlüğü ve adaleti öğrenmelerine ve toplumsal değerleri anlamalarına yardımcı olur.

Sonuç ve Tartışma

Sonuç olarak, masallar çocukların eğitiminde çok önemli bir rol oynar. Hem eğlendirici hem de öğretici olan masallar, çocukların dil, duygusal, sosyal ve bilişsel gelişimlerine katkıda bulunur. Ebeveynler ve öğretmenler, çocuklarınıza düzenli olarak masal okuma veya dinleme fırsatları sunarak bu faydalardan yararlanabilirler.

Masallar çocukların dil becerilerini geliştirmelerine, hayal güçlerini zenginleştirmelerine ve farklı perspektiflerden düşünmelerine yardımcı olurlar. Makalede masallarda iyi ve kötü değerlerin yansıtıldığı, vatan sevgisi, Allah sevgisi, yardımlaşma, saygı, iyilik yapmak, gibi değerlerin yer aldığı sonucu elde edilmiştir. Masallar ayrıca içerdikleri değerlerle çocukların gelişiminde ve eğitiminde önemli role sahip oldukları sonucu elde edilmiştir.

1. Duygusal Gelişimi Destekler: Masallar, çocuklara duygusal zeka ve empati yetenekleri kazandırmada yardımcı olabilir. Masal karakterleri genellikle çeşitli duygusal deneyimler yaşarlar ve bu, çocuklara farklı duygusal tepkileri anlama ve ifade etme fırsatı sunar.

2. Değerleri ve Ahlaki Dersleri Öğretir: Birçok masal, karakterlerin yaşadığı deneyimler aracılığıyla çocuklara değerleri, dürüstlüğü, paylaşmayı, arkadaşlığı ve diğer ahlaki dersleri öğretir. Masallar, çocuklara iyi ve kötü arasındaki farkı anlama fırsatı sunar.

3. Problem Çözme Becerilerini Geliştirir: Masallardaki karakterler, genellikle zorluklarla karşılaşırlar ve bu zorlukları nasıl aştıklarını gösterirler. Bu, çocuklara problem çözme becerileri kazandırabilir.

4. Okuma Alışkanlığı Oluşturur: Masallar, çocuklara okuma alışkanlığı kazandırmak için harika bir araçtır. Ebeveynler veya öğretmenler çocuklara düzenli olarak masal okurken, çocuklar okuma tutkusunu geliştirebilirler.

5. Kültürel Bilinci Artırır: Masallar, farklı kültürlerin hikâyelerini ve değerlerini tanıtmada etkilidir. Bu, çocukların farklı kültürleri ve dünyayı daha iyi anlamalarına yardımcı olabilir

6. Odaklanma ve Dikkat Süresini Artırır: Masal dinlerken veya okurken çocuklar, hikâyenin akışına odaklanmak ve dikkatlerini sürdürmek zorundadırlar. Bu, yoğunlaşma ve dikkat süresi becerilerini geliştirebilir.

Masallarla ilgili birçok akademik makale, yazı ve inceleme bulunmaktadır. Masallar, edebiyat, psikoloji, eğitim, sosyoloji ve kültürel çalışmalar gibi birçok farklı disiplinde araştırma ve analiz konusu olmuştur. Bu makaleler, masalların tarihini, işlevini, etkilerini, kültürel bağlamını ve pedagojik önemini ele alabilir

Güven'e (1992) göre "Kültürde ne varsa dilde de vardır. Dildeki her şey kültürden gelir. Kültür dilde yaşar, gelişir, birikir. Dil, kültürün hazinesi, bilinci ve ruhudur". Özünel (2006) masal ile kültür arasındaki ilişki konusunda şu belirlemelere yer verir: "Her masal anlatıldığı toplumun özgün bakış açısını yansıtırken bir yanıyla da diğer toplumların özelliklerini barındırmaya devam eder. Feyzioğlu'na (2007) göre "Öyküler ile masallar yazıldıkları toprakları, o yurdu, o yurdun insanlarını anlatır. O ülkenin tarihinden, geleneğinden, dil ve duygu derinliğinden damıtılırlar. O nedenle ulusal bir özü vardır. Kültürel bir kimlik oluştururlar". Helimoğlu (2007) masal- kültür ilişkisine şu belirlemelerle değinmektedir: "Bir sözlü halk edebiyatı ürünü olan masalların, çocuk eğitimindeki rolü yadsınamaz. Masallar ait oldukları toplumların gelenek, görenek, inançlarını; sosyal, kültürel, ekonomik yapılarını yansıtan, pek çok motiften oluşurlar. Böyle olunca da insanın serüvenini geçmişten günümüze, günümüzden de geleceğe taşır dururlar. Bu taşıyıcılık işlevi özellikle, sosyolojik ve kültürel açıdan çok önemlidir" (Akt: Mert, 2012).

Kaynakça:

1. Akay, A. (2021). Yabancı Dil Olarak Türkçe Öğretiminde Kullanılan Hikâye Kitaplarının İncelenmesi: Yunus Emre Enstitüsü Çocuk Hikâyeleri Dizisi (2019) A1-A2. Uluslararası Yabancı Dil Olarak Türkçe Öğretimi Dergisi, 4(1), 31-55.

2. Arıcı, A. F. (2013). Hayale Dayalı Türler. [Ed: Ö. Yılar ve L. Turan], Eğitim Fakülteleri İçin Çocuk Edebiyatı, (s. 118-140). (4. Baskı). Pegem Akademik Yayıncılık: Ankara.

3. Baker, C., Wuest, J., & Stern, P.N. (1992). Method slurring: The grounded theory/ phenomenology example. Journal of Advanced Nursing, 17, 1355-1360.

4. Bakırcı, N. (2022). Çocuk eğitiminde hayvan masallarının işlevi. Turuk, 10(29).1-16.

5. Başgöz, İ. (2006). Nasreddin Hoca Hikayelerinin Tarih İçinde Değişimi. In VIII th International Congress on the Economic and Social History of Turkey.

6. Bilkan, A.F.(2020). Masal Estetiği, Akçağ Yayınları.

7. Bingöl, M. (2022). Masalların çocuk eğitimindeki önemi. Orta Doğu ve Orta Asya-Kafkaslar Araştırma ve Uygulama Merkezi Dergisi, 2(2), 1-5.

8. Bolluk, D. B., & Gülerer, S. (2023). Hidayet Karakuş'un Akıllı Tavşanlar Adlı Öykü Kitabının Değer Eğitimi ve Türkçe Öğretimine Katkısı. Uluslararası Yabancı Dil Olarak Türkçe Öğretimi Dergisi, 6(2), 223-236.

9. Bostan, Y. (2014). Çocukta değer bilinci ve karakter eğitimi. Pamukkale Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, (2), 106-112.

10. Christensen, L. B., Johnson, R. B., & Turner, L. A. (2015). Research methods design and analysis (Çev. Ed: A. Aypay). Ankara: Anı Yayıncılık.

ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ: ФОКУС-ТОП ЗЕРТТЕУІ НЕГІЗІНДЕ

[1]Тажитаева Р.С., [2]Қуандық Н.Ж.
[1]с.ғ.к., доцент
[2]саясаттану магистрі
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жастардың саяси құндылықтары мен азаматтық белсенділігі қарастырылады. Фокус-топтық зерттеу негізінде жастардың саяси белсенділік туралы түсініктері, азаматтық қатысу формалары, сондай-ақ жастардың саяси қатысуына әсер ететін факторлар талданады. Зерттеу нәтижелері жастардың қоғамдық бастамаларға, еріктілер жобаларына және әлеуметтік іс-шараларға белсенді қатысатынын көрсетеді. Сонымен қатар, саяси институттарға деген сенімнің жеткіліксіз деңгейі және саяси ақпараттың жетіспеушілігі жастардың саяси белсенділік деңгейіне әсер етеді.

Кілт сөздер: жастар, саяси құндылықтар, азаматтық қоғам, азаматтық белсенділік, саяси мәдениет, саяси қатысу.

Резюме. В статье рассматриваются политические ценности и гражданская активность молодежи. На основе фокус-группового исследования анализируются представления молодежи о политической активности, формы гражданского участия, а также факторы, влияющие на политическое участие молодых людей. Результаты исследования показывают, что молодежь активно участвует в общественных инициативах, волонтерских проектах и социальных мероприятиях. В то же время недостаточный уровень доверия к политическим институтам и нехватка политической информации оказывают влияние на уровень политической активности молодежи.

Ключевые слова: молодежь, политические ценности, гражданская общества, гражданская активность, политическая культура, политическое участие.

Summary. The article examines the political values and civic engagement of youth. Based on a focus group study, the research analyzes young people's perceptions of political participation, forms of civic engagement, and factors influencing their political activity. The findings show that young people actively participate in social initiatives, volunteer activities, and community projects. At the

same time, low trust in political institutions and lack of political information influence the level of youth political engagement.

Key words: youth, political values, civil society, civic engagement, political culture, political participation.

Теориялық-әдіснамалық шолу.

Жастардың саяси құндылықтары мен азаматтық белсенділігі қазіргі әлеуметтік және саяси ғылымдардағы маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан жастарының саяси белсенділігі уақыт өте келе әртүрлі тарихи, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға бейімделіп, өзгеріп отырды. Кеңес Одағының ыдырауы мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі саяси трансформациялар, экономикалық дағдарыстар мен жаһандану процестері жастардың құндылықтық бағыттарына тікелей әсер етті. Соңғы жылдары жастардың саяси процестерге деген қызығушылығының төмендеуі және олардың қоғамдық өмірге араласу деңгейінің шектеулі болуы зерттеуді қажет ететін күрделі мәселелердің біріне айналды [1].

Қазіргі қоғамда жастар тек әлеуметтік топ ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық өзгерістердің маңызды қозғаушы күші ретінде қарастырылады. Сондықтан жастардың саяси құндылықтарының қалыптасу ерекшеліктерін, олардың саяси қатысу формаларын және азаматтық белсенділік деңгейін зерттеу қоғамдағы саяси мәдениеттің дамуын түсінуде ерекше маңызға ие. Саяси құндылықтар ұғымы саяси мәдениет теориясымен тығыз байланысты. Саяси мәдениет теориясының негізін қалаушылардың бірі американдық зерттеушілер Габриэль Алмонд пен Сидней Верба болып табылады [1].

Олардың «Азаматтық мәдениет» атты еңбегінде саяси мәдениет қоғам мүшелерінің саяси жүйеге, саяси институттарға және саяси процестерге қатысты көзқарастарының, құндылықтарының және мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Ғалымдардың пікірінше, азаматтардың саяси мәдениеті қоғамдағы демократиялық институттардың тұрақтылығына және азаматтық қатысу деңгейіне тікелей әсер етеді. Азаматтық мәдениет деңгейі жоғары қоғамдарда адамдар саяси процестерге белсенді қатысып, саяси институттарға сенім білдіреді [1].

Саяси құндылықтардың қалыптасуын түсіндіруде Рональд Инглхарттың мәдени трансформация теориясы ерекше орын алады. Ғалым өзінің зерттеулерінде индустриялық қоғамнан постиндустриялық қоғамға өту барысында адамдардың құндылықтық бағдарлары өзгеретінін атап көрсетеді [2]. Инглхарттың пікірінше, экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік қауіпсіздік артқан сайын қоғамда материалдық құндылықтардың орнына постматериалдық құндылықтар, яғни демократия, адам құқықтары, гендерлік теңдік, сөз бостандығы және азаматтық қатысу сияқты құндылықтар маңызды бола бастайды. Әсіресе жастар арасында осындай құндылықтар кеңінен таралады, өйткені олар әлеуметтік өзгерістерге тез бейімделетін әлеуметтік топ болып табылады [3].

Жастардың саяси құндылықтарының қалыптасуы олардың саяси әлеуметтену процесімен де тығыз байланысты. Саяси әлеуметтену теориясының дамуына американдық ғалымдар Дэвид Истон мен Джек Деннис елеулі үлес қосты. Бұл теорияға сәйкес жеке тұлғаның саяси көзқарастары мен саяси мінез-құлқы қоғамдағы негізгі әлеуметтік институттардың ықпалы арқылы қалыптасады. Мұндай институттарға отбасы, білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары, құрдастар ортасы және саяси институттар жатады. Осы әлеуметтік ортаның ықпалы арқылы жастар қоғамдағы саяси нормалар мен құндылықтарды меңгереді және өздерінің саяси позициясын қалыптастырады [4].

Азаматтық белсенділік ұғымы азаматтардың қоғамдық және саяси өмірге қатысуының әртүрлі формаларын білдіреді. Азаматтық белсенділік азаматтардың қоғамдық мәселелерге бейжай қарамай, қоғамдағы өзгерістерге ықпал етуге ұмтылуын көрсетеді. Әлеуметтік ғылымдарда азаматтық белсенділікке сайлауларға қатысу, қоғамдық ұйымдардың қызметіне араласу, еріктілік қозғалыстары, әлеуметтік бастамалар ұйымдастыру, қоғамдық пікір білдіру және түрлі азаматтық акцияларға қатысу сияқты әрекеттер жатады.

Азаматтық қоғам мен азаматтық қатысу мәселелерін зерттеуде Роберт Патнэмнің әлеуметтік капитал теориясы кеңінен қолданылады. Роберт Патнэмнің пікірінше, қоғамдағы әлеуметтік байланыстар, өзара сенім деңгейі және азаматтардың қоғамдық ұйымдарға қатысуы демократиялық институттардың тиімді қызмет етуіне ықпал етеді. Әлеуметтік капитал деңгейі жоғары қоғамдарда адамдар қоғамдық бастамаларға белсенді қатысып, әлеуметтік ынтымақтастық пен азаматтық жауапкершілік деңгейі жоғары болады. Қазіргі кезеңде жастардың саяси қатысу формалары дәстүрлі және жаңа форматтар арқылы жүзеге асырылады. Дәстүрлі саяси қатысу формаларына сайлауларға қатысу, саяси партияларға мүшелік және қоғамдық ұйымдардың қызметіне араласу жатады. Ал жаңа форматтағы саяси қатысу формаларына әлеуметтік желілердегі белсенділік, онлайн петициялар, азаматтық бастамалар және қоғамдық пікір білдіру сияқты әрекеттер жатады [5].

Цифрлық технологиялардың дамуы жастардың саяси қатысу формаларына айтарлықтай әсер етіп, олардың саяси ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін арттырды. Әлеуметтік желілер – ақпарат жинау, әлеуметтік байланыстар немесе шығармашылық белсенділік арқылы жастардың саяси хабардарлығы мен мінез-құлқына айтарлықтай әсер етуде [6].

Сонымен қатар көптеген зерттеулер жастардың саяси белсенділігіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі саяси институттарға деген сенім деңгейі екенін көрсетеді. Егер азаматтар саяси институттардың тиімділігіне және әділдігіне сенім білдірсе, олардың саяси процестерге қатысу деңгейі жоғары болады. Ал саяси жүйеге сенімнің төмен болуы жастардың саяси процестерге қатысу деңгейінің төмендеуіне алып келуі мүмкін [7].

Осы теориялық тұжырымдамалар жастардың саяси құндылықтары мен азаматтық белсенділігін кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. Саяси мәдениет теориясы, мәдени трансформация теориясы, саяси әлеуметтену теориясы және әлеуметтік капитал теориясы жастардың қоғамдық-саяси өмірге қатысуын түсіндірудің негізгі теориялық негізін құрайды [8]. Сондықтан жастардың саяси құндылықтарын зерттеу қоғамдағы демократиялық процестердің даму деңгейін, азаматтық қоғам институттарының қалыптасуын және жастардың қоғамдық өмірге қатысу мүмкіндіктерін талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар.

Теориялық түсіндірмені эмперикалық деректермен толықтырар болсақ, мақалада Шымкент және Алматы қаласының жастарымен өткен екі фокус топ нәтижелері талданады. Фокус-топтық талқылау нәтижелері жастардың саяси құндылықтары мен азаматтық белсенділігіне қатысты көзқарастары көпқырлы және күрделі екенін көрсетті. Талқылау барысында жастар қоғамдық-саяси белсенділік ұғымын әртүрлі қырынан түсіндіріп, саяси қатысу формалары, саяси белсенділікке әсер ететін факторлар, сондай-ақ жастарды алаңдататын әлеуметтік және саяси мәселелер туралы пікір білдірді. Фокус-топ деректерін мазмұндық талдау нәтижесінде бірнеше негізгі тақырыптық бағыттар анықталды. Алдымен зерттеуге қатысушылардың жалпы сипаттамасы қарастырылды.

Кесте 1- Фокус-топ қатысушыларының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Көрсеткіш	Сипаттамасы
Қатысушылар саны	16 адам
Жасы	18–25 жас
Әлеуметтік мәртебесі	студенттер, докторанттар, білім беру саласының қызметкерлері
Оқу немесе жұмыс орны	жоғары оқу орындары, колледждер, мектептер
Зерттеу әдісі	фокус-топтық талқылау
Зерттеу форматы	онлайн талқылау

Бұл деректер зерттеуге әртүрлі әлеуметтік тәжірибесі бар жастардың қатысқанын көрсетеді. Қатысушылардың басым бөлігі студент жастар болғанымен, олардың арасында білім беру саласында жұмыс істейтін жастар да бар. Бұл жағдай жастардың саяси құндылықтарын әртүрлі әлеуметтік позициялар тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Фокус-топ талқылауы барысында ең алдымен жастардың қоғамдық-саяси белсенділік ұғымын қалай түсінетіні анықталды.

Кесте 2 -Жастардың қоғамдық-саяси белсенділік туралы түсінігі.

Категория	Сипаттамасы	Қатысушылардың пікірлері
Азаматтық қатысу	қоғамдық өмірге араласу	сайлауға қатысу, қоғамдық пікір білдіру
Қоғамдық белсенділік	әлеуметтік мәселелерге араласу	қайырымдылық, еріктілік
Саяси қатысу	саяси процестерге қатысу	референдум, митинг
Ақпараттық белсенділік	қоғамдық мәселелер бойынша пікір айту	әлеуметтік желілерде белсенділік

Фокус-топ нәтижелері жастардың қоғамдық-саяси белсенділікті кең мағынада түсінетінін көрсетті. Қатысушылар бұл ұғымды тек саясатпен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік бастамалармен, еріктілік қызметімен және қоғамдағы мәселелерге бейжай қарамаумен байланыстырады. Бұл жастар арасында азаматтық белсенділіктің институционалдық емес формаларының кең таралғанын көрсетеді. Зерттеу барысында жастардың азаматтық белсенділігінің нақты формалары анықталды.

Кесте 3 -Жастардың азаматтық белсенділігінің негізгі формалары

Белсенділік формасы	Мысалдар	Қатысу деңгейі
Еріктілік қызметі	қайырымдылық акциялары, әлеуметтік жобалар	жоғары
Қоғамдық ұйымдарға қатысу	жастар ұйымдары, студенттік ұйымдар	жоғары
Сайлауларға қатысу	президенттік сайлау, референдум	орташа
Қоғамдық акциялар	митингілер, наразылық шаралары	төмен
Онлайн белсенділік	әлеуметтік желілерде пікір білдіру	орташа

Зерттеу нәтижелері жастар арасында еріктілік қызметі мен әлеуметтік жобаларға қатысу кең таралғанын көрсетті. Көптеген қатысушылар қарттар үйіне, балалар үйіне көмектесу, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру және әлеуметтік акцияларға қатысу сияқты азаматтық бастамаларға қатысқанын атап өтті. Бұл жастардың әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын жоғары бағалайтынын көрсетеді. Ал саяси қатысудың институционалдық формаларына келетін болсақ, кейбір жастар сайлауларға және референдумдарға қатысатынын айтқанымен, олардың барлығы бірдей саяси процестерге белсенді қатыса бермейді. Фокус-топ барысында жастардың саяси белсенділігіне әсер ететін кедергілер де анықталды.

Кесте 4 -Жастардың саяси белсенділігіне кедергі келтіретін факторлар

Фактор	Сипаттамасы
Саяси институттарға сенімнің төмендігі	сайлау нәтижелеріне күмән
Саяси ақпараттың жетіспеушілігі	жастардың саяси білімінің төмендігі
Қауіптену факторы	митингілерге қатысуға қорқу
Әлеуметтік проблемалар	тұрғын үй, жұмыссыздық, экономикалық қиындықтар
Уақыт тапшылығы	жастардың күнделікті тұрмыстық мәселелері

Фокус-топ талқылауы жастардың бір бөлігі саяси институттарға толық сенім білдірмейтінін көрсетті. Кейбір қатысушылар сайлау нәтижелерінің әділдігіне қатысты күмән

білдіріп, бұл жағдай саяси белсенділік деңгейіне әсер етуі мүмкін екенін айтты. Сонымен қатар жастардың бір бөлігі қоғамдық акцияларға қатысудан қауіптенетінін атап өтті. Зерттеу барысында жастарды саяси белсенділікке ынталандыратын факторлар да анықталды.

Кесте 5 -Жастарды саяси белсенділікке ынталандыратын факторлар

Фактор	Мазмұны
Патриоттық сезім	елдің дамуына үлес қосу
Әлеуметтік әділеттілік	теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұру
Гендерлік теңдік	әйел құқықтары мәселелері
Сөз бостандығы	пікір білдіру еркіндігі
Ұлттық құндылықтар	тіл, мәдениет мәселелері

Фокус-топ нәтижелері жастардың саяси белсенділігі көбінесе әлеуметтік әділеттілік мәселелерімен байланысты екенін көрсетті. Қатысушылар гендерлік теңдік, сөз бостандығы, тіл мәселесі және әлеуметтік теңсіздік сияқты тақырыптардың жастар арасында үлкен қызығушылық тудыратынын атап өтті. Сонымен қатар, талқылау барысында жастарды алаңдататын негізгі әлеуметтік және саяси мәселелер анықталды.

Кесте 6 -Жастарды алаңдататын негізгі әлеуметтік және саяси мәселелер

Мәселе	Сипаттамасы
Тұрғын үй мәселесі	жастар үшін баспананың қолжетімсіздігі
Экономикалық қиындықтар	қымбатшылық, теңгенің құнсыздануы
Жұмыссыздық	жастар арасындағы еңбек мәселелері
Сөз бостандығы	ақпараттық еркіндік мәселесі
Гендерлік теңсіздік	әйелдердің құқықтары

Жастардың пікірінше, әлеуметтік мәселелер көбінесе саяси белсенділікке әсер етеді. Қатысушылардың айтуынша, әлеуметтік проблемалар шешілмеген жағдайда жастардың саяси мәселелерге белсенді араласуы да төмен болуы мүмкін. Жалпы алғанда, фокус-топ нәтижелері жастардың қоғамдық белсенділігі жоғары екенін көрсетті, алайда олардың саяси қатысу деңгейі әртүрлі факторларға байланысты өзгеріп отырады. Жастардың бір бөлігі қоғамдық бастамаларға белсенді қатысқанымен, саяси институттарға қатысты сенім деңгейі мен саяси ақпараттың жеткіліктілігі олардың саяси белсенділігіне әсер ететін маңызды факторлар болып табылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жүргізілген фокус-топтық зерттеу нәтижелері жастардың саяси құндылықтары мен азаматтық белсенділігі көпқырлы және күрделі әлеуметтік құбылыс екенін көрсетеді. Зерттеу барысында жастар қоғамдық-саяси белсенділікті тек саяси процестерге қатысу ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік бастамаларға араласу, еріктілік қызметі, қоғамдық ұйымдарға мүшелік және әлеуметтік мәселелерге бейжай қарамау сияқты азаматтық әрекеттермен байланыстыратыны анықталды.

Мынаны да ескеру қажет қала жастарының ауыл жастарына қарағанда белсенділіктері анағұрлым жоғары, себебі қалалық ортада ақпараттық қолжетімділік, азаматтық қоғам институттарының ықпалы және саяси процестерге қатысу мүмкіндіктері басымырақ болып табылады [9].

Фокус-топ нәтижелері жастар арасында азаматтық белсенділіктің әлеуметтік формалары кең таралғанын көрсетті. Қатысушылардың басым бөлігі қайырымдылық жобаларына, әлеуметтік акцияларға және еріктілік қызметіне қатысуды азаматтық белсенділіктің маңызды көрінісі ретінде қарастырады. Бұл жастардың әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын жоғары бағалайтынын және қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге белсенді қатысуға дайын екенін көрсетеді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері жастардың саяси қатысу деңгейінің әркелкі екенін көрсетті. Кейбір жастар сайлауларға, референдумдарға және қоғамдық

бастамаларға белсенді қатысатынын айтса, басқа қатысушылар саяси процестерге қатысуға деген сенімнің төмен екенін атап өтті. Әсіресе саяси институттарға деген сенім деңгейінің төмендігі, саяси процестердің әділдігіне қатысты күмән және саяси ақпараттың жеткіліксіздігі жастардың саяси белсенділігіне әсер ететін маңызды факторлар ретінде анықталды.

Зерттеу барысында жастарды алаңдататын негізгі әлеуметтік және саяси мәселелер де анықталды. Қатысушылардың пікірінше, жастар үшін маңызды мәселелердің қатарына тұрғын үйдің қолжетімсіздігі, экономикалық қиындықтар, жұмыссыздық, сөз бостандығы, гендерлік теңдік және тіл мәселесі жатады. Бұл мәселелер жастардың қоғамдық пікір қалыптастыруына және азаматтық белсенділігінің деңгейіне тікелей әсер етеді. Р. Инглхарттың құндылықтар эволюциясы теориясы да бұл құбылысты түсіндіруде маңызды рөл атқарады [10]. Оның пікірінше, материалдық қажеттіліктері басым қоғамдарда саяси белсенділік төмендейді, ал Қазақстан жастарының басым бөлігі үшін жеке мансап пен экономикалық тұрақтылық басты басымдықтар қатарында.

Жалпы алғанда зерттеу нәтижелері жастардың қоғамдық белсенділігі салыстырмалы түрде жоғары екенін, алайда олардың саяси институттарға қатысуы мен саяси процестерге сенімі әртүрлі деңгейде екенін көрсетті. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру үшін олардың саяси сауаттылығын дамыту, саяси ақпараттың қолжетімділігін арттыру және қоғамдық-саяси процестердің ашықтығын қамтамасыз ету маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Almond G., Verba S. The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy in Five Nations. -Princeton: Princeton University Press, 1963. -562 p.
2. Inglehart R. Culture Shift in Advanced Industrial Society. -Princeton: Princeton University Press, 1990. -484 p.
3. Inglehart R., Welzel C. Modernization, Cultural Change and Democracy: The Human Development Sequence. -Cambridge: Cambridge University Press, 2005. -333 p.
4. Easton D., Dennis J. Children in the Political System: Origins of Political Legitimacy. -New York: McGraw-Hill, 1969. -438 p.
5. Putnam R. Making Democracy Work: Civic Traditions in Modern Italy. -Princeton: Princeton University Press, 1993. -258 p.
6. Тажитаева Р.С., Қуандық Н.Ж. Саяси құндылықтар тұжырымын талдау және зерттеудің өзекті мәселелері. // «Замануи педагогикалық білім: жаһандану үрдісі және ұлттық код» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.– Шымкент, 2022 жыл. 403-408 б.
7. United Nations. World Youth Report: Youth Civic Engagement. -New York: United Nations, 2020. -180 p.
8. World Bank. Youth Engagement and Civic Participation. -Washington DC: World Bank, 2021. -156 p.
9. **Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты.** (2023). Қазақстан жастарының саяси белсенділігі туралы зерттеу қорытындылары. Алматы: ҚСЗИ баспасы. Қол жетімді: https://library.fes.de
10. Inglehart, R. Modernization and Postmodernization: Cultural, Economic, and Political Change in 43 Societies. Princeton University Press, 1997.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ

Сыдықбай М.Д.
Магистрант, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Ғылыми жетекші: PhD Ораз А.Н.

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін оқытудағы диалогтік оқыту технологиясын жасанды интеллект арқылы жетілдірудің ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Қазіргі цифрлық білім беру кеңістігінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту, тілдік орта қалыптастыру және интерактивті оқыту тәсілдерін жетілдіру өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осыған байланысты генеративті жасанды интеллект технологияларын қазақ тілін оқыту үдерісіне енгізудің педагогикалық мүмкіндіктері талданады. Зерттеу барысында ChatGPT секілді үлкен тілдік модельдердің диалогтік оқытудағы рөлі, білім алушылардың сөйлеу әрекетін дамытуға ықпалы және тілдік қатысымды қалыптастырудағы тиімділігі сараланды. Сонымен қатар жасанды интеллект негізіндегі диалогтік тапсырмалардың білім алушылардың сыни ойлауын, сөздік қорын және функционалдық сауаттылығын дамытуға әсері айқындалды.

Кілт сөздер: қазақ тілін оқыту, диалогтік оқыту, жасанды интеллект, генеративті AI, коммуникативтік құзыреттілік, цифрлық педагогика, интерактивті оқыту, ChatGPT.

Аннотация. В статье рассматриваются научно-теоретические и методические основы совершенствования технологии диалогического обучения в обучении казахскому языку с помощью искусственного интеллекта. В современном цифровом образовательном пространстве одной из актуальных проблем становится развитие коммуникативной компетенции обучающихся, формирование языковой среды и совершенствование способов интерактивного обучения. В этой связи анализируются педагогические возможности внедрения технологий генеративного искусственного интеллекта в процесс обучения казахскому языку. В ходе исследования была проанализирована роль таких больших языковых моделей, как ChatGPT в диалогическом обучении, влияние на развитие речевой деятельности обучающихся и эффективность в формировании языкового участия. Также было определено влияние диалоговых заданий на основе искусственного интеллекта на развитие критического мышления, словарного запаса и функциональной грамотности обучающихся.

Ключевые слова: обучение казахскому языку, диалогическое обучение, искусственный интеллект, генеративный ИИ, коммуникативная компетентность, цифровая педагогика, интерактивное обучение, ChatGPT.

Annotation. The article discusses the scientific, theoretical and methodological foundations of improving the technology of dialogic learning in teaching the Kazakh language using artificial intelligence. In the modern digital educational space, one of the urgent problems is the development of students' communicative competence, the formation of a language environment and the improvement of interactive learning methods. In this regard, the pedagogical possibilities of introducing generative artificial intelligence technologies into the Kazakh language teaching process are analyzed. The study analyzed the role of such large language models as ChatGPT in dialogic learning, the impact on the development of students' speech activity, and the effectiveness in shaping language participation. The impact of dialogue tasks based on artificial intelligence on the development of critical thinking, vocabulary and functional literacy of students was also determined.
Key words: Kazakh language teaching, dialogic learning, artificial intelligence, generative AI, communicative competence, digital pedagogy, interactive learning, ChatGPT.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайындағы білім беру жүйесі оқытудың жаңа технологияларын енгізуді талап етеді. Бүгінгі таңда тілдік білім беру тек грамматикалық білім қалыптастырумен шектелмей, білім алушының коммуникативтік әрекетін, еркін сөйлеу мәдениетін және

функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталуда. Осы тұрғыдан алғанда диалогтік оқыту технологиясы қазақ тілін меңгертудің маңызды әдістерінің бірі ретінде қарастырылады (Holmes, 2023)..

Диалогтік оқыту – білім алушы мен оқытушы арасындағы өзара әрекет арқылы білімді бірлесіп игеруге негізделген педагогикалық технология. Бұл тәсіл білім алушының тілдік қатысымын дамытып, өз ойын жүйелі жеткізуіне мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқытуда диалогтік әдіс білім алушылардың сөйлеу белсенділігін арттырып, тілдік орта қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Соңғы жылдары білім беру саласында жасанды интеллект технологияларының кең қолданылуы оқыту әдістемесіне жаңа өзгерістер енгізді. Әсіресе ChatGPT, Gemini, Claude секілді генеративті AI платформалары табиғи тілде интерактивті байланыс орнатуға мүмкіндік беріп, тіл үйретудің цифрлық моделін қалыптастыруда (Long et al., 2024).

Жасанды интеллект негізіндегі жүйелер: жедел кері байланыс береді; диалог құрастырады; сөйлеу дағдыларын дамытады; тілдік қателерді талдайды; білім алушының деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынады.

Сондықтан қазақ тілін оқытудағы диалогтік оқыту технологиясын жасанды интеллект арқылы жетілдіру қазіргі педагогиканың өзекті ғылыми бағыттарының бірі болып табылады.

Диалогтік оқытудың ғылыми-теориялық негіздері

Диалогтік оқыту теориясының негізі әлеуметтік-конструктивистік бағыттағы ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Л.С. Выготскийдің теориясы бойынша тұлғаның танымдық дамуы әлеуметтік қарым-қатынас арқылы жүзеге асады (Выготский, 1991).. Ал М.М. Бахтин диалогті адам санасының дамуына әсер ететін маңызды коммуникативтік құбылыс ретінде сипаттайды (Бахтин, 1979)..

Диалогтік оқытуда:

• білім алушы белсенді субъект ретінде танылады;

• танымдық әрекет пікір алмасу арқылы дамиды;

• тілдік қатынас әлеуметтік ортада қалыптасады;

• сұрақ қою мен жауап беру мәдениеті жетілдіріледі.

Қазақ тілін оқытудағы диалогтік технологияның негізгі мақсаты – білім алушының:

• ауызша сөйлеу дағдысын;

• сөздік қорын;

• тілдік қатысымын;

• коммуникативтік құзыреттілігін дамыту.

Диалогтік оқыту қазақ тілі сабақтарында:

• пікірталас;

• сұхбат;

• рөлдік ойын;

• проблемалық жағдаят;

• топтық талқылау әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Бұл әдістер білім алушының қазақ тілінде еркін сөйлеуіне жағдай жасайды.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық әрекетін модельдейтін цифрлық технологиялар жүйесі. Қазіргі таңда AI білім беру саласында оқыту үдерісін дербестендіру және интерактивті оқыту ортасын қалыптастыру мақсатында кеңінен қолданылуда.

Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллект: виртуалды тілдік орта қалыптастырады; интерактивті диалог ұйымдастырады; мәтіндік талдау жүргізеді; грамматикалық қателерді түзетеді; сөйлеу белсенділігін дамытады (Alexander, 2020)..

Генеративті AI платформалары білім алушыға қазақ тілінде үздіксіз тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, ChatGPT арқылы: диалог құрастыруға; тақырыптық пікірталас жүргізуге; эссе талдауға; мәтінді редакциялауға; сұрақ-жауап ұйымдастыруға болады.

Бұл технологиялар білім алушының тілдік кедергілерін азайтып, еркін сөйлеу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Қазақ тілін оқытудағы AI негізіндегі диалогтік тапсырмалар

Жасанды интеллект арқылы ұйымдастырылатын диалогтік тапсырмалар білім алушының коммуникативтік әрекетін белсендіреді.

1. Виртуалды сұхбат

Білім алушы AI жүйесімен қазақ тілінде белгілі бір тақырыпта диалог жүргізеді.

Мысалы:

• «Қазақтың ұлттық құндылықтары»

• «Экологиялық мәселелер»

• «Цифрлық қоғам»

Бұл әдіс сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

2. Пікірталас әдісі

AI қарама-қарсы көзқарас ұсынып, білім алушы аргумент келтіреді.

Мысалы:

«Жасанды интеллект мұғалімді алмастыра ала ма?»

Бұл тапсырма сыни ойлауды дамытады.

3. Қате түзету диалогі

AI білім алушының сөйлеміндегі: грамматикалық; лексикалық; стилистикалық қателерді анықтайды. Нәтижесінде білім алушы тілдік нормаларды меңгереді (Song & Huang, 2025)..

4. Рөлдік ойын технологиясы

Жасанды интеллект журналист, мұғалім, кейіпкер, сұхбат алушы рөлінде әрекет ете алады. Бұл әдіс сөйлеу әрекетін табиғи тілдік ортада дамытуға көмектеседі.

Диалогтік оқыту мен AI интеграциясының педагогикалық тиімділігі

Зерттеулер көрсеткендей, жасанды интеллект негізіндегі диалогтік оқыту: білім алушының сөйлеу белсенділігін арттырады; тілдік қорын байытады; жедел кері байланыс береді; оқыту мотивациясын күшейтеді; цифрлық сауаттылықты дамытады.

Сонымен қатар AI технологиялары: білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеруге; саралап оқыту жүргізуге; дербес білім алуға мүмкіндік береді.

Диалогтік оқытудағы AI қолдану білім алушының: рефлексия жасауына; ойын дәлелді жеткізуіне; академиялық тілін дамытуына ықпал етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

• қазақ тілін оқытуда диалогтік оқыту технологиясын жасанды интеллектпен ықпалдастырудың әдістемелік моделі ұсынылды;

• AI негізіндегі интерактивті тапсырмалардың коммуникативтік құзыреттілікті дамытудағы тиімділігі анықталды;

• генеративті жасанды интеллекттің қазақ тілін меңгертудегі педагогикалық мүмкіндіктері жүйеленді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында: ғылыми-теориялық талдау; салыстырмалы талдау; педагогикалық бақылау; цифрлық платформаларды сараптау әдістері қолданылды.

Жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізуде төмендегі мәселелер кездеседі: академиялық тәуелділік; дайын мәтінге сүйену қаупі; ақпараттың дәл болмауы; тілдік деректердің шектеулілігі; цифрлық теңсіздік (Tang & Cooper, 2024)..

Әсіресе қазақ тіліндегі AI контент көлемінің аз болуы кейбір тілдік қателердің туындауына себеп болады.

Сондықтан жасанды интеллект педагогтің орнын алмастырушы емес, оқыту үдерісін қолдаушы цифрлық құрал ретінде қолданылуы қажет.

Қорытынды

Қазақ тілін оқытудағы диалогтік оқыту технологиясын жасанды интеллект арқылы жетілдіру – заманауи цифрлық педагогиканың маңызды бағыттарының бірі. Генеративті AI технологиялары білім алушының коммуникативтік белсенділігін арттырып, тілдік қатысымын дамытуға мүмкіндік береді.

Диалогтік оқыту мен жасанды интеллект интеграциясы: қазақ тілінде еркін сөйлеуді; сыни ойлауды; функционалдық сауаттылықты; цифрлық құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді.

Болашақта қазақ тіліндегі интеллектуалды оқыту платформаларын жетілдіру және AI негізіндегі тілдік модельдерді дамыту маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. Педагогикалық психология. – Мәскеу, 1991.
2. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – Москва, 1979.
3. Alexander R. Dialogic Teaching in the Primary Classroom. – Cambridge, 2020.
4. Mercer N. Language and the Development of Children's Thinking. – London, 2008.
5. Tang K. S., Cooper G. Generative AI and Dialogic Pedagogy in Education // Pedagogies. – 2024.
6. Song Y., Huang L. Dialogic Dynamics with Generative AI Chatbots // International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 2025.
7. Long Y. Evaluating Large Language Models in Classroom Dialogue // npj Science of Learning. – 2024.
8. Holmes W. Artificial Intelligence in Education: Promise and Implications for Teaching and Learning. – Boston, 2023.
9. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
10. Қазіргі цифрлық педагогика: теория және практика. – Алматы, 2024.

ЖАҺАНДЫҚ ТРЕНДТЕР ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ: ШЕТ ТІЛІН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Турсынова Г.И.[1], Тұрсынбек Н.М.[2]
«Әлем тілдері» кафедрасының аға оқытушысы, магистр[1],
«Әлем тілдері» кафедрасының оқытушысы, магистр[2]
Ж.А. Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
guldar.tursynova.74@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-8239-4511

Аннотация. Бұл мақалада жаһандық цифрландыру жағдайында шет тілдерін оқыту процесіне жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын интеграциялау мәселелері қарастырылады. Мақалада білім берудегі заманауи трендтерді талдай отырып, ЖИ-дің тілдік дағдыларды дамытудағы әлеуетін және мұғалім мен оқушы арасындағы жаңа коммуникациялық модельдерді сипатталады. Зерттеу барысында Duolingo және Grammarly сияқты танымал платформалардың мысалында адаптивті оқыту алгоритмдері мен автоматты кері байланыс жүйелерінің тиімділігіне ғылыми талдау жасалады. Сонымен қатар, ЖИ құралдарын оқу процесіне енгізу кезінде туындайтын академиялық адалдық мәселелері мен этикалық тәуекелдер жан-жақты сараланады. Қорытынды бөлімінде технологиялық инновациялар мен дәстүрлі педагогикалық әдістерді ұштастыру негізінде шет тілін оқытудың сапасын арттыру бойынша практикалық ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, білім беруді интеграциялау, Duolingo, Grammarly, адаптивті оқыту, цифрлық трансформация.

XXI ғасырдың үшінші онжылдығында білім беру парадигмасы «білім беруден – құзыреттілікке» принципіне ауысты. Жаһандану процесі шет тілін меңгеру сапасына жаңа талаптар қойып отыр. Осы орайда, жасанды интеллект (AI) — машиналық оқыту мен табиғи тілді өңдеу (NLP) алгоритмдері арқылы оқытуды дербестендірудің негізгі құралына айналды.

Интеграцияланған оқыту ортасы (Integrated Learning Environment) келесі компоненттерден тұрады:

- Адаптивті оқыту жүйелері: Оқушының қателіктеріне талдау жасап, оған сәйкес деңгейдегі тапсырмаларды автоматты түрде генерациялау.

- Интеллектуалды репетиторлық жүйелер (ITS): Нақты уақыт режимінде скафолдинг (қолдау) көрсету.

Шет тілін оқытудағы ЖИ-дің функционалдық бағыттары:

- Лексика-грамматикалық дағдыларды қалыптастыру

LLM (Large Language Models) үлгілері (мысалы, GPT-4, Gemini) контекстік оқытуға мүмкіндік береді. Олар жай ғана сөз аудармайды, сөздің қолданылу аясын, стилистикалық реңкін және синонимдік қатарларын талдап береді.

- Коммуникативтік құзыреттілік және сөйлеуді тану

ЖИ-ге негізделген дауыстық көмекшілер (Voice Assistants) оқушының фонетикалық қателерін түзетіп, табиғи сөйлеу қарқынына бейімделуге көмектеседі. Бұл әсіресе «жасанды тілдік орта» құруда маңызды рөл атқарады.

- Әдістемелік артықшылықтар мен эксперименттік негіздеме

Ғылыми зерттеулер ЖИ құралдарын қолдану келесі көрсеткіштерді жақсартатынын көрсетеді:

1. Мотивацияның артуы: Геймификация және жедел кері байланыс оқушының қызығушылығын 40%-ға дейін арттырады.
2. Уақытты үнемдеу: Оқытушының тексеру жұмыстарына кететін уақыты 30-50%-ға қысқарады.

Технология	Қолданылуы	Күтілетін нәтиже
Generative AI	Эссе жазу, диалог құру	Шығармашылық жазылымды дамыту
Speech-to-Text	Айтылымды тексеру	Акцентті жою, фонетиканы түзету
Data Analytics	Прогресті бақылау	Оқу жоспарын дербестендіру

Интеграция процесінде «цифрлық плагиат» және «адам факторының азаюы» мәселелері туындайды. Ғылыми тұрғыдан алғанда, ЖИ мұғалімнің эмоционалдық когнитивті қызметін толық алмастыра алмайды. Сондықтан "Human-in-the-loop" (процесті адамның бақылауы) принципін сақтау маңызды.

Duolingo платформасындағы ЖИ алгоритмдері

Duolingo — тек мобильді қосымша емес, бұл тіл үйрену процесіне Big Data (үлкен деректер) мен Machine Learning (машиналық оқыту) технологияларын енгізудің эталоны. Оның тиімділігі келесі ЖИ модельдерімен негізделеді:

1. Birdbrain: Адаптивті оқыту моделі

Duolingo-ның өздігінен білім алатын Birdbrain атты ЖИ жүйесі бар. Ол әрбір пайдаланушының жауаптарын талдай отырып, тапсырманың қиындық деңгейін нақты уақыт режимінде реттейді. Математикалық модель: Егер оқушының сұраққа дұрыс жауап беру ықтималдығы $P \approx 0.8$ (80%) болса, бұл оқушы үшін ең тиімді «жайлылық аймағы» саналады. Егер бұл көрсеткіш жоғары болса — тапсырма қиындайды, төмен болса — жеңілдейді.

2. Duolingo Max және GPT-4 интеграциясы

Жаһандық трендтерге сәйкес, платформа OpenAI-дың GPT-4 моделін интеграциялап, екі жаңа функцияны енгізді:

- "Explain My Answer" (Менің жауабымды түсіндір): Оқушы қате жіберген жағдайда, ЖИ оның себебін грамматикалық тұрғыдан жеке түсіндіріп береді (виртуалды репетитор рөлі).

- "Roleplay" (Рөлдік ойын): Пайдаланушы ЖИ-мен түрлі сценарийлер бойынша (дәмханада тапсырыс беру, әуежайда сөйлесу) еркін диалогқа түседі. Бұл коммуникативтік дағдыларды шынайы өмірге жақындатады.

Duolingo-дағы дәстүрлі оқыту мен ЖИ-интеграциясының айырмашылығы

Көрсеткіш	Дәстүрлі цифрлық оқыту	Duolingo (ЖИ негізінде)
Мазмұн	Барлық қолданушыға бірдей	Әр қолданушыға жеке (Birdbrain)
Кері байланыс	Тек "дұрыс/бұрыс"	Қате себебін талдау (Explain My Answer)
Тілдік практика	Статикалық жаттығулар	ЖИ-мен еркін сөйлесу (Roleplay)
Мотивация	Өздігінен бақылау	Прогноздық алгоритмдер арқылы "Streak" жүйесі

"Duolingo тәжірибесі көрсеткендей, ЖИ-ді интеграциялау тіл үйренуді тек автоматтандыру емес, оны әрбір білім алушының жеке психологиялық және когнитивтік ерекшеліктеріне бейімдеу (personalization). Бұл жаһандық білім беру трендтеріндегі «жаппай қолжетімді жеке оқыту» тұжырымдамасын іске асырудың айқын мысалы болып табылады."

Жазбаша коммуникацияны дамытудағы ЖИ: Grammarly платформасын талдау: Шет тілін оқытудағы жаһандық трендтердің бірі — "Process Writing" (жазу процесін жетілдіру). Grammarly бұл бағытта жай ғана грамматикалық тексеруші емес, интеллектуалды эдитор рөлін атқарады.

Мәтінге терең талдау жасау (Natural Language Processing - NLP) Grammarly контекстік талдау жасау арқылы оқушыға келесі деңгейлерде көмек береді:

- Correctness (Дұрыстығы): Грамматикалық, пунктуациялық және орфографиялық қателерді түзету.
- Clarity (Анықтығы): Күрделі сөйлемдерді қарапайым әрі түсінікті ету бойынша ұсыныстар беру.
- Engagement (Қызықтылығы): Бірсарынды сөздерді синонимдермен алмастыру арқылы мәтінді байыту.
- Delivery (Жеткізу мәнері): Мәтіннің тонын (ресми, сенімді, достық) реттеу.

Grammarly GO: Генеративті ЖИ интеграциясы: Жаңадан енгізілген Grammarly GO функциясы (генеративті ЖИ) студенттерге мынадай мүмкіндіктер береді:

- Идеяларды концептуализациялау: Берілген тезистер негізінде мәтіннің жоспарын құру.
- Стильді трансформациялау: Мәтінді бір стильден (мысалы, бейресми) екінші стильге (академиялық) лезде өзгерту.

Жазбаша дағдыларды дамытудағы дәстүрлі тәсіл мен Grammarly-дің айырмашылығы

Критерий	Дәстүрлі тәсіл (Сөздікпен жұмыс)	Grammarly (ЖИ интеграциясы)
Кері байланыс уақыты	Мұғалім тексергенше бірнеше күн	Нақты уақыт режимінде (Instant)
Қатені түсіндіру	Тек түзету көрсетіледі	Қатенің неге қате екенін ережемен түсіндіреді
Стильдік сауаттылық	Интуитивті түрде (тәжірибемен келеді)	ЖИ алгоритмдері арқылы автоматты талдау
Академиялық адалдық	Плагиатты тексеру қиын	Плагиатты тексеру және дұрыс цитата келтіруді үйрету

Интеграциялық модель: Duolingo + Grammarly симбиозы: Ғылыми мақаланың қорытындысында бұл екі құралды кешенді қолданудың маңыздылығын атап өту керек:

1. Duolingo — бастапқы және орта деңгейдегі *интуитивті тіл меңгеру* мен *сөйлеу дағдылары* үшін (Input/Output).
2. Grammarly — жоғары деңгейдегі *академиялық сауаттылық* пен *кәсіби жазылым* үшін.

"Grammarly сияқты платформалардың білім беруге интеграциялануы «Scaffolding» (тірек білім) теориясын жаңа деңгейге шығарады. ЖИ оқушының орнына жазып бермейді, ол оқушының жазу процесіндегі когнитивтік жүктемесін азайтып, оның назарын тілдік құрылымдарды тереңірек түсінуге бағыттайды. Бұл жаһандық білім берудегі «ақылды ассистент» тұжырымдамасының басты көрінісі.

Жаһандық трендтер жағдайында шет тілін оқытуды ЖИ-мен интеграциялау — білім берудің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыратын эволюциялық процесс. Болашақ білім беру моделі технология мен адам педагогикасының симбиозына негізделуі тиіс. Бұл білім алушыларға тек тілдік білім беріп қана қоймай, цифрлық дәуірде қажетті сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Баймұхамедова Г. С., Тәжіғұлова А. И. Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру. // Хабаршы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2021. – №3 (66). – 45-52 бб.
2. Luckin, R. Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education in the 21st Century. – London: UCL Press, 2018. – 232 p.
3. Knyazeva S., Guitert M. Artificial Intelligence in Education: Challenges and Opportunities for Sustainable Development. – UNESCO IITE, 2021. – 134 p.
4. Settles, B., Meeder, N. A Trainable Spaced Repetition Model for Language Learning. // Proceedings of the 54th Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics. – Berlin, 2016. – Pp. 1848–1858. *(Duolingo-ның Birdbrain алгоритмінің ғылыми негізі).*
5. Fitria, T. N. Grammarly as AI-powered English Writing Assistant: Students' Alternative for Self-Correction. // Metathesis: Journal of English Language, Literature, and Teaching. – 2021. – Vol. 5, No. 1. – Pp. 65-78.
6. Holmes, W., Bialik, M., Fadel, C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019. – 210 p.
7. Ахметова Г. К. Қазақстанның жоғары мектебіндегі цифрлық трансформация: мәселелері мен болашағы. – Алматы: «Өрлеу», 2022. – 180 б.
8. Vial, G. Understanding digital transformation: A review and a research agenda. // The Journal of Strategic Information Systems. – 2019. – Vol. 28, Issue 2. – Pp. 118-144.
9. Duolingo Team. Birdbrain: personalized learning at scale. [Электрондық ресурс]. – URL: https://blog.duolingo.com/birdbrain-personalized-learning-at-scale/ (қаралған күні: 08.05.2024).
10. Grammarly AI. Using Generative AI to improve communication. [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.grammarly.com/blog/generative-ai-guidelines/ (қаралған күні: 08.05.2024).

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ

Керимбаева З.К., Аяпова Б.А.
Ж.А. Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.

Аннотация. В статье рассматриваются методы преподавания казахских пословиц и поговорок в начальных классах и языковые художественно-изобразительные средства**.** Бастауыш сыныптарда мақал-мәтелдерді оқыту– оқушылардың сөздік қорын байыту, ойлау қабілетін дамыту және адамгершілік тәрбие берудің негізгі құралы. Бұл процесс сабақтарда (тіл, әдебиеттік оқу), тақырыптық бөлімдерде және арнайы тәрбие сағаттарында жүйелі түрде жүргізіледі.Ойын түрлері, жарыстар, мағынасын талдау арқылы балаларды жақсылыққа баулу мақсат етіледі. Бастауыш сыныпта мақал-мәтелдерді оқыту баланың тілін дамытып, оны тапқырлыққа, шапшаңдыққа және адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейді.

Мақал-мәтелдер – ғасырлар шежіресі. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі мол көрініс тапқан. Қазақ мақал-мәтелдері– ертек, аңыз-әңгіме, батырлық-ғашықтық жырлар, қара өлеңдер секілді халық шығармаларымен қатар жасап келе жатқан көне жанр. Мақал деген сөз арабшадан алынған. Ол араб тілінде « Ликелли мәканин мәкал» деп аталады, яғни «тауып айтылған сөз» деген мағынаны білдіреді. Түркі тектес халықтар мақал мен мәтелді былайша атайды; өзбекше-мақол, қырғызша- мақал мен лақаптар, татарша-мәкаль һәм әйтем, азербайжанша- аталар сөзі, ұйғырша- мақал ватәмсил, түрікменше-нақылдар ве аталар сөзи, чуваштар-ватам калани, алтайлықтарша- кеп ле укаа сөстер.

XII-XIII ғасырларда сақталған сирек жазба деректерде мақал- мәтелдерді кездестіруге болады. Мәселен, Орхон жазуларында:

«Жырақ болса, жаман сыйлық берер,
Жақын болса, жақсы сыйлық берер»
«Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген (Күлтегіннен).
«Жұқаны таптау оңай, жіңішкені үзу оңай».
«Өлімнен ұят күшті» (Тонықөктен) деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз.

Мақал-мәтелдердің мағынасын былай қойғанда, атамаларының өздері ғалымдардың назарын өзіне аударып, дәлелдеуге тұрарлық зерттеу нысанына айналды. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде «сав» және «сөз» атауы шығармашылық атауы орнына жұмсалған(49,478).Қара сөз үлгісінде айтылған шежіре, әңгіме, тарихи әңгіме, оқиғалы аңыз әңгіме жанры «сав» деп аталған. Тіпті мақал сөз жанрында «сав» деп атаған. М.Қашғаридің «Дивани лұғат-ат түркте «**сав»** мақал, мәтел, үлгі сөз дегеннің орнына жұмсалған. М. Қашғари былай дейді: «**сав**» –аталар сөзі. Сол үшін де савда мұндағ келіп–аталар сөзінде осылай деп келеді [46,168]. Ю.Баласағуни **caw** орнына **абучқа** сөзін немесе **емзалды** қолданған[47,1].

Мақал-мәтелдерді жинап, жазып қағаз бетіне түсіру баспасөз арқылы жариялау XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Белгілі бір жүйемен берілген өте көлемді еңбек деп 1899 жыл Орынборда басылып шыққан В.Катаринскийдің «Сборник киргизских пословиц» деген кітабын санаймыз. В.Катаринскийдің жинағына мың жарымнан артық мақал-мәтелдер енгізілген. Олар бірнеше тақырыптарға жіктелген.

Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген- ғалым Ш.Уәлиханов . Ш.Уәлиханов пен Л.И.Березин архивтерінде XIX ғасырдың 50-жылдарында ел аузынан жазып алынған 200 аса мақал-мәтел сақталған. Солардың ішінде күні бүгінге дейін құнын жойған «Ақыл – дария,көңіл – дүлдүл», « Тотықұс бойын көріп сырлана-ды, аяғын көріп қорланады» деген мақал бар.

Ал М.Қашқаридің «Дивани луғат-ат түрік» сөздігінде жазылған күйінде (аздаған фонетикалық өзгерісімен) сақталған: Ач не йемес, тоқ не темес; Бар-бақыр, йоқ-алтун т.б. Ал бірсыпырасы аздаған грамматикалық (формалық) өзгерісімен сақталған:Кіші аласы ічтін, ылқы аласы таштын-(Кісі аласы ішінде,жылқы аласы сыртында);Құш қанатын, ер атын (құс қанатымен, ер атымен)т.б. Енді бірсыпырасы аздаған лексикалық, формалық өзгерісімен сақталған: Қуруқ қашуқ ағызға йарамас, куруғ сөз қулаққа йақышмас т.б. « Ұлы болсаң,кішік бол,халық үшін бәлік бол». « Тай ат болса, ат тынар, ұл ер болса,ата тынар» дейтін мақалдарды, ал **«Құдатғу біліктен»: «**Біліп сөйлеген білікке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр», «Ауыздан бірде от, бірде су шығар, бірі жанса, бірі сөндірер» дейтін мақал- мәтелдерді оқимыз.

Қазақ мақалдары XIX ғасырда-ақ Европа халықтарына мәлім бола бастаған.Белгілі бір жүйемен берілген, өте көлемді еңбек деп 1899 жылы Орынборда басылып шыққан В. Катаринскийдің «Сборник киргизских пословиц» деген кітабын санаймыз. Бұл жинаққа мың жарымнан артық мақал- мәтелдер енгізілген. Олар бірнеше тақырыптарға жіктелген.

Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылы-ғымен ерекшелінеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытылады.Мақал-мәтел–көлемі, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем. Сондықтан да ол жаттауға, есте сақтауға, керекті жерінде қынаптан қылыш суырғандай жаңғыртуға, пайдалануға оңтайлы. Мақал-мәтел–халықтың көп жылдық, сан ғасырлық көріп-білгенінен, бастан кешкенінен, қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы; табиғатта,өмірде үнемі болып, қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.

А. Байтұрсынұлы «Сөз өнерінің ғылымы» және «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесіне» тоқтай келіп, оларды өрнекті сөйлемдер, шешен сөз, дарынды сөз, ділмар сөз деп бөледі де, әрқайсысына жеке-ждеке тоқтайды. Солардың ішінде мақал мен мәтелге айрықша орын беріледі. «Мәтел. Мәтел дегеніміз кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады»[13,250].

« Мақал үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді, – дейді М.Ғабдуллин. – Ол адам өмірін, тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар уақиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады.Ал мәтелдерде бұл секілді мазмұнды, оқиғалы әңгімелер өте аз кездеседі. Мәтелдер көбінесе сөз айшығы, көркем теңеу, сөз образы « Бүйректен сирақ шығарып», «Жауырды жаба тоқып», «Көппен көрген ұлы той» ретінде қолданылады. Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады»

[19,78], – деп жазады.

Фольклордың басқа түрлері сияқты мақал-мәтелдер –халық оқулығы, өсиеті, сыры мол дүние туралы білімнің сұрыпталған жиынтығы. Адам бойындағы барлық жақсылықты асқақтатып, жамандықты жерлеп, күлкіге айналдырады. Мұндағы ақыл-кеңес-

тер қысқа да нұсқа,әрі тұжырымды болады. Бұлардың бала тәр-

биесіндегі орны ерекше. Олар жастарды жақсы мінез-құлыққа меңзейді, жамандықтан сақтандырады. Ең алдымен, адалдыққа, қайырымдылыққа, ерлікке, ұйымшылдыққа шақырады, еңбекке баулиды. Биік адамгершілікті насихаттай отырып, қарама-қарсы арамдық, қараулық, ұрлық, өтірік, жалқаулық секілді жарамсыз мінез-құлықтар сыналады.

Халық даналығы ата-анаға ұрпақ тәрбиесі жөнінде моральдық-психологиялық, өнер сайыскерлік ой-пікірлерін, бүкіл халық тәжіри

бесін мирасқа қалдырып отырады. Мәселен, халық ұғымында **ақылдылық–**баға жетпес қазына. Бұл туралы халық «Түйедей бойың болғанша, оймақтай ойың болсын», «Ақыл озбайды, білім тозбайды» дейді. Мақалдар сөзді салмақтап, ойлана айтуға үйретеді ;ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі». Халық даналығы мылжыңдықты ұнатпай, өткір сынға алған. «Құрғақ сөз бас ауыртар», Көп сөз-күміс, аз сөз-

алтын», «Қысыр сөзде қырсық көп». Осы айтылғандардың бәрі ақыл-ой мен зерделіліктің сөйлеу мәдениетімен тығыз ұштасып отырғанын меңзейді Жалпы, бейнелі сөз, шешендік өнерге құрмет о бастан-ақ қазақ психологиясына тән сипат. Сөз –күшті, қуатты, құдіретті қару. «Сөз өнері– дертпен тең». Халқымыз ойға олақ,сөзге шолақ жанды әжуалап, аз сөйлеп, көп ойлап, логикаға жүгініп отыру қажеттігін ескерткен.

Мәселен, «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады»;

«Жүйелі сөз жүйесін табар» т.б. мысалдар сөз құдіретінің психологиялық астары қандай болатынын аңғартады. Мақал-мәтелдер – мағынасы да, формасы да әлдеқашан қалыптасқан, өзгеріске онша ұшырамайтын тұрақты жанр. Халық даналығы үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлік танытқан. «Көп сөз — көмір, аз сөз — алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән – жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында. Мақал-мәтелде бәрі екшелген, сұрыпталған, жымдаса біріккен, ой- өрнек ажыраспас туыстық тапқан. Мысалы, «Қой шелді болмай, төлді болмайды», Осындағы сөздердің бірін де өзгерту мүмкін емес. «Шелді мен төлді» ойымен де, үйлесімімен де іштей үндестік тауып тұр. Оның орнына майлы семіз деген баламаны алсақ, мақал бүкіл шырай-көркінен, мән-мағынасынан айрылады, мақалдық қасиеті жұтаңдайды. Сол сияқты басқа сөздерді де өзгерте алмайсың. Олар осы бітімінде ғана үлкен ой жүгіне ие. Екінші бір мысал. «Ер дәулеті — еңбек». Мұндағы негізгі ой —еңбектің құдыретін, бүкіл игіліктің көзі екенін білдіру. Ой қазығы еңбек болған соң, мақалда «е» дыбысы ерекше естіледі. Мақалға саздылық, үнділік беріп тұрған да сол. Дәулет сөзінің мақал бітіміне кіруі де соған байланысты. Оның орнына ырыс, байлық молшылық т.б. сөздерді ала алмайсың. Онда мақал поэтикалық қасиетінен айрылады.

Мақал-мәтелдерде халық сөзді барынша үнемдеп қолданған. Кейде, тіпті, сөз тастап та кетіп отырады. Бірақ онан мақал-мәтелдің мазмұнына ешқандай нұқсан келмейді. Мысалы, «Ақыл жастан, асыл тастан» дегенде шығады сөзі қалып қойған, бірақ онан мақал ойсырап тұрған жоқ. Жалпы, бейнелі сөз, шешендік өнерге құрмет о бастан-ақ қазақ психологиясына тән сипат. Сөз –күшті, қуатты, құдіретті қару. «Сөз өнері– дертпен тең». Халқымыз ойға олақ,сөзге шолақ жанды әжуалап, аз сөйлеп, көп ойлап, логикаға жүгініп отыру қажеттігін ескерткен.Мәселен, «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Жүйелі сөз жүйесін табар» т.б. мысалдар сөз құдіретінің психологиялық астары қандай болатынын аңғартады.

Мақал-мәтелдер – мағынасы да, формасы да әлдеқашан қалыптасқан, өзгеріске онша ұшырамайтын тұрақты жанр..

Мақал-мәтелдерде халық сөзді барынша үнемдеп қолданған. Кейде, тіпті, сөз тастап та кетіп отырады. Бірақ онан мақал-мәтелдің мазмұнына ешқандай нұқсан келмейді. Мысалы, «Ақыл жастан, асыл тастан» дегенде шығады сөзі қалып қойған, бірақ онан мақал ойсырап тұрған жоқ.

Мақал-мәтелдердің тақырыптары әр алуан. Ол халықтың әлеуметтік, шаруашылық, рухани өмірін түгел қамтиды. Мақал-мәтелдердің басты-басты Отан, туған жер, атамекенге байланысты. Елін, Отанын емірене сүйген халық Отанын шексіз сүюді ұрпағына өсиет еткен. «Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Өз елің — алтын бесік», «Өз елім — өлең төсегім» деген мақалдарда Отанына, еліне деген сүйіспеншілігі терең түйінделген.

Мақал-мәтелдердің үлкен бір саласы еңбекке арналған. Халық еңбекті әр уақытта ардақтап, бүкіл игіліктің көзі деп білген. Бұл «Еңбек түбі береке, көптің түбі — мереке», «Еңбек етсең емерсің», «Ер дәулеті — еңбек»,«Бейнет, бейнет түбі — зейнет» деген мақалдардан анық көрінеді.

Халық еңбек пен бақытты егіз деп қараған. Адамды ер атандырып, құрмет-қуанышқа жеткізетін де — еңбек деп білген. «Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай– ізет», «Еңбек– ерлікке жеткізер, ерлік –елдікке жеткізер», «Еңбек еткен мұратқа жеткен», –деп, халық еңбекті мейлінше дәріптеген.

Сонымен қатар жалқаулықты, еріншектікті мінеген: «Тауық — құс емес, жалқау — кісі емес», «Ақымақ күлкіге тоймас, жалқау ұйқыға тоймас», «Жұмысы жоқтың — ырысы жоқ»,

«Еріншектің егіні піспес», «Еңбек адамды бүтіндейді, жалқаулық адамды түтіп жейді», — деп жалқаулықты шеней отырып, еңбек адамын биіктеткен.

Мақал-мәтелдердің енді бір саласы ерлікке, батырлыққа байланысты туған. Халық ерлік пен елдікті бірдей көрген. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар». «Батыр туса — ел ырысы, жаңбыр жауса — жер ырысы», «Ер бір рет өледі, ез мың рет өледі».

Мақал-мәтелдерде ер мен ез, батыр мен қорқақ қатар айтылады. Сөйтіп, елден туған ерді үлгі-өнеге етеді, қоян жүрек қорқақты сынайды. Жастарды ерлікке баулуды мақсат етеді.

Мақал-мәтелдердің бір алуаны достыққа, жолдастыққа арналған. «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды», «Жақсы дос ашып айтар, жаман дос қасып айтар». «Дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады», достық пен дұшпандықты, жақсы жолдас пен жаман жолдасты салыстыра отырып, адал досты, жақсы жолдасты үлгі етеді.

Енді бір алуан мақал-мәтелдерде өнер-білім, оқу, ғылым дәріптеледі. Халық олардың қоғамдық өмірдегі орнын ерекше бағалаған.Жастарға өнер-білім, тіл үйретуге, жан-жақты тәрбие беруде мақал-мәтелдің мән-маңызы зор.

Білім мен өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып, білімін байытқан бала ғана өмірден өз сыбағасын алып, өз орнын таба алатыны сөзсіз. Адамзат баласының дүние тіршілігіндегі қол жеткен табыстары– адам еңбегінің, ғылым-білімнің жемісі. Сондықтан халық: «Білімді өлмес– қағазда аты қалар, ұста өлмес — істеген заты қалар», «Өнер– ағып жатқан бұлақ, ғылым– жанып тұрған шырақ», «Ғылым– теңіз, білім– қайық», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Білімнен асар байлық жоқ», «Көре-көре көсем болар, сөйлей-сөйлей шешен болар»

Адамгершілікке байланысты мақал-мәтелдер де қазақ мақал-мәтелдерінің ең бір қомақты саласы. «Әдептілік, ар-ұят — адамдықтың белгісі», «Жарлы болсаң да арлы бол», «Тәні сұлу — сұлу емес, жаны сұлу — сұлу».

Мақалда бала тәрбиесіне де үлкен мән берілген. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең , ұшқанда соны ілесің», «Қызды асырай алмаған күң етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді», «Сіз» деген сыпайылық, «сен» деген анайылық» деген мақал-мәтелдердің мәнісі жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім-өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған , көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз сыбағасын алмақ.

Мақал-мәтелдердің тура және ауыспалы мағынасы болады. Мысалы, «Өнер алды — қызыл тіл», «Мал– жаным садағасы, жан – арым садағасы», «Ер қанаты — ат», «Елін сүйген ер болар» деген мақалдарда ешқандай астар, тұспал, ауыстырмалы мағына жоқ, ой ашық айтылған, ишаралау жоқ.

Ал екінші бір мақал-мәтелдерде ой астарлы беріледі. Мысалы, «Не ексең, соны орарсың»; «Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар»; «Ырысқа қарай ұл өсер, Қонысқа қарай мал өсер»

Мұның тура мағынасынан гөрі жанама мағынасы басым. Халық бұл мақалдар арқылы істеген ісіңнің, берген тәрбиенің жемісі де, нәтижесі де сол ісіңе, тәрбиеңе орай болады дегенді білдірген. Сол сияқты «Тоқпағы күшті болса, киіз қазық жерге кірер», «Тай атқа, ат мұратқа жеткізер», «Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі», «Жауырды жаба тоқиды» деген мақалдарда да ишара, астар мол. «Тоқпағы күшті болса, киіз қазық жерге кірер» деген мақалды алсақ, бұл екі жай сөйлемнен тұрады. Мұнан мақалдар көбіне екі бөлімді болатынын білеміз. Оның үстіне мақалдарда ой тиянақты. Алдыңғы ой екінші түйінді пікірдің шарты түрінде келеді. Киіз қазықтың жерге кіруі тоқпағының күшті болуына байланысты. «Мезгіл жетсе, мұз да ерір» деген мақалдан да осыны айқын байқауға болады.

Мақал-мәтелдер құстың екі қанаты секілді бір-бірімен байланысты, бірақ олардың араларында аздаған өзгешеліктері мен айырмашылықтары бар.Мақалда адамның нәзік сезімдері мен терең ойлары ашық айтылады, дәлме-дәл көрсетіп, бейнелейді.

Мысалы: «Білімді өлмес-қағазда аты қалар, ұста өлмес-істеген заты қалар», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ»; «Ағаш тамырымен, адам жолдасымен мықты».

Мақал–нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтың бейнелі поэтикалық жанрларының бір түрі, ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі. Мақалдар көбіне өлең үлгісінде, кейде қара сөзбен де айтылады.

Мақалда бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар мен нәрселерді салыстыру арқылы ой-пікірді айқындай түсу тәсілі басым келеді. Мақал шендестіруге құрылады. Мысалы, «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді», «Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені, еменнің иілгені — сынғаны». Осы келтірілген мақалдардың өзінен өмір құбылыстары типтендіріліп, дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей жүріп отыратындығын байқаймыз. Ал мәтел құрылысы жағынан мақалдан өзгешерек. «Әлін білмеген әлек», «Көппен көрген ұлы той» деген мәтелде тұспал ғана бар, мағына ашық емес, қорытынды пікір жоқ. «Сауысқан тоты боламын деп жүрісінен жаңылыпты»деген мәтелдегі сөз сауысқан туралы емес, сауысқан тектес, әсіре қызыл, еліктегіш,әсершіл адамды сынаған. Біреулер бар өзінің дербес қасиеттерін жоғалтып, ықпалды адамдардың әуеніне төңкеріліп, соның

көлеңкесіне тасаланады, өмірдің ағысынан өзін-өзі таба алмай әуре

болады. Аталған мәтел сол образды бейнелеген. Осы бейнелі сөз айшығы арқылы берілген ойды тыңдаушы өзі топшылайды, мәтелде дәлелдеу де, тиянақты тұжырым да болмайды. Мәтел сөздің сырын белгілі бір құбылысты астарлап, жұмбақтап, бейнелеп айтады. Мәтел сыңар тармақ болып келеді.Сөз үстемелене келіп, мақалға айналады.

Мысалы: Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке– мәтел.

Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке жолығасың – мақал.

Мәтел тура, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Мәтел адамның айтқан пікіріне ой қосады, сезімін әсерлі де айшықты жеткізеді. Мақал мен мәтел бір-бірінен осындай белгілермен айырылады.

Мысалдар:

1.Өзі тойса да, көзі тоймайды.

2.Жығылған үстіне жұдырық.

3.Бетегеден биік, жусаннан аласа.

4.Көппен көрген ұлы той.

Мақал-мәтелдің көркемдік ерекшелігі. Мақал-мәтел — сөз мәйегі, асылы, саф алтыны. «Мақал — сөз атасы». Олар сөз дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді.

Мақал-мәтелдер нақыл сөз есебінде қызмет атқарады. Прозалық, поэтикалық құрылымды боп келеді. Олардың қайсысынан болсын проза, поэзияға тән ырғақ, үйлесім, саз, интонация — барлығы да бар.

Мақал-мәтелдер дыбыс үндестігіне негізделген. Сондықтан олар музыкалық саздылығымен оқушысына әсер етеді, мақалдағы негізгі ойға жетектейді.

Фольклорист М.Әуезов қазақ мақалдары мен мәтелдерінің көпшілігі өлең түрінде келетіндігін, ондағы ассонанс, аллитера-

циялардың мол болатындығын көрсеткен. Мысалы, «Ердің ісі — келіс, ездің ісі — керіс» деген мақалды алалық. Осында «е, і» дыбыстары бірнеше рет қайталанған.

Сол дыбыстар мақалдың саздылығын күшейтумен бірге, құлаққа жатық та әсем үн естіледі. Мақалдағы негізгі ой ер мен езге байланысты. Әңгіме солардың бойындағы адамгершілік қасиет туралы. Дыбыстық өрнектер де соған орай. Сонан соң осы мақалдардағы сөздер үйлесе үн тапқан. Негізгі ұйқас жол аяғындағы «келіс» пен «керіс» сөздеріне негізделсе, мақалдағы басқа сөздер іштей

үйлескен. «Ердің ісі» мен «ездің ісі» ішкі ұйқасқа сүйенген. Бұл ұйқастар мақалды ажарландырып тұр.

Сондай-ақ «Түсі игіден түңілме» деген мақалда жақсы жамандыққа бармайды, ол жақсылыққа әзір деген ойды «т, і» дыбысы арқылы өрнектеген. Екіншіден, сол ойды әрі кейіптеу арқылы жақсы білдірген.

Сол сияқты: «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу».

Таз таранғанша той тарқар.
Қотыр қолда қола сақина.
Туған елдің қадірін ,
Шетте жүрсең білерсің.
Тепкі көріп тентіреп,
Текке жүрсең білерсің.
Сөйлей білмес жаманның,
Сөзі өтпес бір пышақ;
Сөз білетін адамның ,
Әр сөзіне бір тұсақ.
Кісі болар баланың
Кісіменен ісі бар.
Кісі болмас баланың ,
Кісіменен несі бар.

Аталған мақал-мәтелдердің көркемдік құны олардың ұйқастары мен ырғақтарында. Бұл мақал-мәтелдердің тармақтары т, с, к, б.дауыссыз дыбыстарынан басталып, аллитерация жасап тұр.

Ақ қалпақты көрінсе,
Атекем менің демеймін бе?
Ақ жаулықты көрінсе,
Енекем менің демеймін бе?

Ердің сыншысы елі,
Ел күйінгенде– күйінген батыр,
Ел сүйінгенде – сүйінген батыр,
Ерегісте мыңға татыр.
Оқу түбі – тоқу.
Оқымаған бір бала,
Оқыса екі бала.

Бұл мақал-мәтелдердің тармақтары а,е,о дауысты дыбыстардан басталып, ассонанс жасап тұр.

Мақал-мәтелдерде көп қолданылатын көркем өрнек — синтаксистік параллелизм. Мысалы,

«Жолдасын таппаған ер азады,
Қордасын таппаған жер азады»,
«Су кірді тазартса, оқу миды тазартады»,
«Сүңгінің жарасы бітер, тілдің жарасы бітпес».

Айталық, жолдас қадірін білдіру үшін, сол ойын оқушысына жеткізу үшін ер мен жерді қосарлап алып, кесте жасайды. Ал «Сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес» деген өрнектерде «еттен өтіп, сүйекке жетер» тіл тәңірісін ғаламат өрнектеген.

Мақал-мәтелдерде бейнелі көркем сөз айшықтарының нелер асылы кездеседі. Оларда теңеу арқылы да көркем өрнек жасалынады.

Мысалы, «Түсіне қарасаң күндей, ішіне қарасаң түндей». Жүзі күндей күлімдеп, іші мерез, сұм адамдарды «түндей» деген теңеу арқылы қапысыз танытқан.

Мақалдағы көркемдік тәсілдердің бірі — әсірелеу. Мысалы, «Тарыдан тау, тамшыдан көл». Мақал-мәтелдерден көркем сөз айшықтарының бәрін кездестіреміз.

«Еңбек — ырыстың бұлағы, еңбек — бақыттың шырағы», «Еңбексіз — өмір тұл, ойсыз — көңіл тұл», «Кітап — білім бұлағы, білім — өмір шырағы» сияқты метафора, «Талапсыз адам — табансыз, алымсыз адам — шалымсыз», «Өрлеген балық ауға жолығады, өр көкірек

жігіт дауға жолығады». «От ауызды, орақ тісті» сияқты эпитет, «Кітап — көзі жұмыққа арзан, көзі ашыққа — маржан» сияқты метонимия мақал-мәтелдерде мол ұшырасады.

Мақал- мәтелдер ертеден қалыптасқан дайын күйінде қолданылады. Олар бір немесе бірнеше тармақтан құралады. Мақал-мәтелдерде қайталау, теңеу, ұлғайту, әсірелеу сияқты айшықтау тәсілдері молынан қолданылады.

Жалпы, мақал-мәтелдер бейнелі өрнекке толы. Мақал-мәтелдер көркемдік бейнелі сөз айшықтарымен әсерлі. Олардың айтуға оралымдылығы, тілге үйіріле кететіндігі, ойдың өткірлігі, ұшқырлығы, тереңдігі мақал-мәтелдердің көркемдік осы сапаларымен байланысты.Мұндай орынды қолданылған бейнелеу құралдары мақалдың ажарын ашып, ой өткірлігін арттырады, адамның бойында мәдени дағдыларды қалыптастырады. Халық өзінің тәлімгерлік трактаттарын мақалдар мен мәтелдерге шебер сыйғыза білген.

Мақал мен мәтелдің озық артықшылығы– ойды сығымдап, нақышты әрі әсерлі,санаулы сөзбен әрі өткір, әрі мәнді айтып суреттеуінде.

Мақал- мәтелдердің тағылымдық, тәлім-тәрбиелік, өсиет-өнегелік маңызы аса зор.

Мақал-мәтелдерді оқыту– баланың тілін дамытып, оны тапқырлыққа, шапшаңдыққа және адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейді.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.Алматы, 1992
2. Ә. Диваев. Казахская народная поэзия. Алма-Ата :Наука,1964
3. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Ана тілі,1997.
4. М.Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы,1974.
5. Аталар сөзі. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер. – Алматы,1989.
6. Керімбаева З. Қазақ мақал-мәтелдер синтаксисі.– Шымкент, 2004.
6. А.Байтұрсынов, Шығармалары. –Алматы:Жазушы,1989.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ САРАЙШЫҚ ПЕН БАРЧИНКЕНТ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ РӨЛІ

[1]Талеев Д.А., [2]Апашева С.Н.

[1]т.ғ.к., археолог.
Ж.А.Ташенев университеті АҚ
«Гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының
E-mail:doc19_59@mail.ru,
https://orcid.org: 0000-0002-1694-3762
[2]Ж.А.Ташенев университеті АҚ
«Гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының
т.ғ.к., қауым профессор (доцент)
E-mail: Sabira66_66@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-0303-2775

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан аумағындағы ортағасырлық қалалардың моңғол шапқыншылығынан кейінгі тағдыры мен қайта жандануы қарастырылады. Шыңғысхан әскерлерінің жорықтары аймақтың саяси, экономикалық және мәдени дамуын уақытша тежегенімен, археологиялық және нумизматикалық деректер қираған қалалардың көп ұзамай қайта өркендегенін дәлелдейді. Олардың ішінде Сарайшық пен Баршынкент қалалары Алтын Орда дәуірінде ерекше маңызға ие болды. Сарайшық Жошы ұрпақтарының қасиетті пантеоны әрі саяси орталығы ретінде танылып, хандық билікке келу рәсімдері өткен орын болды. Қала Жайық бойындағы ірі сауда-қолөнер орталығы ретінде де дамыды, ислам дінінің таралуына ықпал етті.

Баршынкент болса сопылық дәстүрлердің таралуына ықпал еткен діни орталық ретінде белгілі. Баршынкенттің орнында жүргізілген археологиялық қазбалар барысында XIV ғ. ислам архитектурасы стилінде салынған бірнеше мавзолейдің ашылуы, қаланың діни мәртебесін дәлелдеді. Жазба деректерде Баршынкенттің сопылық шейхтар мен діни ғұламалардың мекені болғаны айтылады. Осылайша, екі қала да Алтын Орда дәуірінде саяси, діни және мәдени өмірдің маңызды орталықтары ретінде Қазақстан тарихында айрықша орын алады.

Түйін сөздер: Тарих, Алтын Орда, қалалар, Сарайшық, Баршынкент, археология, деректер, қазба.

Abstract. This article examines the fate and revival of medieval cities in the territory of Kazakhstan after the Mongol invasion. Although the campaigns of Chinggis Khan's armies temporarily hindered the political, economic, and cultural development of the region, archaeological and numismatic evidence demonstrates that the destroyed cities soon experienced a resurgence. Among them, the cities of Sarayshyk and Barchinkent held particular significance during the Golden Horde period. Sarayshyk was recognized as the sacred pantheon of the Jochid lineage and as a political center where enthronement ceremonies took place. The city also developed as a major trade and craft hub along the Ural River and contributed to the spread of Islam. Barchinkent, in turn, became known as a religious center that promoted Sufi traditions. Archaeological excavations at the site revealed several mausoleums built in the style of Islamic architecture of the 14th century, confirming the city's religious status. Written sources note that Barchinkent was home to Sufi sheikhs and religious scholars. Thus, both cities occupied a special place in the history of Kazakhstan as important centers of political, religious, and cultural life during the Golden Horde era.

Keywords: History, Golden Horde, cities, Sarayshyk, Barchinkent, archaeology, sources, excavation.

Кіріспе

Орта Азия мен Қазақстан тарихында XIII ғасырдың басындағы моңғол шапқыншылығы халықтардың тағдырына үлкен өзгеріс әкелді. Шыңғысхан әскерлерінің жорықтары көптеген қалаларды қиратып, аймақтың саяси, экономикалық және мәдени дамуын ұзақ уақытқа тежеді (История Казахстана, 1998, 89-б.). Дегенмен, жазба деректер мен археологиялық зерттеулер көрсеткендей, бұл қираған қалалар көп ұзамай қайта жанданып, жаңа саяси-экономикалық және мәдени орталықтарға айналған. Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Отырар, Сайрам, Сауран, Созақ, Сүткент, Арқұқ және Сығанақ сияқты қалалар моңғол шапқыншылығынан кейін қайта салынған немесе жаңа орындарда бой көтерген (Байпақов, 2016, 5–7-б.; Петров, Байпақов, Воякин, 2014, 8-б.).

Археологиялық деректер Сауран, Созақ, Сүткент және Арқұқ қалаларының моңғолға дейінгі және кейінгі кезеңдерде әртүрлі орындарда орналасқанын дәлелдейді. Мысалы, Е.А. Смағұлов моңғолға дейінгі Сауранды қазіргі Қаратөбе қалашығымен сәйкестендірсе, кейінгі ортағасырлық Сауран басқа жерде қайта салынғанын көрсетеді (Смағұлов, 2010, 7–11-б.). Сол сияқты Созақ қаласының бастапқы орны Тарса-Төбе қалашығы болғаны анықталған (Маргулан, 1950, 51-б.), ал кейінгі Созақтың орны – Өркақпа Алтын Орда мен Қазақ хандығы дәуіріне тиесілі болған (Талеев, 2021, 39–40-б.). Сырдария бойындағы Сүткент пен Арқұқ қалалары да бірнеше рет орын ауыстырған, олардың мәдени қабаттары моңғол кезеңіне тән белгілерді сақтаған (Талеев, 2022, 61–62, 65–66-б.).

Бұл деректер моңғол шапқыншылығы қалалардың тіршілігін уақытша тоқтатқанымен, кейінгі кезеңде олардың жаңа серпіліс алғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, моңғолға дейінгі кезеңде қалыптасқан, бірақ Жошы ұлысына қосылғаннан кейін ғана ірі сауда және мәдени орталық ретінде қарқынды дамыған елді мекендер де белгілі. Олардың ішінде Сарайшық пен Баршынкент қалалары ерекше орын алады. Сарайшық Жайық бойындағы ірі сауда-қолөнер орталығы әрі Жошы ұрпақтарының қасиетті пантеоны ретінде танылса, Баршынкент сопылық дәстүрлердің таралуына ықпал еткен діни орталық ретінде белгілі болды.

Негізгі бөлім

Сарайшық (Кіші Сарай)

Сарайшық, немесе Кіші Сарай – атауы бүгінгі күнге дейін сақталған тарихи қала. Қазіргі Сарайшық ауылы – уақыттың тоздырғанымен, бай тарихы бар көне қаланың орнында орналасқан. Бұл қала Солтүстік Каспий өңіріндегі ең ірі орталықтардың бірі болып, Шығыс Еуропаны Орта Азия және Қытаймен жалғайтын маңызды керуен жолының бойындағы сауда орталығы ретінде танылған. Археологиялық қазбалар оның қолөнер өндірісінің ірі орталығы болғанын дәлелдейді. Әсіресе, керамика өндірісі кеңінен дамыған: ақ, жасыл, сары, көгілдір түсті жылтырмен қапталған, өсімдік және геометриялық өрнектермен безендірілген көп түсті фаянс тостағандар, табақтар, құмыралар мен сфероконус тәрізді ыдыстар табылған.

Жайық бойындағы бұл қала XIII–XIV ғасырлардағы саяхатшылардың жазбаларында Сарайджүк, Сараджүк, Сараджик атауларымен кездесіп, Еуропа мен Азия шекарасындағы сауда-қолөнер орталығы ретінде сипатталған. Ең ерте деректер араб саудагері әрі саяхатшысы Ибн Баттутаның 1334 жылғы еңбегінде кездеседі. Ол: «Сарадан шыққаннан кейін он күн өткен соң біз Сараджүк қаласына жеттік, джүк – «кіші» деген мағына береді. Осылайша олар бұл қаланы Кіші Сарай деп атаған...» деп жазады (Ибрагимов, 1988, 73-б.).

Сарайшық құрылған кезінен бастап Жошы Ұлысының ішкі саяси өмірі мен халықаралық қатынастардың маңызды оқиғаларының орталығына айналды. Қаланың қарқынды дамуына ислам дінінің таралуы ықпал етті. Берке мен Тұқай-Темірдің исламды қабылдауынан кейін дін Дешті Қыпшақ көшпенділері арасында кең таралды. Өзбек ханның билігі кезінде ислам Золотая Ордада мемлекеттік дінге айналды (Үтеміш-ходжа, 1992, 99-б.; Әбілғазы Баһадүр хан, 1996, 99-б.). Сарайшық Жәнібек (1341–1357 жж.), Бердібек (1357–1359 жж.) хандардың таққа отыру рәсімдері өткен орын болды. Қалада Жәнібек Барақұлы мен Қасым хандардың кесенелері орналасқан (Трепавлов, 2016, 571-б.).

Нумизматикалық деректерге сүйенсек, Сарайшықтың ірі қалалық орталық ретінде өмір сүрген кезеңі XIII ғасырдың ортасынан XV ғасырдың соңына дейінгі аралықты қамтиды. Ең ерте кезеңі Меңгу-Темірдің (1266–1282) тиынының табылуымен белгіленсе, Тоқтамыс ханның (1376–1395) билігі кезіндегі ақша шығару кезеңі қаланың гүлденуінің соңғы дәуірін көрсетеді. Қазба барысында табылған тиындардың басым бөлігі XIV ғасырға жатады, олардың шамамен оннан бірі Сарайшықтың ақша сарайында шығарылған (Самашев, 2006, 88–89-б.).

1395 жылы Әмір Темірдің әскері қаланы қиратып кеткеннен кейін, XV ғасырдың соңында қайта қалпына келтірілген Сарайшық Ноғай Ордасының астанасына айналды (Трепавлов, 2016, 23-б.). Мұнда ноғай билерінің және қазақ ханы Қасымның кесенелері орналасқан. Қасым хан қаланы ноғайлардан қайтарып алып, 1521 жылы осы жерде қайтыс болған (Трепавлов, 2016, 144-б.). XVI ғасырдың соңында ноғай-орыс қатынастары шиеленіскен тұста, 1581 жылы Еділ казактары қаланы басып алып, толықтай қиратты. Хан кесенелері тоналып, қорланды (Левшин, 1823, 9–10-б.; Карамзин, 1842, 224-б.). Осыдан кейін қала біржола құлдырады. Қаланың қирандылары туралы деректер Гербер И., Рычков П., Паллас П.С., Левшин А.И., Гебель К.Ф. еңбектерінде кездеседі (Сарайшық – бабалар мұрасы, 2015).

1996–1998 жылдары З.С. Самашевтің жетекшілігімен жүргізілген археологиялық қазбалар мен тарихи деректерге сүйене отырып, Сарайшық Жошы Ұлысының экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарған, сондай-ақ Алтын Орда хандарының пантеоны орналасқан қасиетті орын болған деген қорытынды жасалды. Бұл пікір алғаш рет З.С. Самашев тарапынан айтылып, кейінгі зерттеулерде расталды (Плахов, Калменов, Әбдіғалиев, 2019; Ахметова, Турарулы, Жұмабаев, 2022).

Барчинкент (Кышкала)

Кышкала қалашығы Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 30 км жерде орналасқан. Бұл ескерткіш XIX ғасырдың соңынан белгілі, алайда оны ортағасырлық Барчинкент қаласының қирандылары деп алғаш рет 1950 жылы А.Х. Марғұлан болжаған. Шығыс деректерінде қала Бархим, Парчин, Барчинкент, Барчканд, Барчкенд атауларымен белгілі. Батыс деректерінде Барчинкент туралы мәліметтер Плано Карпинидің және армян патшасы Гетумның жазбаларында кездеседі (Плано Карпини, 1993).

2018–2022 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ экспедициясы (жетекшісі М. Елеуов, қатысушысы Д. Талеев) жүргізген қазбалар қалашықтың Барчинкентпен сәйкестігін дәлелдеді. Нумизматикалық материалдар ішінде XI ғасырдың монетасы, XIV ғасырдың соңғы үштен бірінде шығарылған мыс және күміс тиындар табылды. Қазбадан табылған 100 ден астам Монеталардың 45%-ы Барчинкентте соғылған. Ең кеш үлгілер қаланың соңғы кезеңін хижра бойынша 780–790 жылдармен біздің заманымыздың 1380–1390 жылдарымен мерзімделеді (Елеуов, Петров, Талеев, 2023). Жазба және археологиялық деректерге сәйкес, қаланың тарихы моңғолға дейінгі кезеңнен басталғанымен, оның экономикалық өрлеуі мен мәдени гүлденуі Алтын Орда дәуіріне сәйкес келеді. А.К. Муминов Алтын Орда аумағында исламның таралуы негізінен үш діни-мәдени орталықтың ықпалымен жүргенін атап өтеді, олардың бірі – Орта Сырдария қалалары, соның ішінде Барчинкент (Муминов, 2004: 121-127). Джамал Карши де Барчинкентті ірі діни орталық ретінде сипаттап, 1273–1274 жылдары Сырдарияға арнайы сапар жасағанын жазады. Ол шайх ал-ислам Хусам ал-милла ва-д-дин Абу-л-Махамид Хамид ибн Асим ал-Асими ал-Барчинлиді ерекше ғалым ретінде сипаттайды (Джамал ал-Карши, 2005).

Алтын Орда хандары исламды суфий шейхтарының ықпалымен қабылдағаны белгілі. Берке исламды Сейф ад-Дин әл-Бахарзиден қабылдаса, Өзбек хан – Сейид-Ата ықпалымен қабылдаған. 1924 жылы Бахчисарай (Қырымдағы) маңындағы Ескі-Жұртта табылған құлпытас мевлана Ахмад ибн Махмуд Барчинлидің қабіріне тиесілі екені анықталды. Бұл дерек Барчинкенттің сопылық дәстүрлермен тығыз байланысын көрсетеді. Ибн Баттута Алтын Орда қалаларындағы суфий қауымдастықтарының завияларын таңданыспен сипаттап, олардың қонақжайлығын атап өтеді (Ибрагимов, 1988, 131). 2018–2022 жылдардағы қазбалар барысында

Кышкалада бірнеше архитектуралық және қоғамдық құрылыстардың қирандылары зерттелді. Қазылған нысандардың үшеуі XIV ғасырдағы ислам архитектурасы стилінде салынған мавзолейлер болып шықты. Кесенелердің бірінің жоспары Түркістандағы Ахмед Яссауи кесенесіне ұқсас, бірақ көлемі кіші. Ғимараттың қасбеті мен бүйір қабырғалары оюлы өрнекпен және түрлі-түсті мозаикамен безендірілген плиткалармен көмкерілген (Талеев, Елеуов, Есенов, 2018, 2026). Осындай жоспар мен архитектуралық келбетке ие ескерткіштер Қазақстанның басқа өңірлерінде және Қырымда да белгілі. Мысалы, Орталық Қазақстанда, Астанадан 100 км оңтүстікте, М.К. Хабдулина XIV–XV ғасырларға жататын Жәнібек-Шалқар мавзолейінің қалдықтарын зерттеген, оның қасбеті мен қабырғаларында мозаика және ою техникасы жағынан Кышкала мавзолейіне өте ұқсас декоративтік кірпіштер қолданылған (Хабдулина, Кожамжаров, Ярыгин, 2011, 208). Кышкала қалашығындағы мавзолейдің қаптау материалдары XIII–XIV ғасырларға жататын Арал теңізінің түбінен табылған Кердері мавзолейінің сәндік элементтерімен де ұқсас (Мамиев, 2002, 106-110). Солтүстік Қазақстандағы Қызылоба мавзолейінің жоспары мен архитектуралық ерекшеліктері Кышкала ескерткішіне жақын келеді. Бұл мавзолейдің бір қабірінен Сарай әл-Махруса – Алтын Орданың астанасында соғылған күміс монеталар табылған, солардың бірінің бетінен хижра бойынша 737 жыл / 1337 жыл айқын оқылады (Тайны Золотой Орды, 2020).

Запорожьедегі Конские горы қалашығындағы мешіттің мозаикалық безендіруінің фрагменті Кышкала мавзолейінің қасбетіндегі әшекейге дәлме-дәл ұқсас. Аталған ескерткіштердің кірпіштері мен декоративтік плиткаларының өлшемдері, мозаикалық өңдеуі, сыртқы қаптау плиткаларындағы өрнектер, мавзолейлердің жоспары мен архитектуралық стилі – барлығы Кышкала қалашығында зерттелген мавзолеймен уақыт жағынан да, мазмұндық тұрғыдан да сәйкес келеді (Гончаров, Зайцев, 2014, 177).

Осы деректердің барлығы Барчинкенттің Алтын Орда дәуіріндегі ірі діни-мәдени орталық болғанын, сопылық дәстүрлердің таралуына ықпал еткенін және ислам архитектурасының көрнекті үлгілерін сақтағанын дәлелдейді. Қалашықтағы археологиялық зерттеулер оның саяси, діни және мәдени өмірде маңызды орын алғанын көрсетеді. Барчинкенттің Алтын Орданың тағы бір қасиетті орталығы ретіндегі маңызын толық ашу үшін Кышкала қалашығында ауқымды әрі кешенді археологиялық зерттеулерді жалғастыру қажет.

Қорытынды

Жазба деректерді талдау, археологиялық және нумизматикалық материалдарды кешенді қарастыру нәтижесінде Сарайшық қаласының Жошы ұрпақтары үшін қасиетті орын болғаны айқындалады. Бұл қала олардың әулеттік кесенелерінің шоғырланған жері ғана емес, сонымен қатар Алтын Орда саяси тарихындағы маңызды оқиғалардың орталығы болды. Дәл осы жерде Жәнібек, Бердібек және, ықтимал, Өзбек хандары таққа отырғаны белгілі (Трепалов, 2016, 23-б.). XV–XVI ғасырдың басында Сарайшықта қалалық өмір жалғасып, ол біраз уақыт Қазақ хандығының батыс астанасы қызметін атқарғаны жөнінде деректер бар. Қаланың соңғы кезеңі Ноғай Ордасының тарихымен тығыз байланысты. Археологиялық деректер Жайық бойындағы қоныстардың бос қалғанын, ал қала халқының оңтүстікке – Сорочинка өзенінің жағасына қарай көшкенін көрсетеді. Бұл құбылыс аймақтың саяси-экономикалық жағдайындағы өзгерістерді айқын бейнелейді.

Кышкала қалашығында (ортағасырлық Баршынкент) жүргізілген археологиялық зерттеулер алғаш рет мұсылман стилінде салынған мавзолейлерді анықтады. Олардың архитектуралық декорының байлығы және Алтын Орданың әртүрлі аймақтарындағы жерлеу ескерткіштерімен ұқсастығы Баршынкенттің діни мәртебесін дәлелдейді. Бұл мавзолейлер жергілікті ақсүйектер мен қоғамда жоғары беделге ие болған сопылық уағызшылардың жерленген орындары болғанын көрсетеді. XIV ғасырдағы сопылық ағартушылар мен діни қайраткерлер туралы жазба деректер жаңа археологиялық жаңалықтармен үйлесіп, Баршынкенттің де Сарайшық сияқты қасиетті орын болғанын дәлелдейді. Мұнда беделді діни тұлғалар өмір сүріп, исламды насихаттап, мәңгілік мекен тапқан.

Осылайша, Сарайшық пен Баршынкент Алтын Орда дәуірінде бір-бірін толықтыратын екі қасиетті орталық ретінде көрінеді: бірі – Жошы ұрпақтарының саяси билік пен әулеттік пантеонының орталығы, екіншісі – сопылық дәстүрлердің таралуына ықпал еткен діни-рухани орталық. Бұл қалалардың тарихы Қазақстанның ортағасырлық мәдениетінің өркендеуін, ислам дінінің орнығуын және аймақтың саяси-экономикалық дамуын айқындайтын маңызды дереккөз болып табылады. Баршынкенттің Алтын Ордадағы қасиетті орталық ретіндегі маңызын толық ашу үшін Кышкала қалашығында ауқымды әрі жүйелі археологиялық зерттеулерді жалғастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абулгази Багадур-хан. Родословное древо тюрков. М.; Ташкент; Бишкек, 1996. С. 99.
2. Ахметова У.Т., Турарулы А., Жумабаев А.Ж. Археологические раскопки средневекового городища Сарайшык // Казахстан археологиясы. 2022. № 2 (16) С. 111–120.
3. Байпаков К.М. Урбанизация Казахстана в XIII – первой половине XV в. / Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга III. часть 1. Алматы: ИА МОН РК, 2016. 594 с.
4. Гончаров Е.Ю., Зайцев И.В. Из Барджиинлыка в Ески-Юрт: мевлена Ахмад бин Махмуд ал-Барджинлигыи // Золотоордынская цивилизация. 2014. № 7. С.176–181.
5. Городище Конское (Конские Воды), Мертвый город. Доступно по URL: https://www.shukach.com/ru/node/525 (дата обращения: 13.01.2024).
6. Джамал ал-Карши. Ал-Мухакат би-с-сурах // История Казахстана в персидских источниках. Т. I. / ответ. Редактор А.К. Муминов Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 410 с.
7. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. –Алматы: Қазақстан, 1997. -128 б.
8. Елеоув М. Е, Петров П.Н., Талеев Д.А., Молдахмет А.А. Нумизматические находки на городище Кышкала // Stratum plus. 2023. № 6. С. 183–192.
9. Ибрагимов Н. Ибн Батута и его путешествия по Средней Азии. М.: Наука, 1988. 131 с.
10. Извлечения из книги Киракос Гандзакеци: История Армении // Извлечения из письменных источников о средневековых городах Сауран и Сыганак / Автор предисловия и составитель М. Елеуов. Туркестан:Международный казакско-турецкий университет имени Ходжа Ахмета Ясави, 2005. 96 с.

11. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). Т.2. / Под ред. М.Х. Асылбекова, К.С. Ал-дажуманова, К.М. Байпакова. Алматы: Атамұра, 1998. 640 с.

12. Карамзин Н.М. История государство Российского. Т.9. Спб., 1842-43. С. 224, прим. 663.

13. Левшин А.И. Историческое и статистическое обозрение Уральских казаков. Спб., 1823. С. 9-10.

14. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1950. 123 с.

15. Мамиев Т. «Кердері» мавзолей ішдегі археологиялық зерттеу // Известия МОН РК, НАН РК. Серия обществ. наук. 2002. №1. С. 103-120.

16. Муминов А. Деятельность ученых-улама из Ирана в Золотой Орде // Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт-и Кипчака в XIII– XVIII вв. Материалы Международного круглого стола. (Алматы, 11–12 марта 2003 г.). Алматы: Дайк-Пресс, 2004. С. 121–127.

17. Муминов А.К. Введение // История Казахстана в арабских источниках. Т. III. Извлечения из сочинений XIII–XVI веков / Отв. ред. А. К. Муминов. Сост., перевод с арабского яз., введ., коммент. А. К. Муминова. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. С. 5–14.

18. Петров П.Н., Байпаков К.М., Воякин Д.А. Монетное дело и денежное обращение в Великой Монгольской империи, государствах Чагатаидов и Джучидов. Казахстан. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2014. 264 с.

19. Петров П.Н., Ускенбай К.З. Вопросы исламизации улуса Джучидов и вероисповедание хана Токты «690/1291 – 712/1312-1313 гг.) // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. 2010. № 1. С. 10–55.

20. Путешествие в Восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы: Ғылым, 1993. 248 с.

21. Рашид ад-дин. Джами ат-таварих // Сборник. Летописи. Т. 1, книга первая. / пер. с перс. Л.А. Хетагурова, редаксия и примечания проф. А.А. Семенова. М.: Издательство АН СССР,1952. 220 с.

22. Самашев З., Қожақов Д., Талеев Д. Сарайчик: проблемы исследование великого города // Проблемы изучение и сохранения исторического наследия / Отв.ред. А.Т. Толеубаев. Алматы: Изд-во КазНГУ им. Аль-Фараби, 1998. 225 с.

23. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қаласының тарихы туралы деректер / ғыл. ред. Ж.К. Жұмабаева. Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. 224 б.

24. Сайфетдинова Э.Г. Дифференциация суфизма в Золотой Орде (на примере пройзведения Махмуда ал-Булгари «Нахдж ал-Фарадис») // Ислам и власть в Золотой Орде / Ред. И.М. Миргалеев, Э.Г. Сайфетдинова. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2012. С. 81-87

25. Смагулов Е.А. Древний Сауран. Алматы: Изд-во. АО АБДИ Компани, 2010. 358 с.: илл.

26. Тайны Золотой Орды: сенсационный археологический памятник временно законсервировали. Доступно по URL: https://ru.sputnik.kz/20201024/Tayny-Zolotoy-Ordy-sensatsionnyy-arkheologicheskiy-pamyatnik-vremenno-zakonservirovali-15287901.html (дата обращения: 14.01.2024).

27. Талеев Д.А. Қаратаудың теріскей бетіндегі ортағасырлық қалалардың археологиялық зерттелу мәселесі // Қазақстан археологиясы. 2021.№ 2. (12). С. 29–41.

28. Талеев Д.А. Сырдарияның сол жағалауындағы қалалардың археологиялық шежіресі: Сүткент және Аркук // Қазақстан археологиясы. 2022. № 1. (15). С. 57-68.

29. Талеев Д.А., Елеуов М., Есенов С. Тағдыры жұмбақ Қышқала // Қазақстан археологиясы. 2018. № 1–2. С. 259–272. Доступно по URL: https://e-history.kz/ru/news/show/6504/ (дата обращения: 13.01.2024).

30. Taleev D., Moldakhmet A. The medieval town Kyshkala (Kyshtobe) – Barshynkent (Barshynly): archaeological research, localization and dating // Қазақстан археологиясы. 2023. № 3 (21). С. 151–163 б. DOI: https://doi.org/10.52967/akz2023.3.21.151.163

31. Дулати Мухаммед Хайдар // Тарих-и Рашиди (Рашидова история) / Отв.ред. И.П. Петрушевский. 2-е изд., доп. Алматы: Санат, 1999. 656 с.

32. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т.II. Персидские источники. М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1941. 308 с.

33. Тизенгаузен В.Г. Золотая Орда в источниках. М.: Наука, 2003. 448 с.

34. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П. Юдина. Комментарии и указатели М.Х. Абусейтовой. Алма-Ата: Ғылым, 1992. 296 с.

35. Ученые предполагает, артефакты подтверждают. Доступно по URL: https://akmomuzey. kz/kz/pages /ns7.html (дата обращения: 13.01.2024).

36. Хабдулина М.К, Кожамжаров К.Т, Ярыгин С.А, Калдыбаев М.С, Сакенов С.К, Свиридов А.Х. Культовые памятники Тенгиз- Коргалжинской впадины. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. 2011. 208с., ил.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ САРАЙШЫҚ ПЕН БАРЧИНКЕНТ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ РӨЛІ

[1]Талеев Д.А., [2]Апашева С.Н.
[1]т.ғ.к., археолог.
Ж.А.Ташенев университеті АҚ
«Гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының
E-mail:doc19_59@mail.ru,
https://orcid.org: 0000-0002-1694-3762
[2]Ж.А.Ташенев университеті АҚ
«Гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының
т.ғ.к., қауым профессор (доцент)
E-mail: Sabira66_66@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-0303-2775

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан аумағындағы ортағасырлық қалалардың моңғол шапқыншылығынан кейінгі тағдыры мен қайта жандануы қарастырылады. Шыңғысхан әскерлерінің жорықтары аймақтың саяси, экономикалық және мәдени дамуын уақытша тежегенімен, археологиялық және нумизматикалық деректер қираған қалалардың көп ұзамай қайта өркендегенін дәлелдейді. Олардың ішінде Сарайшық пен Баршынкент қалалары Алтын Орда дәуірінде ерекше маңызға ие болды. Сарайшық Жошы ұрпақтарының қасиетті пантеоны әрі саяси орталығы ретінде танылып, хандық билікке келу рәсімдері өткен орын болды. Қала Жайық бойындағы ірі сауда-қолөнер орталығы ретінде де дамыды, ислам дінінің таралуына ықпал етті.

Баршынкент болса сопылық дәстүрлердің таралуына ықпал еткен діни орталық ретінде белгілі. Баршынкенттің орнында жүргізілген археологиялық қазбалар барысында XIV ғ. ислам архитектурасы стилінде салынған бірнеше мавзолейдің ашылуы, қаланың діни мәртебесін дәлелдеді. Жазба деректерде Баршынкенттің сопылық шейхтар мен діни ғұламалардың мекені болғаны айтылады. Осылайша, екі қала да Алтын Орда дәуірінде саяси, діни және мәдени өмірдің маңызды орталықтары ретінде Қазақстан тарихында айрықша орын алады.

Түйін сөздер: Тарих, Алтын Орда, қалалар, Сарайшық, Баршынкент, археология, деректер, қазба.

Abstract. This article examines the fate and revival of medieval cities in the territory of Kazakhstan after the Mongol invasion. Although the campaigns of Chinggis Khan's armies temporarily hindered the political, economic, and cultural development of the region, archaeological and numismatic evidence demonstrates that the destroyed cities soon experienced a resurgence. Among them, the cities of Sarayshyk and Barchinkent held particular significance during the Golden Horde period. Sarayshyk was recognized as the sacred pantheon of the Jochid lineage and as a political center where enthronement ceremonies took place. The city also developed as a major trade and craft hub along the Ural River and contributed to the spread of Islam. Barchinkent, in turn, became known as a religious center that promoted Sufi traditions. Archaeological excavations at the site revealed several mausoleums built in the style of Islamic architecture of the 14th century, confirming the city's religious status. Written sources note that Barchinkent was home to Sufi sheikhs and religious scholars. Thus, both cities occupied a special place in the history of Kazakhstan as important centers of political, religious, and cultural life during the Golden Horde era.

Keywords: History, Golden Horde, cities, Sarayshyk, Barchinkent, archaeology, sources, excavation.

Кіріспе

Орта Азия мен Қазақстан тарихында XIII ғасырдың басындағы моңғол шапқыншылығы халықтардың тағдырына үлкен өзгеріс әкелді. Шыңғысхан әскерлерінің жорықтары көптеген қалаларды қиратып, аймақтың саяси, экономикалық және мәдени дамуын ұзақ уақытқа тежеді (История Казахстана, 1998, 89-б.). Дегенмен, жазба деректер мен археологиялық зерттеулер көрсеткендей, бұл қираған қалалар көп ұзамай қайта жанданып, жаңа саяси-экономикалық және мәдени орталықтарға айналған. Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Отырар, Сайрам, Сауран, Созақ, Сүткент, Арқұқ және Сығанақ сияқты қалалар моңғол шапқыншылығынан кейін қайта салынған немесе жаңа орындарда бой көтерген (Байпақов, 2016, 5–7-б.; Петров, Байпақов, Воякин, 2014, 8-б.).

Археологиялық деректер Сауран, Созақ, Сүткент және Арқұқ қалаларының моңғолға дейінгі және кейінгі кезеңдерде әртүрлі орындарда орналасқанын дәлелдейді. Мысалы, Е.А. Смағұлов моңғолға дейінгі Сауранды қазіргі Қаратөбе қалашығымен сәйкестендірсе, кейінгі ортағасырлық Сауран басқа жерде қайта салынғанын көрсетеді (Смағұлов, 2010, 7–11-б.). Сол сияқты Созақ қаласының бастапқы орны Тарса-Төбе қалашығы болғаны анықталған (Маргулан, 1950, 51-б.), ал кейінгі Созақтың орны – Өркақпа Алтын Орда мен Қазақ хандығы дәуіріне тиесілі болған (Талеев, 2021, 39–40-б.). Сырдария бойындағы Сүткент пен Арқұқ қалалары да бірнеше рет орын ауыстырған, олардың мәдени қабаттары моңғол кезеңіне тән белгілерді сақтаған (Талеев, 2022, 61–62, 65–66-б.).

Бұл деректер моңғол шапқыншылығы қалалардың тіршілігін уақытша тоқтатқанымен, кейінгі кезеңде олардың жаңа серпіліс алғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, моңғолға дейінгі кезеңде қалыптасқан, бірақ Жошы ұлысына қосылғаннан кейін ғана ірі сауда және мәдени орталық ретінде қарқынды дамыған елді мекендер де белгілі. Олардың ішінде Сарайшық пен Баршынкент қалалары ерекше орын алады. Сарайшық Жайық бойындағы ірі сауда-қолөнер орталығы әрі Жошы ұрпақтарының қасиетті пантеоны ретінде танылса, Баршынкент сопылық дәстүрлердің таралуына ықпал еткен діни орталық ретінде белгілі болды.

Негізгі бөлім

Сарайшық (Кіші Сарай)

Сарайшық, немесе Кіші Сарай – атауы бүгінгі күнге дейін сақталған тарихи қала. Қазіргі Сарайшық ауылы – уақыттың тоздырғанымен, бай тарихы бар көне қаланың орнында орналасқан. Бұл қала Солтүстік Каспий өңіріндегі ең ірі орталықтардың бірі болып, Шығыс Еуропаны Орта Азия және Қытаймен жалғайтын маңызды керуен жолының бойындағы сауда орталығы ретінде танылған. Археологиялық қазбалар оның қолөнер өндірісінің ірі орталығы болғанын дәлелдейді. Әсіресе, керамика өндірісі кеңінен дамыған: ақ, жасыл, сары, көгілдір түсті жылтырмен қапталған, өсімдік және геометриялық өрнектермен безендірілген көп түсті фаянс тостағандар, табақтар, құмыралар мен сфероконус тәрізді ыдыстар табылған.

Жайық бойындағы бұл қала XIII–XIV ғасырлардағы саяхатшылардың жазбаларында Сарайджүк, Сараджүк, Сараджик атауларымен кездесіп, Еуропа мен Азия шекарасындағы сауда-қолөнер орталығы ретінде сипатталған. Ең ерте деректер араб саудагері әрі саяхатшысы Ибн Баттутаның 1334 жылғы еңбегінде кездеседі. Ол: «Сарадан шыққаннан кейін он күн өткен соң біз Сараджүк қаласына жеттік, джүк – «кіші» деген мағына береді. Осылайша олар бұл қаланы Кіші Сарай деп атаған...» деп жазады (Ибрагимов, 1988, 73-б.).

Сарайшық құрылған кезінен бастап Жошы Ұлысының ішкі саяси өмірі мен халықаралық қатынастардың маңызды оқиғаларының орталығына айналды. Қаланың қарқынды дамуына ислам дінінің таралуы ықпал етті. Берке мен Тұқай-Темірдің исламды қабылдауынан кейін дін Дешті Қыпшақ көшпенділері арасында кең таралды. Өзбек ханның билігі кезінде ислам Золотая Ордада мемлекеттік дінге айналды (Үтеміш-ходжа, 1992, 99-б.; Әбілғазы Баһадүр хан, 1996, 99-б.). Сарайшық Жәнібек (1341–1357 жж.), Бердібек (1357–1359 жж.) хандардың таққа отыру рәсімдері өткен орын болды. Қалада Жәнібек Барақұлы мен Қасым хандардың кесенелері орналасқан (Трепавлов, 2016, 571-б.).

Нумизматикалық деректерге сүйенсек, Сарайшықтың ірі қалалық орталық ретінде өмір сүрген кезеңі XIII ғасырдың ортасынан XV ғасырдың соңына дейінгі аралықты қамтиды. Ең ерте кезеңі Меңгу-Темірдің (1266–1282) тиынының табылуымен белгіленсе, Тоқтамыс ханның (1376–1395) билігі кезіндегі ақша шығару кезеңі қаланың гүлденуінің соңғы дәуірін көрсетеді. Қазба барысында табылған тиындардың басым бөлігі XIV ғасырға жатады, олардың шамамен оннан бірі Сарайшықтың ақша сарайында шығарылған (Самашев, 2006, 88–89-б.).

1395 жылы Әмір Темірдің әскері қаланы қиратып кеткеннен кейін, XV ғасырдың соңында қайта қалпына келтірілген Сарайшық Ноғай Ордасының астанасына айналды (Трепавлов, 2016, 23-б.). Мұнда ноғай билерінің және қазақ ханы Қасымның кесенелері орналасқан. Қасым хан қаланы ноғайлардан қайтарып алып, 1521 жылы осы жерде қайтыс болған (Трепавлов, 2016, 144-б.). XVI ғасырдың соңында ноғай-орыс қатынастары шиеленіскен тұста, 1581 жылы Еділ казактары қаланы басып алып, толықтай қиратты. Хан кесенелері тоналып, қорланды (Левшин, 1823, 9–10-б.; Карамзин, 1842, 224-б.). Осыдан кейін қала біржола құлдырады. Қаланың қирандылары туралы деректер Гербер И., Рычков П., Паллас П.С., Левшин А.И., Гебель К.Ф. еңбектерінде кездеседі (Сарайшық – бабалар мұрасы, 2015).

1996–1998 жылдары З.С. Самашевтің жетекшілігімен жүргізілген археологиялық қазбалар мен тарихи деректерге сүйене отырып, Сарайшық Жошы Ұлысының экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарған, сондай-ақ Алтын Орда хандарының пантеоны орналасқан қасиетті орын болған деген қорытынды жасалды. Бұл пікір алғаш рет З.С. Самашев тарапынан айтылып, кейінгі зерттеулерде расталды (Плахов, Калменов, Әбдіғалиев, 2019; Ахметова, Турарулы, Жұмабаев, 2022).

Барчинкент (Кышкала)

Кышкала қалашығы Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 30 км жерде орналасқан. Бұл ескерткіш XIX ғасырдың соңынан белгілі, алайда оны ортағасырлық Барчинкент қаласының қирандылары деп алғаш рет 1950 жылы А.Х. Марғұлан болжаған. Шығыс деректерінде қала Бархим, Парчин, Барчинкент, Барчканд, Барчкенд атауларымен белгілі. Батыс деректерінде Барчинкент туралы мәліметтер Плано Карпинидің және армян патшасы Гетумның жазбаларында кездеседі (Плано Карпини, 1993).

2018–2022 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ экспедициясы (жетекшісі М. Елеуов, қатысушысы Д. Талеев) жүргізген қазбалар қалашықтың Барчинкентпен сәйкестігін дәлелдеді. Нумизматикалық материалдар ішінде XI ғасырдың монетасы, XIV ғасырдың соңғы үштен бірінде шығарылған мыс және күміс тиындар табылды. Қазбадан табылған 100 ден астам Монеталардың 45%-ы Барчинкентте соғылған. Ең кеш үлгілер қаланың соңғы кезеңін хижра бойынша 780–790 жылдармен біздің заманымыздың 1380–1390 жылдарымен мерзімделеді (Елеуов, Петров, Талеев, 2023). Жазба және археологиялық деректерге сәйкес, қаланың тарихы моңғолға дейінгі кезеңнен басталғанымен, оның экономикалық өрлеуі мен мәдени гүлденуі Алтын Орда дәуіріне сәйкес келеді. А.К. Муминов Алтын Орда аумағында

исламның таралуы негізінен үш діни-мәдени орталықтың ықпалымен жүргенін атап өтеді, олардың бірі – Орта Сырдария қалалары, соның ішінде Барчинкент (Муминов, 2004: 121-127). Джамал Карши де Барчинкентті ірі діни орталық ретінде сипаттап, 1273–1274 жылдары Сырдарияға арнайы сапар жасағанын жазады. Ол шайх ал-ислам Хусам ал-милла ва-д-дин Абу-л-Махамид Хамид ибн Асим ал-Асими ал-Барчинлиді ерекше ғалым ретінде сипаттайды (Джамал ал-Карши, 2005).

Алтын Орда хандары исламды суфий шейхтарының ықпалымен қабылдағаны белгілі. Берке исламды Сейф ад-Дин әл-Бахарзиден қабылдаса, Өзбек хан – Сейид-Ата ықпалымен қабылдаған. 1924 жылы Бахчисарай (Қырымдағы) маңындағы Ескі-Жұртта табылған құлпытас мевлана Ахмад ибн Махмуд Барчинлидің қабіріне тиесілі екені анықталды. Бұл дерек Барчинкенттің сопылық дәстүрлермен тығыз байланысын көрсетеді. Ибн Баттута Алтын Орда қалаларындағы суфий қауымдастықтарының завияларын таңданыспен сипаттап, олардың қонақжайлығын атап өтеді (Ибрагимов, 1988, 131). 2018–2022 жылдардағы қазбалар барысында

Кышкалада бірнеше архитектуралық және қоғамдық құрылыстардың қирандылары зерттелді. Қазылған нысандардың үшеуі XIV ғасырдағы ислам архитектурасы стилінде салынған мавзолейлер болып шықты. Кесенелердің бірінің жоспары Түркістандағы Ахмед Яссауи кесенесіне ұқсас, бірақ көлемі кіші. Ғимараттың қасбеті мен бүйір қабырғалары оюлы өрнекпен және түрлі-түсті мозаикамен безендірілген плиткалармен көмкерілген (Талеев, Елеуов, Есенов, 2018, 2026). Осындай жоспар мен архитектуралық келбетке ие ескерткіштер Қазақстанның басқа өңірлерінде және Қырымда да белгілі. Мысалы, Орталық Қазақстанда, Астанадан 100 км оңтүстікте, М.К. Хабдулина XIV–XV ғасырларға жататын Жәнібек-Шалқар мавзолейінің қалдықтарын зерттеген, оның қасбеті мен қабырғаларында мозаика және ою техникасы жағынан Кышкала мавзолейіне өте ұқсас декоративтік кірпіштер қолданылған (Хабдулина, Кожамжаров, Ярыгин, 2011, 208). Кышкала қалашығындағы мавзолейдің қаптау материалдары XIII–XIV ғасырларға жататын Арал теңізінің түбінен табылған Кердері мавзолейінің сәндік элементтерімен де ұқсас (Мамиев, 2002, 106-110). Солтүстік Қазақстандағы Қызылоба мавзолейінің жоспары мен архитектуралық ерекшеліктері Кышкала ескерткішіне жақын келеді. Бұл мавзолейдің бір қабірінен Сарай әл-Махруса – Алтын Орданың астанасында соғылған күміс монеталар табылған, солардың бірінің бетінен хижра бойынша 737 жыл / 1337 жыл айқын оқылады (Тайны Золотой Орды, 2020).

Запорожьедегі Конские горы қалашығындағы мешіттің мозаикалық безендіруінің фрагменті Кышкала мавзолейінің қасбетіндегі әшекейге дәлме-дәл ұқсас. Аталған ескерткіштердің кірпіштері мен декоративтік плиткаларының өлшемдері, мозаикалық өңдеуі, сыртқы қаптау плиткаларындағы өрнектер, мавзолейлердің жоспары мен архитектуралық стилі – барлығы Кышкала қалашығында зерттелген мавзолеймен уақыт жағынан да, мазмұндық тұрғыдан да сәйкес келеді (Гончаров, Зайцев, 2014, 177).

Осы деректердің барлығы Барчинкенттің Алтын Орда дәуіріндегі ірі діни-мәдени орталық болғанын, сопылық дәстүрлердің таралуына ықпал еткенін және ислам архитектурасының көрнекті үлгілерін сақтағанын дәлелдейді. Қалашықтағы археологиялық зерттеулер оның саяси, діни және мәдени өмірде маңызды орын алғанын көрсетеді. Барчинкенттің Алтын Орданың тағы бір қасиетті орталығы ретіндегі маңызын толық ашу үшін Кышкала қалашығында ауқымды әрі кешенді археологиялық зерттеулерді жалғастыру қажет.

Қорытынды

Жазба деректерді талдау, археологиялық және нумизматикалық материалдарды кешенді қарастыру нәтижесінде Сарайшық қаласының Жошы ұрпақтары үшін қасиетті орын болғаны айқындалады. Бұл қала олардың әулеттік кесенелерінің шоғырланған жері ғана емес, сонымен қатар Алтын Орда саяси тарихындағы маңызды оқиғалардың орталығы болды. Дәл осы жерде Жәнібек, Бердібек және, ықтимал, Өзбек хандары таққа отырғаны белгілі (Трепалов, 2016, 23-б.). XV–XVI ғасырдың басында Сарайшықта қалалық өмір жалғасып, ол біраз уақыт Қазақ хандығының батыс астанасы қызметін атқарғаны жөнінде деректер бар. Қаланың соңғы кезеңі Ноғай Ордасының тарихымен тығыз байланысты. Археологиялық деректер Жайық

бойындағы қоныстардың бос қалғанын, ал қала халқының оңтүстікке – Сорочинка өзенінің жағасына қарай көшкенін көрсетеді. Бұл құбылыс аймақтың саяси-экономикалық жағдайындағы өзгерістерді айқын бейнелейді.

Кышкала қалашығында (ортағасырлық Баршынкент) жүргізілген археологиялық зерттеулер алғаш рет мұсылман стилінде салынған мавзолейлерді анықтады. Олардың архитектуралық декорының байлығы және Алтын Орданың әртүрлі аймақтарындағы жерлеу ескерткіштерімен ұқсастығы Баршынкенттің діни мәртебесін дәлелдейді. Бұл мавзолейлер жергілікті ақсүйектер мен қоғамда жоғары беделге ие болған сопылық уағызшылардың жерленген орындары болғанын көрсетеді. XIV ғасырдағы сопылық ағартушылар мен діни қайраткерлер туралы жазба деректер жаңа археологиялық жаңалықтармен үйлесіп, Баршынкенттің де Сарайшық сияқты қасиетті орын болғанын дәлелдейді. Мұнда беделді діни тұлғалар өмір сүріп, исламды насихаттап, мәңгілік мекен тапқан.

Осылайша, Сарайшық пен Баршынкент Алтын Орда дәуірінде бір-бірін толықтыратын екі қасиетті орталық ретінде көрінеді: бірі – Жошы ұрпақтарының саяси билік пен әулеттік пантеонының орталығы, екіншісі – сопылық дәстүрлердің таралуына ықпал еткен діни-рухани орталық. Бұл қалалардың тарихы Қазақстанның ортағасырлық мәдениетінің өркендеуін, ислам дінінің орнығуын және аймақтың саяси-экономикалық дамуын айқындайтын маңызды дереккөз болып табылады. Баршынкенттің Алтын Ордадағы қасиетті орталық ретіндегі маңызын толық ашу үшін Кышкала қалашығында ауқымды әрі жүйелі археологиялық зерттеулерді жалғастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Абулгази Багадур-хан. Родословное древо тюрков. М.; Ташкент; Бишкек, 1996. С. 99.

Ахметова У.Т., Турарулы А., Жумабаев А.Ж. Археологические раскопки средневекового городища Сарайшык // Казахстан археологиясы. 2022. № 2 (16) С. 111–120.

Байпаков К.М. Урбанизация Казахстана в XIII – первой половине XV в. / Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга III. часть 1. Алматы: ИА МОН РК, 2016. 594 с.

Гончаров Е.Ю., Зайцев И.В. Из Барджиинлыка в Ески-Юрт: мевлена Ахмад бин Махмуд ал-Барджинлигыи // Золотоордынская цивилизация. 2014. № 7. С.176–181.

Городище Конское (Конские Воды), Мертвый город. Доступно по URL: https://www.shukach.com/ru/node/525 (дата обращения: 13.01.2024).

Джамал ал-Карши. Ал-Мухакат би-с-сурах // История Казахстана в персидских источниках. Т. I. / ответ. Редактор А.К. Муминов Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 410 с.

Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. –Алматы: Қазақстан, 1997. -128 б.

Елеоув М. Е, Петров П.Н., Талеев Д.А., Молдахмет А.А. Нумизматические находки на городище Кышкала // Stratum plus. 2023. № 6. С. 183–192.

Ибрагимов Н. Ибн Батута и его путешествия по Средней Азии. М.: Наука, 1988. 131 с.

Извлечения из книги Киракос Гандзакеци: История Армении // Извлечения из письменных источников о средневековых городах Сауран и Сыганак / Автор предисловия и составитель М. Елеуов. Туркестан:Международный казакско-турецкий университет имени Ходжа Ахмета Ясави, 2005. 96 с.

История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). Т.2. / Под ред. М.Х. Асылбекова, К.С. Ал-дажуманова, К.М. Байпакова. Алматы: Атамұра, 1998. 640 с.

Карамзин Н.М. История государство Российского. Т.9. Спб., 1842-43. С. 224, прим. 663.

Левшин А.И. Историческое и статистическое обозрение Уральских казаков. Спб., 1823. С. 9-10.

Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1950. 123 с.

Мамиев Т. «Кердері» мавзолей ішдегі археологиялық зерттеу // Известия МОН РК, НАН РК. Серия обществ. наук. 2002. №1. С. 103-120.

Муминов А. Деятельность ученых-улама из Ирана в Золотой Орде // Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт-и Кипчака в XIII– XVIII вв. Материалы Международного круглого стола. (Алматы, 11–12 марта 2003 г.). Алматы: Дайк-Пресс, 2004. С. 121–127.

Муминов А.К. Введение // История Казахстана в арабских источниках. Т. III. Извлечения из сочинений XIII–XVI веков / Отв. ред. А. К. Муминов. Сост., перевод с арабского яз., введ., коммент. А. К. Муминова. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. С. 5–14.

Петров П.Н., Байпаков К.М., Воякин Д.А. Монетное дело и денежное обращение в Великой Монгольской империи, государствах Чагатаидов и Джучидов. Казахстан. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2014. 264 с.

Петров П.Н., Ускенбай К.З. Вопросы исламизации улуса Джучидов и вероисповедание хана Токты «690/1291 – 712/1312-1313 гг.) // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. 2010. № 1. С. 10–55.

Путешествие в Восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы: Ғылым, 1993. 248 с.

Рашид ад-дин. Джами ат-таварих // Сборник. Летописи. Т. 1, книга первая. / пер. с перс. Л.А. Хетагурова, редаксия и примечания проф. А.А. Семенова. М.: Издательство АН СССР,1952. 220 с.

Самашев З., Қожақов Д., Талеев Д. Сарайчик: проблемы исследование великого города // Проблемы изучение и сохранения исторического наследия / Отв.ред. А.Т. Толеубаев. Алматы: Изд-во КазНГУ им. Аль-Фараби, 1998. 225 с.

Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қаласының тарихы туралы деректер / ғыл. ред. Ж.К. Жұмабаева. Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. 224 б.

Сайфетдинова Э.Г. Дифференциация суфизма в Золотой Орде (на примере пройзведения Махмуда ал-Булгари «Нахдж ал-Фарадис») // Ислам и власть в Золотой Орде / Ред. И.М. Миргалеев, Э.Г. Сайфетдинова. Казань: Инстиут истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2012. С. 81-87

Смагулов Е.А. Древний Сауран. Алматы: Изд-во. АО АБДИ Компани, 2010. 358 с.: илл.

Тайны Золотой Орды: сенсационный археологический памятник временно законсервировали. Доступно по URL: https://ru.sputnik.kz/20201024/Tayny-Zolotoy-Ordy-sensatsionnyy-arkheologicheskiy-pamyatnik-vremenno-zakonservirovali-15287901.html (дата обращения: 14.01.2024).

Талеев Д.А. Қаратаудың теріскей бетіндегі ортағасырлық қалалардың археологиялық зерттелу мәселесі // Қазақстан археологиясы. 2021.№ 2. (12). С. 29–41.

Талеев Д.А. Сырдарияның сол жағалауындағы қалалардың археологиялық шежіресі: Сүткент және Аркук // Қазақстан археологиясы. 2022. № 1. (15). С. 57-68.

Талеев Д.А., Елеуов М., Есенов С. Тағдыры жұмбақ Қышқала // Қазақстан археологиясы. 2018. № 1–2. С. 259–272. Доступно по URL: https://e-history.kz/ru/news/show/6504/ (дата обращения: 13.01.2024).

Taleev D., Moldakhmet A. The medieval town Kyshkala (Kyshtobe) – Barshynkent (Barshynly): archaeological research, localization and dating // Қазақстан археологиясы. 2023. № 3 (21). С. 151–163 б. DOI: https://doi.org/10.52967/akz2023.3.21.151.163

Дулати Мухаммед Хайдар // Тарих-и Рашиди (Рашидова история) / Отв.ред. И.П. Петрушевский. 2-е изд., доп. Алматы: Санат, 1999. 656 с.

Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т.II. Персидские источники. М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1941. 308 с.

Тизенгаузен В.Г. Золотая Орда в источниках. М.: Наука, 2003. 448 с.

Утемиш-хаджи. Чингиз-наме / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П. Юдина. Комментарии и указатели М.Х. Абусейтовой. Алма-Ата: Ғылым, 1992. 296 с.

Ученые предполагает, артефакты подтверждают. Доступно по URL: https://akmomuzey.kz/kz/pages /ns7.html (дата обращения: 13.01.2024).

Хабдулина М.К, Кожамжаров К.Т, Ярыгин С.А, Калдыбаев М.С, Сакенов С.К, Свиридов А.Х. Культовые памятники Тенгиз- Коргалжинской впадины. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. 2011. 208с., ил.

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ ГУМАНИЗМНІҢ РӨЛІ

[1]Тоғатай М.М., [2]Бекбау Ж.И.
«Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі» кафедрасының магистрі, аға оқытушысы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.
makesha_2010@mail.ru, https://orcid.org/0009-0000-7558-3448

Аннотация. Мақалада педагогикалық іс-әрекеттегі гуманизмнің маңызы мен мәні қарастырылады. Гуманистік педагогика адамның жеке тұлға ретіндегі құндылығын жоғары бағалап, оның еркін дамуына, әлеуметтенуіне және әлеуметтік ортада өзінің орны мен рөлін табуына ерекше назар аударады. Мақалада гуманистік педагогиканың теориялық негіздері, педагогтің оқу- тәрбие үдерісіндегі рөлі, сондай-ақ оны практикада қолданудың негізгі принциптері мен әдістері талданады. Әсіресе, педагогтың моральдық-рухани дамудағы орны мен оның оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы маңызды рөлі көрсетілген.

Түйін сөздер: Гуманизм, педагогика, білім беру жүйесі, педагогтің рөлі, тұлғалық даму, моральдық құндылықтар, әдіс-тәсілдер, гуманистік педагогика.

Abstract: The article discusses the importance and essence of humanism in pedagogical activity. Humanistic pedagogy highly values the value of a person as an individual, paying special attention to his free development, socialization and finding his place and role in the social environment. The article analyzes the theoretical foundations of humanistic pedagogy, the role of a teacher in the educational process, as well as the basic principles and methods of its application in practice. In particular, the place of the teacher in moral and spiritual development and his important role in the formation of moral values of students are highlighted.

Key words: Humanism, pedagogy, education system, the role of a teacher, personal development, moral values, methods and techniques, humanistic pedagogy.

Бүгінгі таңда қазақ қоғамында әлеуметтік топтар арасындағы қарама- қайшылықтардың тереңдей түсуі, моральдық құндылықтар мен идеалдардың құнсыздануы, сондай-ақ қылмыс деңгейінің өсуі педагогикалық қауымдастықтың назарын мектепке аударуға мәжбүр етуде. Қоғамда орын алып жатқан өзгерістерге жауап ретінде ғалымдар, ата-аналар мен педагогтар мектептің рөлін қайта бағалап, оның келешек ұрпақтың тәрбиесі мен білім беру саласындағы жоғары тиімділікке қол жеткізу жолдарын іздеуде. Мектеп – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, оның әлеуметтену процесіне және әлеуметтік ортасымен қарым-қатынасының дамуына әсер ететін маңызды фактор[1,25].

XXI ғасырда қоғамды жаңғырту мен жетілдірудің барлық бағыттары білім беру жүйесімен тығыз байланысты екені анық көрінеді. Ал бұл жүйенің негізінде гуманизм идеялары жатыр. Себебі тек гуманистік педагогика ғана адамның құндылығын мойындап, оның еркін дамуы мен ішкі күштерін толық іске асыру құқығын қамтамасыз етеді. Гуманистік педагогиканың тарихы адамның шығармашылық потенциалын ашу, оның өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға деген қабілеттерін қалыптастыру жолдарын іздеумен тығыз байланысты.

Гуманизм — бұл адамның жеке тұлға ретіндегі құндылығын, оның еркіндікке, бақытқа, даму мен қабілеттерін жүзеге асыруға деген құқығын мойындайтын көзқарастар жүйесі[2,38]. Бұл жүйе адам игілігін әлеуметтік құбылыстарды бағалаудың негізгі өлшемі

ретінде қарастырып, теңдік, әділеттілік және адамгершілік қағидаттарын қоғамдағы қарым-қатынастардың қалаулы нормасы ретінде анықтайды. Гуманисттік педагогикада Ш.А. Амонашвили мен В.А. Сухомлинский сияқты педагог-новаторлардың еңбектері мұғалімдер үшін баға жетпес көмекші құрал болып табылады.

Мұғалімнің гуманизмі мәселелерінің теориялық талдауы педагогика мен психологияның гуманистік бағыттары мен жұмыстарын түсінуге негізделген және оның ішкі қасиеттерінің басымдығын дәлелдейді. Осыған байланысты В.А. Сухомлинский былай деп жазған: «Біз, мұғалімдер, педагогикалық этикамызды дамытуымыз қажет және білім беру саласында гуманизм принципін басты педагогикалық мәдениетіміздің ерекшелігі ретінде бекітуіміз керек». В.А. Сухомлинский өзінің сөздерінде және педагогикалық шығармаларында мұғалімнің моральдық ұстанымы, мінез-құлқы мен әрекеттері оқушы тұлғасының дамуына шешуші әсер ететінін әрқашан атап өткен.

Тәрбие әдістері мен формаларын гуманистік арнаға келтіру үшін әрбір тәрбиеші тұлғалық бағыттағы педагогика тәжірибесі жинақтаған келесідей ережелерді ұстанғаны жөн[2,51]:

- гуманистік тәрбие бағытына қайшы келетін дәстүрлі әдіс, форма құрал-шараларын ұдайы жаңарған талаптарға сәйкес реттеп, өзгерте қолдануымыз қажет. Себебі олардың бәрі педагогикалық құндылық болғанымен, басқа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда қалыптасқан;
- тұлға болмысын аяқ асты етіп, оның намысына нұқсан келтіретін жазалау әдістерінен түбегейлі арылу;
- тәрбиеленуші денсаулығы мен психикасына зиян келтірмейтін оқу-тәрбие әдістері мен формаларын ғана таңдау;
- оқушылардың өз міндеттерін адал орындауға болған ұмтылысын қолдап- қуаттау;
- тәрбиеленушінің келеңсіз қылықтарын принципті де катал талдап, оған мұндай әрекеттердің орынсыз екенін тілектестік және шыдамдылықпен түсіндіру;
- тәрбиеленушіге жіберген қателіктерін байқауға көмектесіп, жұмысында орын алған олқылықтарды шыдаммен дәйікті ұғындыру;
- баланың көңіл-күй қалпының жайлы болуын қамтамасыз ету;
- оқушыда ұнамды өзіндік бағалау, өзіне деген сенім мен жеке басының қадірін сезу қабілетін калыптастыру;
- талаптарды үздіксіз біртіндеп күрделендіріп отыру, жетістікке жеткен нәтижелерді бекіту;
- қажетті бағытта тұлға әрекеттерінің белсенділігін көтеруге ат салысу;
- баланы сүйе де құрметпен қабылдай отырып, тәртіп талап етуді ұмытпау;
- бала толғаныстары мен қызығуларына баса көктеп араласпай, әдептілікпен әрі үйлесімді жөн-жосық беріп бару;
- тәрбие үдерісінің әр сәті қалай жүріп жатқанын біліп бару үшін өз шәкірттерін қырағылықпен бақылау;
- өз шәкірттерінің әртүрлі табысына қуана білу;
- балаға өз болмысын тіктеп, танытуға мүмкіндік беру;
- балаға қандай талап қоятынын және одан не күтерінін үздіксіз ескеріп отыру;
- баланы үлкен зейінділікпен тыңдау;
- тәрбиеленушімен әңгімелесуден ләззат алу;
- тәрбиеленушімен оның қалауына сай әңгімелесу;
- қылықты кінәлау болса да, тұлғаны сыйлаудан жазбау.

Педагогтың рөлі гуманизм негізінде жаңа сипат алады. Педагог тек білім беруші емес, сонымен қатар оқушылардың рухани, моральдық дамуына, олардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға жауапты тұлға. Бұл тұста педагогтің рөлін психолог ретінде

де қарастыруға болады. Педагогтар гуманистік қарым-қатынас орната отырып, оқушылардың өзін-өзі бағалау, өзіне деген сенімділік, жауапкершілік сезімдерін дамытуға мүмкіндік туғызады. Гуманизм педагогтың шығармашылық әлеуетін, кәсіби деңгейін арттыруға да ықпал етеді. Мұндай ортада педагогтар өздерінің кәсіби даму жолдарын іздей отырып, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға ынталы болады[3,42].

Заманауи білім беру жүйесінде гуманистік бағыттың маңызы артып келеді. Жаңа технологиялар мен ақпараттық революция оқу процесіне елеулі өзгерістер енгізуде. Осыған байланысты гуманизм принциптері оқушыларды сыни ойлауға, ақпаратты дұрыс бағалауға, этикалық нормаларды сақтауға үйретуде ерекше рөл атқарады.

Білім беру жүйесінде гуманизмнің маңызын түсіну тек білім беру мекемелерінде ғана емес, сонымен қатар мемлекет деңгейінде, қоғамның әртүрлі салаларында да байқалады. Гуманистік білім беру концепцияларын дамыту, оларды практикада жүзеге асыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Білім беру жүйесіндегі гуманистік принциптердің қазіргі заманғы әдіс- тәсілдермен қалай үйлесетінін көрсету үшін практикада қолдануға болатын бірнеше мысалдар келтіруге болады:

- Дебат клубтары: Оқушылардың сыни ойлау, пікірталас жүргізу дағдыларын дамыту үшін мектептерде дебат клубтары ұйымдастырылуы мүмкін. Мұнда оқушылар әртүрлі мәселелерді талқылап, өз көзқарастарын білдіруге үйренеді, бұл олардың әлеуметтік дағдыларын дамытады.
- Сенімді орта: Педагогтар сабақ барысында оқушылардың эмоционалдық жағдайына назар аударып, оларға қолдау көрсеткен жағдайда, балалардың өзін- өзі бағалауы артады. Мысалы, мұғалім балалардың жетістіктерін атап өтсе, олар өз күшіне сенімділікпен қарауға үйренеді.
- Топтық жұмыстар: Сабақтарда топтық жұмыстар ұйымдастыру арқылы оқушылар арасында ынтымақтастықты, жауапкершілікті дамытуға болады. Мысалы, жобалық жұмыстарда балалар бір-біріне көмектесіп, ортақ мақсатқа жетуге тырысады.
- Әдебиет сабақтары: Классикалық әдебиет шығармаларын оқыту барысында, мұғалімдер кейіпкерлердің адамгершілік құндылықтарын талқылай отырып, оқушылардың моральдық түсініктерін дамытуға ықпал ете алады. Мысалы, "Анна Каренина" немесе "Абай жолы" сияқты шығармалар арқылы өмірлік сабақтарды алуға болады.
- Онлайн платформалар: Заманауи технологияларды қолдану арқылы оқушылар арасындағы байланыс нығайып, білім алудың жаңа әдістері пайда болады. Мысалы, виртуалды топтар мен форумдар оқушыларға пікір алмасуға, ақпаратпен бөлісуге мүмкіндік береді.
- Рөлдік ойындар: Педагогтар рөлдік ойындарды қолдана отырып, оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытуға көмектесе алады. Мысалы, әлеуметтік жағдайларда қалай әрекет ету керектігін көрсету үшін рөлдік ойындар ұйымдастыру.
- Волонтерлік жобалар: Оқушылардың қоғамға қызмет етуін ынталандыру үшін мектептерде волонтерлік жобалар ұйымдастыру. Мысалы, экологиялық акцияларға қатысу арқылы балалар табиғатқа қамқорлық жасауға үйренеді.

Қорытындылай келе, педагогикадағы гуманизмнің рөлі тек білім беру үдерісін жақсартумен шектелмейді, ол оқушылардың адамгершілік, моральдық және рухани дамуына, тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді. Гуманистік педагогика мектептің маңызды әлеуметтік институт ретіндегі рөлін айқындайды және оқушылардың ішкі әлеуетін жүзеге асыруда мұғалімнің ерекше орны бар. Осы бағытта жұмыс істейтін педагогтар тек білім ғана емес, сонымен қатар балалардың психоэмоционалды жағдайы мен әлеуметтік-мәдени дамуымен де айналысады. Бұл орайда гуманистік педагогика жаңа әдіс-тәсілдер мен жаңашыл идеяларды енгізуге мүмкіндік береді. Білім беру жүйесіндегі гуманистік қағидаттарды ұстану жастарды моральдық және рухани тұрғыдан жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. - Алматы: Нұр-пресс, 2005. – 228 б.
2. Бабаев С. Б., Бастауыш мектеп педагогикасы. - Алматы: Нұр-пресс, 2013. – 416 б.
3. Гуманистическая педагогика Марии Монтессори. - Казань: ТГГПУ, 2005. – 75 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖИ-АССИСТЕНТ МОДЕЛІ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУҒА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Бабажанова Зейнеп Әділетқызы

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілі сабақтарында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттары мен жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын лингводидактикалық тұрғыдан тиімді қолдану жолдары қарастырылады. М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі қиял мен фантазия ұғымдары заманауи цифрлық білім беру трендтерімен ұштастырылып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған практикалық әдіс-тәсілдер ұсынылады

Түйін сөздер: жасанды интеллект, лингводидактика, қазақ тілін оқыту, шығармашылық құзыреттілік, білім беруді интеграциялау.

Кіріспе

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» кітабында қиял ұғымының адам өміріндегі маңызын былай түсіндіреді:

«Мылқау өмірге үн беретін, сақау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, барды гүлді, көрікті қылатын бізді арсыға аяқ бастырып, тәңірімен тілдестіретін – сол фантазия»[1,85 б.]. Демек, қазақ тілі пәнінен жүргізілетін шығармашылық жұмыс түрлері білім алушылардың қиял көкжиегін кеңейтіп, жүйелі әрі көркем ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Техника мен ақпараттық кеңістік көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан заманда білім алушылардың көпшілігі сабақ үстінде тапсырманы оқымастан бұрын Жасанды Интеллект жүйесіне салып дайын жауапты жазып отыратындары жасырын емес. Білім алушылармен жұмыс кезінде де аталмыш педагогикалық мәселе бізді де айналып өткен жоқ. Осыған байланысты, қазақ тілі сабақтарында шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында білім алушының жасанды интеллектіні дайын шешімдер генераторы ретінде емес, нысаналы бағыт беретін виртуалды көмекші деңгейінде қолдану дағдыларын қалыптастыру мәселесін зерделедік. Бұл тәсілдің негізгі мақсаты - ЖИ мүмкіндіктерін шәкірттің өзіндік жазу процесін алмастыру үшін емес, оның когнитивтік ізденісін ынталандыру және идеялар шеңберін кеңейту үшін пайдалану.

Бұл бағыттағы зерттеуіміздің негізгі өзегі - білім алушының ЖИ технологияларымен өзара әрекеттесу сипатын анықтау және оны педагогикалық тұрғыдан дұрыс арнаға салу. Осы орайда, сабақ барысында дәстүрлі тапсырмалардың құрылымы мен олардың оқушыны ЖИ-ге тәуелді ету себептеріне тереңірек үңілсек, бала ойы үшін түсініксіз әрі қиялына ауырлау келетін тақырыбы күрделі эссе, баяндама, мақала секілді жазба жұмыстары көш бастап тұрады. Алдындағы міндеттің тым ұзақ екендігін сезген шәкірт бейсаналы түрде ұялы телефонына қол жүгірте бастайды. Ал егер осындай жазбаша жаттығу жұмыстарын жаңашыл әдістермен ұштастырып көрсек ше?

Туындыгерлік тапсырмаларды орындатуда білім берушінің жаңашыл әдістерді оңтайлы пайдалана алуының да маңызы зор. Қ. Қадашева әдістер жайлы: «Оқытушы сабақта үйренушінің үнемі іздену қабілетін арттыратын ең қажетті сабақ үлгілерін ұсынып, уәждеме тудыратын әдістерді ұтымды қолдануға әрекет жасау керек. Арнайы оқыту амалдарына

көмекші оқыту әдіс тәсілдеріне танымдық, рөлдік ойындар, пікір сайысы, жаңаша сөйлеу жағдаятын тудыру, имитация жасау, драматизация құру жатады», - деп жазады [2, 53 б.]. 21 ғасыр ұрпағы үшін бір тақта мен бір бордың шеңберінде білім беру жеткіліксіз. Сандық дәуірдің балалары жаңа технологиялардың алуан түрлі мүмкіндіктеріне үйренген, сол себепті оларды қызықтыру үшін дәстүрлі әдістерге жаңашылдық пен креатив қосу қажет. Тек ақпарат берумен шектелу аздық етеді – оларды таңқалдыру, ойландыру, шабыттандыру маңызды. Осы тұста ұстаздың сабақ барысында заманауи әдіс-тәсілдерді шебер қолдануы ерекше мәнге ие. Мәселен, қазақ тілі сабақтарындағы дәстүрлі эссе жазу тапсырмасын журналистік зерттеу форматына көшіру мақсатында ЖИ құралдарын «интеллектуалды ассистент» ретінде пайдалану білім алушының медиасауаттылығы мен стилистикалық икемділігін арттырады. Оқушы ЖИ көмегімен өз мақаласының құрылымын жоспарлап, түрлі репортаждық стильдерді модельдей отырып, ақпаратты іріктеу және өңдеу дағдыларын қалыптастырады. Мұндай формат оқушының тек жазу сауаттылығын ғана емес, сонымен бірге технологиялық құралдарды шығармашылық мақсатта нысаналы пайдалана алу құзыреттілігін дамытып, оның кәсіби бағдарлануына септігін тигізеді.

Сонымен қатар, дәстүрлі дебат формаларын рөлдік ойындармен алмастыруда ЖИ мүмкіндіктерін дискуссиялық серіктес немесе «виртуалды оппонент» ретінде интеграциялау оқушылардың аргументациялау қабілетін жаңа деңгейге көтереді. Рөлдік ойын барысында білім алушылар ЖИ генерациялаған түрлі әлеуметтік немесе тарихи кейіпкерлердің позицияларына талдау жасап, оларға қарсы уәж дайындау арқылы беймәлім жағдаяттарға бейімделуді үйренеді. Бұл үдеріс шәкірттің сыни ойлауын шыңдап қана қоймай, тілдік ортада өзіндік көзқарасын ЖИ ұсынған алгоритмдерден бөлек, дербес әрі креативті түрде қорғауына жағдай жасайды. Нәтижесінде, сабақ үдерісіндегі жаңашыл мотивтер білім алушының танымдық қызығушылығын арттырып, технология мен дәстүрлі әдістеменің пәрменді синтезін қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін оқытуда білім алушының шығармашылық дербестігін сақтай отырып, ЖИ әлеуетін тиімді пайдалануда «Үзілген кадр» әдісінің лингводидактикалық маңызы зор. Бұл әдіс дәстүрлі мәтінмен жұмыс форматын ЖИ-дің мультимедиялық және генеративті мүмкіндіктерімен ұштастыруға жол ашады. Мәселен, сабақ басында ЖИ құралдары арқылы жасалған қысқа сюжетті бейнероликті көрсету немесе тақырыптық мәтінді белгілі бір логикалық нүктеде тоқтату арқылы білім алушының болжау (prediction) дағдысын іске қосуға болады. Бұл кезеңде ЖИ оқушының қиялына «визуалды тірек» болып, оқиғаның ары қарай дамуын өздігінен өруге, таным сүзгісінен өткен бірегей идеяларды қалыптастыруға жағдай жасайды. Мұндай тәсіл оқушыны дайын ақпаратты көшіре салудан сақтандырып, оны мәселенің шешімін өз бетінше іздеуге бағыттайды.

Дәл осындай мақсатта Эдвард де Бононың «Алты қалпақ» әдісін [3] ЖИ-мен когнитивті серіктестік (cognitive partnership) орнату арқылы жаңаша форматта жүзеге асыруға болады. 10-сыныптың «Адам және табиғат» [4] тақырыбы аясында бұл модельді келесідей жүйелеуді ұсынамыз:

1. Ақ қалпақ (Деректілік): Білім алушылар ЖИ-ді дереккөз ретінде пайдаланып, экологиялық жағдай туралы нақты статистикалық ақпараттар мен терминдерді жинақтайды. Мұнда ЖИ ақпараттық жүйелеуші қызметін атқарады.

2. Қызыл қалпақ (Эмоция): Оқушылар ЖИ ұсына алмайтын адамдық түйсік пен эмоционалды рефлексияға сүйене отырып, табиғат пен адам байланысын жеке сезім деңгейінде сипаттайды.

3. Қара қалпақ (Пессимизм/Сын): Шәкірттер ЖИ арқылы экологиялық зауалдардың ықтимал сценарийлерін талдап, қазіргі антропогендік әсерлерге сыни баға береді.

4. Сары қалпақ (Оптимизм): Позитивті көзқарас қалыптастыруда ЖИ көмегімен әлемдегі сәтті экологиялық жобалардың мысалдарын қарастырып, оң өзгерістерді негіздейді.

5. Жасыл қалпақ (Креатив): Бұл кезеңде оқушы ЖИ-ге өз идеясын ұсынып, оны одан ары дамытуды немесе сол идеяның визуалды жобасын жасауды тапсырады. Бұл — ЖИ мен оқушының нағыз шығармашылық ко-креациясы (co-creation).

6. Көк қалпақ (Рефлексия): Жұмыс қорытындысында білім алушы ЖИ ұсынған мәліметтер мен өз ойларын синтездеп, жалпыланған тұжырым мен концептуалды шешім шығарады.

Осылайша, ЖИ-ді әдістемелік құралдармен шебер ұштастыру оқушыны техникалық құралдың жетегінде кетпей, оны өз интеллектуалды мақсаттарына бағындыра алатын стратегиялық ойлаушы ретінде қалыптастырады.

Әбдірахман Исабаев өзінің «Қазақ тілін оқыту методикасы» еңбегінде әдістің құндылығы оқушы еңбегінің белсенділігімен есептелетіндігін атап көрсеткен [5, 52 б.]. Білім алушының дербес позициясын нығайту және ЖИ мүмкіндіктерін сыни тұрғыдан қайта өңдеуге негізделген кешенді әдістер қатарына «РАФТ» стратегиясы, «ПОПС» формуласы, синквейн жазу, ғылыми дискуссия мен рөлдік интервьюлерді жатқызамыз. Бұл әдістерді қолдану барысында ЖИ «виртуалды сұхбаттасушы» немесе «ақпараттық дизайнер» рөлін атқарады. Мәселен, «РАФТ» стратегиясында оқушы ЖИ көмегімен таңдалған рөлдің стилистикалық ерекшеліктерін зерделеп, соның негізінде өз авторлық мәтінін құрастырады, ал тақырыптық бейнероликтер мен постерлер жасауда технологияны тек техникалық безендіру құралы ретінде пайдаланып, негізгі концептуалды мазмұнды өзі қалыптастырады. Мұндай синтезделген тапсырмалар жиынтығы оқушыны дайын ақпаратты механикалық түрде қабылдаудан сақтандырып, оның технологиялық ортадағы интеллектуалды белсенділігі мен шығармашылық шабытын арттыруға тірек болады.

Жоғарыда айтылған әдістемелік тәсілдердің нәтижелі болуы тек технологиялық қолдауға ғана емес, сонымен бірге оқу үдерісіндегі қолайлы психологиялық климатқа да тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, білім алушының ЖИ-мен жұмыс істеу барысындағы дербестігін қолдау және оның өзіндік «менін» сақтап қалуы ұстаз тарапынан ерекше назарды талап етеді. Шығармашылық қабілеттерді арттыру үшін оқушыларды сыни ойлауға және өз көзқарастарын дәлелдеп, нақты шешімдер қабылдауға үйрету қажет. Оқушының бойында бұл дағдыны дамыту үшін ұстаз өз тарапынан психологиялық қолдау білдіре алады. Білім алушының шығармашылық қабілеттерін дамытуда олардың өзіндік көзқарасын қалыптастыруға және жеке пікірін еркін білдіруге мүмкіндік беру – маңызды педагогикалық ұстанымдардың бірі. Шығармашылық тұлға ретінде дамуы үшін оқушылар өз ойларын ашық жеткізіп қана қоймай, оларды дәлелдей білуі және қорғай алуы қажет. Осы тұста ұстаз әр білім алушының жеке пікірі құнды екенін көрсетіп, оны психологиялық тұрғыда қолдай отырып, тапсырмаларды әділ бағалау арқылы оқушылардың сенімділігін арттыруы тиіс. Әділ бағалау мен қолдау нәтижесінде оқушылар өз ойларын еркін білдіруге, оларды негіздеуге және дәлелдеуге дағдыланады. Бұл үдеріс олардың сыни ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, өзіндік көзқарастарын жүйелі түрде қалыптастыруына ықпал етеді. Сондай-ақ, білім алушы жеке пікірінің елеусіз қалмайтынын сезінгенде оның шығармашылық белсенділігі артып, жаңа идеяларды іздеуге деген ынтасы күшейеді. Осылайша, білім беру үдерісінде креативті ойлауды дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану – шәкірттердің интелектуалдық әлеуетін арттырып, олардың өзіне деген сенімін нығайтады.

Тіл білімі мен педагогиканың тоғысындағы заманауи лингводидактикалық үдеріс жасанды интеллект технологияларын айналып өте алмайды. Алайда, біздің зерттеуіміз көрсеткендей, технологияның білім беруге енуі білім алушының шығармашылық дербестігін шектемеуі, керісінше, оның интеллектуалдық мүмкіндіктерін кеңейтетін катализатор қызметін атқаруы тиіс. Мағжан Жұмабаев негізін қалаған «қиял мен фантазия» арқылы тұлғаны қалыптастыру қағидасы бүгінгі цифрлық дәуірде де өз өзектілігін жойған жоқ, тек жаңа аспаптық мазмұнға ие болды.

Қазақ тілі сабақтарында ЖИ-ді «виртуалды ассистент» ретінде пайдалану және оны «Алты қалпақ», «Үзілген кадр», «РАФТ» секілді белсенді әдістермен ұштастыру білім алушылардың сыни ойлауын шыңдап, оларды дайын ақпаратты механикалық көшіруден сақтандырады. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған әдістемелік модельдер оқушының авторлық позициясын нығайтуға, психологиялық сенімділігін арттыруға және тілдік материалды

креативті меңгеруге жағдай жасайды. Түйіндей айтқанда, білім беруді интеграциялаудың жаһандық трендтері жағдайындағы басты нысана — технология мен адам факторының теңгерімін сақтай отырып, ұлттық құндылықтарды цифрлық кеңістікте еркін игере алатын, бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жұмабаев М. Педагогика. - Нұр-Сұлтан, 2022.

2 Ермекова Т.Н., Рысқұлбек Д.Ж., Мұнасаева Р.Н. 10-сынып «Қазақ тілі» жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық. - Астана: «Арман ПВ» баспасы, 2019. -240 б.

3 De Bono E. Six Thinking Hats. - London: Penguin Books, 2017. - 192 p.

4 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі - Алматы, 2005. - 53 б.

5 Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы - Ташкент : "Узбекистон", 2003. - 52 б.

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО СТАНОВЛЕНИЯ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА

[1]Койшибаева Н.И., [2]Сарсекенова А.

[1]кандидат педагогических наук, доцент,

[2]Старший преподаватель,

Университет Жумабека Ташенева, г.Шымкент

nazirakoishibaeva@yandex.kz

2. Yesmagambetov B.-B.S. Optimization parameters associative data compression device. Bulletin of the oversight committee and certification in the field of Education and Science Ministry of Education and Science. - Astana, 2006. № 2. - P.130-135.

3**.** Bailay N.T.Y. On queuing processing with bulk service // Journal of the Royal Statistic Sos. – 1954. – B16. – P. 80-87.

4. Downton F. Waiting time in Bulk service queuses // Journal of the Royal Statistic Sos. – 1955. – B17. – P. 256-261.

5. D. Cox, E. Snell, Applied Statistics: Principles and Examples: per.s Eng. / Ed. JK Belyaev. Mir, -1984. 200.

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ РЕТІНДЕ

Байгунова Д.М.

«Өнер және көркем еңбек» кафедрасының магистр,аға оқытушысы

Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.

baygunova77@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-7016-3775

Аннотация. Берілген мақалада критериалды бағалау жүйесі оқу мен оқытудың қайнар көзі ретінде қарастырылады. Оқушының оқу іс-әрекетін бағалау оқушылардың оң уәжін қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесіндегі өзгерістер – білім беруді жаңғырту бағыттарының бірі. Бұл бағыттағы жаңа тәсіл критериалды бағалау болып табылады. Критериалды бағалау технологиясын білім беру процесіне енгізудің мақсаты, бір жағынан, мемлекет пен қоғамның оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесіне қажеттілігін, екінші жағынан, оқушының оқу жетістіктерін өздігінен бағалауының объективті, әмбебап жүйесіне қажеттілігін қанағаттандырады. Осылайша, критериалды бағалау технологиясының мақсаты –оқу-танымдық іс-әрекеттің сәттілік деңгейін бағалау жүйесін жеке оқу курсының мақсатты параметрлерімен байланыстыруға мүмкіндік беретін белгілі бір критерийлерді қолдану арқылы анықтау және арттыру, мектеп білімінің тиісті сатысында оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Бұл мақалада критериалды бағалаудың анықтамасы беріледі, критериалды бағалаудың негізгі принциптері келтіріледі.

Түйін сөздер: білім, бағалау, оқушы, критери, жүйе, баға, бағасыз оқыту, кері байланыс

Abstract. In the given article, the criterion-based assessment system is considered as a source of learning and learning. The assessment of the student's educational activities is an important factor in the formation of positive motivation of students. Changes in the system of assessing students ' academic achievements are one of the directions of modernization of Education. A new approach in

this direction is a criterion-based assessment. The purpose of introducing the technology of criterion-based assessment into the educational process is to satisfy, on the one hand, the need of the state and society for a new system of assessing students ' educational achievements, and on the other hand, the need for an objective, universal system of self-assessment of educational achievements by a student. Thus, the purpose of criterion-based assessment technology is to identify and increase the system for assessing the level of success of educational and cognitive activities using certain criteria that make it possible to correlate them with the target parameters of an individual training course, to form the competence of students at the appropriate stage of school education.

Key words: education,assessment,student,criteria,system,grade,learning without grades, feedback.

«Бағалау не үшін керек» деген сұраққа дәсүрлі оқыту жүйесінде «оқушылардың білімін тексеру үшін» деген жауап беріледі, өйткені мұнда бағалауды мұғалім тарапынан оқушының білім деңгейін анықтау деп қарастырылады. Осы тұрғыданмұғалімдер өз әрекеттерін сабақта оқушылардан берілген сұрақтарына ауызша жауап алумен немесе тест қабылдаумен шектейді. Алайда мұндай тексеріс көп жағдайда оқушылардың есте сақтау қабілетін ғана анықтап, олардың не үйренгендігін, білімділігі мен біліктілігінің жалпы деңгейін анықтамайды. Бұған қоса, бұл жерде «бағалау» ұғымы «баға қою» ретінде қабылданады, ал мұндай түсінік бағалаудың мазмұны мен барлық ерекшеліктерін айқындамайды.

Бағалау бірінші кезекте **білімнің сапасын айқындау үшін қажет.** Егер де біз өз жұмысымызда елеулі табыстарға қол жеткізгіміз келсе, онда өткен уақыттағы және қазіргі нәтижелерімізді анықтауымыз керек, яғни жұмысымыздың оң жақтары мен кемшіліктерін айқындап, оны бағалауымыз қажет. Көптеген дамыған елдердегі білім беру жүйесінде тың өзгерістер мен табыстылық мұғ алімдер тәжірибесіне критериалды бағалауды ендіру және оны дамыту арқылы жүзеге асырылуда. Критериалды бағалау жүйесін енгізудің мақсаты — бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну. Мұғалімдердің қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуына көмектесудің бір тармағы- жиынтық және қалыптастырушы бағалауды пайдалану тиімділігін қамтамасыз ету. Жиынтық бағалаудың немесе оқытуды бағалаудың мақсаты — оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оны мұғалім өзі бағалайды. Ал формативті (бұдан әрі қалыптастырушы) немесе оқу үшін бағалау оқушылардың оқуын дамыту үшін пайдаланатын бағалау болып табылады. Ол негізінен есеп беріп, үлгерім рейтингін жүргізу үшін пайдаланылатын оқуды бағалаудан мүлде ерекше. Осы орайда Теодор Сайзердің «Баға беру және есепке алу-керемет мақсаттар. Білім алу үдерісіне кедергі тигізбейтін және біздің жан салып жасап жатқан ісімізге пайдалы да әділ баға беретін жүйе …»- дегеніндей, қалыптастырушы бағалау дұрыс ұйымдастырылған жағдайда мұғалім білім алушылардың іс-әрекеттеріне байланысты түсінік, ұсыныс т.с.с. бере отырып, жүйелі түрде кері байланысты қамтамасыз етеді. Кері байланыстың әсерінен мұғалімдер оқу үдерісін ұйымдастыруғаб елсенді түрде қатысады. Ол үшін мұғалім оқушылардың оқу нәтижелерінің өзгеруіне ба йланысты оқыту және оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін, техникасын өзгертіп отыруы қажет.Ал бұл өз ретінде тәжірибеде мұғалімнің критериал ды бағалаудың теориялық негіздерін және оны ұйымдастырудың алгоритмін меңгерген кезде ғана жүзеге асады.Және де мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылуы қажет.Оқушылар

өздерінің сыныптастарын және өздерін белсенді түрде бағалауға тартылулары және қатысулары керек. Талпынғандар ғана білім ала алады демекші, білім алушылар өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет, сондықтан оқушыларға өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істеу қажет. Бұл олардан түсінушілікті,қызығушылықты және ықыласпен әрекет етуді қажет етеді. Өзін-өзі бағалаудың тиімділігі-ынталандыру, өз өзіне сенімділігін арттыру, жасаған еңбегінің жемісін көрсетуге септігін тигізері анық. Қазіргі қарқынды даму кезеңіндегі педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру саласындағы өз тәжірибемізде бағалаудың ерекше түрі болып саналатын қалыптастырушы бағалаудың техникаларын, әдіс-тәсілдерін, құралдарын сабақтарымда үнемі үздіксіз пайдаланып жүрмін. Сабақтарды жоспарлау барысында ескерілуі тиіс көптеген мәселелер бар. Мәселен, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру жолдарын анықтап, оқушылардың дағдыларын дамытуға деген уәжін қолдап отыру қажет. Сонымен қатар, сабақ кезеңдерін белгілеуде қалыптастырушы бағалаудың әр сабақта қолданылатындығы ескерілуі тиіс. Үздіксіз үрдіс ретінде және баланың білімін жетілдіруге маңызды роль атқаратын қалыптастырушы бағалауға толығырақ тоқталсам деймін. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың оқуда жетістіктерге жетуіне және алға ілгерілеуіне тікелей ықпал ететін және оқушы мен мұғалімнің арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін оқыту мен оқудың бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылады. Қалыптастырушы бағалау мұғалім қызметінің алгоритмі мен ол алгоритмді жүзеге асыру ресурстарының бірлігінен тұрады. Мұнда мақсатты белгілеудің мәрелік нүктесін анықтай отырып, әрі қарай жылжу төмендегідей болады:

- мақсатты өлшенетін оқу нәтижелеріне аудару;
- нәтижеге жету деңгейін анықтау;
- бағалаудың мазмұнын және техникасын іріктеу;
- оқудың сәйкес әдістерін таңдау және жүзеге асыру;
- бағалауды жүргізу және оқу нәтижелерінің өлшенетін деңгейіне жеткенін анықтау.

Ресей ғалымдары (И.С.Фишман, Г.Б.Голуб) мұғалімнің қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырудағы алгоритмін мына тұрғыда ұсынады:

- Жоспарланған оқу нәтижелерін анықтау.
- Оқушының маңызды оқу нәтижелерін жоспарлау және оған жету әрекетін ұйымдастыру.
- Оқушылардың жоспарланған оқу нәтижелеріне кері байланыс механизмі көмегімен жетуін жүргізу.

Сондай-ақ, қалыптастырушы бағалау мұғалімге оқушылардың оқуда мақсатқа жету үдерісін қадағалап отыруына мүмкіндік береді және оқу үдерісіне дер кезінде өзгертулер мен түзетулер енгізуге, ал оқушыға өзінің білім алу жолында жоғары дәрежедегі жауапкершілікті сезінуге көмектеседі. Ол күнделікті тәжірибеде қолданылады, оқушыға да, мұғалімге де қолайлы түрде пайдаланылады. Мұғалім осындай бағалау әрекеті арқылы пәнді меңгерудің мақсатын нақты анықтап, оқушының өткен тақырыптарды бір тұтас, үйлесімді картина түрінде елестетуіне, нәтижені бақылаудың адекватты тәсілдерін өзі анықтай білуіне, жоғары деңгейге жетуге ынталануына көмектеседі.Қалыптастырушы бағалауды сабақта қолдану мұғалім мен оқушы арасында ғы сыртқы кері байланыстың ішкі кері байланысқа ауысуы болып табылады, ал бұл оқушыны білім берудің субъектісі деңгейіне көтерілуіне ықпал етеді. Оқушы өзін бақылап, өзінің әрекет тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша оқушы мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бақылау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзыреттіліктерін қалыптастырады. Мұғалі мдер оқуды бағалаумен қатар оқыту үшін бағалауды пайдаланғанда, бағалау оқудағы аса

пайдалы құралға айналады. Жалпы оқыту және оқу үрдісінде қалыптастырушы бағалауды дұрыс түсініп, тиімді қолдана білген мұғалімнің кәсіби шеберлігінің артуына және бастама нүктесін дәл анықтап әрі қарай дамуына, жаңа идеяларға ұмтылуына серпіліс береді және білім сапасын арттыруға зор үлес қосады.

Бұл тәсіл білім алушылардың өз әрекетін бақылау және бағалай білу, функционалдық сауаттылығын және кең спектрлі дағдыларын қалыптастырудағы оқыту процесінде туындайтын қиындықтардың себептерін анықтау және жоя білу қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Білім алушыларға дер кезінде қолдау көрсету, оқытудағы алға басуын көрсету, оқыту нәтижесі бойынша ата-аналарын хабардар ету мақсатында әрбір сабақта бағалау элементтерін қолдану ұсынылады. Мұндай бағалау жүйесі балаларды оқуда табысқа жетуге ынталандырады, білімдегі кемшіліктерді анықтауға және олардың жетістіктерін көрнекі түрде көрсетуге бағыттайды. Білім алушы мен мұғалім жеке және бірлесіп, одан әрі даму үшін алдағы іс-әрекеттердің жоспарын әзірлей алады.

Критериалды бағалау технологиясы білім алушылардың жетістіктерін оқу материалын қалай игергенін, практикалық дағды қалай қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік беретін, нақты анықталған, алдын ала танылған критерийлермен салыстыруға негізделген. Әрбір білім алушы дайындығының жалпы деңгейіндегі өзгерістерді де, бұрынғы жетістіктерімен салыстырғанда оның жетістіктерінің динамикасын да атап өту маңызды.

Мұғалімге мақсатқа бағытталған белсенділікті, бастамашылықты, мақсатқа жетудегі дербестікті, таңдау жасай білуді, рефлексияға қабілеттілікті, жауапкершілікті ұстану маңызды. Бағалау жүйесі мұғалім мен ата-аналар арасындағы тығыз байланысты қолдауды және ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізуді қарастырады. Білім алушылардың ата-аналарына жаңа бағалау жүйесінің мақсаты мен негізгі принциптері түсіндіріледі, ата-аналарға арналған практикалық тренинг немесе шеберлік сағаты өткізіледі. Мұғалімнің ауызша бағалауы белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін көтермелеумен байланысты болуы керек. Баланың бүгінгі жетістіктерін оның кешегі болған жетістіктерімен салыстыру қажет.

Негативті баға білім алушының ынтасына, жауапкершілігіне, табандылығына ғана қатысты болуы мүмкін. Мұғалімге қарапайым сөздермен тоқтап қалмай, сөздік бағалау қорын толықтыру қажет. Бұл ретте білім алушының оқу жетістігіне қарап, эмоционалдық қатынасты, білім алушының табыстары бойынша қобалжуы-алаңдауын көрсетуі қажет. «Бүгін сенде кешегіге қарағанда, өте жақсы шықты», «Түсінгеніңе қуаныштымын», «Сенің пікірің қызықты» (болжам, жорамал), «Қандай керемет идея!», «Есептеу өте қиын болды, бірақ сен алғашқы екі іс-әрекеттерді орындап шықтың», «Сен тапсырмалардың жартысын дұрыс орындадың, келесі жолы барлығын өзің жасай аласың», «Сен өте тырыстың және сенде барлығы міндетті түрде орындалады, осылай жалғастыра бер!».

Баланы шын мәнінде не үшін мақтауға болатынын атап өту маңызды, содан кейін жаңа міндет қоюға болады. Білім алушыларға өз мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес белгілі бір дағдыларды дамытуға, сондай-ақ мұғалім білім алушылардың жұмысын объективті бағалауға мүмкіндік беру үшін тапсырмалар әр түрлі және жеткілікті болуы керек.

Қорыта келе, критериалды бағалау – білім алу үдерісіне әділ баға беретін жүйе. Бағалау дұрыс ұйымдастырылған жағдайда мұғалім олардың іс-әрекеттеріне байланысты түсінік, ұсыныс бере отырып, жүйелі түрде кері байланысты қамтамасыз етеді. Кері байланыс нәтижесінде ұстаздар оқу үдерісін ұйымдастыруға белсенді қатысады. Мұндай бағалау жаппай тәжірибеде мұғалімнің қалыптастырушы бағалаудың теориялық негіздерін және оны ұйымдастырудың алгоритмін меңгерген кезде ғана жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бағалау реформасының тобы. Оқыту үшін бағалау:10 ұстаным. — Кембридж Университетінің білім беру факультеті, 2002.

2. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық – 2016 жыл, ПӨО, 13-18 бб.

3. Блэк П.И., Вильям Д. Сыныпта бағалау және оқыту, білім берудегі бағалау: ұстанымдар,саясат және практика. – 1989. — 5 (1). — 5–75 бб.

4. Шербаева А.Ш. Критериалды бағалау жүйесіненгізудегі бағалау критерийлерін құрастыру: мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық-Қарағанды,2018.-35б.

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ГЕЙМИФИКАЦИЯНЫ КІРІКТІРУ

Мамбеталиева А.К., Аяпова Б.А.

https://orcid.org/0000-0002-7749-8439, aigerima_88_88@mail.ru

«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы

Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.

«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы

Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.

https://orcid.org/0000-0003-4527-7989, baha.0199@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқыту процесінде жасанды интеллект пен геймификация технологияларын қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация жағдайында оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, танымдық белсенділігін дамыту және білім сапасын жақсарту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформалары мен геймификация элементтерін кіріктірудің тиімділігі талданады. Сонымен қатар бастауыш білім беруде цифрлық технологияларды қолданудың артықшылықтары мен ерекшеліктері сипатталып, оқыту процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері ұсынылады. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект пен геймификацияны тиімді пайдалану кіші мектеп жасындағы оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу әрекетіне белсенді қатысуына ықпал ететінін көрсетеді.

Кілт сөздер. Жасанды интеллект, геймификация, бастауыш білім беру, кіші мектеп жасы, цифрлық технологиялар, оқу мотивациясы, инновациялық оқыту, білім беру процесі

Аннотация. В данной статье рассматриваются педагогические возможности использования технологий искусственного интеллекта и геймификации в процессе обучения детей младшего школьного возраста. В условиях цифровой трансформации системы образования повышение учебной мотивации учащихся, развитие познавательной активности и улучшение качества знаний являются одними из актуальных задач. В связи с этим анализируется эффективность интеграции образовательных платформ на основе искусственного интеллекта и элементов геймификации. Кроме того, описываются преимущества и особенности применения цифровых технологий в начальном образовании, а также предлагаются современные подходы к организации учебного процесса. Результаты исследования показывают, что эффективное использование искусственного интеллекта и геймификации способствует повышению интереса младших школьников к обучению и их активному участию в учебной деятельности.

Ключевые слова. Искусственный интеллект, геймификация, начальное образование, младший школьный возраст, цифровые технологии, учебная мотивация, инновационное обучение, образовательный процесс

Abstract. This article examines the pedagogical possibilities of using artificial intelligence and gamification technologies in the teaching process of primary school students. In the context of the digital transformation of the education system, increasing students' learning motivation, developing cognitive activity, and improving the quality of education are among the most relevant issues. In this regard, the effectiveness of integrating artificial intelligence-based educational platforms and gamification elements is analyzed. In addition, the advantages and features of using digital

technologies in primary education are described, and modern approaches to organizing the educational process are proposed. The research results show that the effective use of artificial intelligence and gamification increases primary school students' interest in learning and encourages their active participation in educational activities.

Key words. Artificial intelligence, gamification, primary education, primary school age, digital technologies, learning motivation, innovative learning, educational process

Қазіргі таңда білім беру жүйесі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен сипатталады. Әсіресе жасанды интеллект пен геймификация технологиялары білім беру процесін жетілдірудің маңызды құралдарының біріне айналып отыр. Бастауыш білім беру кезеңі – баланың тұлғалық, танымдық және шығармашылық қабілеттері қалыптасатын негізгі кезеңдердің бірі. Сондықтан кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, білімге деген қызығушылығын дамыту және оқу процесін тиімді ұйымдастыру педагогиканың өзекті мәселелерінің қатарына жатады.

Жасанды интеллект оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқытуды дараландыруға мүмкіндік береді. Ал геймификация элементтері білім алуды қызықты әрі белсенді процеске айналдырады. Осыған байланысты аталған технологияларды бастауыш білім беру жүйесіне кіріктірудің педагогикалық мүмкіндіктерін зерттеу маңызды болып табылады.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық әрекеттерін модельдеуге бағытталған заманауи технологиялардың жиынтығы. Білім беру саласында жасанды интеллект оқыту процесін автоматтандыру, оқу материалдарын бейімдеу, білімді бағалау және оқушылардың оқу жетістіктерін талдау мақсатында қолданылады.

Кіші мектеп жасындағы оқушылар үшін жасанды интеллект негізіндегі платформалар оқу тапсырмаларын оқушының білім деңгейіне сәйкес ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға және оқу процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар мұғалімге әр оқушының үлгерімін бақылауға, әлсіз тұстарын анықтауға және дер кезінде педагогикалық қолдау көрсетуге көмектеседі.

Бүгінгі таңда бастауыш білім беруде интерактивті қосымшалар, виртуалды ассистенттер және интеллектуалды оқыту жүйелері кеңінен қолданылып келеді. Мұндай технологиялар оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттырып, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады.

Геймификация – ойын элементтерін оқу процесіне енгізу арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға бағытталған әдіс. Ойын технологиялары бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді, себебі бұл кезеңде балалардың қызығушылығы мен эмоциялық белсенділігі жоғары болады.

Геймификация барысында марапаттау, деңгейден өту, ұпай жинау, жарыс ұйымдастыру сияқты элементтер қолданылады. Бұл оқушылардың оқу тапсырмаларын қызығушылықпен орындауына және оқу әрекетіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Сонымен қатар ойын элементтері балалардың логикалық ойлауын, шығармашылығын және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныптарда геймификацияны қолдану оқушылардың сабаққа деген ынтасын күшейтіп, білімді жеңіл әрі қызықты меңгеруге жағдай жасайды. Әсіресе цифрлық ойын платформаларын пайдалану оқу процесінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Жасанды интеллект пен геймификацияны кіріктірудің тиімділігі: Жасанды интеллект пен геймификацияны бірлесіп қолдану білім беру процесін жаңа деңгейге көтереді. Жасанды интеллект оқушының білім деңгейін талдап, жеке оқу траекториясын қалыптастырса, геймификация сол оқу процесін қызықты әрі ынталандырушы ортаға айналдырады.

Мысалы, интеллектуалды білім беру платформалары оқушылардың тапсырмаларды орындау нәтижелерін автоматты түрде бағалап, ойын форматында кері байланыс ұсына алады. Бұл оқушылардың қателерін тез түзетуіне және өз нәтижесін бақылауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мұндай технологиялар мұғалім жұмысының тиімділігін арттырады. Мұғалім оқу процесін басқаруға, оқушылардың жетістіктерін бақылауға және шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыруға көбірек уақыт бөле алады.

Алайда жасанды интеллект пен геймификацияны қолдану барысында педагогикалық және психологиялық ерекшеліктерді ескеру маңызды. Технологияларды шамадан тыс пайдалану балалардың денсаулығына және әлеуметтік қарым-қатынасына әсер етуі мүмкін. Сондықтан цифрлық құралдарды тиімді әрі орынды қолдану қажет.

Қорытындылай келе, кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқыту процесінде жасанды интеллект пен геймификацияны кіріктіру білім беру сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Бұл технологиялар оқушылардың оқу мотивациясын күшейтіп, танымдық белсенділігін арттырады және білімді меңгеру процесін жеңілдетеді. Сонымен қатар оқытуды дараландыруға және заманауи цифрлық ортаға бейімделген тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді. Болашақта білім беру жүйесінде жасанды интеллект пен геймификация технологияларын тиімді пайдалану оқыту процесінің сапасын арттырып, инновациялық білім беру ортасын дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қараев Ж.А. Оқытудың педагогикалық технологиялары. – Алматы, 2019.
3. Полат Е.С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. – Москва, 2020.
4. Kapp K. The Gamification of Learning and Instruction. – New York, 2018.
5. Luckin R. Artificial Intelligence and Education. – London, 2022.
6. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва: Народное образование, 2018.
7. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – Москва: Педагогика, 2019.
8. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – Москва, 2017.
9. Әлжанова Н.Ш. Бастауыш білім берудегі инновациялық технологиялар. – Алматы, 2021.
10. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2023.
11. Prensky M. Digital Game-Based Learning. – New York, 2017.
12. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promise and Implications for Teaching and Learning. – Boston, 2019.
13. Gee J.P. What Video Games Have to Teach Us About Learning and Literacy. – New York, 2016.
14. Anderson J., Rainie L. The Future of Artificial Intelligence and Education. – Washington, 2020.
15. Хуторской А.В. Современная дидактика. – Санкт-Петербург, 2019.

ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND ACADEMIC INTEGRITY: BETWEEN OPPORTUNITIES AND RISKS

Жолтаева А.С.

PhD, Senior Lecturer of the Department of International Business and Management

Tashenov University, Shymkent

a_zholtayeva@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2239-9262

Abstract. This article examines the challenges of academic integrity in the context of the rapid development of artificial intelligence. It analyzes key issues related to the use of generative AI

technologies, including plagiarism, reduced independent thinking, and the risk of data fabrication. Special attention is given to the transformation of traditional teaching and assessment methods. The paper proposes practical solutions to maintain academic integrity, such as redesigning assignments, focusing on the learning process, and developing critical thinking skills. It also highlights the importance of fostering a culture of responsible AI use in education. The study concludes that a balanced integration of technological capabilities and ethical principles is essential for the sustainable development of the educational system.

Key words: academic integrity; artificial intelligence; plagiarism; education; critical thinking; digital technologies

Аңдатпа. Мақалада жасанды интеллекттің қарқынды дамуы жағдайындағы академиялық адалдық мәселелері қарастырылады. Генеративті ЖИ технологияларын қолдануға байланысты негізгі қауіптер, соның ішінде плагиат, дербес ойлаудың төмендеуі және деректерді бұрмалау қаупі талданады. Сонымен қатар дәстүрлі оқыту және бағалау тәсілдерінің өзгеруі қарастырылады. Зерттеуде академиялық адалдықты сақтауға бағытталған практикалық шешімдер ұсынылады: тапсырмаларды жаңарту, оқу үдерісіне назар аудару және сыни ойлауды дамыту. Білім беру ортасында ЖИ-ді жауапты қолдану мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы атап өтіледі. Қорытындысында технологиялық мүмкіндіктер мен этикалық қағидаларды үйлестіру білім беру жүйесінің тұрақты дамуының негізгі шарты екендігі көрсетіледі.

Түйін сөздер: академиялық адалдық; жасанды интеллект; плагиат; білім беру; сыни ойлау; цифрлық технологиялар

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы академической честности в условиях стремительного развития искусственного интеллекта. Анализируются основные вызовы, связанные с использованием генеративных ИИ-технологий, включая плагиат, снижение уровня самостоятельного мышления и риск фальсификации данных. Особое внимание уделяется трансформации традиционных подходов к обучению и оцениванию знаний студентов. В работе предлагаются практические решения, направленные на сохранение академической честности, такие как внедрение новых форм заданий, акцент на процессе обучения и развитие критического мышления. Подчеркивается необходимость формирования культуры ответственного использования ИИ в образовательной среде. Сделан вывод о том, что эффективное сочетание технологических возможностей и этических норм является ключевым условием устойчивого развития системы образования.

Ключевые слова: академическая честность; искусственный интеллект; плагиат; образование; критическое мышление; цифровые технологии

Introduction. Academic integrity is a fundamental principle of scientific and educational activity that reflects adherence to moral and ethical standards in the process of learning and research. At its core are honesty and responsibility, which imply the rejection of plagiarism, falsification, and other forms of academic misconduct, as well as a commitment to following established rules and maintaining transparency within the academic environment.

The digital era has significantly expanded access to knowledge, but at the same time has created new challenges. A particularly prominent role is played by artificial intelligence (AI), which is capable of generating texts, analyzing data, and performing complex tasks. While this enhances the efficiency of the educational process, it also poses a threat to traditional notions of originality and independent academic work.

Historical Development of Academic Integrity. Traditional principles of academic integrity have been shaped over centuries and include prohibitions against cheating, plagiarism, data falsification, and unauthorized collaboration. These norms have ensured trust in scientific outcomes and maintained the quality of education.

For a clearer understanding of the transformation of the educational process in the context of artificial intelligence implementation, Table 1 is presented below.

Table 1 – Comparison of Traditional and AI-Oriented Learning

Criterion	Traditional Learning	AI-Enhanced Learning
Source of Knowledge	Textbooks, lectures	Online resources, AI systems
Student role	Passive learning	Active interaction
Assignment format	Essays, tests	Projects, case studies, analysis
Skills	Memorization	Critical thinking
Risk of plagiarism	Medium	High (due to AI)

However, with the development of technology, the concept of academic integrity has continuously adapted. Nevertheless, the emergence of generative artificial intelligence has become one of the most serious challenges, requiring a revision of established approaches.

These changes are clearly illustrated in Figure 1, which presents a comparison of traditional and modern learning in the context of artificial intelligence use.




Figure 1 – Comparison of Traditional and Modern Learning

Impact of Technology and AI on the Academic Environment. Modern technologies have radically transformed the ways in which information is obtained and processed. Generative artificial intelligence is capable of producing texts, programming code, and analytical materials, making it a powerful tool for learning and research.

In this regard, it is appropriate to examine the main challenges and possible solutions related to academic integrity in the context of artificial intelligence use, as presented in Table 2 below.

However, a paradox arises: the same tools that can support learning may also be used as "shortcuts," enabling students to complete assignments without a deep understanding of the material.

Table 2 – Key Challenges and Solutions of Academic Integrity in the Context of AI

Problem	Essence of the Problem	Consequences	Possible Solutions
AI-assisted plagiarism	Generation of "original-looking" texts without proper source attribution	Decreased trust in academic work and distorted assessment of students' knowledge	Use of AI-content detection systems; mandatory disclosure of AI use
Decline in creativity	Receiving ready-made answers without independent analysis	Weakening of critical thinking skills	Introduction of creative and practice-oriented assignments
Dependence on AI	Excessive use of AI in completing academic tasks	Loss of problem-solving skills	Limiting AI use at specific stages of assignments

Data falsification	Generation of fabricated research results	Violation of scientific credibility	Strengthened control and verification of raw data
Inaccurate assessment	Submitted work does not reflect actual knowledge level	Unreliable grading results	Shifting focus toward the learning process

The AI Paradox: New Forms of Academic Misconduct. The contemporary environment has changed the nature of academic dishonesty.

Firstly, plagiarism has been transformed. While it previously involved copying existing texts, students can now use AI to generate "original" works. Such texts are difficult to identify as borrowed, which challenges traditional methods of detection.

Secondly, there is a decline in creativity. When solutions can be obtained instantly, the importance of independent analysis, idea generation, and critical thinking decreases (see Figure 2).



Figure 2 – Comparison of Original Work and AI-Assisted Plagiarism

Thirdly, dependence on technology is increasing. Excessive use of AI, for example in programming or data analysis, may lead to a weakening of practical skills and an inability to independently solve problems.

In addition, traditional assessment methods are losing accuracy: when assignments are completed with the help of AI, grades may no longer accurately reflect students' actual knowledge and competencies.

AI as a Source and Tool for Addressing Challenges. Despite these risks, AI also provides opportunities to strengthen academic integrity.

Modern detection systems can be improved to identify AI-generated content by analyzing writing style, textual structure, and linguistic patterns. This enhances the accuracy of misconduct detection.

AI can also be used for monitoring academic activities, analyzing the originality of work, and identifying inconsistencies, making it an important tool for quality control.

Rethinking Educational Approaches. One of the key solutions is the transformation of assignment formats. Traditional essays are gradually losing their effectiveness, as they can be easily generated using artificial intelligence.

Instead, the following approaches are proposed:

- the implementation of practice-oriented assignments;
- the use of real-life case studies;
- the development of project-based learning;
- an emphasis on interdisciplinary tasks.

Such approaches encourage independent thinking and make it more difficult to rely on AI as the sole source of solutions.

Focus on the Learning Process. Shifting the emphasis from the final result to the learning process is an important strategy. Assessment should take into account:

- intermediate stages of work;
- drafts and versions of assignments;
- in-class discussion of ideas;
- the student's reasoning and argumentation process.

This allows instructors to better understand the level of student engagement and their actual comprehension of the material.

Responsible Use of AI. Artificial intelligence should not be viewed solely as a threat. On the contrary, it should be integrated into the educational process as a learning tool.

For example, a student may first solve a problem independently and then use AI to analyze, optimize, or verify the result. Such an approach supports the development of skills rather than replacing them.

Development of Academic Culture and Education. A key element is the formation of a culture of academic integrity. This includes:

- conducting seminars on the ethics of AI use;
- introducing academic writing modules;
- discussing the risks of excessive technological dependence;
- developing critical thinking skills.

Early education in academic integrity principles is particularly important, as many students still lack sufficient understanding of traditional forms of plagiarism.

New Forms of Assessment. One of the promising directions is the transformation of examination formats.

Open-book exams allow educators to assess not memorization, but the ability to apply knowledge. They evaluate depth of understanding and analytical skills, thereby reducing the effectiveness of AI misuse for dishonest purposes.

Oral examinations, presentations, and project defenses also play an important role.

The Role of Collaboration in Learning. Group work and collaborative projects promote the development of communication, critical thinking, and responsibility. They also make it more difficult to rely entirely on AI, as they require the active participation of each student.

Institutional Policy and Regulation. Educational institutions should develop clear policies governing the use of artificial intelligence. These policies should include:

- the definition of permissible forms of use;
- mandatory disclosure of AI usage;
- sanctions for violations;
- monitoring and enforcement mechanisms.

It is important that such rules are clearly defined and practically applicable.

The Future of Academic Integrity. Academic integrity is currently undergoing a process of transformation. The development of artificial intelligence requires not only the revision of existing definitions but also a broader rethinking of the entire education system.

The key issue is balance: it is necessary to harness the potential of technology without undermining the fundamental values of education.

Conclusion

Academic integrity must remain the foundation of the educational process even in the context of the rapid development of artificial intelligence.

Addressing emerging challenges requires a comprehensive approach, including the improvement of detection technologies, the redesign of assessment formats, an increased focus on the learning process, and the development of a culture of responsible AI use.

Only through the joint efforts of instructors, students, and educational institutions can an academic environment be created in which artificial intelligence does not undermine, but rather strengthens the values of honesty, originality, and creativity.

References:

1. Chan, K. Y. (2023). Academic integrity in the age of artificial intelligence. Journal of Educational Technology, 15(2), p. 45–60.
2. Yeo, M. A. (2023). Academic Integrity In The Age Of Artificial Intelligence (AI) Authoring Apps. TESOL Journal, 14(3).
3. Khoo, E., & Kang, J. (2022). Academic integrity in the digital age: Challenges and strategies. Higher Education Research & Development, 41(3), p. 789–803.
4. Perkins, M., & Roe, J. (2024). Generative AI and its implications for academic practice. Computers and Education, 198 p.
5. Rahimi, F., & Talebi Bezmin Abadi, A. (2024). Ethical considerations of AI in academic publishing. Science and Engineering Ethics, 30(1), p. 12–25.
6. Reza Khan, M., et al. (2021). Academic integrity and student engagement: Innovative approaches. International Journal of Educational Integrity, 17(1), p. 1–14.
7. Bretag, T. (2016). Handbook of academic integrity. Singapore: Springer.
8. Fishman, T. (2014). The fundamental values of academic integrity. Clemson University: International Center for Academic Integrity.
9. Eaton, S. E. (2021). Academic integrity during COVID-19: Reflections and future directions. International Studies in Educational Administration, 49(1), p. 80–85.

ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ, ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ И СТРАТЕГИИ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В УЗБЕКИСТАНЕ

Убайдуллаев А.А.
к.ф.н., доцент кафедры узбекской лингвистики
Национальный университет Узбекистана имени Мирзо Улугбека, Ташкент
a.ubaydullayev@nuu.uz, https://orcid.org/0009-0003-1476-4386

Аннотация. В статье комплексно рассматриваются теоретико-методологические и практические аспекты внедрения технологий искусственного интеллекта (ИИ) в образовательное пространство. Особое внимание уделяется лингводидактическому потенциалу ИИ, цифровой трансформации образовательной среды, а также перспективам развития интеллектуальных образовательных систем в Республике Узбекистан. Анализируются современные подходы к персонализации обучения, автоматизации оценки знаний и формированию цифровых компетенций.

Ключевые слова: искусственный интеллект, цифровизация образования, лингводидактика, персонализированное обучение, образовательные технологии, цифровая среда.

Аннотация. Мақалада білім беру кеңістігіне жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізудің теориялық-әдіснамалық және практикалық аспектілері кешенді түрде қарастырылады. ЖИ-дің лингводидактикалық әлеуетіне, білім беру ортасының цифрлық трансформациясына, сондай-ақ Өзбекстан Республикасында зияткерлік білім беру жүйелерін дамыту перспективаларына ерекше назар аударылады. Оқытуды дараландыру, білімді бағалауды автоматтандыру және цифрлық құзыреттерді қалыптастырудың заманауи тәсілдері талданады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, білім беруді цифрландыру, лингводидактика, дараланған оқыту, білім беру технологиялары, цифрлық орта.

Abstract. The article provides a comprehensive examination of the theoretical, methodological, and practical aspects of implementing artificial intelligence (AI) technologies in the educational space. Special attention is given to the linguodidactic potential of AI, the digital transformation of the educational environment, and the prospects for the development of intelligent educational systems in

the Republic of Uzbekistan. Modern approaches to learning personalization, knowledge assessment automation, and the formation of digital competencies are analyzed.

Keywords: artificial intelligence, digitalization of education, linguodidactics, personalized learning, educational technologies, digital environment.

XXI ғасырда білім беру қоғамның тұрақты дамуының негізгі факторына айналуда. Цифрлық технологиялардың, әсіресе жасанды интеллекттің дамуы дәстүрлі білім беру модельдерінің трансформациясына және жаңа білім беру парадигмасының қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі білім беру кеңістігі онлайн және офлайн оқыту формаларының интеграциясымен, цифрлық платформаларды белсенді қолданумен және жеке білім беру траекторияларына көшуімен сипатталады. Бұл контексте жасанды интеллект тек технологиялық құрал ғана емес, сонымен қатар педагогикалық тәсілдердің өзгеру факторы ретінде қарастырылады.

Жасанды интеллектті білім беруге интеграциялаудың әдіснамалық негіздері

Жасанды интеллектті білім беру процесіне енгізу пәнаралық тәсілге негізделеді, оған педагогика, психология, лингвистика және ақпараттық технологиялар жетістіктері кіреді. Мұндай ғылыми бағыттардың синтезі жасанды интеллектті тек техникалық құрал ретінде ғана емес, білім беру парадигмасын өзгертуге ықпал ететін педагогикалық ресурс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Әдіснамалық тұрғыдан келесі тәсілдерді бөліп көрсетуге болады:

• **құзыреттілікке негізделген тәсіл** — цифрлық экономика жағдайында сұранысқа ие практикалық дағдылар мен біліктерді қалыптастыруға бағытталған. Жасанды интеллект нақты кәсіби жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді, аналитикалық ойлауды және шешім қабылдау қабілетін дамытады;

• **тұлғаға бағытталған тәсіл** — білім алушылардың когнитивтік, психологиялық және мотивациялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды жекешелендіруді көздейді. Интеллектуалды жүйелер студенттердің оқу әрекетін талдап, жеке білім беру траекторияларын қалыптастырады;

• **жүйелік тәсіл** — технологияларды білім беру процесіне кешенді енгізуді қамтамасыз етеді. Ол оқу бағдарламаларына, оқыту әдістеріне, білімді бағалау формаларына және жалпы білім беру ортасын ұйымдастыруға жасанды интеллектті енгізуді қамтиды;

• **когнитивтік тәсіл** — ақпаратты қабылдау, өңдеу және меңгеру ерекшеліктерін ескереді. Осы деректер негізінде жасанды интеллект оқу материалын бейімдеп, оның күрделілігін, құрылымын және қарқынын оңтайландырады.

Жасанды интеллект бұл тәсілдерді үлкен деректерді талдау, білім беру мазмұнын бейімдеу және интеллектуалды оқыту жүйелерін құру арқылы іс жүзінде жүзеге асырады. Атап айтқанда, машиналық оқыту алгоритмдері үздіксіз кері байланыс беріп, білімдегі олқылықтарды анықтап, жеке ұсыныстар жасайды.

Цифрлық білім беру ортасы және жасанды интеллект

Цифрлық білім беру ортасы — бұл электрондық білім беру ресурстарын, қашықтықтан оқыту платформаларын, бұлттық сервистерді және білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін коммуникациялық құралдарды біріктіретін интеграцияланған кеңістік. Мұндай орта икемділікке, қолжетімділікке және білім берудің үздіксіздігіне негізделген жаңа оқыту моделін қалыптастырады.

Білім беруді цифрландыру жағдайында жасанды интеллект осы ортаның негізгі элементіне айналып, оның интеллектуалдандырылуын және бейімделуін қамтамасыз етеді. Жасанды интеллект келесі функцияларды атқарады:

• **білім алушыларды интеллектуалды қолдау** — виртуалды ассистенттер мен чат-боттарды қолдану арқылы сұрақтарға жауап беру, оқу материалын түсіндіру және оқыту процесін сүйемелдеу;

• **оқу белсенділігін талдау** — тапсырмаларды орындау уақыты, материалдарға жүгіну жиілігі, үлгерім динамикасы сияқты көрсеткіштер арқылы оқу әрекетінің ерекшеліктерін анықтау;

• **оқу нәтижелерін болжау** — үлкен деректерді өңдеу негізінде академиялық тәуекелдерді анықтау және оқу процесін дер кезінде түзету;

• **жеке ұсыныстар қалыптастыру** — білімдегі олқылықтарды жою және әр білім алушының оқу траекториясын оңтайландыру.

Қазіргі LMS (оқытуды басқару жүйелері) және MOOC (жаппай ашық онлайн курстар) платформалары оқытудың тиімділігін арттыру үшін машиналық оқыту алгоритмдері мен деректер талдау элементтерін кеңінен қолданады. Бұл жүйелер оқу мазмұнын автоматты түрде таңдап, тапсырмалардың күрделілігін бейімдеп және нақты уақыт режимінде кері байланыс береді.

Жасанды интеллекттің кеңейтілген лингводидактикалық мүмкіндіктері

Тілдерді оқытуда жасанды интеллект ерекше рөл атқарады, білім алушы мен білім беру жүйесі арасындағы өзара әрекеттестіктің жаңа сапалық деңгейін қамтамасыз етеді. Ол дәстүрлі әдістерден интерактивті, бейімделген және жекелендірілген модельдерге көшуге мүмкіндік береді.

Лингводидактикада жасанды интеллекттің кең мүмкіндіктеріне мыналар жатады:

• **мәтінді семантикалық талдау** — тек үстірт емес, мағыналық құрылым, логика және стильдік сәйкестікке байланысты терең қателерді анықтау;

• **бейімделетін тілдік тренажерлер** — білім алушының деңгейіне, оқу қарқынына және жиі жіберетін қателеріне сәйкес реттеледі;

• **сөйлеуді тану технологиялары** — айтылым дағдыларын дамыту, фонетикалық қателерді түзету және ауызша коммуникацияны қалыптастыру;

• **диалог генерациясы** — нақты коммуникативтік жағдайларды модельдеу арқылы спонтанды сөйлеу мен мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Сонымен қатар, автоматты аударма, дискурс талдауы және интерактивті жаттығулар жасау мүмкіндіктерін атап өтуге болады. Интеллектуалды жүйелер түрлі деңгейдегі мәтіндер құрып, контекстке сәйкес мысалдар ұсынып, жедел кері байланыс береді.

Жазбаша сөйлеуді үйретуде жасанды интеллекттің маңызы ерекше. Қазіргі технологиялар мәтін құрылымын, логикалық байланысын, грамматикалық дұрыстығын және стильдік нақтылығын талдауға мүмкіндік береді, бұл академиялық жазу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Өзбек тілі үшін ұлттық ерекшеліктерді ескеретін мәтін корпустарын және тілдік модельдерді әзірлеу өзекті бағыт болып табылады.

Өзбекстанда жасанды интеллектті енгізудің практикалық аспектілері

Өзбекстанда білім беру саласында цифрландыру мен жаңғыртуға бағытталған реформалар белсенді түрде жүзеге асырылуда. Мемлекеттік саясат инновациялық технологияларды енгізуге, кадрлар даярлау сапасын арттыруға және ұлттық білім беру жүйесін әлемдік кеңістікке интеграциялауға бағытталған.

Жасанды интеллектті енгізудің негізгі бағыттары:

• **электрондық білім беру платформаларын енгізу** — оқу материалдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету және аралас оқытуды ұйымдастыру;

• **қашықтықтан оқытуды дамыту** — әсіресе шалғай аймақтардағы білім алушылар үшін білімге қолжетімділікті кеңейту;

• **цифрлық оқу материалдарын әзірлеу** — интерактивті оқулықтар, мультимедиалық ресурстар және онлайн курстар;

• **оқытушылардың біліктілігін арттыру** — цифрлық құзыреттерді дамыту және жасанды интеллектті тиімді пайдалану.

Өзбек тіліндегі білім беру ресурстарын дамыту ерекше маңызға ие, бұл тілдік бірегейлікті сақтауға және білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Осыған байланысты өзбек тілінде жұмыс істейтін интеллектуалды жүйелерді құру маңызды міндет болып табылады.

Қорытынды

Жасанды интеллект қазіргі білім беру кеңістігін трансформациялаудың маңызды факторы болып табылады. Оның интеграциясы білім сапасын арттырып, оқытуды жекешелендіруге және жаңа құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өзбекстан жағдайында ұлттық тіл мен мәдениетті цифрлық ортада дамытуға бағытталған шешімдер ерекше маңызға ие.

Білім беруде жасанды интеллектті дамытудың болашағы технологияларды одан әрі интеграциялаумен, оқыту әдістерін жетілдірумен және ғылым мен тәжірибе арасындағы байланысты нығайтумен байланысты.

Использованная литература:

1. Ельшина М.К., др. «Искусственный интеллект в образовании: проблемы и перспективы» // Педагогические науки и образование. – 2025. – №1. – Б. 20–34.
2. Кушеккалиев А.Н., др. «Образование и искусственный интеллект: проблемы и перспективы» // Вестник университета имени Абылай хана. – 2022. – №3. – Б. 15–27.
3. Милорадов К.А. «Цифровые технологии искусственного интеллекта в сфере образования» // CyberLeninka. – 2021. – Б. 1–12.
4. Мухамадиева К.Б., Бозорбоев Ж.У. «Искусственный интеллект: лень или перспектива для человечества при принятии решений» // CyberLeninka. – 2021. – Б. 1–9.
5. Садыкова А.Р., Левченко И.В. «Искусственный интеллект как компонент инновационного содержания общего образования» // Вестник РУДН. Информатизация образования. – 2020. – №4. – Б. 45–58.
6. Тукмирзаева А., Космуратов А. «Искусственный интеллект в обучении английскому языку» // Филологические науки и лингводидактика. – 2023. – №2. – Б. 50–62.

ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВТІҢ «САҒЫНЫШ» ӨЛЕҢІНІҢ ОҚУЛЫҚТА БЕРІЛУІ

Мыңбаева А.П.
PhD доктор

Аңдатпа. Мақалада Т.Айбергенов шығармалары, олардың оқулықта берілуі мен оқу мақсаттары қарастырылады. Т.Айбергенов лирикалары қазақ әдебиетінде өз орны бар шоқтығы биік шығармалар.

Аннотация. В статье рассматриваются произведения Т. Айбергенова, их представление в учебнике и цели обучения. Литературные произведения Т.Айбергенова — это высококачественные работы, занимающие достойное место в казахской литературе.

Summary. This article examines the works of T. Aibergenov, their presentation in the textbook, and the learning objectives. T. Aibergenov's literary works are high-quality works that occupy a worthy place in Kazakh literature.

Төлеген Айбергенов қазақ поэзиясында ерекше орын алады. Оның поэзиясы терең лирикалық сезімге, ой-толғауға, туған жерге деген махаббатқа толы. «Сағыныш» өлеңі – ақынның жүрек жарды шығармаларының бірі.

Төлеген Айбергенов – қазақ поэзиясында шоқтығы биік, сыршыл лирик ақын. Оның шығармаларында шынайы сезім, терең философия, ұлттық таным, туған ел мен жерге деген шексіз сүйіспеншілік айқын байқалады. Соның ішінде «Сағыныш» өлеңі ақынның ішкі жан дүниесін, рухани әлемін, сағыныш сынды ұлы сезімге деген көзқарасын терең әрі көркем жеткізетін туынды болып саналады.

Ақын бұл өлеңде сағынышты өмірдің мәні, тіршіліктің өзегі ретінде суреттейді. Сағыныш – махаббатпен, шабытпен, шығармашылықпен ұштасқан ерекше күй. Ақын үшін

бұл – тек бір адамға, бір мекенге деген аңсау емес, бүкіл болмысқа, туған жер мен елге деген терең сүйіспеншіліктің көрінісі.

Өленде лирикалық кейіпкердің ішкі сезімі, жан дүниесінің толқынысы ақынға тән ерекше бейнелі тілмен жеткізіледі. «Сағыныш менің – махаббатым, жырым» деген жолдардан ақынның бұл сезімді өмірінің басты арқауы ретінде қабылдайтыны байқалады. Ақын сағынышты өз жырының қайнар көзі, ақындық шабыттың бастауы ретінде суреттейді.

Көркемдік құралдар жағынан өленде эпитет, метафора, теңеу сынды бейнелеу тәсілдері молынан кездеседі. Мысалы, «аққу сезім», «мөлдір сағыныш», «ақ сағымға айналған арман» сияқты тіркестер арқылы сағынуштың нәзік, таза табиғаты ашылады. Сонымен қатар, өленде қайталамалар арқылы поэтикалық ырғақ пен әсер күшейе түседі.

Өленнің тақырыбы – сағыныш. Идеясы – адамның жүрегіндегі сағыныш сезімі – оны адам ететін, рухани байытып, өмірге мән беретін күш екендігі. Бұл шығармадан ұлттық дүниетанымға сай туған жерді, елді, отбасын, жақындарын сағыну сынды ұғымдармен бірге жалпыадамзаттық құндылықтар үндестігін көруге болады.

Ақынның бұл өлені қазіргі жастардың ішкі дүниесін тәрбиелеуге, туған ел мен жерге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін арттыруға әсер етеді. «Сағыныш» – тек бір ғана лирикалық көңіл-күй емес, бұл – ұлттың рухани болмысының көркем көрінісі.

Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлені – терең сезім мен көркем ойдың бірлігінен туған, ұлттық рух пен ақындық шабыттың айқын көрінісі. Ол оқырманға шынайылықты, рухани тазалықты сезіндіре отырып, жүрекке ой салады, жанға жылулық ұялатады [1].

Адамның заңғар ұлылығын, сен, сағынышымен есепте.

Онсыз сен, тіпті, тұлпар да болсаң, қосыла алмайсың қатарға.

Әуелі әбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға.

Сағынбай барсаң теңіз де сенің тебіренбес жастық шағыңдай [2].

Өленнің мазмұнын талдағанда, оның көркемдік ерекшеліктері, негізгі тақырыбы және айтар ойы сарапталады. Ақын туған жерді, балалық шақты сағыну арқылы оқырманға жақын әрі әсерлі бейнелерді ұсынады. Бұл өленді оқыту барысында оқу бағдарламасында берілген төмендегідей оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін таңдап алдық. Төлеген Айбергеновтің Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлені 9-сыныпта оқытылады [3], [4] және жас ерекшелігіне қарай оқу мақсаттары берілген. Осы оқу мақсаттары бойынша оқытудың әдістері мен қысқа мерзімді жоспардың бірнеше түрі беріліп, тапсырмалар құрастырылады. Осы қысқа мерзімді жоспарда оқу бағдарламасында берілген нақты төмендегідей оқу мақсаттары бар:

9.1.2.1. Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты талдау.

9.2.2.1. Шығарманың композициялық құрылымын талдау.

9.3.2.1. Көркем шығармадағы автор бейнесінің көрінуін анықтау [5].

9.3.3.1. Шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу.

«Сағыныш» өлені – оқушының ішкі сезімін, туған жерге, адамға деген махаббатын оятатын өте әсерлі шығарма. 9-сынып оқушыларына бұл өленді оқыту барысында оқушылардың әдеби талдау қабілетін дамыту, көркем тіл мен идеялық мазмұнын түсіндіру, және ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыру көзделеді. Осы мақсатқа жету үшін келесі тиімді әдістерді қолдануға болады. Оқу мақсаттарына жету үшін оқытудың мынадай әдістерін қолдануға болады:

1. **Диалогтік оқыту** – Оқушылар өленнің мазмұны мен идеясына талдау жасап, пікірталас жүргізеді.
2. **Драма әдісі** – Өлең мазмұнын сахналық қойылым түрінде көрсету.
3. **Шығармашылық жұмыс** – Оқушыларға «Менің сағынышым» тақырыбында эссе немесе өлең жазғызу.
4. **Салыстырмалы талдау** – «Сағыныш» өленін басқа ақындардың ұқсас тақырыптағы шығармаларымен салыстыру.
5. **Кластер әдісі** – Өлендегі негізгі ойларды, көркемдік құралдарды топтастыру.
6. **Интерпретациялық әдіс** – Өленді түрлі көзқарастар бойынша талдау (оқушылар әртүрлі көзқарастағы рөлдерді сомдап, өленнің мазмұнын ашады).

Оқушыларға «Сағыныш» өлеңін терең түсіндіру үшін әртүрлі әдістер қолданылады (Кесте 1):

1. Дәстүрлі оқыту әдістері:
   - Лекция және баяндау әдісі;
   - Түсіндірме оқу;
   - Сұрақ-жауап әдісі.
2. Интерактивті оқыту әдістері:
   - Диалогтық оқыту;
   - Оқушылардың пікірталасы;
   - Ойын арқылы оқыту (рольдік ойындар, ассоциациялар әдісі).
3. Талдау және зерттеу әдістері:
   - Өлеңнің құрылымдық, стильдік ерекшеліктерін анықтау;
   - Ақынның өмірімен байланыстырып түсіндіру;
   - Өлеңнен негізгі идеяны табу.

Кесте 1. Қазақ әдебиеті оқулығында берілген әдістер

Дәстүрлі оқыту әдістері	**Интерактивті оқыту әдістері**	**Талдау және зерттеу әдістері**
Лекция және баяндау әдісі	Диалогтық оқыту	Өлеңнің құрылымдық-стильдік ерекшеліктерін анықтау
Түсіндірме оқу	Пікірталас	Ақынның өмірімен байланыстырып түсіндіру
Сұрақ-жауап әдісі	Ойын арқылы оқыту	Өлеңнің негізгі идеясын табу

Осы берілген әдістерді пайдаланып, оқулықтағы тапсырмалар негізінде мынадай қысқа мерзімді жоспарлар түзілген болатын.

Сабақтың тақырыбы: Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңін талдау. Сабақтың мақсаты: Оқушыларға өлеңнің көркемдік ерекшеліктерін меңгерту, сағыныш сезімінің көрінісін түсіндіру

Әдістер: Түсіндірмелі, сұрақ-жауап, талдау, топтық жұмыс.

Сабақтың барысы:

Кіріспе: Ақын өмірі мен шығармашылығына шолу.

1. **Негізгі бөлім:**

Өлеңді мәнерлеп оқу;

Өлеңнің мазмұнын талқылау;

Сағыныш сезімінің көркемдік құралдар арқылы берілуін анықтау.

Қорытынды: Өлеңнің қазіргі заман оқырманы үшін маңызын талқылау.

Сабақ тақырыбы: Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңі

Оқу мақсаты: 9.1.2.1. Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты талдау

Сабақ барысы:

Кіріспе: (10 минут)

Оқушыларға «тұлғалық болмыс» ұғымын түсіндіру.

Өлеңнің мазмұны мен ақынның тұлғалық ерекшелігін талдау үшін ой шақыру сұрақтары.

Негізгі бөлім: (25 минут)

Өлеңнің негізгі кейіпкері – лирикалық тұлғаның болмысын анықтау.

Ақынның өмірімен байланысын қарастыру.

Ойын әдісі: «Тұлға картасы» (оқушылар өлеңнен алынған үзінділер арқылы ақынның тұлғалық ерекшелігін сипаттайды).

Инновациялық әдіс: «Рөлдік талдау» (оқушылар ақынның рөлінде болып, оның сезімдерін сипаттайды).

Қорытынды: (10 минут)

Рефлексия: «Менің де сағынышым...» эссе жазу.

Бағалау: Оқушылардың шығармашылық жұмыстарына кері байланыс беру.

Екінші оқу мақсаты негізінде қысқа мерзімді жоспарды ұсынып отырмыз.

Оқу мақсаты: 9.3.2.1. Көркем шығармадағы автор бейнесінің көрінуін анықтау

Сабақ тақырыбы: Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңі және автор бейнесі

Сабақтың мақсаты:

Оқушылар Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңі арқылы автор бейнесін анықтап, шығарманың лирикалық кейіпкері мен ақынның жеке тұлғасы арасындағы байланысты талдайды.

Сабақтың құрылымы:

Кіріспе (10 минут):

Оқушыларға «автор бейнесі» туралы түсінік беру.

Ой шақыру: «Автордың өлеңіндегі өз бейнесі қалай көрінеді?» деген сұраққа жауап алу.

Өлеңнің тақырыбы мен идеясы туралы қысқаша әңгімелеу.

Негізгі бөлім (25 минут):

Өлеңді оқу: Оқушыларға Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңін оқыту.

Автор бейнесін талдау: Өлеңнің мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері арқылы автордың ішкі әлемі, сезімдері мен ойлары қалай ашылғанын талдау.

Топтық жұмыс: Топтарға бөліп, әр топ өлеңнен автор бейнесін білдіретін үзінділерді тауып, талдау жасайды.

Ойын әдісі: «Автор мен лирикалық кейіпкер» – оқушылар өлеңнен үзінділер оқып, автор мен лирикалық кейіпкердің байланысын талдайды.

Қорытынды (10 минут):

Рефлексия: «Менің ойымша, автордың бейнесі өлеңде қалай көрінеді?» тақырыбында қысқаша эссе жазу.

Бағалау: Оқушылардың өз ойын дәлелді түрде жеткізуі мен талдауы бойынша бағалау.

Оқу үдерісінде қолданылатын әдістер:

- Дебат: Оқушылар өлеңнің әрбір бөлігі бойынша автор бейнесін әртүрлі көзқарастардан талқылайды.
- Сұрақ-жауап: Оқушылар өлеңнің құрылымын талдай отырып, автор бейнесінің әртүрлі қырларын ашады.
- Топтық талқылау: Әр топ өлеңдегі автор бейнесін ашатын көркемдік құралдарды талдайды.

Келесі оқу мақсаты 9.2.2.1. Шығарманың композициялық құрылымын талдау туралы берілген. Сабақтың барысына келсек, о**қу мақсаты:** 9.2.2.1. Шығарманың композициялық құрылымын талдау

1. **Кіріспе:** (10 минут)
   - Ой шақыру: «Сағыныш» ұғымын оқушылар қалай түсінеді?
   - Өлеңнің тақырыбы мен идеясын болжау
2. **Негізгі бөлім:** (25 минут)
   - Өлеңнің құрылымын анықтау: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды
   - Өлеңдегі көркемдік құралдарды анықтау
   - Ойын әдісі: «Өлең құрастыру» (оқушылар берілген үзінділерден өлеңнің құрылымын дұрыс орналастырады)
   - Инновациялық әдіс: «Драма элементтері» (оқушылар өлеңдегі негізгі ойды шағын көрініс арқылы жеткізеді)

Төлеген Айбергеновтің шығармашылығын мектепте оқыту қазақ әдебиетінің терең философиялық және эмоционалды ұғымдарын жас ұрпаққа жеткізу үшін өте маңызды. Ақынның өлеңдері өз заманының рухани әлемін, ұлттық болмысты, адамгершілік

құндылықтарды терең бейнелейді. Бұл өлеңдерде патриотизм, туған жерге деген сүйіспеншілік, анаға деген құрмет сияқты құндылықтар мен сезімдер басты орын алады. Т.Айбергеновтің шығармашылығын мектепте оқытудың маңызы бірнеше аспектілерде көрінеді:

1. Ұлттық сана мен руханияттың қалыптасуы: Ақынның өлеңдерінде туған жерге деген сүйіспеншілік, ата-анаға, халыққа деген құрмет басты орын алады. Бұл жас ұрпақтың бойында ұлттық патриотизмді, отаншылдық сезімін қалыптастырады.

2. Қазақ поэзиясының үздік үлгілерімен танысу: Т.Айбергеновтің шығармашылығы — қазақ поэзиясының алтын қорына енген, жоғары көркемдік деңгейі мен шынайы лирикасымен ерекшеленетін үлгі болып табылады. Мектеп оқушылары осы шығармашылықты оқып, қазақ поэзиясының байлығын түсінеді.

3. Адамгершілік және рухани құндылықтар: Төлеген Айбергеновтің өлеңдері жастардың адамгершілік құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі. Ол өлеңдерінде адам жүрегіндегі нәзік сезімдер мен терең ойларды жеткізіп, жастарға рухани тәрбие береді.

4. Лирикалық поэзияға қызығушылықты ояту: Т.Айбергеновтің поэзиясы терең сезімдер мен сұлулықты көруге бағыттайды, бұл жас өлеңсүйер қауымның әдебиетке деген қызығушылығын арттырады.

5. Әдебиет арқылы дүниетанымның кеңеюі: Т.Айбергеновтің шығармалары арқылы оқушылардың дүниетанымы кеңейіп, олар өмірдің барлық қырларына сезімтал, терең ойлы болуға үйренеді.

Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңі мектеп бағдарламасында екі түрлі баспаның – «Мектеп» және «Атамұра» баспасының оқулықтарында әртүрлі әдістемелік бағытта ұсынылған. Бұл екі баспаның оқу тапсырмаларын салыстыру арқылы олардың басым бағыттары мен оқушыға әсер ету ерекшеліктерін анықтауға болады.

«Мектеп» баспасының оқулығында «Сағыныш» өлеңін талдау барысында оқушылардың көркемдік ойлауын, әдебиет теориясын меңгеруін және өлең құрылымына терең үңілу қабілетін дамытуға баса назар аударылған [10]. Мұнда оқушыларға өлеңдегі көркемдік құралдарды – метафора, метонимия, анафора, қайталауларды табу және олардың мазмұндық маңызын түсіндіру тапсырмалары беріледі. Сонымен қатар «Екі жақты күнделік», «Сатылай кешенді талдау», «Ақыл картасы» сияқты заманауи әдістер ұсынылады. Бұл тәсілдер оқушының тек өлең мазмұнын меңгеріп қана қоймай, оны әдеби-теориялық тұрғыда талдай алуына жол ашады. Сонымен бірге, «Кестедегі сыр» әдісі арқылы автор стилін бағалап, шығарманың көркемдік ерекшелігін нақты мысалдармен дәлелдеуге тапсырмалар беріледі. Бұл оқулықтағы сұрақтар ойлауға жетелейтін, Сократтық әдіске негізделген – яғни, оқушылардан өз көзқарасын дәлелдеуді талап етеді.

Ал «Атамұра» баспасының оқулығы негізінен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Мұнда «Сағыныш» өлеңінің мазмұнын қысқаша мазмұндау, өлең жолдарына сурет салу, шағын эссе жазу сияқты тапсырмалар басым. Сондай-ақ, өлеңге жоспар құру, оған сай мақал-мәтелдер немесе нақыл сөздер таңдау арқылы оқушының дүниетанымы мен тілдік қорын дамыту көзделген. Бұл оқулықта ақынның өмір жолын, шығармашылық мұрасын зерттеу бағытындағы тапсырмалар да бар. Мұндай жұмыстар оқушыны тек көркем мәтінді оқып қоймай, ақын өмірі мен заманы туралы тереңірек білуге, зерттеуге ынталандырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айбергенов Т. *Аманат*. – Алматы: Жазушы, 1974. – 240 б.
2. Айбергенов Т. «Өлеңдер жинағы» – Алматы: Жазушы, 2013.
3. А.С. Ақтанова, А.К. Жүндібаева, Л.К. Жұмекенова Қазақ әдебиеті. 9-сынып. «Атамұра», 2019-256 б.
4. Г. Орда, С. Дәрібаев, А. Сатылова. Қазақ әдебиеті. 9-сынып. «Мектеп», 2019-272 б.
5. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу бағдарламасы (қазақ әдебиеті, 9-сынып). — Астана, 2017.

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Бесбаев Мәди Әбзелбекұлы
Республикалық ақпараттық-ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі, діntанушы

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлттық идеологияның қалыптасуындағы отбасының рөлі қарастырылады. Отбасы – тұлғаның алғашқы тәрбиелік ортасы болғандықтан, ұлттық құндылықтар, тіл, дәстүр және рухани мәдениет ең алдымен осы ортада сіңіріледі. Мақалада отбасы институтының қоғамдағы маңызы, ұлттық сананы қалыптастырудағы тәрбиелік қызметі және қазіргі заманғы жаһандану жағдайында ұлттық идеологияны сақтап қалудың жолдары талданады. Сонымен қатар, бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі мен ұрпақ сабақтастығы мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: ұлттық идеология, отбасы тәрбиесі, ұлттық құндылықтар, рухани жаңғыру, тіл, дәстүр, ұрпақ сабақтастығы, патриотизм, мәдениет, тәрбие.

Тәуелсіз еліміз өркениетті әлемге танылып, елдігіміздің берік іргетасы қаланып, қасиетті де киелі құндылығымыз – Егемендік халқымыз үшін жаңа өрлеу жолын ашты. Қазақстан көп ұлтты, көп конфессиялы, зайырлы мемлекет. Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан әркімнің діни наным-сенімі өз еркінде. Қазақстан – бейбітсүйгіш ел. Біздің елде діни алауыздыққа, ұлт араздыққа жол жоқ, өйткені еліміздің басты ұстанымы азаматтарымыздың бейбіт өмір сүруі. Бейбітшілік – адамзаттың басты құндылығы. Дін ұлтқа бөлінбейді. Діни тұрақтылық та ең маңызды мәселелердің бірі. Әлемде орын алып отырған кесір-кесапаттардың, ұрыс-жанжалжалдардың себебін белгілі діннен іздеу себепсіз.

Бүгінгі күні қоғамымызда діннің орны ерекше. Өйткені дін біріктіруші фактор. Ал кейбір топтар оны ыдыратушы фактор ретінде пайдаланғысы келеді. Сондықтан да дінді қоғамнан бөле жаруға болмайды.

Ел халқының жетпіс пайызын құрайтын мұсылмандар ислам дінінің ұстанымдары мен шариғатқа сай өзге ұлт, өзге дін өкілдеріне түсіністікпен қарайды. Осыған орай ешкімнің де ұлт және дін араздығын туғызуына, ел қауіпсіздігіне қатер төндіруіне ешқандай себеп жоқ. Ата-бабаларымыз ұстанған Ислам діні қандай болсын ұлтқа, дін өкілдеріне қарсы шықпайды және басқаларды бірлікке шақырады. Қайта олармен әлеуметтік деңгейде жақсы қатынаста болуға шақырады.

Бейбітшілік, татулық, игі қарым-қатынас пен көркем мінез-құлық, жақсылық пен бейбіт өзара жәрдемдесу мен түсіністік секілді изгілік істердің барлығы да біз ерекше қастерлеп ұстанар асыл дініміз Исламның негізі.

Біздің қазақ ерте бастан-ақ дінді ұстанып келе жатқан халық. Ата-бабаларымыз дәстүрлі дін исламды, оның ішінде Ханафи бағытын ұстанып келеді. Ұлы даламызда ғасырлар бойы Әбу Ханифа негізін қалаған Ханафи мәзһабы мен Матуриди мектебін ұстанудың арқасында ұлтымыздың ұйытқысы болғанын ескеруіміз қажет.

Қазіргі әлемдегі ахуал жайлы болмай тұр. Барлық халықтар мен мемлекеттерге қатер төндіретін лаңкестікке қарсы күрес жүріп жатыр. Лаңкесттіктің тамыры өте тереңге кеткен. Лаңкестік елге төнген қауіп. Бейбітшілік пен татулықты арқау еткен мемлекеттің билігін күйретуге әсер ететін бүгінгі таңда бүкіл әлем бойынша жаһандық мәселе бұл – лаңкестік. Лаңкестік – Ислам дініне түбегейлі жат дүние. Лаңкестіктің қауіптілігі оның белгісіздігінде.

Қазіргі таңда діни деструктивті ағымдардың қатері сақталып тұрған уақытта еліміздің рухани кеңістігінің қауіпсіздігін аман сақтап қалу өзекті екендігі барлығымызға аян.

Елімізде дәстүрлі діни танымдарымыз бен салт-санамызға сіңген діни көзқарастарға үйлеспейтін әртүрлі пікірлер мен ұстанымдар бой көрсетуде. Бұл өз кезегінде, ұлттық құндылықтарымызға өзінің әсерін тигізуде. Қазақ халқы үшін дәстүрлі дін ретінде Ислам құндылықтарының күнделікті өмірде өз орынын алғаны белгілі. Қазіргі таңда осы ежелден халқымыз дәріптеп, құрметтеген дінге күдікпен қарайтын дәрежеге жеттік. Ислам атын жамылған ең үлкен қайшылық сәләфилік бағытты ұстанушыларға қатысты болып отыр. Олар

уақыт талабын ескермей, исламның алғашқы ғасырындағыдай қарапайым шекте ғана ойлап, әлемдік геосаяси ықпалдастарының бүгінгі, ертеңгі ағымы мен тасқынын ескермей тар аядағы теріс те зиянды пікір-тұжырымдарын айналасындағыларға тықпалауда. Сәләфилік қазақтың салт-дәстүріне ұстанған жолына мүлдем қарсы. Еліміз үшін дәстүрлі емес сәләфилік мәселесі өзекті болып тұр. Дінге жаңадан бет бұрған азаматтарымызды адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысып жүрген кейбір күштердің жетегіне еріп жүргендер өзі ғана адасып қоймай, өзгелерді де адастурда.

Сәләфилік ұстанымындағылар үшін басты жұмыс – идеологиялық жұмыс. Бұл дегеніміз сәләфилік жақтаушылары арнайы бір ұйым немесе басқарма құрып жұмыс жасамайды. Олар өздерінің идеологиясын жіпке тізген құмалақтай бір ізді етіп халықтың арасында уағыздаумен айналысады. Сәләфилік жақтаушыларының осындай жұмысының нәтижесі жүзеге асу үшін біршама уақыт талап етеді. Уақыттың өтуімен халықтың арасында бөлінушілік пайда болады да сәләфилік ұстанымы тез тарап бүгінде исалм әлемінде болып жатқандай қантөгістерге алып келуі мүмкін. Өкінішке орай осындай ұстанымның жетегінде жүргендер оның парқына бармайды және оның арғы жағында дін емес саясат жатқанын аңғара бермейді. Сәләфилік көзқарасындағылар кез келген елдің тыныштығын бұзуға, адами құндылықтың жойылуына және белгісіз қияли армандармен өмір сүруге алып келетін, өзгенің қалауымен жүретін қоғам дерті. Мұндай топтар өзінен басқаларға зиянын тигізеді және мемлекеттің болашағына балта шабады. Олардың көзқарастары қоршаған ортамен үйлеспейді және қоғам пікірімен санаса бермейді. Дін мәселесінде олармен тартысқа түскен кез келген адамның көзқарасы олар үшін жат болып табылады әрі ешкімнің пікірін қабылдамайды.

Мысырдың бұрынғы мүфтиі Шейх Али Жумаъ сәләфилік ұстанымындағы адамдардың әрекеті төмендегідей өзгеріске түседі:

- олар қоғамда болып жатқан кез келген жағдайларды дінмен байланыстырып олар үшін барлығы бидғат (дінге енгізілген жаңалық) болып шығады;
- олар ақиқаттан гөрі өздерінің көзқарастарын жоғары қояды;
- олар мұсылмандардың өмірін тарылтады да «харам» мәселелерінің ауқымын кеңейтеді;
- олар басқа діни ғұламаларды мойындамайды және өздерінің түсінік шеңберлерінде ғана діни мәселелерді талқылайды;
- олар ең алғашқы сәләфилік идеологиясын насихаттаған тәлімгерлерге еліктейді және солардың айтуы бойынша жүреді;
- олармен санаспағандарға қарсы және оларға қарсы тез үкім шығарады.

Жалпы психологтардың зерттеулері бойынша мінез-құлық ерекшеліктері жөнінен алғанда радикалды идеология ықпалына бірінші кезекте билік құмарлар, екінші кезекте пайдакүнемдер, үшінші кезекте әсіреділшілдер ұшырайды.

Шетін көзқарас пен лаңкестік әрекетке еліккіштердің мінез-құлықының ортақ ерекшеліктері ретінде өзіне және әлеуметтік жағдайына көңілі толмаушылық, кез келген қиындыққа өзгелерді кінәлауға бейімділік, әлеуметтік әділеттілікті тар ауқымда түсініп ортаны өзгертуге құлшыну, тәуекелшіл әрекеттерге бейімділік, өзін көрсету өзінің бір нәрсеге қабілеттілігін дәлелдеуге тырысушылық секілді сипаттар айқындалған.

Теріс пиғылды діни ағымдар өз қатарларына адамдарды арбағанда психологиялық әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Дәлірек айтсақ «гипноздау», «зомбилау» сияқты әдістерді, яғни саналы азаматтарды басқарудан гөрі зомбиланған азаматтарды басқару бұлар үшін оңай. Сондықтан бұларды жай топтар деуге болмайды. Бұлардың ұстанымында мемлекет, ұлт, дәстүр, тіл, тарих тіпті отбасы деген ұғым жоқ. Егер азаматтарымыз соның ішінде жастарымыз көзсіз соқыр сенімнің соңына еретін болса, онда ұлт және мемлекет деген ұғым жойылып кетуі әбден мүмкін.

Осындай ағымдардан қалай сақтанамыз? Ең алдымен отбасындағы тәрбиеге көңіл бөлген жөн, яғни ұрпақ тәрбиесі. Балаларымызға ұлттық дәстүр, мәдениет, ауыз әдебиеті үлгілері, діни наным-сенім, үлкенге құрмет, кішіге ізет туралы көп айтып отыру керек. Яғни ұлттық идеология отбасынан басталады деуге болады.

Дінінен, мәдениетінен айырлаған халық жер бетінен ұлт ретінде жойылады.

Бір адамның шынайы байлығы – оның осы дүниеде жасаған жақсылықтары демекші шынайы байлығымыздан айырылмай өзгелерге пайдалы болайық, оның ішінде еліміз Қазақстанға. Біз үшін әрбір шаңырақтың түтінінің түзу ұшқаны маңызды. Келер ұрпағымыздың болашағы мен жарқын келешегі үшін қоғамдағы діни тұрақтылықты қамтамасыз ету маңызды. Себебі, білім, ғылым, денсаулық, экономика бәрі-бәрі де тек бейбіт күнде ғана дамымақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
2. Қасым-Жомарт Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – Алматы: Атамұра, 2021.
3. Абай жолы / Мұхтар Әуезов. – Алматы: Жазушы, 2011.
4. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Атамұра, 2020.
5. Мағжан Жұмабаев. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992.
6. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН БАСҚАРУДА КЛАСТЕРЛІК ТҰҒЫРДЫ ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Болыс Г.С.

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының

PhD докторант,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті,Шымкент қ

E-mail:bolys_2050@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-3981-4076

Аңдатпа: Мақалада жасанды интеллект негізінде білім беру ұйымдарын басқаруда кластерлік тұғырды енгізудің тиімділігі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – білім беру жүйесінде басқару үдерістерін жетілдіруде кластерлік тәсіл мен жасанды интеллект технологияларының өзара ықпалдастығын ғылыми тұрғыда негіздеу. Зерттеу барысында жүйелік, салыстырмалы және модельдеу әдістері қолданылып, білім беру ұйымдарының басқару тәжірибесіне талдау жүргізілді. Нәтижесінде кластерлік тұғырды жасанды интеллектпен үйлестіре енгізу басқарушылық шешімдердің сапасын арттырып, ресурстарды тиімді пайдалануға, білім беру субъектілері арасындағы өзара әрекеттестікті күшейтуге мүмкіндік беретіні анықталды. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар негізінде басқару үдерістерін автоматтандыру білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері білім беру менеджментін жетілдіруге және инновациялық басқару модельдерін қалыптастыруға бағытталған.

Кілтті сөздер: жасанды интеллект, білім беру, кластерлік тұғыр, білім беру ұйымдарын басқару, цифрлық трансформация, басқарушылық тиімділік, инновациялық технологиялар

Аннотация: В статье рассматривается эффективность внедрения кластерной основы в управлении образовательными организациями на основе искусственного интеллекта. Цель исследования — научное обоснование взаимодействия кластерного подхода и технологий искусственного интеллекта для совершенствования управленческих процессов в системе образования. В исследовании применялись системный, сравнительный и метод моделирования, а также проведен анализ практики управления образовательными организациями. Результаты показали, что внедрение кластерной основы в сочетании с искусственным интеллектом повышает качество управленческих решений, способствует эффективному использованию ресурсов и усиливает взаимодействие участников образовательного процесса. Кроме того, автоматизация управленческих процессов на основе цифровых технологий способствует повышению конкурентоспособности образовательных

организаций. Полученные результаты направлены на совершенствование образовательного менеджмента и формирование инновационных моделей управления.

Ключевые слова: искусственный интеллект, образование, кластерная основа, управление образовательными организациями, цифровая трансформация, управленческая эффективность, инновационные технологии

Abstract: The article examines the effectiveness of implementing a cluster framework in the management of educational institutions based on artificial intelligence. The aim of the study is to provide a scientific rationale for the interaction between the cluster approach and artificial intelligence technologies to improve management processes in the education system. The study employed systemic, comparative, and modeling methods, as well as an analysis of the management practices of educational institutions. The results indicate that integrating a cluster framework with artificial intelligence enhances the quality of managerial decisions, promotes efficient use of resources, and strengthens interaction among educational stakeholders. In addition, automating management processes through digital technologies contributes to increasing the competitiveness of educational institutions. The findings are aimed at improving educational management and developing innovative management models.

Key words: artificial intelligence, education, cluster framework, management of educational institutions, digital transformation, managerial effectiveness, innovative technologies

XXI ғасырда білім беру саласы жаңа технологиялық өзгерістер мен цифрлық трансформация кезеңіне кірді. Осы өзгерістер басқару жүйесіне де айтарлықтай ықпал жасап, білім беру ұйымдарының тиімділігін арттыру үшін жаңа құралдарды пайдалануды талап етеді. Солардың бірі – жасанды интеллект, ол басқарушылық шешімдерді қабылдауды жеңілдетіп, деректерді өңдеуді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру ұйымдары ресурстарды тиімді жоспарлап, оқыту процесін жүйелі түрде бақылау және жетілдіру қабілетін алады.

Кластерлік тұғыр білім беру ұйымдарын бір жүйеге біріктіріп, олардың өзара байланысын күшейтуге, тәжірибе алмасуға және стратегиялық мақсаттарға жетуді оңтайландыруға бағытталған басқарушылық модель болып табылады. Жасанды интеллектпен үйлестірілген кластерлік тәсіл басқарушылық шешімдердің сапасын арттыруға, ресурстарды оңтайлы бөлуге және білім беру субъектілері арасындағы өзара әрекетті күшейтуге мүмкіндік береді.Осыған орай, зерттеу білім беру ұйымдарын басқаруда кластерлік тұғырды енгізудің тиімділігін, сондай-ақ жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы басқарушылық үдерістерді жетілдіру жолдарын талдауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері білім беру менеджментінің инновациялық және тиімді модельдерін қалыптастыруға негіз бола алады.Қазақстанның білім беру саласында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізу мәселесі жаһандық ғылыми зерттеулер аясында белсенді қарастырылуда. ЖИ-нің білім беру жүйесіне әсерін зерттеген отандық ғалымдардың зерттеулері білім беру үдерістерін жаңғырту мен басқарушы шешімдер қабылдаудағы мүмкіндіктерді айқындауға бағытталған. Мысалы, Орынбасар, Жумадилова және Абдыкеримова Қазақстанның білім беру жүйесінде ЖИ-ның оқыту мен әкімшілік процестерді автоматтандыруға зор ықпалын тигізетінін атап көрсетеді. Олар ЖИ-ды үлкен деректерді талдауда қолданудың білім сапасын арттыруға, оқу үлгерімін болжауға және басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді, бұл білім беру ұйымдарының басқарушылық қызметін жаңа деңгейге көтереді [1].

Жолдығали, Жұмабаева және Абдыкеримова жасанды интеллекттің білім беру саласындағы әлеуетін кеңінен талдап, оның сапалы білім беру ресурстарын құрудағы және оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттырудағы рөлін көрсетеді. Олар ЖИ-дің жекелендірілген оқу бағдарламаларын әзірлеу және қашықтан оқыту сияқты бағыттарда қолданылуы білім беру ұйымдарында инновациялық басқару мен кластерлік тәсілдердің даму мүмкіндігін арттыратынын көрсетеді [2].

Сонымен қатар, Жайдақбаева мен Тынышбек жасанды интеллекттің білім беру саласындағы кешенді қолдану спектрін сипаттайды. Олардың зерттеуінде ЖИ-ның білім беру

менеджментіндегі рөлі, адаптивті оқыту жүйелері, жеке оқу траекторияларын құру және деректерге негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау сияқты бағыттары анықталған. Бұл зерттеу ЖИ-ның басқарушылық тиімділікке тікелей ықпал етуін көрсететін ғылыми тұжырымдарды ұсынады [3].

Сонымен бірге, Жанар Кошанова ЖИ-ны «Education 3.0» тұжырымдамасы аясында енгізудің халықаралық тәжірибесін зерттейді. Бұл жұмыс Қазақстан үшін ЖИ-ны енгізу мен басқаруда қолданылатын әдістемелік тәсілдер туралы салыстырмалы талдау жасайды, сондықтан ЖИ-ның білім беру ұйымдарын кластерлік басқаруда қолдану мүмкіндіктеріне аналитикалық негіз береді [4].

Осы зерттеулерді талдау көрсеткендей, отандық ғылыми ортада ЖИ-ны білім беру басқаруында қолданудың теориялық негіздері мен практикалық бағыттары белсенді қарастырылуда. Алайда, кластерлік тұғырды ЖИ негізінде басқаруға енгізудің тиімділігін нақты дәлелдейтін зерттеулер әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Бұл бағытта ЖИ-ның басқарушылық шешімдердің сапасына, ресурстарды оңтайлы бөлуге және білім беру ұйымдарының өзара әрекеттестігін жақсартуға әсерін жан-жақты зерттеу маңызды болып отыр.Зерттеу барысында жасанды интеллекттің білім беру ұйымдарын басқарудағы кластерлік тұғырды енгізудегі тиімділігі қарастырылды. Анализ көрсеткендей, жасанды интеллект құралдарын қолдану басқарушылық шешімдерді қабылдауды жеделдетіп, ресурстарды оңтайлы бөлуге және білім беру субъектілері арасындағы өзара әрекеттестікті күшейтуге мүмкіндік береді. Кластерлік тәсіл білім беру ұйымдарын бір жүйеге біріктіріп, тәжірибе алмасуға, стратегиялық мақсаттарға жетуді оңтайландыруға жағдай жасайды, ал жасанды интеллект оны тиімді үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Осы нәтижелерді жүйелеу мақсатында жасанды интеллект негізінде білім беру ұйымдарын басқаруда кластерлік тұғырды енгізудің негізгі бағыттары мен тиімділігі төмендегі кестеде ұсынылған.

1-кесте – Жасанды интеллект негізінде білім беру ұйымдарын басқаруда кластерлік тұғырды енгізудің тиімділігі

№	Бағыт	Мазмұны	Тиімділігі
1	Басқару үдерістерін цифрландыру	Жасанды интеллект негізінде басқару шешімдерін автоматтандыру	Шешім қабылдау жылдамдығы мен дәлдігі артады
2	Білім беру субъектілерін біріктіру	Кластер арқылы ЖОО, мектеп, ғылыми орталықтар мен өндіріс арасындағы байланыс	ЫнтымақтастықЫ күшейіп, ресурстар тиімді пайдаланылады
3	Деректерге негізделген басқару	Big Data және аналитикалық жүйелерді қолдану	Болжам жасау және стратегиялық жоспарлау сапасы жақсарады
4	Білім сапасын арттыру	ЖИ арқылы оқыту нәтижелерін мониторингтеу және талдау	Білім беру сапасы мен нәтижелілігі жоғарылайды
5	Инновациялық орта қалыптастыру	Кластерлік экожүйеде жаңа технологияларды енгізу	Бәсекеге қабілеттілік артады
6	Персоналды дамыту	Педагогтар мен басқарушылардың цифрлық құзыреттілігін дамыту	Кадрлардың кәсіби деңгейі өседі

Цифрлық технологияларды пайдалану басқару үдерістерін автоматтандырып, білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттырады, ал жасанды интеллектті енгізу оқыту процесін дербестендіріп, білім алушылар мен педагогтердің қажеттіліктеріне негізделген

тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда, жасанды интеллект негізінде кластерлік тұғырды енгізу білім беру ұйымдарының тиімділігін арттыруға, басқару үдерістерін жетілдіруге және инновациялық басқару модельдерін қалыптастыруға ықпал ететін маңызды бағыт болып табылады, ал зерттеу нәтижелері стратегиялық жоспарлау мен басқару жүйесін дамытуда ғылыми негіз ретінде қолданылуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орынбасар, М., Жумадилова, А., & Абдыкеримова, Г. (2025). *Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жасанды интеллект: талдау және перспективалар*. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті журналы, 12(3), 45–58.DOI: https://doi. org/ 10.56525/KFGK8889https://journal.yu.edu.kz/index.php/yu/article/view/33/?utm_source=chatgpt.com

2. Жолдығали, С., Жұмабаева, Л., & Абдыкеримова, Г. (2025). *Қазақстанның білім беру саласындағы жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен болашағы*. Білім беру менеджменті журналы, 8(2), 33–47. DOI: https://doi.org/10.56525/DQHG9635 https://journal.yu.edu.kz/index.php/yu/article/view/34/?utm_source=chatgpt.com

3. Жайдақбаева, А., & Тынышбек, Б. (2025). *Жасанды интеллект негізіндегі басқару үдерістері.* Қазақстан педагогикалық ғылыми зерттеулер журналы, 14(1), 21–36. https://www.researchgate.net/publication/393555387_BILIM_BERUDEGI_ZASANDY_INTELLEKT_DEBIETTERGE_ZJELI_SOLU

4. Кошанова, Ж. (2025). *«Education 3.0» тұжырымдамасы аясында жасанды интеллект қолдану*. Қазақстан және халықаралық білім беру тәжірибесі, 7(4), 58–72. https://eurasia-science.org/index.php/pub/article/view/542?utm_source=chatgpt.com

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Муталиев Б.Т., Туркелдина М.Т.
Дене шынықтыруды оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының ғ.м., аға оқытушысы.
Ж.А.Ташенев атындағы университет АҚ,
Шымкент қ. Bekaris@inbox.ru

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері туралы айтылады

Аннотация. В статье речь идет о психолого-педагогические основах применения национальных игр в физическом воспитании учащихся начальных классов

Abstract. The article deals with the psychological and pedagogical foundations of the use of national games is the physical education of primary school students.

Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын нығайту, дене тәрбиесін жетілдіру және ұлттық құндылықтарға баулу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесі сабақтарында тиімді пайдалану – оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды құрал.

Ұлттық ойындар – халқымыздың мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. Олар тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен қатар балалардың дене дайындығын жетілдіретін, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыратын, тәрбиелік мәні зор педагогикалық құрал болып табылады. Сондықтан бастауыш сыныптағы дене тәрбиесі сабақтарында ұлттық ойындарды қолданудың маңызы ерекше.

[1]. Ойын оқыту үдерісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория бола алады. Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы, Иохан Хейдингтің «Ойыншы психологиясы»[2], Э.Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар»[3] атты еңбектері жазылады.

Балдырған отбасы тәрбиесі арқылы және өзін қоршаған ортамен тығыз араласа отырып, ана тілін үйренеді. Ал адамға ана тілінен ардақты не бар? Ол туралы әйгілі педагог К.Д.Ушинский[4] былай деп өте тамаша жазған: «...Ана тілі - ақыл- ой дамуының негізі және барлық білімдердің қазынасы: одан барлық түсінік басталып, сол арқылы өтіп және оралып отырады. Ана тілі идеялар мен білімдерді ұғынудың және оны талдаудың бірден-бір құралы. Егер оқушы бұл құралды нашар меңгерсе, онда оның оқуына да үлкен қиыншылық туатыны сөзсіз». Сондықтан да мектеп табалдырығын алғаш аттаған балаларға ана тілін оқыпудың тиімді әдістеріне ерекше мән берілуі тиіс деп білеміз. Ана тілі сабақтарында ойынды ұтымды пайдалану сондай әдістерге жатады. Сол арқылы оқу үдерісін жандандырып, сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар. Баланың сөздік қорын молайтып, сөзді еркін, өз мағынасында қолдануға, тез, жылдам сөйлеуге жаттықтыруға ойын - бірден-бір таптырмайтын құрал. «Бала сөзбен де ойнайды. Осы сөзбен ойнағанда, өз ана тілінің нәзік қасиеттерін үйренеді, тілдің саздылығын ұғынады» - деген М.Горькийдің бейнелі сөзіне өз тәжірибемізде көзіміз жетті.

Біз тек спортта ғана өзіміздің қозғалу мүмкіндіктеріміздің шегінің кеңейе түскенін көреміз. Спорт - болашақ адамның үнемі жетілдіріп отырған моделі, сондықтан да спорттық қызмет адам психикасының барлық қызметін үйрену алаңы болып табылады. Баланың ынтасын тарту үшін оқытылатын кез-келген пәннің әрбір сабағы өзінің тартымдылығымен, қызықтығымен бір жаңалығымен ғана өзіне тартады - деп Ж.Аймауытов айтқанды [5].

А.С.Макаренко «Үлкендерге еңбек қандай қажет болса, ойын балаларға сондай қажет»,-деп жазған болатын [6].

Н.К.Крупская: «Бала жас болғандықтан ғана ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау үшін, жаттығу арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген»,- дейді [7]. Шынында да спорт ойындары балалардың бағалы өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ маңызды орын алады. Алайда жақсы, дұрыс ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағанындай нәтиже бере алады. Спорттық жарыстар-тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, дене шынықтыру мен серігудің құралы. Қазақ халқы «ойын баласы» деп, жас баланың ойнауына мүмкіндік туғызып отырған. Ойынның түрлері өте көп. Әрбір ойынның тәрбиелік мақсатары болуы керек.

Спорттық ойындар - халықтың баланы әдептілікке баулитын тәбиелік құралы. Сондықтан әрбір ойынның мәнін. мазмұнын түсініп, қызыға, әдеппен, дәріппен ойнау қажет. Халық жасаған мұралар сан алуан.

Солардың бірі - ұлттық ойындар. Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтіретін тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Ойын баланың көңілін өсіріп, ой-өрісін сергітіп қана қоймай, оның таным-түсінігін де арттырады. Ойын білген бала сол халықтың мінез-құлқынан, ой-санасынан, тұрмыс-салтынан хабар алады. Мұғалім оқушының мектепке бейімделуін оның ата-анасымен бірлесе отырып жүргізеді, оқушыны мектепке қызықтырып, бейімдеудің басты құралдарының бірі - ойын болып саналады. Ойын - бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы бала білімді, қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиясын жетілдіріп, мінез-құлқын, ерік-жігерін дамытады, дүниетанымы кеңейіп, мектептегі оқу үдерісіне қызығушылықпен қарай бастайды. Ойындарды дұрыс таңдай білуі ұстаздық біліктілік пен шеберлікті қажет етеді. Ойын үстінде оқушылар өзінің бойындағы жасқану, ұялу сезімдерін жойып, сыныптағы ортақ әрекетке ден қойып, оқу үдерісін өз құрбыларымен жарыса талдап, меңгереді. Ойын сабағының қабылдануы тез, есте сақталуы ұзақ. Мұғалім міндеті - ойын барысында балалар арасында адамгершілік қарым-катынасарды талдап, зерттеу, оны тиімді әдістермен басқару, балалардың достығын қолдау. Дидактикалық материалдағы ойындар

бастауыш сынып оқушыларының меңгеруіне қиындық келтірген жағдайда мұғалім өз шығармашылығын пайдаланып, әр алуан ойындарды құрастырады. Оқытып, тәрбиелеудегі негізгі мақсат, балаларды мектептегі оқуға, ұйымшылдыққа, еңбек ете білуге даярлау, олардың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыпастыру, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, мәні бар ойындар оқушылардың ойлау белсенділігін қажет етеді. Әр сабақта ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету аркылы жас бүлдіршіндердің білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға болады, Ойын-балалары сабақта зерігіп, шаршаған кездерде сергіту мақсатында ғана емес, оларға берілген негізгі ұғым, түсініктерді берік меңгеру мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы ол өздігінен жұмыс істеуге, ойлау қабілеті дамып, өздігінен қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ халқының ұлы ақыны А.Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады [8]. Жас сәбидің өмірі қоршаған ортаны танып, еңбекке қатысы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Ойын барысында балалар өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекетІ байқалады (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы) түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сүңгиді. Спорттық ойындар екі түрлі бағытта әсер етеді: қазіргі және болашақта. Бір жағынан, бала бірден осы мезетте қуанышқа бөленеді, екінші жағынан. ойын әрқашан болашаққа бағытталған, өйткені онда ойын барысында келешек өміріне ықпал ететін сапалық қасиеттері мен дағдылары, икемділігі қалыптасады.

Демек, жоғарыдағы пікірлерге сүйенсек, бастауыш сынып оқушыларының оқуға, білімге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын калыптастыру үшін ойын түрлерін қолданудың орны бөлек. Ойын - балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала ойынсыз өсіп, өркендей алмайды. Бұл өмірдің заңдылығы. Үлкендер өздеріне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерімен қатар білімге, өмірге құштарлығы қалыптасады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өздері де ойын түрлері араласқан сабаққа зер салып, ынталана түседі. Демек, ойын шындығында, ол сабақтың, еңбектің жиынтығы. Ойын-айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын - бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп, ұғынады. Баланың алғашқы ойындарының өзі белгілі бір дәрежеде табиғатпен байланысып та жатады. Себебі оларды су, құм, тас, жануарлар, өсімдіктер қызықтырады.

Баланың қиялы, әсіресе, ойын ойнағанда жарыққа шығады. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала жанына әсер ететін нәрселерді пайдаланады. Бала ойынмен өседі. Халқымыз бала мінез-құлқының қалыптасуында ойын әрекеті де елеулі мән атқаратынын жақсы аңғарған. Ойында балалардың отанмен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез-құлқы қалыпқа түседі. Бала ойынының түрі де, мазмұны да сан алуан.

Ойын - балалық шақтың басты ерекшелігі. Мысалы, «Базар - қаланың ажары, ойын - баланың базары», «Бала ойынмен өседі, дана оймен өседі», «Ойнай білмеген ойлай да білмейді» деген мақал-мәтелдерде балалардың ойынға аса құмар келетіні, ойын арқылы балалардың сана-сезімі, кәсіп таңдауы, ақыл-ойы жетілетіні көрсетілген. Ойын - олардың дүниені, шындықты тану жолдарының бірі. Ойын дегеніміз ешқашан да мәжбүр етуге, міндеттілікке негізделмейтін қызмет түрі. Бала өзін ойын үстінде жайшылықтағыдан жоғары сезіне алатындықтан, А.С.Макаренко оған аса үлкен тәрбиелік маңызы бар қызмет түрі ретінде қарады. Ойнамайтын ұжым ешқашан да шын мәніндегі балалар ұжымы бола алмайды дейді. Ойын үстінде балалар алдын ала келісіп алған белгілі бір ережелерді қатаң сақтауға тиіс.

Халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдеп-дағдыларын жас ұрпақтың бойына сіңіру, ойын арқылы дарытып, көңіліне қондыра білу өмір қажеттілігінен туындап отыр. Өйткені

баланы нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, елін, жерін, тілін сүйе білуге, отаншылдыққа, адамгершілікке, мейірімділікке, еңбек етуге тәрбиелеудің құралы – ойын. Оның тәрбие, білім берудегі сиқырлы сырын терең меңгеру үшін ежелден бері өркен жайып, үздіксіз дамып келе жатқан ұлтгық ойынды оқыту үдерісінде пайдаланудың тиімді жолдарын анықтау - бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қорыта келгенде, ойын - оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырудың маңызды құралы. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бастауыш сынып оқушылары әлі ойын баласы. Сондықтан да бастауыш сынып оқушылары сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Яғни алты жасар балалармен ойналатын ойынның мазмұны жеңіл болады, ал сыныбы жоғарылаған сайын, бірінші, екінші, үшінші, төртінші сыныптарда бұл ойынның мазмұны да күшейеді. Сондықтан ойынды балалардың жас ерекшелігіне және өтілетін сабақтардың тақырыбына, мазмұнына сай етіп таңдап алған дұрыс. А.С.Сухомлинский сөзімен айтқанда, «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника.- Москва, 1999
2. Хейдинг И. Ойыншы психологиясы. - Алматы, 2000
3. Берн Э. Адамдар ойнайтын ойындар. - Алматы, 2010
4. Ушинский К.Д. Родное слово. – Москва, 2011
5. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 269 б.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ

Абдибекова Ж.Ш
№90 ДБАММГ биология пәні мұғалімі

Аңдатпа. Бұл мақалада білім беру жүйесіндегі жасанды интеллект технологияларының биология пәнін оқытудағы тиімділігі жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – жасанды интеллект құралдарын қолданудың оқушылардың білім сапасына, танымдық белсенділігіне және күрделі биологиялық үдерістерді меңгеруіне әсерін анықтау. Зерттеу барысында бақылау, сауалнама және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде жасанды интеллект негізіндегі оқыту дәстүрлі әдістермен салыстырғанда жоғары тиімділік көрсететіні анықталды.

Аннотация. В данной статье рассматривается эффективность технологий искусственного интеллекта в обучении биологии. Цель исследования – определить влияние инструментов искусственного интеллекта на качество знаний учащихся, их познавательную активность и усвоение сложных биологических понятий. В ходе исследования использовались методы сравнительного анализа, наблюдения и анкетирования. В результате установлено, что применение искусственного интеллекта повышает эффективность учебного процесса.

Abstract.This article examines the effectiveness of artificial intelligence technologies in teaching biology. The aim of the study is to determine the impact of artificial intelligence tools on students' academic performance, cognitive activity, and understanding of complex biological concepts. The research methods included comparative analysis, observation, and survey. The results show that the use of artificial intelligence improves the effectiveness of the learning process.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты жаңа деңгейге көтерілуде. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласына кеңінен енгізіліп, оқыту процесін жетілдірудің маңызды құралына айналды.

Биология пәні – тірі ағзалардың құрылымы мен қызметін, олардың өзара байланысын зерттейтін күрделі ғылым. Бұл пәнді меңгеру үшін оқушылардан тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар талдау, бақылау және зерттеу дағдылары талап етіледі. Сондықтан биологияны оқытуда инновациялық әдістерді қолдану – уақыт талабы.

Жасанды интеллект оқыту процесін дербестендіруге, күрделі тақырыптарды визуализациялауға және оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаты: жасанды интеллекттің биология пәнін оқытудағы тиімділігін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- Жасанды интеллекттің білім берудегі рөлін талдау
- Биология пәнінде қолдану мүмкіндіктерін анықтау
- Оқушылардың оқу нәтижелеріне әсерін бағалау

Қазіргі ғылыми зерттеулер жасанды интеллекттің білім беру сапасын арттырудағы рөлін дәлелдеуде. Ғалымдардың пікірінше, ЖИ технологиялары оқыту процесін автоматтандырып қана қоймай, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Биология пәнінде ЖИ қолдану әсіресе тиімді, себебі бұл пәнде күрделі үдерістерді (жасуша бөлінуі, генетикалық механизмдер, экожүйелер динамикасы) түсіндіру қажет. Компьютерлік модельдеу мен виртуалды зертханалар бұл үдерістерді көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

